



«O'rley'» biliktilikti arttyry' ulttyq ortalyg'y» AQ fi'li'aly
Atryay' oblysy boi'yns'a pedagogi'kalyq qyzmetkerlerdin'
biliktiligin arttyry' i'nsti'ty'tynyn'

Н А В А Р С' Ы В Е С Т Н И К
Respy'bli'kalyq g'ylymi'-a'distemelik jy'rnyal
Jy'rnyal 2013 jyldan bastap eki ai'da bir ret s'yg'ady

БАС РЕДАКТОР -

**Ғалымжанова
Маржан Анесқызы-
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша
педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институтының
директоры,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Халықаралық
Ақпараттандыру
Академиясының академигі**

АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ

**Ахметова Гүлнас Кенжетайқызы – «Өрлеу» біліктілікті
арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының басқарма
төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.**

**Ихсанов Ерсайын Уалитханұлы - физика-математика
ғылымдарының докторы, профессор.**

**Қараев Жауымбай Амантұрлыұлы – «Өрлеу» біліктілікті
арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы төрайымының
бірінші орынбасары, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор.**

**Өмірбекова Жайлы Бөкешқызы – педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.**

**Корректор –
Қаленова Гульзахира
Сапарғалиқызы**

**Көркемдеуші және беттеуші–
Сембаев Гибатолла Серікұлы**

**Жаманбаева Динара Таңбайқызы – экология магистрі, Қазақстан
педагогикалық ғылымдар академиясының Құрметті мүшесі.**

**Қарамурзин Айтбай Қонысұлы – академиялық доцент, жоғары
санатты тарих пәнінің мұғалімі.**

Журнал
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2013 жылы мамырдың 30-да
тіркеліп,
№13648-Ж куәлігі берілген.
БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
060009-Атырау қаласы,
Авангард-4 ықшам ауданы,
Адмирал
Лев Владимирский,24
тел.: 8(7122) 20-08-34
факс: 8(7122) 58-63-45
Ресми сайт: www.orleu-atr.kz
Эл.пошта: orleu_baspa@mail.ru

Басуға 2020 жылы 28 ақпанда
қол қойылды.

Пішіні – А4
Әріп түрі Times New Roman
Қағазы офесттік.

Шартты баспа табақ – 9

Бағасы келісімді.
Мақала қазақ және орыс тілдерінде
қабылданады.

Мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасын
білдірмейді.

Тапсырыс дайын
диапозитивтерден басылады.
Қолжазба қайтарылмайды,
мақалаларға пікір
жазылмайды.
Журнал материалдары
институттың қоғаммен
байланыс және баспа
бөлімінде теріліп, беттелді.

МАЗМҰНЫ

Ә Ұлт мақтанышы Ә	
Нурсулганова Г.Д. Асыл қасиет иесі	4
Турганова Б.К. Ұлттың ұлы тұлғасы	5
Ә Кәсіби біліктілік Ә	
Yelessizova G., Galimzhanova M. Distance education as an innovative approach to continuous education	8
Жаманбаева Д.Т., Жаманбаева С.Т. Педагогтердің ғылыми – зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру	11
Сисенгалиева Г.В. Формирование коммуникативных навыков как социально-педагогическая проблема	12
Ә Жаңаша оқыту Ә	
Есмаганбетова Г. О. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында информатика пәнін оқытудың ерекшеліктері	15
Сағымбаев Қ.Б. Толымбетов К.Т. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет етуге жастарды жалпы дене тәрбиесінің маңыздылығы	17
Ханалиева К.А. Рефлексивті ойлау- нәтиже алу процесін көрсететін ойлаудың белсенді түрі	21
Кирашова Н. А. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдердің қолданудың тиімділігі	23
Ихсанов Х.У. Дене шынықтыру пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру	25
Ә Педагогтік зерттеулер Ә	
Даулбаев М.О. Адамзаттың «Екінші ұстазы» – Әл-Фараби	27
Қаленова Г.С. Мінез-құлық мәдениеті	31
Ә Ата-анамен жұмыс Ә	
Түлембаева Д.У. Нынешние дошколята и их родители	33
Мансариева Н.Т. Сынып ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс түрлерін ұйымдастыру жолдары	36
Ә Мектепке дейінгі білім беру Ә	
Нурханова М.Т. Балабақша - тәрбиенің алтын бесігі	39
Камиева А. Б. Мектепке дейінгі жастағы балалардың үштілділігін дамытуда бөбекжай-бақшада жоба жұмысының жүзеге асу жағдайы	42
Батырова Х.Ж. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың жан-жақты дамуына және бейнелеу өнерінде шығармашылық қабілеттерін дамытуда дәстүрден тыс-әдістерді қолдану	45
Дусекенова А. Т. Формирование нравственно-патриотических чувств у детей дошкольного возраста через народное творчество	48
Садырова Ш.Ф. Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыруда педагогикалық үдерістің тәрбиелік маңыздылығы	51
Утарбаева К.Д., Құспанғалиева Д.Х. Ойын элементтері арқылы баланың тұлға ретінде қалыптасуына қажетті дағдыларды дамыту	54
Жылқыбаева А. К. Музыкалық дарынды балалармен жұмыс жүргізудің инновациялық ықпалы	57
Зарипова К. С. Арт терапияның сөйлеуді дамытудағы рөлі	59
Ә Оқыту технологиялары Ә	
Танашева М.Ә. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін оқытуда ТРИЗ	63

технологиясын қолдану мүмкіндігі	
Қадырбаева Л.Н. Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі	66
Дембергенова Ш.Б. Использование коммуникационных технологий на уроках русского языка при развитии устной речи обучающихся	68
Әдістемелік қоржынға	
Төребекова Э.А. Латын графикасына көшіру жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастыру	72
Куракова Р.Н. Тайм-менеджмент: түсінігі, мәні және тәжірибеде қолдану жолдары	73
Наубетжанова М.Т. Мектеп алды даярлық тобы балаларын математикаға үйрету әдістері	75
Сундетова С.З. Формирование речевой активности старших дошкольников в театрализованной деятельности	77
Жалмуханова Б.Х. Білім берудегі инновациялық үдерістер	82
Жоланова М.А. Оқушылардың ептілік қабілеттерін дамытудағы «бес асық» ойынының маңызы мен ерекшелігі	84
Жумаханова А.К. Географиялық білім беру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту жолдары	87
Кабиева А.С. Подготовка студентов к руководству творческой деятельности проектным методом	89
Сатыбалдиева Э.Т. Развитие орфографической зоркости на уроках русского языка	93
Махметова Қ.А. Бастауыш сынып оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары	95
Мыңғышбаева А. А. Музыкалық аспаптар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	97
Сейткалиева Г.С. Логикалық ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту	100
Балапанова Ж.Т. Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін қашықтықтан оқыту технологиясы	102
Нуртлесова З.М. Использование наглядно-иллюстративного материала в работе с детьми	103
Конкаева О.Б., Сагиндыкова А. З. Жас маманның кәсіби қызметте әлеуметтік-психологиялық бейімделуі	106
Қаптиева Н.Ж., Алдонгарова К.И. Саналы тәрбие кемел болашақ негізі	109
Сахбалиева А. Арт-терапияның баланы жан-жақты тұлға ретінде дамытудағы рөлі	110
Хибашева А. К. Ақыл-ойы кем балалардың Ерекшелігі және сөйлеу тілі	113
Хосжанова М.Х. Бала тәрбиесі - баршаға ортақ	114
Сұлтанова Н.Д. Мектеп жасына дейінгі балаларды отбасылармен ынтымақтаса адамгершілікке тәрбиелеу жолдары	117
Сабақ жоспарлары, сценарийлер	
Таштекова Г.Н. Қонақ күту	119
Таментаева Н.К. Смех – единственное «честное, благородное лицо» в комедии	120
Қажетеров А.Т. Изопроцестер. Изопроцестердің графиктері. Дальтон заңы	123
Джалмукашева С. Ж. «Индер ауданының экологиясы» элективті курсының бағдарламасы	128
Караева А. А. Интересное об одежде	130
Кисапова Ж. Абай жаққан бір сәуле	134
Курмашева Ш. География пәнінен сабақты тиімді жоспарлау ерекшеліктері	135

ӘТ Ұлт мақтаньшы

АСЫЛ ҚАСИЕТ ИЕСІ

(Д.А.Қонаевтың даналық сөздері туралы)

Нурсултанова Гульжан Джаманбаевна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ

«Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар» кафедрасының
аға оқытушысы, жаңартылған білім беру бағдарламасының тренері

Әр ғасырдың, әр дәуірдің өз бояуы бар. Сол сияқты адам баласы да дүниеге өз өз бояуымен келіп, өз бояуымен кетіп жатады. Адамның тарихы, адамзаттың тарихы–үлкен әлемдік дүние. Кей адамдар жай ғана өмір сүрсе, кей адамдар топтан, тобырдан озып шығар тұлғалар боп келеді. Тарихта аты қалатын тұлғалар көп, соның бірі әрі ерекшесі аса көрнекті мемлекет қайраткері, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың даналық сөздері туралы сөз қозғамақпын. Оның ұлылығының алдында кейінгі ұрпақ бас иеді деп ойлаймын. Неге? Себебі, оның өмірбаяны мен өмір жолымен оқып-танысып отырған ұрпақ тек ғалым, қайраткер ретінде танып қоймайды, сонымен бірге оның ең бірінші азаматтық ұстанымына, содан соң қанатты сөздеріне тәнті боласыз.

Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау–абыройлы парыз. Қазақ зиялы қауымының өкілдері біздің қоғамымызда шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллекісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш–зиялылар қауымы. Сондықтан да зиялы қауым өкілінің тарихын зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны, оған қосқан үлесін саралай отырып сараптау, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау кейінгі ұрпақтың маңызды міндеттердің бірі болып табылады. «Адамға жазаның ең үлкені–жұмыссыз қалдыру»,– деп ұлт тұлғасы елдің елдігі үшін аянбай еңбек етті. Содан болар «Орысты ренжітсең, Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдына айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі–біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иіс алмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой...Біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек»,–деген еді Асанбай Асқаровқа.

«Адамдық қалыпты биік ұстау–кімге де болса үлкен сын»–деді Қонаев мырза. Дінмұхамед Ахметұлының әрбір сөзі ұрпақ үшін нақылға айналған. Назарларыңызға 12 Дінмұхамед Қонаевтың ел есінде қалған қанатты сөздерін ұсынамын.

1. Өмір деген осы: бүгін бар, ертең жоқсың.
2. Бүгінгі күн–кешегі күннің шәкірті.
3. Жалада шындық болмайды.
4. Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды.
5. Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама.
6. Өмірдің екі тірегі, үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.
7. Ақиқаттан аттап кету–арға сын.
8. Орынды сын ойлантпай қоймайды.
9. Адамға жазаның ең үлкені–жұмыссыз қалдыру.
10. Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.
11. Қараң қалғыр билік қайтып оралмайды.
12. Адам айнасы–адам.

13. Бітімі қисық ағаштың көлеңкесі де өзіндей болады.

14. Сенім–күдіретті күш: тауды да қозғайды.

15. Ақиқаттан аттап кету–арға сын.

16. Билікке көтерілдім. Бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам–ел іші, ағайын ортасы.

17. Қиянаттан асқан қылмыс болмайды.

18. Өмір–өзен. Асып та, тасып та жатады. Сабасына түсіп, бір қалыппен де ағады. Бірақ онда тоқтау жоқ.

19. Қазақстан орасан зор және зор алуан мүмкіндіктер өлкесі.

20. Қай нәрсенің болмасын екі ұшы бар. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, адалдық пен арамдық.

21. Сөз киесі – иесінде.

22. Тарих боямалауды көтермейді. Бары да, шыны да осы... Әр кездің өз әні бар ғой. Оған орындаушы кінәлі болмаса керек.

«Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі–осы, азаматтық жол да–осы»,–деп Қонаевтың өзі айтқандай, адамгершілік деген асыл қасиеттен аласырмаған, азаматтық жолда аянбай еңбек ете алған, халқын шын сүйген, елі үшін еңбек еткен асыл, үлкен тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев есімі ешқашан ұмытылмақ емес... ұмытпаймыз да. Себебі ол – адамның айнасы. Біздің үлкен айнамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Асанбай Асқаров «Ұлы Тұранның ұлдары», Алматы. 1998.

2. «Егемен Қазақстан» газеті, 1994. №26

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ Турганова Б.К.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
«Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар» кафедрасының
аға оқытушысы, тренер*

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың мен білмейтін қасиеттері мені таңғалдырды. Біздің балалық, жастық кезімізде ҚСРО елін басқарып тыныштығымен, бейбітшілігімен, ата-бабамыздан мұра болып қалған жердің-елдің тұтастығын, халқының бірлігін сақтауға әрдайым бар күш-жігерін сарқа жұмсап, табандылықпен күрескенімен, өзінің еліне, жеріне, ұлтына деген шынайы қамқорлығының арқасында бүкіл елінің сүйіспеншілігіне бөленді.

Қарапайымдылығы соншалық, қара халықтың арасында ой бөлісіп кез келген адаммен мейлі ол қойшы, кенші, ғалым болсын ортақ тіл тауып, жақын тартып жанаса сөйлесетін,–деп Д.А.Қонаев туралы оқыдым. Еңбекқорлығы, терең зейіні мен биік парасаты ел аузында ардақталып ата-аналарына, аруақтарға ешқашан тіл тигізбеген. Қолынан келсе, еске алып, құрмет тұтып, өткендердің аруағына, рухына сыйынып отырған, қазақилығы, бойындағы қазақи қасиеттері: «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген халық даналығын келтіре отырып, өзінің текті халықтың ұрпағы екендігін сөз етеді. Ол кісі өзінің арғы тегі Ұлы жүз Бәйдібек бабадан тарайтынын жазып кеткен екен.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматыда дүниеге келген. Анасы Зәуре Байрқызы қарапайым еңбекқор адам болған. Әкесі Меңілахмет орыс, қазақ тілінде оқи, жаза білетін сауатты, ақын кісі болған. Дінмұхамед деп есімін Жұмабай атасы қойған. 2012 жылы Д.А.Қонаевтың 100 жыл мерей тойы болды, «100 жылдыққа–100 шара» бағдарламасы жасалып, салтанатты шаралар өткізілді. Биылғы жылда Дінмұхамед атамыз 108 жасқа толады екен. Бүкіл саналы ғұмырын туған халқының болашағына арнаған адам. Ерекше дара, өнегелі істерімен аты тарихта мәңгі қалады. Биік тұлға, әдемі, маңдайы ашық, адамға жылы шуағын

шашып тұрғандай. Қариялардың сөзін мұқият тыңдап, сол бойынша кеңесіп, мәселе шешетіні көптеген естеліктерде айтылады. Өзі араласқан оқиғалардың жыл, ай-күні тіпті, сағат, минутына дейін ол кісінің есінде өле-өлгенше сақталған. Қазақстандағы мыңдаған колхоз-совхоздардың, жер-судың және озат шопан, механизаторлардың есімін өмірінде ұмытпаған. Өндіріс, экономикаға байланысты сандар мен цифрларды кез келген жағдайда жаңылмай айтып отыратыны ғалымдардың өзін қайран қалдырған.

Өмірлік серігі Зухра Шәріпқызымен 50 жыл ғұмыр кешкен. Зухра Шәріпқызы екеуінің ортасында балалары болмаған. Бірақ студент кезінен бастап 1931-1936 жылы Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтында оқып жүріп стипендиясын балалар үйіне беріп тұратын болған, әрі қарай да мемлекеттік жұмыстарында жүргенде де жалақысын үнемі жіберіп тұрған. Осындай кішіпейілділік оның туа бітті қасиеті екені көзге көрініп тұрды. Сондықтан да, оның кісілік, адамгершілік, бекзаттық қасиеті және тәрбиесі басқаларға өнеге. Дінмұхамед Ахметұлының айтуынша, «адам дүниеге келгеннен кейін ең алдымен-Адам болуы керек».

Д.А.Қонаев туа біткеннен ғылым мен өнерді терең түсініп, ғылым жолында еңбектенген білімпаз. Қазақ КСР-нің Ғылым академиясының президенті қызметінде болған, мемлекет және қоғам қайраткері, зерттеулері Қазақстанның кен қазу өнеркәсібінде өндіріс тиімділігін елеулі түрде арттыруға көмектесті. Д.Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен тәжірибесінің аса маңызды мәселелеріне арналған. Халқына сыйлы, заманының дара туылған перзенті. Ел адамы, ер адамы, тарихта елге жасаған еңбегімен есте қалатынын көрсетті.

1969 жылға дейін Д.А.Қонаев үш қабатты, екі бөлмелі «сталиндік» үйде тұрған. Жаңа үш бөлмелі пәтерге көшкенде көп қонақ жиналып, сол бір қонақтықта Л.И.Брежневте қонақ болады. Сонда, Леонид Ильич: «Иә,біздің саяси бюроның мүшелері өте қарапайым тұратын байқадым», деген екен. Тіпті, ол ертеменен жұмысқа баратын жолында жаяу және күзетсіз барады екен. Таза ауада, табиғат аясында, не деген қарапайымдылық!

Егемендікті алғанда халқының алдына балаша қуанып шығып, адал ойын білдірген, «Ту жығылмасын, Туды ұстаған ұл жығылмасын»,-деп тәңіріне сыйынып халықпен бірге егемендікке қуанып, келешекке сенген. «Болашақ жастардікі, ақиқаттан аттауға болмайды» деген ойын ашып айты. ҚСРО кезінде Д.А.Қонаев қаншалықты күрделі, қарама қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамытуға орасан еңбек етті. Туған Қазақстан халқының биік деңгейден көрінуіне күш салды. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды.

Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жанатас, Кентау, Арқалық қалалары салынған Маңғыстау және Жезқазған облыстарын құрды. ҚСРО 19 облыс болды.

80-жылдардың соңында Д.А.Қонаевті қудалау басталған, пара мен қиянаттылық ісін тарқату сылтаумен қару коллекциясын тартып алған, әр қаруына ресми құжаттары болса да, заңды тіркелген бола тұра. Коллекциясында 500 жақын әр-түрлі қарулар болған, (аңшылық, саяткерлік салт және мергендік өнер әдетке айналдырған) оның ішінде Жапонияның премьер-министрі Ясухиро Накасонэ, АҚШ президенті Джон Кеннеди, Египет президенті Гамаль Абдель Насер және Ирактың көсемі Саддам Хуссейннен алған, сенім өкілінен беріп жіберген сыйлықтары болған.

Сонау мен оқыған жылдары 1986-1991жж. Маңғыстау Гурьев облысына кірген, порт Шевченко, Шетпе, Өзен қала, поселкалардан жас абитуриенттер келіп Гурьев педагогикалық институтына келіп оқитын болды. Маңғыстау мен Гурьев бір облыс болып саналған. Институттың 1 курс студенті едім желтоқсан оқиғасы болғанда.

1986 жылы 16 желтоқсан күні-Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан алынып, орнына Г.Колбин тағайындалды. Бұған наразы болған қазақ жастарының Желтоқсан оқиғасы деп аталды. 1986 жылы 17-18 желтоқсан аралығында Алматы қаласында болған қазақ

жастарының, оның ішінде 19 облыс сол ел ордасында оқып жатқан студенттер, ҚСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық білдірді. Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облысы партия комитетінің 1-хатшысы Г.В.Колбинді ҚКОК-нің 1-хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. 1987 жылы маусымдағы пленумда Д.А.Қонаев «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Бірінші хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП мүшелігінен босатылады. Қайраткердің көзі тірісінде, Г.Колбин орынсыз кінәлап, айыптаған болатын. Бірақ, адамдықты өмір бойы ардақтап, әділдікке жүгініп өткен, тұла бойы тек адалдықтан жаратылған ұлы тұлға: "Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол-менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманатыңа адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсырет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесен, өзгеге жамандық қылма", - деген Димаш Ахметұлы.

Мен елімізде осындай жаны асқақ және ар-намысын аса ардақтайтын Ұлы Адамның болғанын мақтаныш тұтамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Massaget.kz сайтынан: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/35800>
2. <https://sputniknews.kz/spravka/20190112/8828470/dinmuhammed-konaev-turaly-ne-bilemiz.html>
3. ҚазССР. Қысқаша энциклопедия, 2-том. Алматы - 1987.
4. Wikipedia® [Wikimedia Foundation, Inc](https://www.wikimedia.org/)

Әә Кәсіби Біліктілік Әә

DISTANCE EDUCATION AS AN INNOVATIVE APPROACH TO CONTINUOUS EDUCATION

Yeleussizova Gulzhan

senior lecturer of Abylai Khan Kazakh University of International relationships and International Languages, Master of Education

Galimzhanova Marzhan

director of the branch of the Joint Stock Company "National Center of Professional Development "Orleu" Institute for Training Teaching Staff of Atyrau Region, Professor

The Dream of acquiring a cherished higher education every year does not lose its relevance. And if we conduct an analysis based on historical data, literally 100 years ago, secondary education was the prerogative of only aristocracy and a wealthy minority. What changes have been made in education recently? It is worth noting that on the territory of modern CIS countries, once part of the USSR, V.I. Lenin signed a decree "on the elimination of illiteracy among the population". And the investments of 1920, which gave the strongest technical and scientific progress, are summed up in the modern multi-polar choice and methods of obtaining higher and secondary education.

In the 21st century, there are three familiar forms of learning: Full-time, part-time, and distance. The first two take their roots from the 20th century education system. Each of them was suitable for certain needs and the status of the applicant's education. The third, remote form of education became known already with the arrival of high-speed Internet, a constant and fast rhythm of life in cities, freedom and opportunities for uninterrupted movement. And if you want to have a laptop and/or other means of communication available 24 hours a day, regardless of the place and time of your stay, you can get a diploma of higher education. The idea of a dream about continuous self-education, becoming a specialist by clicking links in the personal office and watching a video lecture, equate that progress is already here, literally at a distance of "to the key"!

So what is the innovative approach of new distance education? Or can it be for us only self-deception of getting professional skills?!

To determine the answer to the above questions, it is worth looking for in the historical and practical factors available at the moment. Distance education, of course not in modern understanding, originates from the genius of Isaac Pitman. After all, as early as 1840, he gave the opportunity to provide students with a response, to take exams while studying at any accredited higher educational institution by means of sending letters! It is worth noting the innovative approach back in the 19th century. This education system was also adopted by other countries in Europe and America, for example, the first of them were: America-1873 (Anna Eliot Tikhon's program "Society for the Support of Home Education), Australia - 1911, Germany - 1850 (Gustave Langenshayd), Russia (USSR) - after the 1917 revolution.

On a more approximate example, for our system, it is worth drawing parallels of sources in the USSR, which included Kazakhstan in the 20th century. Distance learning took place in the form of consultation and was meant as a correspondence form (the model, when the student and professor do not see each other, there is no student's stay at the university at lectures, the material is studied independently). The system itself was as follows: At the very beginning of the course were held for mandatory attendance of the lecture, later the student received all the educational material for self-study and the final point was the admission to the session and passing examinations at the university. The student could also keep in touch with the teacher during the training process. Gaining unprecedented progress and demand, remote education declined during the period of "perestroika"

1989-1991. And the crisis that had begun at that time, the opportunity to receive quality education of any form became difficult for the post-Soviet space.

The independent and independent educational system, which has also undergone a number of serious and long-lasting decisions and reforms, has been developed in Kazakhstan since independence. One of which is gaining the strongest speed and public resonance. Since 2019, the correspondence form of education has been abolished at the universities of the Republic of Kazakhstan. 2019, the correspondence form of education was abolished at the universities of the Republic of Kazakhstan. But it was offered to be replaced by a common and high-tech remote form. This decision in the Ministry of Science and Education of the Republic of Kazakhstan was designated as follows: "On July 4, 2018, the Law of the Republic of Kazakhstan "ON amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on the expansion of the academic and managerial independence of higher educational institutions" was adopted, aimed at improving the quality of higher education and social responsibility of universities. One of his main innovations was the refusal of correspondence form of education. It was due to international practice and modern requirements for training personnel "(direct statements of the Ministry of Foreign Economic Development of the Republic of Kazakhstan), (note. Direct words of the MOH RK). Amendments to the introduction of new technologies of training were discussed at the session of the Senate and the Majilis, measures of which are aimed at improving the quality and level of training of modern young personnel. In fact, as practice shows over the past decades, students studying in the system of correspondence education showed the result much lower than students receiving a specialty in the full-time system. When the country's universities move to the course, the form of training, which in turn will be based on the full-time system and the "Part time" system will be applied (the system is built according to flexible schedule and part of the courses will be held in the evenings on non-weekdays). The problem of underperformance and lack of skills among young people is thus possible. And stereotypical thinking about the "right" age for education, everyone can be remotely trained without being distracted by external factors.

"Educational and educational resources will be on digital media, which will allow universities to widely use distance learning technologies. The Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan also summarized the second higher education without a break from production. (note: MON RK).

At the moment, education on the remote system passes the period of formation and formation of courses, methodical material, control of knowledge. But even now many universities will be able to offer you a course, upgrade your qualification or study a new specialty (especially developed - jurisprudence, pedagogical, business directions).

Online learning features are ideal for:

For working specialists and persons in long-term foreign business - in order to improve their skills, acquire new knowledge or realize in a new sphere of activity, while at the same time not delaying their professional duty and growth, because competitiveness in the 21st century reached its apotheosis;

For mothers on maternity leave - you can study without the need to leave a child, training at home;

For residents of remote settlements - it is not necessary to leave their home to receive prestigious education in the best universities, also one of the great opportunities to develop their native city, remote settlements by the standards of more developed big cities, which in turn leads to economic growth and well-being of the population;

For persons who are unable to attend the educational institution for health reasons (disabled persons and people with disabilities), because unfortunately, even with an active program for the protection and assistance of vulnerable populations, they are often victims of physical and moral non-recognition (the old infrastructure of cities does not allow the use of specialized means, Even the buildings of universities were built on average in the middle of the 20th century).

Another feature and plus is the duration of education - 2-3 years, or some universities can provide intensive (accelerated) courses. And at the end of the school you are given a diploma of the state, in

which it is worth noting that education is received remotely. And in order to become a student of the "new system" it is necessary to pass a comprehensive test of 3 or 4 profile subjects, also the Commission conducts an interview, you will need a small package of documents with you, the final action will be signing the agreement and payment of training. Admission of the documents themselves is carried out on an equal basis with the acceptance of documents for full-time form, but there are universities receiving students regardless of the time of the year. The training process itself takes the form of independent study by the student of the material, by means of using online and offline resources (educational portals). Some universities practice intermediate time of education and current control, i.e. passing examinations takes place in the institution itself.

Below I would like to provide a list of Kazakhstani universities that can provide a distance learning form:

Kazakh State Women's Pedagogical University (Nur-Sultan)-To Date, distance education can be obtained in 16 specialties: Informatics, is, ecology, psychology, preschool education and education, physics, geography, defectology, etc.;

The Kazakh University of Economics, Finance and International Trade (Nur-Sultan), which prepares specialists in the financial and economic sphere and in the field of applied sciences in the fields of accounting and audit, finance, assessment, statistics, economics, world economy, management, public and local management, design, social work and tourism, information systems and technologies, international trade and law;

University "Turan" (Nur-Sultan) - provides remote training in the following specialties: Jurisprudence, economics, finance, public relations, psychology, management, information systems, translation, journalism, logistics, restaurant and hotel business, international law, international relations, etc. (total 20 specialties); Post-graduate training on the MBA educational program is also conducted.

University of International Business (UIB) (Almaty)-University of Higher Education prepares specialists in the field of management, marketing, hotel business and restaurant business, information systems, finance, accounting and auditing, economics, international relations, tourism, state and local government, psychology, international law, journalism, etc.;

Karaganda Economic University of Kazpotrebusuy (Karaganda) - provides distance education in 21 directions of bachelor's degree, providing an opportunity to receive higher economic, legal and technical education;

Kazakh National Technical University named after K. I. Satpaeva (Almaty) - Provides training of specialists of technical and economic profile;

It is worth noting that not the entire list of universities with the possibility of receiving distance learning is provided. But at submission of documents will be correct to consider possible disadvantages: Rigid self-discipline and self-control are necessary; lack of personal contact with the teacher and fellow students; lack of practical lessons (for specialties that involve a large number of "living" practices); Often - the need for a personal presence in the exams due to a problem with identification (it is impossible to remotely monitor whether the student himself performed examination tasks or not); a certain level of computer literacy, a computer and a "decent" Internet is needed; the material on training and manuals is still not digitized on modern media, not rich and not expanded database of information.

In conclusion, in the era of the mass use of Internet resources, the practical use of new technologies has become real progress. And if you define yourself as a person who needs constant movement, it is an ideal option. The problem of information carriers can be solved by gradual and correct dissemination of scientific and professional literature on the expanses of the Internet, training and selection of personnel can be overcome by clear criteria of professionalism.

Distance learning is a luxurious platform for studying professors, figures of Information systems and scientists. This is the progress and innovative idea of upgrading old systems to an already instantly changing modern world! It is possible to take a new look at the already established rules, to

independantly develop their schedule and work on personal qualities regardless of location and external factors.

The relevance of the training itself is very high, especially for young people and professionals with a scored schedule. It is possible to encounter difficulties and solve problems of the Internet and personnel for realization of the training itself. Competition is reduced, which leads to the safe acquisition of new knowledge.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ – ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаманбаева Д.Т., Жаманбаева С.Т.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ қызметкерлері

Қазіргі қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды, оның ішінде адам мәдениетін түбегейлі қайта қарастыруды қажет етеді. Әсіресе, адамның адамға қатынасын ізгілендіру проблемасының көтерілуінде мәдениеттің маңызы зор.

«Мәдениет» ұғымы зерттеу аясы кең ғылыми ұғымдар қатарына жатады. Мысалы, мынадай терминологиялық түсініктерге назар аударуға болады:

- Қарым – қатынас мәдениеті;
- Экономикалық мәдениет;
- Этникалық мәдениет;
- Ғылыми – зерттеушілік мәдениет.

Педагогика саласында нақты іс– әрекетті ұйымдастырушы мұғалім болғандықтан, оның кәсіби даярлығының ғылыми– педагогикалық негіздерін қарастыру қажеттілігі туындайды. Осы орайда, отандық ғалым Ш.Таубаеваның зерттеу еңбектерінің маңызы зор.

Педагогикалық процестің субъектісі ретінде қазіргі талапқа сай мектептердің негізі болғандықтан, мұғалімнен педагогикалық құндылықтар, ғылыми – зерттеушілік жұмыстар, осы бағыттағы жұмыстарын түйіндеп жаза білу талап етіледі. Бүгінгі педагогика саласындағы өзекті мәселенің бірі–мұғалімнің ғылыми–зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру, дамыту болып саналады.

Педагогика ғылымында зерттеушілік мәдениет жүйелері:

- Қоғамдық мәдениет;
- Социумдық педагогикалық мәдениет;
- Жалпы мәдениет;
- Кәсіби педагогикалық мәдениет.

Педагогика ғылымында мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті ұғымы теориялық, методологиялық, философиялық, фундаментальды ғылыми парадигмалар мен таным теориясы, ғылыми таным, ғылыми–зерттеу жұмысы, тұтас педагогикалық процесс, педагогикалық рефлексия, педагогикалық білім, мұғалімдердің білімін жетілдіру ұғымдарымен өз мәнін ашады. Олай болса, мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті–негізгі педагогикалық, мазмұны философиялық білімдерден, оның тұрақты сипатынан, методологиялық фундаментімен, практикалық–бағыттаушылық сипатынан, жеке идеяларынан тарайды.

Педагогика ғылымы саласында әлеуметтік–нормативтік, когнитивтік ғылыми– ізденушілік бағыттары зерттеледі.

Соның ішінде, педагогикалық мәдениет мазмұнында:

- Тұлғаға көркем–эстетикалық әсер ету;
- Оқу және тәрбиенің үздіксіздігі;
- Патриотизмді қалыптастыру;
- Тарихи сананы қалыптастыру;
- Білім мен тәрбиенің ұлттық сипаты;

- Білім беру мен оқыту жүйесінің түсініктілігі;
- Кәсіби білім мен оқыту формаларының базалық мәдени компоненті т.б.

Зерттеу мәдениетін меңгерген мұғалім педагогиканың философиялық негіздерімен, зерттеу әдістерімен толық танысқан болу керек.

Педагогтардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ғылыми–қолданбалы алғышарты ретінде-мектептегі ғылыми–әдістемелік жұмыстарды көрсетуге болады. Педагогтың ғылыми–зерттеушілік жұмысының вариативті құрылымы: мектепте ғылыми жұмысты ұйымдастыруға даярлық, педагогикалық іс–тәжірибені жинақтау, тарату, педагогикалық ғылыми–зерттеуді тәжірибеге енгізу, инновациялық әрекет, ғылыми зерттеуге даярлықтан тұрады. Мұғалімнің ғылыми–зерттеушілік деңгейінің жоғары шегі кәсіби – зерттеушілік іс – әрекет.

Осы орайда, педагогтардың ғылыми–зерттеушілік мәдениетін дамытуда «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлер біліктілігін арттыру институты ұжымының ерен еңбегін атап өткен жөн.

Білім беру ұйымдарында жүргізілетін оқу–тәрбие жұмыстарын жаңаша мазмұнға лайықтау, білім беру мақсатын–күтілетін нәтиже түрінде нақтылау, технологияландыру, ақпараттандыру, таңдаған бағдарына сай ғылыми–әдістемелік кешен мазмұнын жасау және жетілдіру, ұжымның жаңашылдық бағыттылығын қалыптастыру т.б. кезек күттірмейтін мәселелер болса, институт жұмысы осы мақсаттарға бағытталған.

Институттың әдістемелік жұмысы–ғылым мен педагогикалық озат тәжірибе жетістіктеріне және оқу–тәрбие жұмысының нақтылы уақыт талабына лайық жетілдіру жағдайына сүйене жүргізіліп келеді. Өзара байланысты іс– әрекеттер мен шаралар жүйесі, ол әрбір педагогтың біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға бағытталған.

Жүйелі атқарылып жатқан шаралар, облыс педагогтарының ғылыми–зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға, ілімдік мүмкіндік шамасын дамытуға және біліктіліктерін арттыруға, ғылыми шығармашылықтарын жетілдіруге бағытталған.

Пайдаланылған әдебиет:

1.К.Төребаева, Н.Майтанова «Оқытушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру» 2005.

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА Сисенгалиева Гульмира Валентиновна

учитель начальных классов первой квалификационной категории

Специализированная школа – гимназия №30 для одаренных детей с обучением на трех языках

Ориентация современной педагогики на гуманизацию воспитательно-образовательного процесса выдвигает в число актуальных проблем создание оптимальных условий развития личности каждого ребенка, его личностного самоопределения. Особенно остро эта проблема назрела в отношении младших школьников, так как, по данным психолого-педагогических исследований, процесс личностного развития и самоопределения детей данного возраста в последнее время затруднен. Это обусловлено незрелостью их эмоционально-волевой сферы, отставанием в формировании системы социальных отношений, возрастной идентификации, проблемами семейного воспитания.

Ситуация современного школьного обучения требует от ребенка активного решения новых сложных коммуникативных задач: организации делового общения учеников друг с другом и с учителем по поводу изучаемого материала. Поэтому очень важно развивать у ребенка высокие формы общения со взрослыми и сверстниками, что составит предпосылку формирования нового типа взаимоотношения между учителем и учеником, между одноклассниками.

Развитие коммуникативных возможностей человека в современном обществе становится чрезвычайно актуальной проблемой. Совершенствование научных технологий привело к

возрастанию потребностей общества в людях, которые могли бы ставить и решать задачи, относящиеся не только к настоящему, но и к будущему.

Некоторые авторы отождествляют понятия «общение» и «коммуникация», понимая под ними «процесс передачи и приема информации, осознанную и неосознанную связь».

Однако большинство ученых, исследующих межличностные отношения, различают понятия «общение» и «коммуникация».

Психологический словарь определяет понятие «коммуникация» как «взаимодействие двух или более людей, состоящее в обмене между ними информацией познавательного или аффективно-оценочного характера. Следовательно, это предполагает сообщение партнерами друг другу какого-то определенного объема новой информации и достаточной мотивации, что является необходимым условием осуществления коммуникативного акта.

С позиции деятельностного подхода общение—это сложный, многоплановый процесс установления и развития контактов между людьми, порожденный потребностями в совместной деятельности и включающий в себя обмен информацией, выработку единой стратегии взаимодействия, восприятие и понимание другого человека.

Потребность в общении—одна из самых главных в жизни человека. Вступая в отношения с окружающим нас миром, мы сообщаем информацию о себе, взамен получаем интересующие нас сведения, анализируем их и планируем свою деятельность в социуме на основе этого анализа.

Эффективность этой деятельности зачастую зависит от качества обмена информацией, что в свою очередь обеспечивается наличием необходимого и достаточного коммуникативного опыта субъектов отношений. Чем раньше осваивается этот опыт, чем богаче арсенал коммуникативных средств, тем успешнее реализуется взаимодействие. Следовательно, самореализация и самоактуализация личности в социуме напрямую зависит от уровня сформированности ее коммуникативной культуры.

Начиная с шестилетнего возраста, дети все больше проводят времени со сверстниками, причем почти всегда одного с ними пола. Усиливается конформизм, достигая своего пика к 12 годам. Популярные дети обычно хорошо адаптируются, чувствуют себя среди сверстников комфортно и, как правило, способны к сотрудничеству.

К средствам общения относятся:

Язык – система слов, выражений и правил их соединения в осмысленные высказывания, используемые для общения. Слова и правила их употребление едины для всех говорящих на данном языке, это и делает возможным общение при помощи языка.

Интонация, эмоциональная выразительность, которая способна придавать разный смысл одной и той же фразе.

Мимика, поза, взгляд собеседника могут усиливать, дополнять или опровергать смысл фразы.

Жесты как средства общения могут быть как общепринятыми, т.е. иметь закрепленные за ними значения, или экспрессивными, т.е. служить для большей выразительности речи.

Расстояние, на котором общаются собеседники, зависит от культурных, национальных традиций, от степени доверия к собеседнику.

В процедуре общения выделяют следующие этапы:

Потребность в общении (необходимо сообщить или узнать информацию, повлиять на собеседника и т.п.) побуждает человека вступить в контакт с другими людьми.

Ориентировка в целях общения, в ситуации общения.

Ориентировка в личности собеседника.

Планирование содержания своего общения: человек представляет себе (обычно бессознательно), что именно скажет.

Бессознательно (иногда сознательно) человек выбирает конкретные средства, речевые фразы, которыми будет пользоваться, решает, как говорить, как себя вести.



Восприятие и оценка ответной реакции собеседника, контроль эффективности общения на основе установления обратной связи.

Коммуникативные способности-это умения и навыки общения с людьми, от которых зависит его успешность. Люди разного возраста, образования, культуры, разного уровня психологического развития, имеющие различный жизненный и профессиональный опыт, отличаются друг от друга по коммуникативным способностям. Образованные и культурные люди обладают более выраженными коммуникативными способностями, чем необразованные и малокультурные. Богатство и разнообразие жизненного опыта человека, как правило, положительно коррелирует с развитостью у него коммуникативных способностей. Люди, чьи профессии предполагают не только частое и интенсивное общение, но и исполнение в общении определенных ролей, нередко обладают более развитыми коммуникативными способностями, чем представители иных профессий.

Применяемые на практике техника и приемы общения имеют возрастные особенности. Так, у детей они отличны от взрослых, а дошкольники общаются с окружающими взрослыми и сверстниками иначе, чем это делают старшие школьники. Приемы и техника общения пожилых людей, как правило, отличаются от общения молодых.

Дети более импульсивны и непосредственны в общении, в их технике преобладают невербальные средства. У детей слабо развита обратная связь, а само общение нередко имеет чрезмерно эмоциональный характер. С возрастом эти особенности общения постепенно исчезают, и оно становится более взвешенным, вербальным, рациональным, экспрессивно экономным. Совершенствуется и обратная связь.

Взаимоотношения человека с другими людьми определяют и его отношение к своей деятельности и его отношение к самому себе - уверенность в своих силах, скромность или преувеличенное самомнение, самолюбие, неуверенность в своих силах и т.д. Ведущая и определяющая роль взаимоотношений с другими людьми в образовании характера подтверждается на каждом шагу.

В многообразных, тонких, богатых всевозможными оттенками людских отношениях, составляющих основную ткань человеческой жизни, складывается и проявляется величайшее многообразие самых основных для облика личности характерологических черт. Таковы заботливость о человеке, чуткость, справедливость, благородство, доброта, мягкость, нежность, доверчивость и множество других аналогичных и им противоположных свойств. При этом единство характера не исключает того, что в различных ситуациях у одного и того же человека проявляются различные и даже противоположные черты. Человек может быть одновременно очень нежным и очень требовательным, мягким вплоть до нежности и одновременно твердым до непреклонности. И единство его характера может не только сохраняться, несмотря на это, но именно в этом и проявляться.

Литература:

1. Кашкин В.Б. «Введение в теорию коммуникации», М. 2003.
2. Ломов Б.Ф. «Общение как проблема общей психологии», М. 2016.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есмаганбетова Гульнур Олжабаевна

Қызылорда қаласы

І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі

Технология, коммуникация мен ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты мектеп оқушылары да қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізуі үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп білім мен дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсатының бірі–әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру екені барлығымызға аян. Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы–заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты–білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Білім беру мазмұнының жаңаруы–бұл ең алдымен орта білім беру моделінің өзін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін қайта қарау және оқушының жетістігін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін ендіру болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы бүкіл шаралардың барлығы жеке тұлғаның гармониялық қалыптасуы мен дамуына жағымды әсер ететін білім беру кеңістігін құруға бағытталған.

Жаңарудың нәтижесі–әр оқушының әрбір сабақта білімді өзі «қазып алу» қызметін іске қосу. Бұл жерде оқушы–өзінің танымының субъектісі болып отыр. Мұғалім–оқушының танымдық қызметінің ұйымдастырушысы.

Информатиканы оқытудағы ерекше күрделісі–компьютермен жұмыс жасау кезіндегі таза технологиялық сұрақтар бойынша оқушылардың мұғалімінен асып түсетіндігімен байланысты. Мұғалімнің ғылым мен техниканың барлық жетістіктерін меңгеріп үлгеруі, жаңа құрылғылар мен бағдарламаларға қол жеткізе беруі тіпті мүмкін болмай қалып жатады. Сондықтан да ол компьютермен жұмыстың негізгі дағдыларын меңгерген базалық деңгейімен шектелуіне тура келеді. Информатика пәні мұғалімі есептеу техникасы құрылғыларының қарқынды дамуын, шыққан жаңа бағдарламаларды және олармен жұмыс жасау әдістерінің өзгерісін қадағалап, ілесіп отыруға мәжбүр. Информатика пәні мұғалімінің алдында үнемі мынадай сұрақ тұрады: «Баланы тез дамып жатқан ақпараттық технологиялар калейдоскопында бағдарлануды қалай үйретуге болады?» Ол барлығына үлгеру үшін өз білімі мен біліктілігін үздіксіз арттырып отыру керек. Ал есептеу техникасын кәсіби тұрғыда қолдана алатындай болу үшін мақсат қойып, соған жете білушілік және ақпараттық технологиялардың соңғы жаңалықтарын білгісі келу қажеттілігі болу керек.

Информатика пәнін оқытудың әдістемелік ерекшелігі–әлемнің қарқынды өзгеру заманында АКТ құзыреттілігін дамыту болып табылады. Пәнді меңгеру ақпараттық сауаттылық деңгейін арттыруға, АКТ-құзыреттілік негізін біліп, түсінетіндей болуына, алгоритмдік және логикалық ойлауының болуына бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, оқушылардың ойлауының дамуына, ойлау қызметінің көптеген тәсілдерінің қалыптасуына үлкен әсер ететін «бағдарламалауды» меңгерту – ең маңызды рөл атқарады.

Заманауи бағдарламалауды оқытуда оқушының танымдық белсенділігін арттыруға әсер ететін ізденушілік-зерттеушілік сипаттағы тәсілдерге, сонымен қатар әртүрлі оқыту

ақпараттық көздерін қолданатын өзіндік жұмыстарға аса мән берілуі керек. Сөйтіп мұғалім білім әлеміне жол ашушы болады.

Информатиканың қарқынды дамуы мұғалімнің үнемі компьютерлік бағдарламаларды, интернет ресурстарын жиі пайдаланып отыруына әкеледі. Қазірде өзекті сандық білім беру ресурстарының ішінде LearningApps.org, testedu.ru т.б. бағдарламаларды, білім беру сандық ресурстарының бірыңғай жинағын пайдаланып, жұптық, жеке, өзіндік жұмыстарға т.б. әрекеттерге материалдарды пайдалануға болады.

Оқу бағдарламалары мен оқу пәндері жаңартылып жатқандықтан, беріліп отырған оқу құралдары тек білім беру мәселесін шешеді. Ал оқытудың түрлері мен әдіс-тәсілдерін мұғалімдер өздері табулары керек. Міне, осы тұста жаңартылған білім беру аясында пән бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықты басшылыққа алып, оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерінен, педагогикалық технологияларды пайдалану әдістерін терең түсінуге болады.

Ал енді информатиканы табысты оқыту—бұл мұғалімнің тікелей кәсіби тәжірибесі мен құзыреттілігіне, оқу үдерісі нәтижелеріне басым көңіл бөлуіне байланысты.

Информатика пәнін оқу оқушылардың:

- информатиканы оқу барысында меңгерген ойлау және модельдеу дағдыларын әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануға болатынын түсінуіне;
- жүйелер абстракциялардың, алгоритмдердің және бағдарламалаудың көмегімен модельденетінін түсінуіне;
- информатика курсынан алынған білімді ғылым, техника, медицина, білім беру және мәдениет саласында тиімді қолдануға болатынын ұғынуына;
- бағдарламалау дағдыларын қолдану ағымдағы іс-әрекетті жетілдіре алатынын және жаңа идеялардың пайда болуына мүмкіндік беретін программалық қосымшалар жасауға септігін тигізетінін терең түсінуіне мүмкіндік береді.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни педагогикалық әдістемелер) маңызды. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді.

Дұрыс құрылған оқыту тәсілдері және бағалауда:

- оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс;
- мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданулары керек.

Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

Информатиканы оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанда оқушының бойында мынадай қасиеттерді қалыптастыру қажет:

- оқушының дамуы үшін оның жеке пікірін тыңдау және бойындағы білімін, білігін, дағдысын пайдалануының маңыздылығын мойындау;
- оқушыларды тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;
- оқушыға түсінікті тәсілмен модельдеу және есептердің шешімін табу мысалдарымен сүйемелдеу;
- оқушыларды оқытуда «оқу үшін бағалау» арқылы қолдау;
- есептерді шешу мен талдау негізінде оқушылардың зерттеу іс-әрекеттері мен белсенділігін ынталандыру;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың жеке, жұппен, топпен және жаппай сынып арасында жұмыс істеу іс-әрекеттерін ұйымдастыруды қамтиды.

Мұғалімдер кері байланыс көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды. Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі болады. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын нақтылап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек.

Информатика сабақтарының ерекшеліктеріне сабақтың басым бөлігінде компьютердің қолданылуын жатқызуға болады. Осыған байланысты оқу үдерісінде көрсету, зертханалық жұмыс және тәжірибелік сабақ түріндегі сабақтар кеңінен қолданылуы тиіс.

Негізгі орта білім беру деңгейінде информатиканы оқыту абстракция, модельдеу және программалау жолдары арқылы ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалана отырып, оқу үдерісінде оқушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға баса назар аударуды көздейді. Пәнді оқыту оқушылардың ақпараттық сауаттылық деңгейін көтеруге, ақпараттық технологиялар саласындағы біліктілік негіздерін білу және түсінуге, алгоритмдік және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде информатиканы оқытуда қазіргі кездегі ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін және визуалды программалауды меңгеру, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, оқушыларды жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға дағдыландыру, танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамыту көзделеді.

Информатиканы табысты меңгерту мұғалімнің кәсіби тәжірибесі мен құзыреттілігіне тікелей байланысты екенін атап өту қажет. Оқушыларды оқуға ынталандыратын факторлардың маңызын түсініп, тиімді қолдана білу мұғалімнің кәсіби қызметінде аса маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
3. Информатика пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана, 2016.
4. О.И. Можаева О трансляции опыта Назарбаев Интеллектуальных школ в рамках обновления содержания общего среднего образования. 2015.
5. <https://adisteme.kz/janartylgan-bilim-berydin-tiimdiligi-men-erekselikteri.html>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ЖАСТАРДЫ ЖАЛПЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сағымбаев Қ.Б.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚБАИ

«Оқу процесін психологиялық-педагогикалық қолдау» кафедрасының аға оқытушысы

Толымбетов К.Т.

Қызылорда қаласындағы №253 орта мектебінің АЭТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

Орта білім беру мазмұнының жаңарту жағдайында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің мүмкіндігін нығайту үшін сабақтың жоспарланған материалын жүзеге асыруға бағытталған әскери жетекші мен оқушының қызметіне, оқыту мен әскери-патриоттық тәрбиенің әдістеріне байланысты.

Жастарды өзінің еліне деген сүйініспеншілікке тәрбиелеу, патриоттық тұрғыда ерекше болу керек, сол себепті ҚР ҚК-де қызмет етуге жалпы дене тәрбиесінің маңыздылығына назар аудару қажет.

АӘТД пәні сабағында патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері қоғамдағы өзгерістердің барлығына жастардың араласуына бірдей ықпал жасау, оған негізінде мектеп жасынан отанға деген сүйініспеншіліктерін арттыруы қажет ол дегеніміз патриоттық тәрбие негізін түсіндіру болып табылады.

Жас жеткеншектерді патриот деген сөзге мағынасын нақты түсіндіру үшін оларға жиі ардагерлермен кездесу өткізу әртүрлі патриоттық тұрғыда әскери-спорттық қолданбалы жарыстар өткізу қоғаммен тікелей байланыстыру біздің мақсатымыз болуы тиіс.

АӘТД сабағының оқытушы-ұйымдастырушылар патриоттық тәрбиемен бірге дене тәрбиесіне көп көңіл бөлу қажет себебі салауатты өмір салтын ұстанатын ұрпақ тәрбиелеу, дені сау отан қорғаушы болу қажет. Борышын өтеп жүріп мектеп қабырғасында алған білімін пайдалана отырып қолдана білгенде ғана нәтижесін көру мүмкіндік болады.

Жеткіншектер (оқушылар) тәрбиесі, бірінші кезекте, олардың физиологиялық дамуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл олардың танымдық процесіне және тәрбиесіне ықпал етеді. Жеткіншектердің физиологиялық даму ерекшеліктерін және бұл ерекшеліктердің баланың жетілуінде көрініс табуын, жақсы ортаның, мектеп ұжымындағы достары мен жолдастарының болуын ескере отырып дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы және отбасындағы жағдайы арқылы жеткіншектің жеке тұлғасын қалыптастыруға педагогикалық басшылықтың шамасы жетеді. Демек, осы жастағы оқушылармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті тәрбиешілердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті әдептілікті сақтай отырып, педагогикалық ұстамдылық пен шыдамдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Жеткіншектер (оқушылар) өмірінде, әсіресе, 9 сыныпта, яғни, толық орта білім алу жолына таңдау жасайтын кезде, олардың бойында әртүрлі мамандықтарға, мектеп пәндерінің ішіндегі белгілі бір пәнге деген қызығушылығы пайда болады.

Болашақ Отан қорғаушыларға 10-11 сынып оқушылары, ал отанымызды әр уақытта қорғау-ол Қарулы Күштерді күшейту, оның қорғаныс қабілеттілігін арттыруға байланысты мәселелерден туындаған бүгінгі мақсатымыз адамдарды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыру, жалпы орта білім беретін мектептерге қойылатын талаптың бірі-заман талабына сай келетін еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеп шығару.

Елбасының жолдауынан және де басқа заңды күші бар қаулылардан туындайтын талаптарды орындау барысында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін оқыту әдістемелерін жақсарту үшін көптеген ізденістер болып жатыр.

Ол дегеніміз әскери білімді меңгерту, оқушылардың дене шынықтыру тәрбиесіне көңіл бөлу және жастардың бойына өз Отанына деген патриоттық сезімдерді қалыптастыру. Нәтижесінде мектеп қабырғасынан тәрбиеленіп шыққан түлектер әскер қатарына шақырылған кезде қысқа уақыттың ішінде аз ғана шығынмен әскери мамандықты меңгеріп, өз Отанын қорғаушысы болады.

Осы ұстанымдарды негіздеп әскерге шақырылу жасындағы жастарды салауатты өмірге тәрбиелеу барысында АӘТД және дене шынықтыру пәні мұғалімдернің орны ерекше. Әскери жетекшілер және дене шынықтыру пәні мұғалімі мектептегі басты тұлға. Әр мектептің жұмысы нәтижелі, жемісті болу үшін еңбек ететін әр мұғалімнің пәні бойынша өз міндетіне, көзқарасына тікелей байланысты. Әрбір сыныпта әскери жетекшілер және дене шынықтыру пәні мұғалімдері алдында отырған шәкірттері де сол болашаққа барар жол үстіндегі талапкер болып есептеледі.

АӘТД және дене шынықтыру сабағын өткізу барысында жаттығу (әскери-спорттық) элементтерін орындау арқылы игеруіне көңіл бөлеміз және жас жеткіншекті ептілікке, шыдамдылыққа баулу арқылы тәрбиелеу (әскери-патриоттық) жолдарын қарастырамыз.

АӘТД және дене шынықтыру сабағын өткізу барысындағы барлық жағдайда әскерге шақырылу жасындағы жастардан ұйымшылдықты, достық қарым-қатынасты сақтап (ойнауға, іс-әрекет жасауға және орындауға) әдеттендіруді қалыптастыру маңызды жұмыс болып табылады.

Сабақ барысында әскерге шақырылу жасындағы жастардың кеңістіктегі бағыт-бағдарларын алып жүру топография тарауында жақсы дами бастайды, сондықтан да осы кезде бөлімше болып іс-әрекет жасауға (бағдарлауға) жақсы мүмкіндіктер бар. Орман тоғайды зерделеу жұмысы таза ауада тиімді жұмыс болады.

АӘТД және дене шынықтыру сабағының пән мұғалімдері салауатты өмір салты туралы білім еткізіп отырса, онда нағыз жан-жақты дамыған болашақ жас ұрпақ тәрбиелеп шығаруға мүмкіндігіміз бар. Жас жеткеншекті спорттық (әскери-спорттық) үйірмелерге жұмылдырсақ келешек Отан қорғаушыларымыз мықты болатынына сенім артуға болады.

Әскерге шақырылуға дейінгі құрамның дене дайындығына әскери қызметтің қоятын талаптары нормативтік көрсеткіштерде белгіленген.

АӘТД кезеңінде білім беретін мектеп оқушыларының (5-11 сыныптар) дене тәрбиесі бағдарламасында 11-сыныпты бітірушілер үшін Президент сынамаларының нормативтік талаптар қарастырылған, әскери қызметті атқару үшін қажетті алғышарттар жасау мақсатында қандай кешендерді пайдалану көрсетілген.

Әскер қатарындағы бастанқы жылы дене дайындығынан қойылатын талаптар.

Р/с	Жаттығу түрлері	Бағалар		
		«Үздік»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»
1	Кермеде тартылу, саны	12	10	6
2	Кермеде аударылып көтерілу, саны	6	5	3
3	Қос сырықта таянып тұрып бұрыш ұстау, саны	12	10	9
4	16 кг кір тасын көтеру, саны	28	24	18
5	Еркін әдіспен 100 м жүзу, мин/с.	1,50	2,05	2,35
6	5 км шаңғы жарысы, мин/с.	27	28	30
7	600 г гранатты лақтыру, м.	40	35	30
8	3000 м дала жарысы (кросс), мин/с.	12,20	12,40	13,20

Арнайы жаттығулар: қолды бүгіп-жазу, арқанмен шапшаң өрмелеу, кір тастарын көтеру, гранатаны қашықтыққа лақтыру, 3 км дала жарысы (кросс), сабақта жараланғандарға көмек көрсету оларды тасымалдау, противогаз киіп жүгіру, автомат (ағаш дүмді) макетімен кедергілер кешенінен өту, әскерилендірілген эстафеталар, енгізілген. Ерік жігерін тәрбиелеу үшін және болашақ жауынгердің психикалық даярлығын арттыру үшін еңсіз бағана, 1,5 м биіктіктегі бөренемен жүру қолданылады. Кедергілер алаңындағы жаттығулардың ерекше маңызы зор. Олар қажетті дене қасиеттерін тұтас қалыптастыру үшін жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге әскерге шақырылуға дейінгілердің (оқушылардың) дене дайындығының басты міндеттерін сабақтағы жаттығулардың өзара тығыз байланысында шешуге жәрдемдеседі.

Жүйенің нәтижелігіне дене шынықтыру мен алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарының сапасы, оқушылардың мектептегі әскери-спорт секцияларына, жалпы дене дайындығы топтарында Президенттік сынамалар бойынша көпсайыстарға, жарыстарға қатысуы әсер етеді.

Жоғарғы сынып оқушыларының әскерге дайындығын дамыту үшін сабақтан тыс әскери-қолданбалы, әскери-спорттық сайыстарды, ойындарды және түрлі іс-шараларды пайдалану керек.

Әскерге шақырылуға дейінгі даярлық проблемалары барлық педагогикалық ұжымның, өндірістік, ауылшаруашылық, кәсіпорындардың, соғыс ардагерлерінің, әскери бөлімдердің, оқу-тәрбие жұмысына қатысушыларының бірлесе көп күш жұмсағанда ғана шешілуі мүмкін.

Адамның (оқушылардың) сезімдері мазмұны мен формасы бойынша әртүрлі болады. Адамның (оқушылардың) мазасыз формасына қарай үшке бөледі: эмоционалдық жағдайы

немесе көңіл-күйі; эмоционалдык қатынастар немесе өзіндік сезімдер (үрей); эмоциялық немесе эффектілер. Көңіл-күй—бұл әлсіз қарқындылықпен (мысалы, қамығу), біршама ұзақтылықпен, қауіпсіздікпен, айқынсыздықпен сипатталатын адамның тұрақты эмоциялық жағдайы, яғни әдетте олардың себептерін түсіне бермейді. Көңіл-күй диффузиялық сипатқа ие, яғни адамды (оқушыны) толық қамтиды, оның психикалық процестеріне, жұмыс қабілеттілігіне, іс-әрекетіне әсер етеді. Көңіл-күйге бірқатар факторлар мен жағдайлар әсер етеді:

- әртүрлі органикалық процестер мен ағзаның жағдайы;
- қоршаған сыртқы ортаның ерекшеліктері. Ауа райы, тәртіп, тазалық, ғимараттың сырлануы мен жарық болуы, дыбыстық қоздырғыштар;
- адамдар(оқушылар) арасындағы ара-қатынастардың ерекшеліктері. Әдептілік пен ізеттілік көңіл-күйге оң әсерін тигізеді;
- оқудағы (мектепте, колледжде), жұмыстағы, қызметтегі жетістіктер немесе құлдыраулар.

Адамның (оқушылардың) сезімі төменгі және жоғарғы болып бөлінеді. Төменгі сезімдер адамның (оқушының) ағзасында болатын физиологиялық процестермен және оның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырып, қанағаттандырмауымен байланысты. Оларға аштықты, суықты, ауырды, шаршағанды сезіну жатады.

Жоғарғы сезімдер адамды (оқушыны) оның қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандырып, қанағаттандырумен, сондай-ақ оның жеке көзқарасының қызметімен сәйкес келіп-келмеуімен байланысты туындайды.

Адамға (оқушыларға) жоғарғы сезімдер тән болады, атап өтсек:

Моральді-саяси сезімдер. Ол адамның (оқушының) немесе басқа адамдардың (оқушылардың) жүріс-тұрысының имандық талаптарына сәйкес келіп-келмеуін ұғынумен байланысты пайда болады. Моральді-саяси сезімдерге ұйымшылдық, ұжымшылдық, жауыңа деген жеккөрушілік сезімдері жатады. Екіншіден, парасаттылық сезімдері саяси, ақыл-ой қызмет кезінде пайда болады және осы қызметке деген қызығушылық ретінде көрініс табады.

Парасаттылық сезімдеріне айқындылық, таңқалу, түсінбеушілік, сенімділік, күдік сезімдері жатады. Парасаттылық сезімдеріне ең алдымен адамның танымдық қызметімен, оқуымен байланысты.

Эстетикалық сезімдер әдетте объектілер мен құбылыстардың «әдемілігін немесе ұсқынсыздығын» сезінумен байланыста туындайды. Аффектілер—бұл жоғары интенсифтілікпен, жауапсыздықпен сипатталатын адамның эмоциялық реакциялары. Оларға диффузиялық сипат тән. Бір адамның аффектісі басқа адамдардың эмоциялық жағдайына теріс әсерін тигізеді.

Сана-сезімдер қуаттылығы, тұрақтылығы, тереңдігі бойынша бағаланады. Берік, күшті, терең сезімдерді құштарлық деп, ал оларды иеленуші адамдаы құштар адам деп атайды. Адамның сезімдерін сипаттай отырып, оның өзін қалай ұстайтынына, сезімдерін қалай басқаратынына назар аудару қажет.

Падаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің Жарлығы ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008жж арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы 2006. 10.10.№200. Қызылжар нұры—2006-24.11.
2. Әскери педагогикалық психология, Әскери баспа. 1986.
3. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу-мұғалімнің басты міндеті. Қазақстан орта мектебі. 2005. №9.
4. Әскери психология және педагогика негіздері, А.В. Барабанщиков, 1988.
5. Выготский Л.С. Развитие личности и мировоззрение ребенка. В.кн.: «Психология личности». Тексты./Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, А.А. Пузырея. М., 1982.

РЕФЛЕКСИВТІ ОЙЛАУ- НӘТИЖЕ АЛУ ПРОЦЕСІН КӨРСЕТЕТІН ОЙЛАУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ТҮРІ Ханалиева К.А.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ кафедра меңгерушісі

Аңдатпа

Негізгі педагогикалық құзыреттіліктердің ішінен бүгінгі таңда қызметті талдау дағдысын, қателіктер мен қарама қайшылықтарды табу, оларды жеңу тәсілдерін көре алатын рефлексивті-аналитикалық құзырет айрықшаланып отыр. Әлеуметтік, кәсіби проблемалар, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік тұрғыда бір шешімге таңдау арқылы келу мұғалімді оңай емес жағдайға қалдырады. Осы жағдайда педагогтың кәсіби қызметінде ойлау, салыстыру, талдау, бағалау, қабілеттерін жетілдіретін рефлексия маңызды роль атқарады.

Аннотация

Среди основных педагогических компетенций на сегодняшний день различаются рефлексивно-аналитические компетенции, которые могут выявлять навыки анализа деятельности, ошибки и противоречия, способы их преодоления. Социальные, профессиональные проблемы, психолого-педагогические, методические подходы к выбору подходящих решений оставляют учителя в непростое положение. В данном случае важную роль в профессиональной деятельности педагога играет рефлексия, совершенствующая способности мышления, сравнения, анализа, оценки.

Annotation

Among the main pedagogical competences today there are different reflexive-analytical competences, which can offer the skills of activity analysis, mistakes and contradictions, ways to overcome them. Social, professional problems, psychological, pedagogical, methodological approaches to the choice of appropriate solutions let the teacher in a difficult position. In this case, a reflection plays an important role in the professional activity of the teacher and improve the ability of thinking, comparison, analysis, evaluation.

Сегодня вы находитесь там, куда вас привели ваши вчерашние мысли. А завтра вы будете там, куда приведут вас сегодняшние мысли.

Джеймс Аллен

Қазір сіз кешегі ойларыңыз қайда әкелді, сол жердесіз. Ал ертең бүгінгі ойларыңыз қайда апарады, сонда боласыз.

Джеймс Аллен

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мақсаты мен тәсілі-білім берудегі өзгеріс үдерістері, білім беру аясының жаңғыртылуы және соған байланысты жүйе мен мұғалімдерді кәсіби дайындау сипатының жанаруы да қазіргі ұстаздан жедел кәсіби дамуын қажет етеді.

Л.М.Митинаның айтылған анықтамасында кәсіби даму мұғалімнің өзінің ішкі дүниесін белсенді сапалы өзгертуі, ішкі сезімнің белсенділігі арқасында табандылықпен кәсіби іс-әрекет қызметінің жаңа тәсіліне апаруы болып табылады делінген. Яғни кәсіби іс-әрекет қызметінің жаңа тәсілі инновацияны меңгеруге қажетті.

Көптеген философиялық, әлеуметтік, психологиялық еңбектерде адам баласына қорғаныштың, көмектің, дамудың ішкі механизмдерін қозғау маңызды дегеніне көптеп тоқталған. Үнемі және тез өзгермелі заман жағдайында өзін тану, өзіне көмек, өзін бағалау, өзін жетілдіру, өзін оқытудағы тұрақты факторлар мен құралдар адамның ішкі дүние әлеуеті мағынасына ие болуда. Осы факторлар мен құралдар ішінде қазіргі ақпарат көздерінде «рефлексия» ұғымына көп мән берілуде.

А.Құнанбаевтың 15-ші сөзінде: «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, біл белгілі парқын көрдім... Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе,



болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»

Қазақтың данышпан ойшылдарының бірі Абайдың мына сөздері қазіргі кезде көп айтылып, қолданысқа еніп жатқан термин «рефлексия» екені айдан анық.

Рефлексия—өзіндік тәжірибе, өзін-өзі тану мен өздігімен үйрену туралы ойлану. Ол білім алушыларға өзінің үйрену әрекеттері мен амалдарын айқындау мен нақтылау, үйренудің мақсат-міндеттерін тұжырымдау, үйрену нәтижелерін сараптап, ой елегінен өткізу мүмкіндіктерін береді.

«Рефлексияда адам өзімен ылғи да диалогте болады: оның психикасы екіге бөлінеді. Бір бөлігі «Мен-өзім» болады да, екінші бөлігі «Мен-басқа» рөлінде болады, немесе, М.М.Бахтин бойынша, «Мен-орындаушы» және «Мен-қадағалаушы» болып екіге бөлінеді. Адам осылайша өз әрекеттеріне сырт көзбен қарап, оларды екшейді, таразы басына салады, олардың дұрыс-бұрыстығын ажыратады. Көбіне «Мен оның (яғни өзінің) орнында болсам, не жасар едім?» деген ой үстінде болады». Өзіңмен немесе өзің ойлаған елестеткен «біреумен» ішкі диалог жүргізу, сөйлесу адамға бақылаушы, зерттеуші орнында болып, өзін жан-жақтан, айнаға қарағандай, екі жақты қарауға мүмкіндік береді.

Рефлексия коммуникативтік үдерісте бір адамның ішкі жан дүниесін екінші адам көре алатын үдеріс деп түсіндіріледі. Бұл бірақ бір жағы, екінші жағынан рефлексия-бұл тұлғаның сөйлесудегі әріптесінің оны қалай қабылдағанын түсінуі. Сонда рефлексия-тек ғана бір адамды білу мен түсінуі емес, басқа адамның сені қалай түсінгенін білуі. Бұл жағдайда рефлексия-бір-бірімен айнада шағылысқан тұлғалардың өзіндік екі рет еселенген үдерісі іспетті. Осы үдерісте алдымен бірінші тұлғаның ішкі сезімі көрінеді.[4] Қарым-қатынаста рефлексияға қабілетті болуы баға жетпес орын алады.

Рефлексия мұғалімнің кәсіби және тұлғалық өсуінің қуатты қозғаушысы. Рефлексия педагогикалық қызметтің ең маңызды аспектісіне апарады, педагогикалық шеберлігін жетілдіруде мұғалімнің қажеттілігіне «қызмет етеді».

Ғылыми еңбектерде рефлексивті ойлау басқа адамның психикалық-эмоционалдық көңіл-күйін түсінуге, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынасты үйлестіруге көмектеседі делінген.

Қазіргі педагогикада рефлексия ұғымын мұғалім қызметі мен нәтижесін өзін-өзі талдауы деп түсіндіріледі. Практикада шешілмейтін қиындықтар кездескенде, яғни талапқа сай болмай қалғанда рефлексияның қажет болуы мүмкіндігі ашылады. Бұл жерде рефлексия –тәжірибенің өзінің өздік шегінен тыс шығуы, практикалық қиыншылықтардан шығуды жүзеге асыру.

Соған байланысты, рефлексия дамытуға және тәжірибені жаңғыртуға апара алады, сондықтан ол өзіне бағытталған ғана ой емес, сонымен қатар тәжірибенің өзіне де бағытталған. Бұл мағынада рефлексия практикадан шығады.

Ғылыми әдебиеттер қорытындысы рефлексивті ойлау ұғымын тұлғаның өз психикасының мәнін, сонымен бірге басқа адамның да психикасын танып және түсінуге бағытталған ойлаудың түрі деп нақтылауда.(В.В.Давыдов [2],А.З.Зак[3],Г.П. Щедровицкий [10] и др.)

Өзінің кәсіби тәжірибесін ой елегінен өткізгенде мұғалім нәтижесі ретінде сол тәжірибенің өзін емес, сол ойдан туындаған ойды қолданады. (К.Д. Ушинский). Зерттеуші-ғалымдар кәсіби тәжірибе мен рефлексияның қосылысы-кәсіби шеберліктің дамуы кілті деп санаған.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Бизяева А.А.Психология думающего учителя:педагогическая рефлексия-Псков:ПГПИ им.С.М.Кирова, 2004. - 216 стр.
- 2.Задорожная Н.П., Низовская И.А. От педагогического опыта к педагогической рефлексии: Методические рекомендации по организации и проведению педагогических мастерских/ Общ. ред.Т.А. Матохиной. Б.: Махprint, 2011. – с.
- 3.Мұғалімдерге арналған нұсқаулық,«НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы,2016

4. В книге ученых-психологов Ю.Н.Кулюткина и Г.С.Сухобской (1996) «Личность: внутренний мир и самореализация. Идеи, концепции, взгляды».
5. Психология критического мышления Д.Халперн, Diane F. Halpern Thought and Knowledge: An Introduction to Critical Thinking Third edition Lawrence Erlbaum Associates, Publishers 1996 Mahwah, New Jersey 4-е международное издание Издательство: Питер 2000.
6. Рефлексия в педагогике, Захарченко М.В.
7. Ладенко И.С. (ред.). Модели рефлексии. Новосибирск. НГУ. 1995

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Киришова Несибели Алмасовна

*Қызылорда облысы Қармақшы ауданы
№107 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасының негізгі ерекшелігі—оқыту мен оқу үдерісіне жаңаша көзқарас пен халықаралық тәжірибеге негіздеу, оқыту тәсілдерін енгізуге негіз болатын теориялық алғышарттарды есепке ала отырып, тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ХХІ ғасыр мектеп оқушыларын өмірде, өндірісте және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғынатын өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға үлес қосуы керек.

Білім беру саласындағы қазіргі оңды өзгерістер әрбір мұғалімнен өз ісіне мұқияттылықты талап етеді. Әдетте дайын әдіс-тәсілдер бүгін баланы қызықтырмайды. Сондықтан қайткенде баланың ойына, сана-сезіміне серпіліс ендіруді мақсат етіп қою керек. Сан алуан әрекет арқылы ақыл-ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру – бүгінгі қажеттілік.

Жаңа заман талабына сай білім беру—бүгінгі таңда өзекті мәселе. Ендеше шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер қажет. Білім беруде жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланудың басты мақсаты—білім беру сапасын арттыру, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі жаңа қоғам мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, өйткені, ХХІ ғасырдың өскелең ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Орта кәсіптік білім беру жүйесінде сабақ беру жүйесінде, сабақ беру жүйесін әлемдік деңгейдегі талаптарды қанағаттандыратындай етіп құруда жаңаша ізденіс пен шығармашылықтың берері мол. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сан түрлі оны игеріп, тиімді қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Сабақ барысында оқушылардың ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі—«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан оқу» жобасының стратегиялары. Бұл жобаның стратегияларын сабақ барысында қолдану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздері байқап, талдауына жағдай жасайды. Демек, білім оқушыларға даяр күйінде берілмейді, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізеді. Әр оқушы өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады. Практика кезінде өз сабақтарымда қолданып жүрген әдіс-тәсілдер: алты қақпақ, түртіп алу, күнделік жазу, әлем шарлау, рөлдік ойындар, диалогтік әңгіме жүргізу, топтастыру, семантикалық карта, Венн диаграммасын толықтыру, Джигсо, сұрақ-жауап. Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақ қою арқылы байқағаным: оқушылар тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталанды, пәнге қызығушылықты көрсетті, зерттеуге ынталанды, оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға көмектесті, оқушылардың бір-бірінен үйренді, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпалын тигізді, оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтады.



«Әлем шарлау» стратегиясы бойынша қойылған сұрақтарға оқушылар алған білімдерін бір-біріне түсіндіріп, жауап бергенде бір-бірін тындады. «Топтастыру» стратегиясы арқылы сұрақ қойған кезде оқушылар бір нәрсе туралы ойындағы негізгі қажеттіліктерін, білетіндерін, білгендерін топтады. «Кубизм» стратегиясы аясында оқушылар сұраққа жауап бергенде ұғымды жан-жақты, әр қырынан салыстырды, анықтады, зерттеді. «Рөлдік ойыны» барысында бір-біріне сұрақ қою арқылы тілдері жаттығып, образдарда ойнауға үйренді. «Венн диаграммасы» бойынша қойылған сұрақтарға топтар екі жаңа ұғымды салыстырды, екі ұғымның ортақ қасиеттерін таба алды. «Семантикалық карта» стратегиясы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде оқушылар жаңа ұғымның өзіне тән ерекшеліктерін, қасиеттерін, қызметін, маңызын танып анықтайды, зерттейді. «Фишбоун» тәсілін қолданғанда оқушылар белгілі бір мәтін бойынша берілген сұрақты жан-жақты қорытындылап жауап берді. «Тұжырымдамалық карта» бойынша оқушылар берілген тапсырмаға нақтылап, қорытынды жасап, зерттеп жауап берді. «Алты қақпақ» тәсілі бойынша топтар мәтінді әр қырынан салыстырып, зерттеп, талдап жауап берді. «Ыстық орындық» тәсілі аясында оқушылар бір-біріне сұрақ қою арқылы тақырыпты жан-жақты қарастырып, сыни тұрғыдан ойланып жауап берді. «Блум таксономиясы» бойынша сабақты қорытынды жасағанда қойылған сұрақтарға топтар білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау аясында жауап берді.

Қорыта айтқанда, оқушылардың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет. Алға қойған мақсат пен міндетті орындау үшін оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін арттыруға ден қою қажет. Оқушыларды өз бетімен іс-әрекет етуге бағыттап, өз пікірін дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, жан-жақты қалыптасқан жас ұрпақты дайындай аламыз.

Қазіргі білім берудің басты мақсаты—шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты—өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту—оқытушылардың алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі.

«Ұлт боламын десем, бесігіңді түзе» дегендей, ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпақ санасына сіңіру арқылы әлемдік аренада ешкімге ұқсамайтын бірегей зайырлы, жоғары руханиятты ел болып қалмақпыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар және даму Жолдауы // 30.11.2015.
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. <http://cpm.nis.edu.kz>.
3. ҚР бастауыш сынып білім берудің жаңартылған стандарты. Астана, 2014.
4. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Тренерге арналған Нұсқаулық. 2-басылым. Астана, 2015.
5. Жалғасбаева Г.Ш., Акимова Ж.Е. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану // «Хабаршы» журналы, №3 (61) 2019. – 34-35 бб.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Ихсанов Х.У.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
«Білім беру процесінде педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу» кафедрасының
аға оқытушысы*

Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы да нәтижелі білім жүйесіне ұмтылуда. Қазіргі заман елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал мемлекеттің дамуы сол елдің азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін болашақтың талабы мен мүддесіне сәйкес дамытуымыз керек. Қай кезде, қай заманда болмасын жеке тұлғаның адам болып қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етіп отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мазмұны аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін өзінің бар ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да, саналы еңбек ете алады деп ойлаймын. Олай дейтінім, өзім «ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы аясында» біліктілікті арттыру курстарының тренері ретінде айта аламын. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын игі бағдарлама. Осы аталған бағдарлама бойынша түсінгенім мен ұғынғаным өте мол. Жаңартылған білім беру бағдарламасын іс-жүзіне асырудың алғы қадамдары қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізу, теорияны тәжірибемен байланыстыру, алған білімдерін өмірде қлдана алу, ақпараттық коммуникативтік технологияны қолдану, тілдік дағды бойынша коммуникативтік ортаны құру, жеке, жұппен, топта, үштікте жұмыс жасай білу, функционалдық сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерін меңгеру болып табылады. Курс барысында тыңдаушыларға бірлескен оқу, бірлескен жазылым, модельденген жазылым мен оқылым, критериалды бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары, интербелсенді оқыту, жоспарлау, оқу мақсаттар жүйесі, спиралды оқыту қағидаттарын сабақ барысында жүзеге асырып отырдым. Курс барысында тыңдаушылар бағдарламаның негізгі мақсатын түсінбей келеді. Курс соңында күтілетін нәтижеге қол жеткізеді. Яғни үш апта ынтымақтастық жұмыстың арқасында көп нәрсені игерумен қатар, тәжірибеде қолдануды үйренеді. Оқу мақсаттарын меңгере отыра жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау, тапсырмаларын дискриптор құру арқылы критериалды бағалауға шығудың жолдарын қарастырамыз. Ата-аналарға рубрика толтырумен қатар модерацияға тоқталамыз. Курс барысында әр тыңдаушыға жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша құжаттар пән бойынша оқу бағдарламалары, оқу жоспары, критериалды бағалау нұсқаулығы, ұзақ, орта, қысқа мерзімді жоспарлаудың шаблондары мен үлгілері таратылып, тәжірибеде қолданудың жолдарын көрсетемін. Сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын бір-бірімен байланыстыру жолдарын, қалай жетілдіру керектігі туралы бағыт беріледі. Тапсырмалар «спиралді» тәсілмен берілгендіктен, қарапайымнан күрделіге қарай бірте-бірте білім, білік дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылаудан тәжірибе арқылы өмірде қолдана алу мүмкіндігіне ие болады. Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқып мазмұнын айту мен ғана шектеліп қалмайды. Сол мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастырып, себебін анықтап, бір-бірімен диалогқа түсу арқылы болжам жасауға, өзіндік бағалауына, дереккөздерден ақпараттарды жинауға үйренеді. Жаңа білім беру мазмұны бағдарламасында критериалды бағалау арқылы бағалануы оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындап, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, бастауыш білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға бағытталған бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадым:-қалыптастырушы бағалау шынайылыққа

бағытталады;-оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді;-мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді;-оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады;-ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр;-әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі. Сонымен қатар курс кезінде мұғалімдердің қиналған тұстары да болды. Атап өтетін болсам: оқу мақсаттарының кіріктірілуі, берілген 8 ортақ тақырыптың пәнаралық байланысты, критериялды бағалау тапсырмаларына дискрипторды Блум етістіктеріне сай дұрыс құра алмауы, қысқа мерзімді жоспарлауда мұғалім белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдай алмады. Бірақ күнделікті оқыту үдерісінде тәжірибемен қатар ұштасып келетінін түсінді. Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мақсаты –оқушы алған білімін өмірде пайдалана білу. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. «Ойнай отырып», «ойлан» ұстанымынан тұрады. Яғни сабақта оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім бірін-бірі диалогке түсу арқылы, жұпта, топта, үштіктегі жұмыс жанжана түседі. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену қажет. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп, Жаңартылған білім-болашақтың кепілі.

Педагогтік зерттеулер

АДАМЗАТТЫҢ «ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ» – ӘЛ-ФАРАБИ

Даулбаев М.О.

Ұстаз-композитор,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
Оқу жұмысы және мониторингтік қызмет бөлімінің бас маманы

Аристотельден кейінгі адамзатқа «екінші ұстаз» («Әл-Мұғаллим ас-Сани») атанған «Шығыстың Аристотелі» ұлы ғұлама, ғалым, халқымызға білім мен ілімнің нәрін сепкен данышпан ойшыл, аса ірі тарихи тұлға, ол - Әбу Насыр әл-Фараби.

Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, топжарғаны - Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырдарияға келіп құятын жағасына орналасқан Фараб қаласында отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келген. Оның толық аты-жөні – Әбу Нәсір Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби. Яғни әл-Фарабидің өз аты Әбу Нәсір Мұхаммад, әкесінің ныспысы да Мұхаммад, бабасының есімі Тархан, арғы атасы – Узлағ. /Әбу арабтарда ұстазды құрметтеу, Нәсір «жәрдем», ел басшысына біліммен жәрдем беріп, әскербасы болу, Тархан атасы дәулетті ортадан шыққан деген мағына береді. Әл-Фараби туралы еңбектерде оның ержүрек, батыр болғаны, жебені жақсы тартқаны, нысанаға дөп тиетіні айтылады. Соған қарағанда, әл-Фараби тек ғылым-біліммен айналысып қоймай, сол кездегі түркілерге тән соғыс өнерін де жақсы меңгерген болуы керек

Руы қаңлы-қыпшақ. Ол туған жерінің атауымен «Әл-Фараби», яғни «Фарабтық» деген атқа ие болған.

Әл-Фараби дүниеге келген уақытта Отырар қаласы ғылым мен білімі гүлденген аса ірі мәдениет орталығы, ал Отырардағы кітапхана кітабының саны жағынан Мысырдағы Александрия кітапханасынан кейін екінші орында тұрған.

Бала Мухаммад қала медреселерінің бірінен сауатын ашып, хат танып, Отырар кітапханасының мол қорынан сусындап өскен. Тіл үйренуге жастай көңіл қойған. Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас әл-Фарабиді ата-анасы Таяу және Орта шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Араб тарихшысы ибн Халликан әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген деп жазып қалдырған. Әсіресе түркі тілін, араб, парсы, грек тілдерін жетік меңгерген. Ибн Халликан Әбу Насыр әл-Фараби 12,16 жасында ғылым-білім іздеп Бағдатқа аттанған деп жазса, қазақ ғалымы Әбдісаттар Дербісәлі өз еңбегінде Әбу Насыр әл-Фараби Бағдатқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін молықтырған секілді. Кейін ол жолда Иран еліндегі Мешһед, Нишапур, Рей, Исфahan қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдатқа аттанады дейді.

Әл-Фараби Бағдатқа келген кезде мұнда зерделі зерттеулерімен аты шыққан Йуханна бин Хайлан, Әбу Башр Матта, Әбу Бәкір бин Сираж сияқты белгілі ғалымдар ғұмыр кешіп жатты. Әл-Фараби медицина ғылымы мен логиканы осы Йуханна бин Хайланнан, жаратылыстану ғылымдары мен грек тілін Әбу Башр Маттадан үйренеді. Ал, Әбу Бәкір бин Сиражға өзі логиканы үйретіп, одан астраномияны үйренген. Әл-Фараби Бағдатта көп бөгелмей Ирактың оңтүстігіндегі Харран шаһарына аттанып, сонда бірер жыл дәріс алады да, білімін молықтырып Бағдатқа қайта оралады.

Әл-Фараби жиһанкездікті ұнатқан. Арада біраз жыл салып, Бағдаттан Шамға келеді, бірақ мұнда да ұзақ аялдамастан, Мысырға сапар шегеді.

Әл-Фараби өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғалымын, оның фәлсафасын, әсіресе ұлы ұстазы Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халликанның айтуына қарағанда әл-Фараби Аристотельдің «Метофизикасын» қырық, «Жан

туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан сияқты. Осындай ыждағаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген. Платонның, өзге де философтардың еңбектерімен танысады. Тек танысып қоймай, оларға терең талдау жасап, өз көзқарасын да білдіреді.

Әл-Фараби өз заманының көрнекті ғалымдарымен де байланыс орнатып, пікір алмасып отырған. Қай жерде білімнің көзі бар десе, сонда барып, үйренуге тырысқан.

Орта ғасырлық тарихшылар оның қарапайым, аса қанағатшыл адам болғанын жазған. Күндіз ол көбінесе қаладағы бақта күзетшілік қызмет атқарып, тапқан ақшасына сатып алған шырақ жарығымен түні бойы кітап оқумен шұғылданған.

Әл-Фарабидің фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғалымдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Әбу Насыр Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған.

Сондай-ақ өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты т.б. көптеген трактаттар туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой-пікірлер айтады. Әл-Фараби сол уақыттағы ғылымды ол басты-басты бес салаға бөлді: тілтану, логика (ой жүйесі), математика, физика, азаматтық туралы ілім. Оның әлеметтік-экономикалық мәселелерге, математика, философия, музыкаға арнап жазған трактаттары, әлі күнге дейін ғылыми құнды еңбектер болып саналады. Ол астрономия жайлы кесек-кесек еңбектер қалдырып, жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазды. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдады.

Әл-Фараби өз еңбектерінде адамзат, адамгершілік туралы асыл мұралар қалдырды. Ол ақыл, ой парасаты дамып, жетіліп, дұрыс өркендеп өсіп, қажетті дағдылар мен жақсы мінез-құлыққа ие болған адам–бақытқа кенеледі деп есептеді. Мұраттарға жетудің бірнеше жолдарын ұсынды. Олар: «Бақыт–әрбір адам ұмтылатын мақсат», «Қайырымдылық сапарлары», «Бақытқа жету жолы» болып көрсетіліп, олардың әрқайсысы екіге бөлініп, одан әрі бірнеше бөліктерді құрайды.

Әл-Фарабидің ғылымға деген құштарлығы таңқаларлық алуан салалы болғанына тоқталған көрнекті шығыстанушы ғалым, академик Б.Ғафуров: «Біз, ұлы ғұлама жазған еңбектер ішінен математикаға, медицинаға, әуез теориясына, алхимия мен магияға арналған дүниелерді көреміз. Ұлы ғұлама фәлсафаның, логиканың таным-наным теориясының, психологияның этиканың (әдеп), саясат пен социологияның сан қырлары жөнінде пікірлер айтып, келелі еңбектер жазған. Әл-Фараби атын бүкіл әлемге танытып, оны дүниежүзі мәдениетін жасаушылардың алдыңғы легіне қосқан да оның осы салалардағы еңбектері», дейді.

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған гуманист. Әбу Насыр - халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білімі мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер. Әбу Насыр метафизика, тіл білімі, логика, жағрафия, этика т.б. ғылым салаларын қамтитын жүз елуге тарта трактаттар жазған.

Шығыстың классикалық философиялық-эстетикалық ілімдеріне назар аударсақ, бұларда сопылықтың да, ислам дінінен бұрынғы түркі ұғымдарының да ықпалы көрінеді. Мысалы, сопылықтың категориялары, зерттеушілердің пайымдауынша, ортағасырлық Таяу және Орта Шығыстың музыкалық ғылымында көрініс тапқан, ол жұмыстарда музыка ілімі әсемді және үйлесімді өнер ретінде негізгі орын алған. Бұл мәселеге барлық ірі ғалымдар көңіл бөлген, мысалы, әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Кинди, әл-Газали, Джамали. Сондықтан Шығыс философтарының музыкалық теорияларын қарастыру барысында сопылық музыкалық теориялар мен ежелгі түркі дәстүрлері көзқарастарының байланыстары анық көрінеді.

IX-XII ғасырлардағы Шығыстың классикалық немесе ортағасырлық мәдениеті, бұл адамзат тарихындағы жарқын құбылыстардың бірі. Бұл уақыт қоғамдық және мәдени өмірдің қаныққан, ғылыми ойдың өркендеу кезеңі болған—геология, математика, астрономия, медицина, географиямен қатар көркемдік шығармашылық пен өнердің негіздері қаланған. Кең танымал философиялық жүйе қалыптасып, жан-жаққа тарай бастайды. Сондықтан бұл уақытты «Шығыстық немесе мұсылмандық Ренессанс» деп атайды. Бұл кезеңде өмір сүрген белгілі суретшілер мен философтар—түркілер Әл-Фараби, Ибн Сина (Авиценна), әл-Бируни, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қожа Ахмед Йассауи және араб, парсы, тәжіктер әл-Газали, Фирдауси, Рудаки, Омар Хайям, т.б.

Шығыс философтарының еңбектерінде өнерге арналған тақырыптардың арасында музыка мәселелері маңызды орын алды. Дегенмен, бүкіл әлемге әйгілі бұл музыкалық-теориялық ілімдер қазірге дейін жан-жақты қарастырылмаған. Оған қарағанда антик философтарының музыкалық эстетикасы әдебиетте көбірек қарастырылған, оны көбінесе Шығыс ілімдерімен байланыстырып зерттейді. Бұл жерде, әрине, ұқсастықтар жоқ деп айта алмаймыз, дегенмен, ортағасырлық Шығыс музыка теоретиктерінің көзқарастарының жүйелілігі бірегей және өзгеше құбылыс болып табылады.

Еуропа мен Шығыстың ортағасырлық музыкалық эстетикасының айырмашылығы – Шығыс ойшылдарының ілімдерінде **музыканы түсіну** теориялары орын алатындығында. Бұл ой желісінің түп тамыры—музыкалық тәжірибенің айырмашылығында. Еуропалық тәжірибеге шығармашылық пен орындаушылықтың бөлінуі тән (автор-орындаушы). Музыканы түсіну туралы мәселелер кейінірек қалыптасып, музыканы тыңдау үрдісі жайында арнайы зерттеу жұмыстары болмаған.

Музыканы түсіну ілімі – қарастырылып отырған кезеңдегі теориялық ойдың ең маңызды идеясы—Шығыстың ұлы ойшылы, энциклопедисті Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінде маңызды орын алады. Оның атақты «Музыка туралы үлкен кітабын» зерттеген ғалым О.Матякубов Фарабидің еңбегінде музыкалық өнер көбінесе орындау тұрғысынан қарастырылады» деген қорытындыға келген.

Зерттеушілер Әл-Фарабиді Орта және Таяу Шығыстың музыкалық ғылымының негізін қалаушы ретінде танытып, оның атын Августин, Боэций тәрізді орта ғасырлардың ұлы ғалымдарының қатарына кіргізуді талап етеді, өйткені оның музыка ілімінің жалпы қалыптасуына қосқан үлесі зор.

Фарабидің музыкалық өнерге қатысты еңбектері-кең көлемді қамтитын зерттеуді қажет етеді. Оның музыка туралы ілімдері музыкалық ғылымда үлкен резонанс туғызғанымен қазіргі кезге дейін лайықты, жан-жақты зерттелмеген. Мысалы, атақты «Большая книга о музыке» көптеген ғасырлар бойы тек Шығыста ғана емес, бүкіл әлемде кең тараған. Ол туралы көптеген зерттеушілер жазған: «Музыкальное сочинения Фараби, в том числе «Большая книга о музыке» по широте поставленных проблем и глубине их решения для своего времени не имели себе равных не только на Востоке, но и в Европе».

Философтың музыкаға қатысты еңбектерінде музыкалық өнердің техникалық немесе тәжірибелік жағына емес, оның мазмұндық жақтарына ерекше назар аударылған.

Әлем мәдениетін ғылыми жаңалықтармен байытқан Шығыс Ренессанс философтарының ілімдерінде, алдыңғы исламға дейін ғұмыр кешкен түркілердің мәдени дәстүрімен сабақтастық байланыстар көрінеді. Бұл құбылыс сол заманның музыкалық өмірінен туындаған. Өйткені трактаттар сол кезеңде өнерде дамыған поэтикалық, музыкалық, бейнелеу дәстүрлерінің негізінде қалыптасқан. Мысалы, Фарабидің «Поэзия өнерінің канондары туралы трактат» («Трактат о канонах искусства поэзии») еңбегінде өлең сөзінің жоғары дамыған деңгейін көрсететін поэзия жанрларының жүйесі келтірілген. Фараби трагедия, комедия, драма, сатира, поэма, эпос, тағы басқа жанрларды ажыратып белгілейді. Бұл эстетикалық канондар мен белгіленулердің ашылуы сол заман үшін үлкен жаңалық болған.

Музыка туралы барлық ғылымның негізінде—**әуеннің құрылымын** анықтау бұл - философ трактаттарының негізгі тақырыбы. Бұл жерде грек сөзінің түбірінен шыққан «музыка» және

араб сөзінен шыққан «алхан» сөздерінің екеуі де «әуен» деген ұғымды білдіреді. Содан соң ғалым өзінің теориялық ережелерін сол кезде кең тараған дыбыс қатарлар, әуеннің құрылымдық құралдарының көрінісін құрайтын көптеген кестелер, схемалар, әріптік көрсеткіштер арқылы дәлелдейді. Осы кезде құлаққа жағымды (консонанс) және құлаққа жағымсыз (диссонанс) ұғымдарына ерекше көңіл аударылады.

Әуен құрамының ережелерін анықтау үшін ғалым әуеннің композициялық белгілерінің жүйесін қалыптастырған. Ол туралы былай деп жазған: «Для улучшения мелодии необходимо разделить ее на части так, чтобы она состояла из парного числа малых, средних и больших частей». Бұл анықтама қазіргі кездегі композиция теориясының период, сөйлем және фраза ұғымдарына сәйкес келеді. Мысалы: «Что касается средних частей, то они должны содержать равное число звуков и длительности симметричного членения и однородной организации», - деген анықтамасы периодтың ішіндегі сөйлемдердің симметриялығы туралы классикалық ережемен дәл келіседі.

Әл-Фарабидің «Большая книга о музыке» еңбегінің екінші бөлімінің әуен құрылымына арналған кейбір тарауларында поэзия мен музыканың синкретизмі тақырыбы қарастырылады. Олардың атаулары: «Первый вид мелодии (мелодии, связанные со словом)», «Второй вид мелодии (мелодии со словом)», «Соотношение слова и музыки», т.б.

Г. Фармер: Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби–Екінші ұстаз. Ал музыка саласын алатын болсақ әл-Фараби бас король болып табылады. Басқаша айтқанда музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған,- дейді. Осы сөзді растағандай қазақ ғалымы Жұмагелді Нәжімеденов бір сөзінде «Әл-Фарабиге «Адамзаттың Екіншісі ұстазы» деген атау, Әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабы» трактатын жазғын үшін берілді» деді.

Әл-Фараби өмірінің соңғы жылдарында Каир (Мысыр), Халеб қалаларында өмір сүріп, қазіргі Сирия елінің орталығы Дамаск (Шам) қаласына тұрақтайды. Ол сарайлық әбігершіліктен алыс өмір сүруді қалайды. Өзіне лауазымдар ұсынып жатса да, күніне төрт дирхемге қанағат тұтып, қарапайым ғана өмір сүреді, өйткені осы жағдай оның алаңсыз өз ісімен айналысуына мүмкіншілік береді. Күндіз бағбан болып, түнде ғылыммен айналысады. Сөйтіп фанат-ғалым бар өмірін ғылым жолына арнайды.

Әбу Насыр әл-Фараби сексен жасқа келген шағында туған еліне деген сағынышын мынадай өлең шумақтарымен қағаз бетіне жазып қалдырған.

Кеткенім жоқ, елім сенен атақ, бақыт, тақ іздеп,
Шықтым, жұртым, шалғай білім атты шам іздеп.
Ақтадым мен ақ сүтінді келгенінше шамамның,
Ассам дағы 80 жастан сәбиіңмін, балаңмын.
Жүзім сынық, көңілісіз күйге түстім мен бүгін,
Саған деген серпе алмайтын, ынтазарлық түндігін.
Айналайын атам қыпшақ, туған жерім, сағындым,
Өз атыңа, құрметіне қайда жүрсем табындым.

Әл-Фараби Дамаск қаласында 950 жылы қайтыс болады. Оның денесі қаланың Кіші қақпа жағындағы зиратқа қойылады.

Еліміздегі «Мәдени мұра» бағдарламасының негізінде Фарабидің көптеген ғылым саласындағы философиялық, логикалық, математикалық, жаратылыстану, тілтану, әлеуметтік-этикалық басқа да ғылыми еңбектері бірнеше том болып басылып шықты.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Сирия мен Египетке барған сапарларында Қазақ елінің әлемге аты шыққан екі ұлы– Фараби мен Бейбарыстың зиратына барып тағзым етіп, біздің еліміздің тарапынан олардың басына орнатылған кесенелер жаңғыртылып, ерекше қамқорлыққа алынатынын айтып, біраз жұмыстар атқарылды. Мемлекеттік деңгейде жасалынған бұл игі қадам бүкіл қазақ елінің мақтанышына айналған ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі, мұра етіп қалдырған рухани байлығы жас ұрпақтың жақын танып білуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә.Дербісәлиев «Қазақ даласының жұлдыздары» (тарихи-филологиялық зерттеу) А «Рауан» 1995. 12-15 бб.
2. «Білім Образование» ғылыми-педагогикалық журнал №4(28) А-2006. 53-54 бб.
3. «Қазақ өнерінің тарихы» II-том. Издательство «Өнер» баспасы А-2007. 362-368 бб.
4. <https://elana.kz/> әлеуметтік, қоғамдық-танымдық сайты.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Қаленова Гульзахира Сапарғалиқызы

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының
курстан кейінгі қолдау және инновацияларды енгізу зертханасының меңгерушісі,
техника ғылымдарының магистрі*

Адамның тұрақты психикалық ерекшеліктер жиынтығының бірі-мінез-құлық. Мінез-құлық бұл-тірі организмнің барлығына ортақ қасиет. Оның басты белгісі-тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністерін береді. Адам бойындағы Мінез-құлықтың бастапқы көрінісі-қылық. Мұнда әр адамның өмірлік бет алысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. Адам өзін-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет пен қылықтардан өзін тыйып ұстауға мүмкіндік алады. Мінез-құлық адамның өзіне, айналасындағы басқа адамдарға қарым-қатынасынан, жүктелген істі қалай орындайтынынан көрінеді. Бұл оның бүкіл тыныс-тіршілігіне әсер етіп, сыртқы ортамен байланыс жасауын қамтамасыз етеді.

Өз қажеттілігін қанағаттандыруда түзілген психикалық және физиологиялық үдерістер жиынтығын мінез-құлық деп атаймыз. Адамның мінез-құлығын және жануарлардың мінез-құлығын зерттейтін ғылымды этология дейді.

Адам өмірге келген сәттен бастап үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін нық, еркін сезінуі мен үйлесімді дамуы үшін көптеген факторлар қажет. Қазіргі көпмәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді. Ст.Холл «Бала толыққанды дамуы үшін өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

Адам бойына жақсы адамгершілік қасиеттерді сіңіру тәрбиеге, өскен ортасына байланысты деп түсінген халық: «Ұстазы жақсының—ұстаны жақсы», «Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қанар» деп тәлім –тәрбие, оқу-білім мәселесіне үлкен көңіл бөлген.

Адамға деген құрмет сезімін тәрбиелей отырып, баланың өзіне деген құрмет туралы да ұмытпағаны жөн. Балалардың бойында берік адамгершілік негіздерін дамытып, оларды жаман ықпалдардан сақтай білсе-ата-аналардың нағыз бақыты осы. Баламен шын сөйлескенде, арада достық барда ғана өтімді болады. Достық баланың жеке басына деген құрмет, шыншылдық мұның бәрі ең жас кезден бастап ойдағыдай тәрбиелеу үшін қажет. Ата-аналар балаларын тәрбиелей отырып, бала тәрбиелеуде, қоғам мен мемлекет алдында жауапты екенін, болашақ азаматтарын тәрбиелеп отырғандарын естен шығармауы тиіс.

Осы орайда, белгілі ғалымдар Л.Керімов, Б.Айтмамбетова, А.Бейсенбаева, Р.Нұргалиева, С.Ұзақбаева, Ж.Қоянбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Н.Д.Хмель т.б. жасөспірімдерде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне аса көңіл қойып, онда мұғалім мен ата-атаның бірлескен еңбегі мінез-құлық дағдыларының дамуына әсер еткендігі жайында баса айтқан болатын.

Мектептегі адамгершілік тәрбиесінің ең көп тараған формасы этикалық әңгіме, пікірталас, дискуссия, кездесудер, оқырман конференциялары т.б. Этикалық әңгімелерді адамгершіліктің кез-келген қағидасы бойынша жүргізуге болады. Оқушыларды жақсы мінез-құлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу ісінде сыпайы ісі мен жақсы әдеттерін қолдай отырып, оған

карама-қарсы жаман әдет, жат мінездерді әшкерелеу арқылы жүзеге асырылуы қажет. Адамдар арасындағы этикалық қарым-қатынас, жақсы мінез-құлық, үздіксіз тәрбиенің, өзгелердің үлгі өнегесі арқылы біртіндеп қалыптасатын қасиет.

Адамгершілік тәрбиесінің құрамдас бөліктерінің бірі мінез-құлық мәдениеті. Осыған орай жасөспірімдер бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыруда жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге көп көңіл бөліну қажет.

Қазіргі қоғамдары мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеудің әлеуметтік негіздері өткен ғасырдағы негіздерден принципті түрде өзгеше және олар адамның тілектестік, қайырымдылық, сезімталдық, әділеттік, жолдастық және ұжымшылдық сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға сүйенеді.

Біздің адамгершілік тұтасымен және оның құрамдас бөлігі ретінде көрінетін мінез-құлық мәдениеті түрлі формада жататын қызу күрестің алаңы болып табылады. Бізге жат адамгершілік қасиет жиі-жиі жалған сезімталдықты, көз бояушы елгезектікті жамылады. Сонымен қатар, екінші жағынан, өзімізбен бірге жүрген, ұжымшыл әрі қоғамдық істерге белсене араласатын жолдасымыздың күнделікті қарым-қатынаста өрескел, әдепсіз, ықылассыз болатын жағдайларын елемей де өте алмаймыз. Мұнда адамның қоғамдық мәні мен оның көріну формаларының сай келмейтіні анық көрінеді. Мұндай адам не көпшілік қабылдаған мәдени мінез-құлық нормаларын менсінбейді, ие оның мұндай мінез-құлық дағдылары әлі де толық қалыптаспаған.

Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеумен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен дәйектілігін ескере отырып, жүйелі жоспарлы түрде шұғылдану қажет. Мектеп оқушыларын адамгершілік мінез-құлыққа үйретуді оқта-текте қолға алу тұрақты нәтижелер бермейді.

Мінез-құлық мәдениетінде дағдылар мен әдеттердің орны үлкен. Бұл үнемі сананың бақылауын қажет қылмайтын автоматтанған іс-әрекеттер солардың арқасында адам көптеген қылықтарды тез де жеңіл орындайды. Көптеген мектеп оқушыларының мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерінің оған сәйкес ережелерді білуінен көп қалыс екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан оқушылармен жұмыста соларды қалыптастыруға ерекше назар аудару керек. Оған оқушылар жүйелі үйретумен қол жеткізеді. Бұл үшін мектеп өмірі оқушылардың дұрыс адамгершілік қатынастардың тәжірибесін үнемі жинап, дұрыс қылықтарын жетілдіруге жүйелі түрде жаттығуға мүмкіндігі мол болатындай етіп ұйымдастырылған болуға тиіс. Істелген қылықтың мазмұны әрдайым оның сыртқы көріну формасына сәйкес келуі тиіс. Оқушылармен жұмыс процесінде жоспарлы түрде мәдени мінез-құлықтың кейбір дағдылары үйретіліп отыратын арнаулы жаттығулар жүргізуге болады, ал орта және жоғары сыныптарда мұндай жаттығулар біршама сиреу қолданылады.

Оқушылардың мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру және мінез-құлықтың адамгершілік нормалары мен ережелері туралы білімдерді игеру біртұтас процесс. Бұл жұмысқа жекелеген энтузиаст-мұғалімдерді ғана емес, бүкіл педагогикалық ұжымды жұмылдыру қажет. Жекелеген энтузиаст-мұғалімдердің бірлі-жарым әрекеттері көзге түсерлік нәтиже бермейді. Бұл түсінікті де, өйткені, олардың оқушылары мұндай ережелерді орындамайтын басқа балалармен қарым-қатынас жасайды, ал олардың арасында сыпайылық, турашылдықтың қажеті де жоқ деген пікірлер жиі кездеседі.

Табысты тәрбиенің, оның ішінде мінез-құлық мәдениетінің де қажетті шарты барлық мұғалімдердің оқушыларға қоятын талаптарының бірлігінде, сыртқы түріне, тіліне, үзіліс кезіндегі мектеп асханасындары, мектеп дәліздерінде, көшедегі т.б. қоғамдық орындарындағы мінез-құлыққа қойылатын талаптар бірдей болуы керек, талаптар бірлігі отбасына да таралуы тиіс. Балалардың мектептегі мінез-құлқына қандай талаптар қойылатынын ата-аналардың білгені жөн. Және осы бағыттағы жұмыстарды үйде отбасында да жүргізілсе нәтижелі болмақ.

Әта-анамен жұмыс

НЫНЕСНИЕ ДОШКОЛЯТА И ИХ РОДИТЕЛИ

Тулембаева Дарига Урынғалиевна

г. Атырау

воспитатель КГКП ясли сад №1 «Сәби әлемі»



Сегодня много пишут и говорят о новых детях-эмоциональных, гиперактивных, агрессивных, импульсивных. Что же мы о них знаем? Почему 3-х, 5-ти летние дети отлично справляются и умеют пользоваться компьютером, чем взрослые? Почему у бабушек и дедушек поведение внуков вызывает тревогу? И, кажется, что старые методы воспитания, которые они применяли к своим детям «не работают». Психологи отмечают, что большинство современных детей страдает либо от гиперопеки, либо от недостатка внимания. И то, и другое сильно влияет на характер ребенка и его психологическое развитие. Нынешние дети очень сильно отличаются от нас и даже от детей, которые были в их возрасте лет 10-15 назад. Средний возраст родителей нынешних детей – 30-35 лет. Мы росли в эпоху застоя, когда жизнь была понятна и предсказуема, и все думали, что у нас впереди светлое коммунистическое будущее. Потом случилась перестройка, и выяснилось, что все не так: в вуз бесплатно не возьмут, квартиру не дадут. Наши мамы и папы в панике, и соответственно все транслируется ребенку. Мы привыкли вместе со своими родителями тревожиться, и теперь привычно выливаем свою тревожность на собственных детей. Ребенок нового века создан телевизором, компьютером. Он с малолетства сталкивается с таким потоком информации, который детям прежних поколений и не снился. Поэтому нынешний дошкольник более эрудированный, но у этой эрудиции есть обратная сторона. Кроме эрудированности, мы все отмечаем повышенную эмоциональность наших воспитанников. И это не всегда положительное качество. Дети часто реагируют на самые незначительные события слишком импульсивно, и даже агрессивно, так же могут быть и плаксивы и капризны. Агрессия—это ведь тоже эмоция. Эмоция, возвращенная телевизором, компьютером. Но как же можно научить ребенка считать и писать, если он основного делать не умеет. Как можно обучить ребенка, если он все дни на пролет смотрел мультфильмы, когда идет активное познание всего доброго (сказки), красивого и т. д., когда ребенок учится соотносить себя и взрослых в этом мире, все это притупляется и выходит в наружу скованность, не решительность, не общительность, страхи, нарушения в эмоционально волевой сфере и т. д. Мы взрослые исправляем свои же ошибки. А ошибки исправлять тяжелее. Ведь ребенок не виноват, что ему родители по 2-3 часа разрешают смотреть мультфильмы и, причем зарубежные. Куда делись наши добрые сказки, наши мультфильмы с Чебурашкой, эти добрые и немного наивные герои. Почему Покимоны и Смешарики вытеснили Чебурашку? А дети, играющие в компьютерные игры, не замечая для себя, становятся порой жестокими, озлобленными. Рисуют с помощью компьютера, а отсюда и моторика у детей слабая, они порой даже путаются: «В какой же руке нужно держать карандаш?». У нынешних детей повышенный тонус организма, возбудимость, современная жизнь полна ритма у их родителей, все спешат заработать деньги с утра до вечера, и будущие мамочки работают вплоть до рождения ребенка, закладывая эту шустрость и нервозность уже в период беременности. А продукты? Какие продукты употребляет беременная женщина и ребенок в будущем? Какие? Кола, фанга, соки в пакетах, искусственную выпечку и т.д. А телевизор, компьютер? А какие мультфильмы смотрят наши дети? Да, вопрос.....



Нынешние дети часто не могут сконцентрироваться, не проявляют интереса к простым занятиям, их не остановить, не увлечь играми. Личностное развитие детей во все времена непосредственно связаны с героями. А какие сейчас герои для ребенка? Человек паук, черепашки ниндзя, супермен и т.д. У детей часто снижена фантазия, творческая активность. Дети нацелены на быстрый результат Вынь и Полож. Сегодня уже не вызывает сомнений тот факт, что современный ребенок не такой, каким был его сверстник несколько десятилетий назад и не потому, что изменилась природа самого ребенка или закономерности его развития. Принципиально изменилась жизнь, предметный и социальный мир, ожидания взрослых и детей, воспитательные модели в семье, педагогические требования в детском саду. С самого рождения дети сталкиваются с современными высокотехнологичными достижениями, все технические новшества становятся бытием подрастающего поколения. Компьютерные игры, интерактивные игрушки и музейные экспозиции, рекламные ролики и новинки кинематографа. Дети хорошо информированы. Они рассуждают на "взрослые" темы, смотрят сериалы, разбираются в хитросплетениях сюжетных линий, хорошо запоминают все происходящее с героями страстей и подробно пересказывают серии бабушкам и мамам. Дошкольники иногда делают такие неожиданные выводы и умозаключения в недетских ситуациях, что взрослые всерьез начинают думать о преждевременном взрослении современных детей.

Современные дети в развитии мышления и умственных способностей отнюдь не опережают возраст. Более того, в связи с проблемами со здоровьем многие имеют задержку психического и речевого развития. Большинство детей 5 лет нуждаются в помощи логопеда. Современный ребенок дошкольник говорит много (если говорит), но плохо. Педагоги бьют тревогу. Самые низкие показатели выполнения программ обучения и воспитания чаще всего относятся к разделу "Развитие речи". Страдает не только раздел "Связная речь", но и "Словарь". Информированность детей не ведет к увеличению словарного запаса. Нынешние дети часто не могут сконцентрироваться на каком-либо занятии, рассеяны, не проявляют интереса. Они находятся в постоянном, непрерывном движении, их трудно удержать на одном месте. Ребенок может одновременно слушать сказку и строить из конструктора. Личностное развитие детей во все времена непосредственно связано с героями, на которых они равняются. Но герои книжек, мультфильмов в современном культурном пространстве резко отличаются от тех красивых, добрых, заботливых, любящих, ценящих дружбу, неагрессивных персонажей, на которых выросли родители нынешних дошкольников, их бабушки и дедушки. Чаще всего героями для дошкольников становятся персонажи западных мультфильмов с суперспособностями, которые далеко не всегда являются носителями духовных ценностей.

Информацию ребенок должен получать, прежде всего, от взрослых, его родителей. Для современного ребенка, особенно жителя большого города, природа выступает чуждой, неизвестной средой. Исчезло естественное детское "дворовое" сообщество: дети теперь реже свободно играют и общаются со сверстниками. Игровая культура детства как основное условие развития личности ребенка искажена. Наблюдается тенденция пустых детских площадок, где еще каких-нибудь 10–15 лет назад можно было наблюдать, как дети разных возрастов весело проводили время вместе. Старшие заботились о младших, а младшие набирались опыта от старших. У старших дошкольников наблюдается неразвитость тонкой моторики рук и отсутствие графических навыков. Большая часть первоклашек не умеют писать ручкой и карандашом, да и не хотят это делать. Ребенок 5–6 лет и не может самостоятельно себя обслужить? Завязать шнурки на шапочке или ботинках, застегнуть пуговицы на рубаше или молнию на куртке? Многим даже безразлично во что он одет и как выглядит? Воспитатели детских садов констатируют факты, что родители перестали следить за личной гигиеной ребенка—не подстригают ногти, не следят за стрижкой, редко меняют нижнее белье, вещи не глаженные и грязные. А главное - нарушают и не соблюдают режим дня ребенка, приводят в детский сад, когда вздумается и не торопятся его забрать, чтобы как можно больше провести с ним время, поговорить. Четверть всех детей абсолютно беспомощны

в отношениях, как со сверстниками, так и с взрослыми. Они совершенно неспособны разрешить даже простейшие конфликты, которые в основном заканчиваются истерикой и агрессией. По мнению ученых, современные школьники плохо говорят, не умеют выражать свои мысли и абсолютно не хотят учиться. Интерес к совместной беседе приходит к малышу через общение с взрослым после прочитанной книжке, просматриванию иллюстраций к ней, обсуждению поступков героев и т. д. Кто сейчас из современных мам поет колыбельные, читает потешки, чистоговорки и скороговорки? Это большая редкость. Большую часть времени дома, дети проводят у телевизора и компьютера, главное общение наших современных детей. Получая огромный поток информации из экранов телевизора, планшета, компьютера, телефона, ребенку трудно понять, что хорошо, а что плохо, как правильно надо поступить, отреагировать на ту или иную ситуацию? Вот порой и кажется нашим детям, где они в данный момент находятся, в реальном мире или в виртуальном? Физически дети и подростки сильно сдали: все чаще подвержены респираторным и вирусным инфекциям, врачи диагностируют, что у них отсутствует прирост мышечной силы.

Так неужели все так страшно и ничего нельзя исправить? Что же надо делать и сделать нам, взрослым? «Каким мы хотим видеть наше будущее, во многом зависит от нас и от тех принципов, которые мы зложим в сознание детей. Каков человек, такова его деятельность, таков и мир, который он создаёт вокруг себя», так считал А.С.Макаренко. В связи с этим ключевая роль воспитания и развития наших детей, лежит на взрослых, как на родителях, так и на педагогах. День за днем из нас большую часть времени проводим в погоне за своими амбициями и несбыточными мечтами. Чтобы достичь в жизни многого: заработать еще больше денег, купив вторую машину, новую шубу. Ожидаем повышение по службе, мечтаем поехать в более престижный отель в отпуск и т. д. И все меньше, родителям в первую очередь, остается времени на простые, но самые важные дела — на общение со своими детьми и родными, на чтение хорошей книги, даже на приготовление здоровой пищи. Вместо игры с ребенком - мультик на компьютере, вместо прогулки с ним - игры в планшете, вместо похода в театр или на стадион - опять развлечения в телефоне. Ребенок находится рядом с вами, и в тоже время сам по себе. Читаем мы тоже редко. Каждый из нас может вспомнить такой момент, когда ловил себя на мысли, что, просто ошалев от стремительного потока информации, новостей и событий, живет как во сне. Что-то делаем на работе, о чем-то говорим с людьми, за все хватаемся, но ничего не успеваем. И так летят часы, дни, недели. Сконцентрироваться невозможно. Что ж остается? Все зависит от нашего желания. Нужно упростить все, что происходит, оставить только самое нужное и отсеять лишнее. Начнем с того, что наши предки были, здоровее и выносливее нас, потому что питались настоящими, цельными продуктами. Кусок мяса, рыба, овощи, фрукты — вот их рацион. Мы же употребляем и кормим своих детей, в основном переработанной пищей, наполненной бесполезными калориями, химией и сахаром. Так что вместо булок, плюшек, чипсов и полуфабрикатов лучше приготовить свежий бульон и салат. Время для этого можно найти, уменьшив зависимость от телевизора и подключив к этому всех членов семьи. Подрастающее поколение должно знать историю своей семьи, ценность семейных традиций, профессиональные приоритеты, чтобы знать на кого ему опереться в жизни, что передать своим потомкам. Ведь для малыша главным авторитетом являются его родители. Нужно ли нам столько вещей, предметов, техники, что нас окружает? Приносит ли она нам пользу или это просто излишки потребления, дань моде? Может вместо дорогих затрат и покупку ярких игрушек и гаджетов, приобрести семейную настольную игру, которая будет понятна и интересна всем? А еще лучше порисовать вместе или сделать поделку, а не откупаться за недостаток внимания очередным роботом, который будет скоро разобран или валяться без дела. Есть ли у нас время побыть с сами собой? Подумать, подвести итоги, убедиться, что мы живем именно такой жизнью, которой хотели, а не участвуем в забеге по кругу, борясь с «ветренными мельницами»? Вспомнить свои цели на этот год и проверить, сбылись они или нет, и почему? А как сделать так, чтобы сбылись? Ограничьте использование телефона или компьютера.



Приучайте детей к тому, что такого рода развлечения не право, а поощрение за заслуги: помощь по дому, усердную учебу, хорошее поведение. Так у ребенка появится мотивация к труду, вы приучите его к монотонной, но важной работе, воспитаете в нем помощника и самостоятельного человека. Умейте прощать, тогда конфликты будут заканчиваться быстрее, отношения станут настоящими и открытыми. Мы должны научиться отдавать больше, чем брать, и думать о других раньше, чем о себе. И помнить, что наши дети — это отражение нас самих в разные промежутки времени. И научитесь спрашивать себя: принес ли мой прожитый день хоть кому то пользу и добро? Начните с себя — чаще общайтесь со своими детьми: ходите вместе гулять, прочитайте с ними книгу, рисуйте, лепите из пластилина, покатайтесь в парке на роликах — что угодно, главное найти тот вид деятельности, которым понравится заниматься и малышу, и взрослому. Ребенок растет очень быстро, не теряйте времени зря — дарите ему возможность проводить время с Вами, пока он в этом особенно нуждается. Введите режим дня, ведь дисциплина — это основа здоровья. Недосыпание, неправильное питание, сидячий образ жизни, отсутствие прогулок на свежем воздухе — все это негативно сказывается на растущем организме ребенка и на его психологическом состоянии. Дети всегда знают, что хотят получить, но у них еще не выработана сила воли, чтобы ограничивать себя от того, что им мешает или вредит. Эта задача ложится на плечи взрослых. Стимулируйте ребенка больше проводить времени на прогулке — техника не заменит ему живого общения. Социальные навыки в современном мире очень важны, человеку трудно прожить без умения знакомиться с новыми людьми, общаться, спорить, договариваться. Коммуникабельность закладывается в ребенка с самого раннего возраста и улучшается по мере его взросления. Научите детей различать «хочу» и «надо». Не все наши желания будут исполняться по щелчку пальцев, чем раньше малыш это усвоит, тем лучше. Есть то, что нам делать не хочется, но необходимо, «не нравится» или «скучно» — не должны стать аргументами для того, чтобы избегать своих обязанностей.



СЫНЫП АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мансариева Нургуль Темирбаевна

Атырау облысы Мақат ауданы

Х. Санбаев атындағы орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Баланы жас кезінен бастап жүйелі ойлауға, ата-анасымен бірігіп жұмыс жүргізуге, қоршаған ортамен тез қарым-қатынасқа түсіп өз ойын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу әр мұғалімнің мақсаты. Себебі, «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп шығыс ғұламасы Әл-Фараби атамыздың сөзінде айқын айтылғандай, қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да, болашағы балалары, яғни бүгінгі ұрпақ — ертеңгі елдің болашағы болған.

Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Осыған орай, мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, мұғалім және ата-ананың орны бөлек. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Бала тәрбиелеу-нағыз өнер, ал бұл өнердің бастауы-отбасынан басталады. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. «Мұғалім үнемі ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады»,—деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі ұстаз: педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алаты білімдар, іскер, өз ісінің шебері болуы керек. Өйткені, оқушыларды жан-жақты дамытуда мектеп пен жанұяның бірлігі бүгінгі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин күтім көрген ағаш биікке самғап түп-түзу болып өскенін, ал күтімсіз өскен ағаштың қисық-қыңыр, бей-берекет өсетінін өз шығармасында атап көрсеткендей, ұлы ұстаз жас баланы жас шыбыққа теңесе, ал ұстаз мейірімі осы жас балаға күн нұрымен пара-пар. Күннің көзі бүкіл әлемді қалай жылытқан болса, ұстаз мейірімі дәл солай әр баланың жүрегінде сақталуы абзал. Ал ұстаз бен баланың арасындағы байланысқа ата-ананың қолдауы ауадай қажет.

Ойлы ұрпақ тәрбиелегіміз келсе білім ордасындағы тәрбие отбасында жалғасын табатындай етіп ұштастыра білгеніміз жөн. Өйткені, үздіксіз білім беру процесі тұжырымдамасының қалыптасу кезеңдері жіктеліп, мектеп пен жанұя бірлігі-оқушыларды жан-жақты дамытудың бірден-бір жолы. Өйткені, қазақ зиялыларының бірі Мағжан Жұмабаев атамыз «Тәрбиедегі мақсат—адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасында адам қылып шығару» деп айтуы бала тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, ұстаз алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын дәлелдейді. Бүгінгі балаға жасалған қадам ертеңгі тұлға болып қалыптасуына үлкен әсерін тигізетінін ескере отырып, тәрбиелеген дұрыс. «Қалауын тапса қар жанар» деген халық мәтелі ақиқат екені даусыз. Әрбір баланы тануға, оны жақсы көріп, қызығушылықтарын ояту әрбір сынып жетекшісі міндетті деп есептеймін. Осыған орай, менің шығармашылық тақырыбым «Күзиретті тұлғаны дамытуда үштік одақтың ынтымақтастығының нәтижелілігі» болған. Бұл тақырыпты таңдау себебім қазіргі кезде көптеген ата-аналар өмірдің ағымына байланысты, қаражат табу мақсатыменен көбіне өздерінің балаларына көңіл бөлуді қойды. Олардың ойынша мектепте баланы оқыту да, тәрбиелеу де, әр түрлі қоғамдық жұмысқа ынталандыру да, еңбекқор болуға да, өмірдің ағымына биімделенуіне де мұғалім үйрету керек деп ойлайды. Шынында да осы қасиеттердің барлығын оқушылар мектеп қабырғасынан бойына дарытып шығады. Бұл қасиеттер баланың бойына жетік жетіп, өмірде сол алған білімдерін мен тәрбиелерін пайдалана білу үшін тек қана мұғалімнің бала тәрбиесіне көңіл бөлуі үлкен нәтиже бере алмайды деп ойлаймын. Сондықтан меніңше оқушы, ата-ана, мұғалім үштігі әр қашан бала мектеп бітіргенше дейін үзбей жұмыс істеуі керек. Ол үшін мұғалім ата-аналарды балаларының мәселесіне көп көңіл бөлу керек екендеріне көздерін жеткізе білулері керек. Сынып жетекшісінің бұл бағыттағы жұмыстары ата-аналардың комитетін құрып, оның мүшелеріне белгілі бір бағытта тапсырмалар беру, олардың жұмыстарын ұйымдастыруға кеңес беру, қолқабыс көрсетуден басталады. Кейбір ата-ана өз балаларының сыныпта атқарып жүрген қоғамдық жұмыстарына барынша қолдау көрсетеді. Мысалы, баласы спорттық шараға, мәдени жорыққа жауапкер болса, оның ата-анасы да өз мүмкіндігінше баласына қолдау көрсетіп, оған қажетті материалдарды табуға көмектесіп отырады. Мұндай ата-аналарды сынып өміріне араластырып отыру да сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысына жатады. Сонымен бірге сынып жетекшісі бұл бағытта ата-аналардың жалпы мектеп көлеміндегі және аумағындағы қоғамдық ұйымдарымен де мектепке қатысты жалпы мәселелерді ортақтаса шешуде бірлесе жұмыс жүргізеді. Бүгінгі заманның күн санап тез өзгеруі білім беруге деген талапты күшейте түсуде. Жаңа идеялар, білім беруге жаңаша көзқарасты, кәсіби біліктілік біздің бұрынғыдан да жаңа жоғары сатыға көтерілгендігіміздің белгісі. Міне, мұның бәріне қол жеткізуде әр ұстаздың шығармашылығы, жұмыс істеуі ерекше болуы керек. Осы мақсатта мен Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынаста. Өйткені, адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата-ана. Ал балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу сынып



жетекшілердің міндеті. Сынып жетекші әр оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім болуы керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндім.

Ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттілігін өздері түсінуі тиіс. Сол үшін де мектептің, сынып жетекшісі ата – аналар педагогикалық жұмыс жүргізуі, оның бағытын дұрыс ұйымдастырып отыруы міндеттеледі. Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде «Ата-аналарды тәрбиелеу» деген ұғым пайда болды. Ондағы көзделген мақсат ата–аналарға бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық кеңес, оқуды ұйымдастыру, соған сәйкес олардың педагогикалық білімдерін жетілдірі отыруды көздейді. Ғалымдардың айтуынша, әр елде сонымен қатар отандық педагогикада жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде сай ата–аналар балаларын тәрбиелеу барысында айтулы қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтанда олар мұғалімдердің ақыл–кеңестерін, практикалық көмектерін аса қажет етеді. Олардың ұйымдастыруындағы ақыл – кеңес тек отбасы жағдайы сәтсіз ата–аналарға ғана қажет емес. Сонымен бірге отбасы тәрбиелі ата–аналарға да керек. Себебі: қоғамның қарқынды дамуы осы бағытта жаңа талаптар қоюда. Сондықтан, ата–аналарға бала тәрбиесінде, біріншіден, педагогикалық білімдерді жинақтауға, екіншіден, олардың өздерінің тәрбиелі және дамуын міндеттейді. Егерде мектеп пен ата–аналардың тәрбиешілік өзара әрекетін бірлікте ұйымдастырса, бұл шешімін табатын міндеттер.

Халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата-анасынан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірінің тірегі санайды. Өйткені, отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Ал мектеп тәжірибесінде мұғалімдердің ата–аналармен кездесуін, ата–аналар жиналысын ұйымдастыру, ата–аналар комитетін құру, ата–аналар белсенділерімен жұмыс істеу, ата–аналар үшін әңгімелер мен дәрістер ұйымдастыру, конференция өткізу секілді жұмыстар барысында атқарылады.

Ұлт болашағы– ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі– ұстаз қолында,–дегендей, сонымен қатар, В.А.Сухомлинский «Тек ата–аналармен бірге жалпы күш жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», деп айтқандай құзіретті тұлғаны дамытуда отбасы мектеп ұстаз яғни, үштік одақтың ынтымақтастығы берік болса ғана, бала тәрбиесі жан жақты нәтижелі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.С.Желдербаева «Мәнерлеп оқу» А., 1992.
- 2.«Жалын» журналдары.

Мектепке дейінгі білім беру

БАЛАБАҚША - ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Нурханова Майра Темирхановна

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының ІІ санатты тәрбиешісі



Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні–мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата–ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала бақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөлінеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Балабақша–баланың жүйелі түрде білім–тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім– тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты.

Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі–бесік жыры,мақал-мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал-мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз,адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге–құрмет,кішіге- ізет» деген мақал–мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады. Өз–өзіне қызмет ету;- Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір–біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу,балалардың өзара ұжымда қарым-қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» бекер айтпаған. Дана, ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген:«балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші–ата-анасынан, екінші–ұстазынан, үшінші–құрбысынан».

Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар көзі–халқында, отбасында,олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс–тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!

Білім қазынасын балабақшадағы тәрбиеленуші бүлдіршіндердің бойына сіңіріп, олардың болашақтарына игі ықпал ету негізгі міндетіміз. Бүгінгі балғындардың биік белестерінің баспалдағы–балабақша. Балабақша табалдырығын аттаған сәби жеті жасқа толып алтын ұя мектепке қанат қағады. Осы аралықтағы білім тәрбие беру жұмысы балабақша тәрбиешілеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. «Тәрбиеші әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш-қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» – деген ұлтымыздың ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов. Ұлттық тәрбиенің негізі ана сүтімен, туған тілімен ең алғашқы бесік жырының



әлді арқылы беріледі. Қай халық та үкілі үмітін ең алдымен ұрпағының баянды болашағымен байланыстыратындығын білеміз. «Ана үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол, айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын абыройлы азамат ретінде өсіруді мақсат еткен. Бала тәрбиесінде ата-ананың өнегесі үлкен маңызға ие. Отбасы—бұл баланың өмір сүру ортасы, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орны. Қазақ халқында: «Балаңды бес жасқа дейін патшаңдай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқасын досыңдай сырлас»-деген тамаша сөз бар. Бұл— мағынасы терең философиялық өмір шындығы. Шынында да, тәрбие сәби дүниеге шыр етіп келген алғашқы сәттен басталуы керек. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек. Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті—бәрі де балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, бала-бақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді, сонымен қатар жан- жақты жетіледі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ол—заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

Баланы ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу бұл жауапты да күрделі міндет, оны іске асыру бала туғаннан бастап, отбасы, балабақша, мектеп болып, үздіксіз іске асатын процесс. Сондықтан біздің мақсатымыз қазақ балабақшасындағы тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып балабақшалардан жұмыс мазмұнын қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүріне, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, беймдеу. Осыған орай тәрбиешілер алдындағы балаларға ұлттық дәстүріне, әдет-ғұрпына, білім дағдыларын игеріп қана қоймай, ойлауын, қабылдауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеті болып табылады.

Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Өйткені бұл мамандық иелерінің мойнына, ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктелген. Баланың дамуының іргетасы қаланып, тұлғаның «Мені» қаланатын кезеңі—балабақшада. Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бір ізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, танылып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын табады.

Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізуші. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым-үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу. Бақшаны-бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны-болашақтың қақпасына деп білуіміз керек. Болашақтың қақпасы-әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс.

Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те бақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын —адамдармен

қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз.

Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да бақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін—сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек.

Балабақшада дұрыс тәлім—тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, түрлі болашақ маман иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді—әділдікке үйрету, дәрігерлерді—жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды—нақтылыққа тәрбиелеу—барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет. Балабақша—баланың жүйелі түрде білім—тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім—тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты. Баланың болашаққа қадам алып, жан-жағымен, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім, тәрбиемен сусындайтын орны—балабақша. Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. «Тәрбиеші ең жауапты міндет орындайды—ол адамды қалыптастырады.» М.И.Калинин, міне, біздің міндетіміз айқын. Олай болса заман талабынан қалмай, заманауи болашақ жастарымызды тәрбиелейік. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді.

Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету—ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі—халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы—ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім—тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы. Сөзімді «Тәрбие—тал бесіктен басталады» деген халқымыздың дана сөзімен қорытындылағым келеді. Тал бесіктен бастау алған тәрбие ғана жемісті болмақ. Демек, баланың тәрбиелі ұрпақ болып жетілуіне бірден—бір ықпал ететін орын—балабақша. Бала тәрбиелеу — біздің өміріміздегі ең маңызды міндет. Біздің қызметіміз де, өміріміз де бала өмірімен өте тығыз байланысты. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, жерін, ата-анасын құрметтейтін саналы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, білімімізді аямайық!





МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮШТІЛДІЛІГІН ДАМУДА БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАДА ЖОБА ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ ЖАҒДАЙЫ

Камиева Акмарал Багитжановна

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының жоғары санатты әдіскер

Әрбір адам өз туған ұлтының, өзге ұлт өкілі болса да өзі өмір сүретін елінің тілін білу қажеттілігі – ертеден келе жатқан қағида. Алайда, қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттілігі үлкен сұранысқа ие. Бәсекелестікке шарықтау заманында көп тілді игергенге ешкімнің таласы болмайтыны қақ. Мемлекеттік тілді білу-парыз, ал өзге тілдерді үйрену мақсаты-Қазақстанның ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу болса, бұл дегеніміз-осы елдермен ортақ тілде сөйлесіп, ортақ нарық жағдайындағы мәселелерді шешуге атсалысу. Ұлттың ұйытқысы ретінде қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, ғаламтордың тіліне айналды. Әрбір қазақстандық өз тілін құрметтей отырып, бірнеше тілді үйренуге ынталы. Ел мен елді теңестіретін- білім, адам мен адамды теңестіретін -тіл ғана. Сол себепті ағылшын тілін меңгеру дегеніміз-ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағымына ілесу деген сөз.

2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты кезекті Қазақстан халқына жолдауындағы төртінші басымдығында: «Үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі-жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды», - деп ағылшын тілінің қажеттігі туындағанын анық айтқан болатын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді еркін меңгерген білімі жоғары деңгейде дамыған ел ретінде танылуы тиіс. Қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық тіл, ағылшын тілі-жаһандық экономикаға табысты шоғырландыру немесе кірігу тілі. Сондықтан, болашақ ұрпақтың алдында бірнеше тілді еркін меңгере білу міндеті тұр.

ҚР Конституциясы, «Тіл туралы», «Білім туралы» Заңдары, 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламасы-елдегі үштілділік білім беруді дамытудың негізін құраушы құжаттар. Балалар тілді табиғи түрде тез меңгереді. Тіл үйрену арқылы бала айналасындағы дүниені таниды және өзгелермен тіл табысуына оңай болады. Психолог мамандардың зерттеуінше үлкен адамнан гөрі, баланың тіл үйренуде қабылдау деңгейі жоғары екені анықталған. 5-6 жастағы баланың ой-танымы мен сөздік қорын ана тілімізбен қатар, орыс және ағылшын тілінде дамыту мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының басты міндеті. Балабақшадан тіл үйреніп шыққан бала, мектепте қиналмай жалғастырып кететіні даусыз. Біздің ұйым қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту арқылы үш тілде білім беруді қолға алды. Білім беру мазмұнын жаңарту табысы сол салалардағы мұғалімдерге, тәрбиешілерге байланысты болары белгілі.

Кез келген жаңалықты енгізудің өзіндік қиыншылықтары кездеседі. Қазақстанда үштілділік білімді дамытуда аймақтық тіл- орыс тілін көпшіліктің білетіні біздерге мәлім. Себебі тарихи-мәдени, геосаясат фактілерін қарастыратын болсақ, қазақ қоғамында көбіне қазақша-орысша қостілділік басым. Бұл шынымен де қостілдің шынайы құзырлық деңгейінің тепе-теңдігі, күнделікті өмірде екінші тіл-өзара қарым-қатынас кезінде туған тілмен қатар қолданысқа ие екендігін білеміз. Тек біздерге қиыншылықты туғызған бір мәселе-ағылшын тілін меңгерген құзырлы педагогтардың тапшылығы. Педагогтардың кәсіби дайындығын қайта қарастыру, оқу бағдарламаларының сапасын арттыру және жұмыс жасап жүрген педагог-мамандардың біліктілігін көтеру керек. Себебі мамандар жаңалықты меңгеріп, өз білімін көтеру мәдениетін қалыптастыру қажет деген ойдамыз. Біз «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының

курстарынан білімімізді мерзімінде көтеріп отырамыз. Сондай-ақ, «Флипчарт сабақтарды әзірлеудің әдістемелік жолдары» тақырыбында «Tutor KZ» инновациялық технологиялар білім беру орталығынан өз білімімізді жетілдірдік.

Соған сәйкес №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының шығармашылық ұжымы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үштұғырлы тілді дамыту «Үштілділік» жобасы жасақталды. Бұл жоба мектеп жасына дейінгі балалардың туған тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде келісімді білім алу жағдайында үштілді қатар меңгеру мәселесіне бағытталған.

«Үштілділік» жобасының басты мақсаты-үш тілде сапалы да терең білім беру, балалардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, үш тілде еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу.

Жобаның міндеттері:

1. Тілдің фонетикалық құрылымының негізгі дыбыстарымен таныстыру және баланың сөйлеу мүшелерін одан әрі дамыту.
2. Педагогтің қарапайым бұйрықтарын түсініп, жеңіл сұрақтарға жауап бере алу машықтарын қалыптастыру.
3. Қарапайым тіл дағдылары мен біліктерін (педагогтың тапсырмасын орындау, жеңіл сұрақтарға жауап беру, қолжетімді лексиканы тану) дамыту.
4. Тілдік зердені (бір көргеннен есте сақтап қалу, бейнелі зердені, графикалық және сөйлеу зерделерін) және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
5. Мемлекеттік тілді жаңа үйреніп жатқан балаларды орыс және ағылшын тілдерімен салыстыра отырып қарапайым тіл құбылыстары мен біліктерін түсіну дағдыларын қалыптастыру.
6. Балалардың ой-өрісін және олардың ортақ мәдениет аясын кеңейту[2].

Біздің №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасында үштілділікті дамыту үшін барлық жағдай жасалған. Дамытушы орта жасақталып, тілдерді меңгеруге арналған арнайы бөлмеге тілдерді меңгеру үрдісін жетілдіруге көмектесетін бай дидактикалық материалдар қоры, оқу-көрнекілік құралдар, заманауи техникалық жабдықтар жинақталған. Тілді үйрену үрдісін шыңдауға мүмкіндік беретін қазақ, орыс, ағылшын ұлттарының тұрмыстық заттары мен сәндік қолданбалы өнер туындылары, кәдесыйлармен жабдықталған. Бөлмеде үш елдің-Қазақстан, Ресей, Ұлыбритания елдерінің мемлекеттік нышандарына арналған қабырға-стенді жасақталған. «Үштілділік» бөлмесіндегі «Кішкентай Тілмаш» кешендік оқыту материалы, «Даналық әліппесі», «Сиқырлы қалам» тілдерді интерактивті үйрену құралдары, электронды қазақ үй-тілді дамытып рухты көтеретін заманауи тәрбие құралдары. Сонымен қатар, бөлмедегі интерактивті оқыту тақтасы әр түрлі инновациялық ойындар арқылы балалардың тілдерді жетік меңгеруіне көмекші құрал болып табылады. Біз балалардың тілдерді меңгеруге деген ынталары мен қызығушылықтарын инновациялық технологияларды пайдалану арқылы арттырамыз. Жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өз жұмысымызда нәтижелі пайдалануға тырысып жұмыстанудамыз. Бұл жұмыс түрлерін атап айтсақ, ActivInspire Primary бағдарламасы арқылы жасалған флипчарт-ойындар, Power Point–триггер бағдарламасы арқылы жасалған ойындар, мнемотехнология, Т.Бьюзеннің ментальді картасымен, перфокартамен жұмыс, түрлі интерактивті ойындар, «Сиқырлы қалам» интерактивті оқу-танымдық кешені мен тілдерді үйренуге арналған дамытушы мультфильмдерді, электронды қазақ үйді оқу қызметінде де, оқу қызметінен тыс жұмыс түрлерінде де жиі қолданамыз. Бағдарлама балаларды мемлекеттік тілмен қатар, орыс және ағылшын тілдерін үйрету, ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру, сөздік қорын байыту және бір-бірімен диалогқа ене білуімен ертегілерді бірнеше тілде сахналаған түрде көрсете білетін балабақша бүлдіршінін тәрбиелеуге негізделген. Бағдарлама мазмұны ойын түрінде берілген: балалардың тілдерді меңгеруде қызығушылықтарын қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, аудиоматериалдарды қолданумен коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларымен білімдеріне бағытталған балалармен жұмысты ұйымдастыруға арналған



құралдар мен жаттығулар. Бағдарлама тақырыптары үш тілде бірдей алынған. Балаға сөздік жұмыстарымен терең жұмыс жүргізуге, тілдің мағынасы мен дыбысталу ерекшеліктерін танытады. Үш тілді қатар меңгерту нәтижесінде баланың тіл үйренуге қызығушылығы артады, баланың жеке тұлғасын қалыптастырады және айналадағы әлемге көзқарасын арттырады. Әрбір қарым-қатынас жасау, ойынды әдіс-тәсілдер бағдарламаны баланың есте сақтауына ыңғайлайды. Тілдерді үйрету коммуникативті мінезделіп, сол тілдің лексикасын үйренуге негізделеді. Балалар шет тілін тәрбиешісінің өтініш-тапсырмасын, сөйлеген сөзінен ұғынады. Балалар жер шарында әртүрлі ұлт өкілдері өмір сүретіні және олардың тілі, тарихы, салт-дәстүрі болатынын, өзіндік ерекшелігімен танысады. Сондай-ақ, оқу жоспарына сәйкес 2-сәбилер тобынан бастап қазақ тілі мен орыс тілі пәндері оқытылады. Бұл пәндер мамандардың бірлесуімен перспективалық жоспарға сай жүргізіледі.

Кешеннің тиімділігі:

- Интерактивті кешенді қолдануда тіл үйрену, оқыту үшін арнайы орын таңдау қажет емес;
- Қолдануға қауіпсіз, жеңіл, мобильді, кез-келген теледидарға жалғауға болады;
- Компьютермен үйлесімді қолдану үшін арнайы бағдарлама енгізілмейді;
- Топ болып немесе жеке тіл үйренуге қолайлы;
- Үйренуге берілген тақырыптар түрлі көрнекіліктермен, дыбысталумен, анимациялармен бейнеленген.

Сонымен қатар, ортаңғы топтарда «Қызықты ағылшын тілі» атты үйірме жүргізіледі. Балаларға тілдерді меңгеруге байланысты шараларды тәрбиешілермен, саз, би, дене тәрбиесі, бейнелеу өнері мамандарымен үнемі бірлесіп өткізуге жұмыстанамыз. Педагогтар жалпы үш тілді үйрету оқу қызметінде жиі түрлендіру әдістерін қолданады. Мысалы: математика оқу әрекетінде үш тілде 10-ға дейін санау, музыкада үш тілде өлең айтып, үш тілде көркем сөз оқып, үш елдің биін билейді. Балалардың үш тілдегі сөйлеу мәдениеті мерекелерде, қуыршақ театры, ертегіні сахналау арқылы жетіледі. Балабақшада дүйсенбі-қазақ тілі күні, сәрсенбі-ағылшын тілі, жұма-орыс тілі күні болып белгіленіп, осы күндері педагогтар ата-анамен де, баламен де сол күнге белгіленген тілде сөйлеседі. Тұрмыстық, еңбек, ойындық үдерісте, күн тәртібінде, оқу әрекетінде үйренген материалдарын нақтылайды. Мысалы: жуыну кезінде тәрбиеші балаларға үш тілде сөйлесе алады. Балалар қолдарын жуып, сүртіп жүріп дене мүшелерін, жуыну құралдарын үш тілде қайталап айта алады.

Тілдерді меңгеруге деген балалардың құштарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсатында түрлі байқаулар мен көңіл сергітулер, интеллектуалдық ойын-сауықтар, кіріктірілген оқу қызметтері үнемі ұйымдастырылып тұрады. Мысалы: «Үш тілдің патшалығы», «Мен ағылшынша сөйлеймін», «Елдерге саяхат», «Ал, кәне, әжелер!» сайысы, «Ғажайып алаң» интерактивті-интеллектуалдық ойын-сайысы, «Мемлекеттік тіл–менің тілім!» отбасылық байқауы, «Мен полиглот боламын», «Қос тілім–қос қанатым» т.б. шараларын атап өтуге болады.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ
ДАМУЫНА ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДА ДӘСТҮРДЕН
ТЫС-ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ**

Батырова Ханым Жолдасқызы

Атырау қаласы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі



Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне айналды. Өлемдік білім кеңістігінде мектепке дейінгі педагогиканың мәселелерінің шешуде тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіру, үнемі жаңалыққа жол ашу бағыттары қарастырылуда. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Шығармашылық педагогиканың негізгі мақсаты- бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдарды іздестіру болып табылады. «Шығармашылық» деген сөздің төркіні, «шығару», «ойлап табу» деген сөз. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке жету деп түсіну керек. Шығармашылық бұл адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы шешімдер қабылдай білуге үйренуі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып олардың өшуіне жол бермей, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектескендіктен мен педагог ретінде бірнеше жылдан шығармашылықпен жұмыс жасап келемін. Сол арқылы шығармашылық жұмыс тиімділігін сараптай келе іс-тәжірбие инновациялық негізде психологияларды енгізіп, таратуды жөн көрдім. Менің жұмысымның жаңашылдығы дәстүрден тыс мүсіндеу әдістерін пайдалану арқылы гипс, сазбалшық, қамыр пайдалана отырып, әдістемелік көмек беру. Шығармашылық тақырыбым бойынша дәстүрден тыс мүсіндеу қызметінде гипспен жұмыс жасау, пластинография, қамыр, саз балшықпен жұмыс жасауда тәжірбиеме кірістірдім. Сол бағытта баламен оқу үдерісінде күннің екінші жартысында жекемен, топтық жұмыстарды ұйымдастырамын.

Гипспен жұмыс жасау-балаларды мүсіндеу өнеріндегі жұмыстарының алғашқы кезеңдерімен таныстырып, өз ойларын сызба арқылы дайындап гипсті көркем өңдеу процесі туралы теориялық мәлімет беру. Кәсіби шығармашылық жұмыстарға бағыттап сауатты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Жасаған бұйымдарын әсемдеп безендіру бояу және оларды шығармашылық бағытпен өздерінің ойлау қабілеттерін әрі қарай дамыту, қиялдарын кеңейту.

Пластинография (ермексазбен) дәнді дақылдармен жұмыс тәсілі. Бұл тәсіл өте тиімді деп ойлаймын. Себебі табиғатта отырып ермексазға әдемілеп отырғызу үлкен эстетикалық талғамды дамытады. Ата-аналарда жаз мезгілінде демалғанда түрлі дақылдармен көмектеседі.

Сазбалшықпен қамырмен жұмыс жасау тәжірбиеге сүйенсек, бала мектеп табалдырығын атағанда (6-7 жас) 70-80 пайызы саусақ маторикасының жеткіліті дамымағанын көреміз. Саусақтарының әлсіздігі, нашар дамығаны жазуларының нашарлығына, ұзақ уақыт жаза алмауларына әкеліп соғады. Саусақ маторикасының нашар дамуы көбінесе ауырушан, кіші кезінен балабақшаға бармаған балаларда көп кездеседі. Сондықтан мен «Шығармашылық» білім беру саласында. Тұзды қамырдан мүсіндеуді кіргізуге ұйғардым. Мүсіндеудің бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор. Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы арттады, эстетикалық талғамдары қалыптасады. Бұл әдістің мақсаты: мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың

шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу. Сазбалшықтың қасиеттерімен тансытыруды жалғастыру, сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға илеп мүсіндер жасауға болады. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен ұзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету. Кесекті алақан арасында және жазықтықта тұзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру. Бөліктерді бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету. Мүсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі. Тұзды қамырдың артықшылығы: көп шығын шығармай, өзіңізге керек уақытта дайындап алуға болады, тез жуылады, дақ қалдырмайды, ауызға түскенде қауіпсіз, мүсіндегенде қолға жабыспайды, кептіруге болады.

Жұмыс өзектілігі «Шығармашылық» саласында барлық әдістемелік әдебиеттерді зерделесем бейнелеу өнерінің қыр-сырына басты назар аударылған. Мен кіші топтарда жұмыс жасағанда мүсіндеу оқу қызметінде қиындықтарға кездескендіктен осы менің шығармашылық жұмысымды жетілдіріп, жас мамандарға әдістемелік көмек берсем деп ойлаймын. Педагогтардың шығармашылығын арттырудағы жұмысы-шығармашылық потенциалдарын анықтауға мүмкіндік береді, ал ең маңыздысы өздігімен кәсіби деңгейлерін жоғарылатып, мамандықтарына деген қызығушылығын арттырады деп есептеймін. Мүсін жасау оқу іс-әрекеті балабақшада бірінші кішкентайлар тобынан басталады. Мүсіндеу оқу іс-әрекетіне басшылық жасауда мен баланың күнделікті өмірден алған әсерлері, есте сақтауы, қабылдауы және арнайы қабілеттілігінің дамуына ықпалы етуін ескеруім қажет. Мүсіндеу оқу іс-әрекеті арқылы эстетикалық тәрбие берудегі жұмыстың нәтижелі болуы.

Менің, яғни педагогтардың шеберлік пен ізденімпаздығым, шығармашылығым білім деңгейімен де тығыз байланысты болмақ. Осы орайда, менің мүсіндеу оқу іс-әрекеті жетік біліп, балаға түсінікті түрде қарапайым мазмұнда шығармашылықпен әңгімелеп бере білуім, баланың іс-әрекетке қызығушылығын арттыратына сөзсіз сенемін. Алға қойылған мақсатты жүзеге асыруда баланың айналаны бақылау және қабылдауын дамытуға, іскерлік дағдылады меңгеруіне баса назар аудару. Іскерлік дағдыларды меңгертуде балалардың меңгерген дағдыларын тәжірибеде қолдана білуге, құрал-жабдықтармен жұмыс істеуде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай білуге, заттық, мазмұнды және сәндік мүсіндеу кезінде біртіндеп бейненің күрделенуін, тақтайға дұрыс орналасуына көңіл бөледі, мазмұнын бере білуін қадағалайды, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға жұмыстандым. Мүсіндеу оқу іс-әрекетті арқылы баланың психикалық процестерін дамуына ықпал ету, баланың іс-әрекетке қызығушылығын арттыру. Өз бетінше еңбек ету, еңбек ету нәтижесінде төзімділікке, шыдамдылыққа баули отырып эстетикалық тәрбие беру басты мақсатым.

Мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлға қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоционалды көңіл күй туғызады. Балалардың бейнелеу шығармашылығы баланың қоршаған ортадағы шынайлықты суреттеуі. Мүсіндеуі жапсыруды өзінің бақылағандарын, қиялдарын бейнелейді. Қоршаған ортамен таныстыру арқылы баланың түйсігі мен білімін кеңейту шығармашылығын дамытудағы негізі болып табылады. Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығымен арттыруда, бейнелерге қызықты да, әдеттен тыс сипат беруге үйретуде. Сурет салудың, мүсіндеудің триз әдістері үрлеу арқылы сурет салу және картоп бастырмасы, саусақпен далаппен, ермексазбен жағу әдістеріне көптеп қолданылуда. Осы әдісті дәстүрден–тыс әдіспен ұштастырсақ: Мүсіндеу–көркем өнердің бір түрі. Мүсіндеудің негізгі объектісі адам. Мүсін жұмыр және рельефті болып келеді. Жұмыр мүсіндеу үш өлшемдеуден тұрады. Олар кеңдік, биіктік, жуандық шығармашылығымызды айтамыз.

Рельеф дегеніміз тек бір жағынан қарағанда жазықтық бетінен жақсы көрінетін мүсінді айтады. Барельеф деп жартылай сомдаған нәрсе жазықтық бетінен аз ғана шығып тұрса

баральеф болып табылады. Ал мектепке дейінгі ұйымда ермексазды гипсты, сазбалшықты және түрлі түсті бояуларды пайдалануға болады. Мүсіндеу балалардың сезінуін, қабылдауын көрнекті түсінігін дамыту үшін қажет. Нақты дүние заттарын тануда көру басты деп саналады, бірақ балаларда бейне қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде көрудің тірегі заттың түсіну болып табылады. И.М.Сеченов: «Заттардың денелік пішінің көзге қарағанда қол басқаша айқындайды және де біз қолдың алақаның әрдайым көзден шама таса заттардың бүйір беттеріне. Сондай-ақ көз мүлдем көре алмайтын артқы жақтарына тигізе алудың арқасында,оны толығырақ айқындайды» Мектеп жасына дейінгі балаларға затты білу үшін оның кейбір жалпы белгішелері ғана жеткілікті. Мүсіндеу алдында затты белсенді зерттеу–балалардың сезімдік тәжірбиесін ұйымдастырудың педагогикалық әдісі. Бұл кезінде шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады.

1 кезең-бұл затты қабылдауды ұйымдастыру. Ол жоғарғы нүктеден бастап төмен қарай, негізгі сипатты сызықтар бойынша саусақтар мен көздің бір қалыпты және үздіксіз қозғалысы. Зат әрдайым белгілі бір күйде тұрады (сол қолымен затты ұстап тұрады, оң қолымен оны зерттейді, зат столда қозғалысыз тұрады)

2 кезең-затты қолымен және көз қараспен зерттеу оның негізгі бөліктерін саралау мен және олардың қасиеттерін айқындаумен қоса жүреді, саусақтардың қозғалысы тереңдік қатынасын өлшегендей болады және бөліктердің кеңестігі өзара қатынасын анықтайды.

3 кезең-заттың ең ұсақ бөліктерін көрсету және оларды формасының, көлемінің негізгі бөліктерге қарағанда кеңістіктегі орнын анықтау.

4 кезең-затты қайтадан тұтас қабылдау. Қолдың жалпы ақтық қозғалысы мен жоғарыдан төмен шолып шығу сезімдік жолмен алынған деректерді тұтас бейнеге біріктіруге мүмкіндік береді. Жас ерекшелігіне қарай мүсіндеудің ұйымдастырылуы Бірінші кіші топта қолына иленген саз балшығын ала отырып, балалар барлық саусақтарымен сықпалай бастайды, оны үзіп тақта үстіне жайғастырады және оны қайтадан тұтас етіп жинайды. Балалар сазбен ойнап отырады, екі үш жасар балаларды оқытудың әдістері сенсорлық зерттеу жолымен формасын меңгеруге, сабақ үстінде эмоциялы көңіл күй орнықтыруға бағытталады, оның өзі мүсіндеу кезінде балалар бойында образ жасау нышандарының байқала бастауына байланысты болады. Екінші кіші топтағы мүсіндеудің сипаты үш жасар балалардың жасағанымен салыстырғанда әлде қайда мәнді. Бірақ мүсіндеудің бастамасында түпкі ой болмайды. Бала өз жасаған жұмыстарын тақта үстіне бір бірден орналастырады немесе бірінің үстіне бірін үйіп жинай бастайды, егер тәрбиеші дер кезінде келмесе. Бала өз жұмыстарын саз кесегіне айналдырып бәрін мыжып тастай салады. Екінші кіші топтағы сабақтардың басты міндеттерінің бірі балалардың зеректігін, ойлау шапшаңдығын және дербестігін дамыту болып табылады. Мысалы, балалар бағандарды мүсіндейтін болса, тәрбиеші оларға не жасауға болатынын анықтауды ұсынады. Үлкендердің көмегімен бағандардан, көпір, үй, ұшақ заттарды жасайды. Тәрбиешімен баланың бірлескен жұмысы бүкіл сабақ бойы жалғаса береді. Тапсырылған тақырыпты әр қайсының жүзеге асыруына көмектесе отырып, ол балаларға сұрақ қою арқылы ой салады. Мүсіндеу барысында кіші топтағы балалардың біршама дербестік белсенділік көрсетуі үшін оларды жұмыс нәтижесімен ынталандырып қойған жөн. Мысалға сәбіз жасаған кезде оның қасына қоянды әкеліп қою керек, бұл қосымша заттарды тәрбиеші алдын ала дайындап қойған жөн. Ортаңғы топтағы балалардың жасаған жұмыстары екінші кіші топтағы балалардың жұмыстарынан айырмашылығы шамалы болады. Мүсіндеп жасалған екі үш кескінін немесе түрлі ыңғайда басқа заттарды көрсете алады. Заттың қимылына немесе қалпына байланысты бөлшектер орналасуының өзгеретінін балалардың көруі қажет. Образды жасау балаларға оның мазмұнының қалай түсіндірілгеніне байланысты болады. Қоянның бейнесін жасаған кезде қоян туралы тақпақтар оқу арқылы немесе түлкі жортып келе жатқан жоқ па екен деп елендеген қоянды мүсіндейміз. Мүсіндеу әдісін көрсетпеуге болады, бірақ сабақтың бастамасында фарфордан немесе көрнекілік арқылы түрлі қалпында бейнелеп тәрбиеші жасалған қоянның тұлғасын көрсету керек. Мүсіндеудің мұндай методикасы ортаңғы топтағы балалардың сабақты түсіндіру үстіне белсенді болуына тәрбиешіні тыңдауға,



оның сұрақтарына жауап беруге, мүсіндеу үшін тақырыпты өз бетінше таңдай білуге үйретеді. Ересектер топтарында балалар пішінді анықтауда көп назар аудармайды, тек оны бөлшектермен толықтырады. Балалар тарту мен қысу тәсілдерін әрдайым дәл орындамайды, қателерін көбіне түзетпейді. Мұны былай түсінуге болады: бір жағынан образ жасауға еліккен олар фигура бейнеленетін затқа ұқсасын деп, оны қажетті бөлшектермен тезірек толықтыруға талпынады, екінші жағынан, балалар үшін негізгі сыртқы белгілері.

Бес жастағы балалар өздерінің жұмыстарын әрқашан өздері немесе үлкендердің басшылығымен бақылаған образдан бастайды, бейнелеу үстінде үйлесімділікті сақтау жолында қателіктер жіберіп алады. Бейнелеу құралдарының ішінен балалар таяқшамен (тереңдетілген рельеф) бейнелеу немесе бетіне саздың ұсақ кесектерін салу арқылы фактураны өңдеуді жиі қолданады. Балалардың бұл талпынысы олардың бейнелеу қызметінің образды екенін көрсетеді, зат қандай болса сондай етіп орындауға ниет білдіреді. Жасалатын образды ұсақ тетіктермен толықтыра отырып балалар көлемді бейнелеумен жие әуестенеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Журнал балабақша отбасы
2. Балбөбек, типтік бағдарлама
3. Мүсіндеу әдістемелік нұсқау А.Т.Таутанова, А.Т.Бүрлібаева
4. Воспитание нравственных чувств у дошкольников А.М.Виноградова
5. Декоративная лепка в детском саду Н.Б.Халезова
6. Эстетическое воспитание в детском саду Н.А.Ветлугиной
7. Основы сенсорного воспитания в раннем детстве
8. Мүсіндеу альбомы Р.Ж.Әубәкірова, И.Б.Абремская



ФОРМИРОВАНИЕ НРАВСТВЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКИХ ЧУВСТВ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ЧЕРЕЗ НАРОДНОЕ ТВОРЧЕСТВО

Дусекенова Акслу Тлегеновна

воспитатель ясли-сад №1 «Сәби әлемі» г. Атырау

В последние годы в системе дошкольного образования произошли определенные позитивные перемены: обновляется содержание образования и воспитания детей. С каждым годом увеличивается количество программ, в том числе и авторские, которые с успехом используются во многих дошкольных учреждениях, но, следует заметить, что ни в одной из имеющихся программ проблема нравственно-патриотического воспитания детей с позиции кардинальных изменений в общественном сознании практически совсем не затрагивается. Освещаются лишь некоторые стороны нравственно-патриотического воспитания детей в отдельных видах деятельности, нет стройной системы, отражающей всю полноту данного вопроса. Видимо, это закономерно, поскольку чувство патриотизма многогранно по содержанию. Это любовь к родным местам, и гордость за свой народ, и ощущение своей неразрывности со всем окружающим миром, и желание сохранять, приумножать богатства своей Родины.

Согласно положению Концепции дошкольного воспитания о необходимости приобщения детей к непреходящим общечеловеческим ценностям, необходимо вести работу с детьми и в обозначенном направлении. Именно поэтому родная культура, как отец и мать, должна стать неотъемлемой частью души ребенка, началом, порождающим личность.

Формирование нравственно-патриотических чувств дошкольников через народное творчество так актуальна и востребована в нашем современном мире. Целью настоящей работы является формирование нравственно-патриотических

чувствую дошкольников средствами народного творчества. В процессе работы решались следующие задачи:

- изучить влияние устного народного творчества на формирование нравственно-патриотических чувств у дошкольников; разработать и апробировать систему работы с детьми, направленную на приобщение детей к различным видам национального искусства;
- развивать у дошкольников такие качества, как справедливость, честность, трудолюбие, ответственность, чувство ответственности и гордости за достижения Родины;
- способствовать формированию навыков учебной деятельности.

Для реализации поставленной цели были определены основные задачи:
- воспитывать у детей чувство любви и привязанности к своей семье, дому, детскому саду; закреплять духовно–нравственное отношение к малой родине на основе приобщения к природе, культуре и традициям родного края;развивать представление о родном городе Атырау, как о Родине. Эти задачи можно реализовать на различных занятиях, утренниках, в играх, в работе с родителями, на выставках по патриотическому воспитанию, на экскурсиях в краеведческий музей, тем самым учим детей и не только детей, но и родителей, ценить свою Родину, родную землю, где он вырос и родился, быть патриотами своей Родины.

Нравственно-патриотическое воспитание ребёнка – сложный педагогический процесс. В основе его лежит развитие нравственных чувств. Чувство Родины начинается с восхищения тем, что видит перед собой малыш, чему он изумляется и что вызывает отклик в его душе. Это целенаправленный процесс приобщения детей к моральным ценностям человечества и конкретного общества.

Как писал К. Д. Ушинский, ни слова, ни мысли, ни поступки наши не выражают так ясно и верно нас самих и наши отношения к миру, как наши чувствования, только в них он слышал характер не отдельной мысли, а всего содержания души и её строя.

Особую группу составляют нравственные чувства. По словам А. В. Запорожца, нравственные чувства, характеризующие взрослого человека, не даны ребёнку в готовом виде от рождения. Они возникают и развиваются на протяжении детства и зависят от социальных условий жизни и воспитания.

Воспитание патриотических чувств у детей дошкольного возраста – одна из задач нравственного воспитания, включающая в себя воспитание любви к близким людям, к детскому саду, к родному городу и родной стране. Система и последовательность работы по патриотическому воспитанию детей может быть представлена следующим образом: семья – детский сад – родная улица, родной район – родной город – родной край – страна, столица.

В чем проявляются патриотические чувства у детей дошкольного возраста? Как дошкольник может эти чувства выразить? Надо помнить, что дошкольник воспринимает окружающую его действительность эмоционально, поэтому патриотические чувства к родному городу, к родной стране у него проявляются через чувство восхищения своим городом, своей страной. Именно эти чувства необходимо выражать в процессе работы по ознакомлению детей с родным городом и своей страной. Чувство Родины...

Патриота может воспитать только патриот, любящий свою Родину, признающий и уважающий не только свои права, но и права других, делающий всё для того, чтобы Родиной можно было гордиться... В соответствии с этим неизмеримо возрастает роль и ответственность педагога, ведущего данную работу.

Во все времена и у всех народов основной целью воспитания являлась забота о сохранении, укреплении и развитии добрых народных обычаев и традиций, забота о передаче подрастающим поколениям житейского, производственного, духовного, в том числе и педагогического, опыта, накопленного предшествующими поколениями. Сила народной педагогики, народных традиций и обрядов заключается в человеческом, добром, гуманном подходе к личности воспитуемого и требовании с его стороны взаимобратного человеколюбивого отношения к окружающим.



Для достижения поставленной цели решались следующие задачи: пробуждать в душе каждого ребенка любознательность, чувство красоты, осознание себя частью великого русского народа; знакомить детей с устным народным творчеством, некоторыми видами народного искусства; развивать творчество, фантазию, коммуникативные навыки, познавательную активность; использовать в данной деятельности все виды фольклора: игры, сказки, песенки, пословицы, поговорки, потешки; воспитывать патриотическую гордость, чувство уважения к людям, казахскому народу, его традициями, промыслами.

Чтобы человеку оставаться человеком, ему необходимо помнить свои корни. Внимательное отношение к своим родственникам, составление своей родословной укрепляли нравственную направленность развивающейся личности.

Многочисленные обычаи и традиции можно отнести к комплексным формам воздействия на воспитание подрастающего поколения. Народные праздники были настоящим кодексом неписанных норм и обязанностей, но только в художественно-эмоциональной форме. Обряды, отражающие нравственные устои народа, закрепляющие чувства верности друзьям, развивающие эстетические чувства детей и содержащие в себе многие другие педагогические элементы, ярко представлены в таких праздниках, как Наурыз, Курбан айт и другие.

Детство – каждодневное открытие мира, поэтому надо сделать так, чтобы оно стало, прежде всего, познанием человека и Отечества, их красоты и величия. (В.А. Сухомлинский). Здесь важен акцент не только на пассивно-созерцательной любви, но и любви деятельной, отдающей, а не себе только угождающей. Такая любовь бессмысленна с точки зрения потребительского сознания, но, на мой взгляд, только она создает Человека с большой буквы. В такой постановке патриотическое воспитание важно не только для успешного развития общества и государства, но, прежде всего, для самого человека, как необходимая составная часть развитой личности.

Для формирования чувства патриотизма очень важно давать детям начальные знания о Родине, базисные представления о нашей стране, народе, обычаях, истории, культуре. Но при этом важно не забывать, что сами по себе знания являются пищей ума, а патриотизм «от ума» не бывает, он бывает только от «сердца». Ум как бы раскручивает духовно-нравственную работу души, а уже в свою очередь любящее сердце создает патриотическое мировоззрение.

Цель патриотического воспитания детей дошкольного возраста состоит в том, чтобы посеять и взрастить в детской душе семена любви к родной природе, родному дому и семье, к истории и культуре страны, созданной трудами родных и близких людей, тех, кого зовут соотечественниками. Аспект нравственно-патриотического развития и воспитания детей поднят неслучайно. На наш взгляд, именно он может обеспечить целостность и гибкость воспитательных воздействий взрослых на детей в различных ситуациях общения. Это связано с тем, что нравственно-патриотическое воспитание предполагает формирование у ребенка ценностного отношения к жизни.

Исходя из вышеизложенного, в практическом плане приобщения детей к истокам казахской народной культуры были определены приоритеты в предполагаемой работе: -оказывающие предметы, впервые пробуждающие душу ребенка, воспитывающие в нем чувство красоты, любознательность, должны быть национальными. Это поможет детям с самого раннего возраста понять, что они – часть великого казахского народа; использование всех видов фольклора: сказки, песенки, пословицы, поговорки, загадки и т.д.; формирование художественного вкуса дошкольников на основе декоративно-прикладного искусства, которое обладает огромной силой эмоционального воздействия и является хорошей основой для формирования духовного мира человека. Народное искусство образно, красочно, оригинально по своему замыслу. Оно доступно детскому восприятию, несет в себе понятное содержание, которое в простых лаконичных формах раскрывает ребенку красоту и прелесть окружающего мира. Цель патриотического воспитания детей дошкольного возраста состоит в том, чтобы посеять и взрастить в детской душе семена любви к родной природе, родному дому и семье, к истории и культуре страны, созданной трудами родных и близких людей, тех,

кого зовут соотечественниками. Такие чувства не могут возникнуть после нескольких занятий. Это результат длительного, систематического и целенаправленного воздействия на ребенка. Воспитание детей осуществляется ежесекундно: в организованной образовательной деятельности режимных моментах, самостоятельной деятельности и, конечно же, в семье. Работа строится таким образом, чтобы она проходила через сердце каждого воспитанника детского сада. Я считаю, что раскрыться в полной мере ребенку возможно только через включение его в культуру собственного народа. И это не просто знание о культуре, а проживание в культуре, проживание в традиции. Аспект нравственно-патриотического развития и воспитания детей поднят неслучайно. На наш взгляд, именно он может обеспечить целостность и гибкость воспитательных воздействий взрослых на детей в различных ситуациях их общения, а так же общения детей друг с другом, в процессе реализации разных направлений развития личности ребёнка: социально-нравственного, общеинтеллектуального и общекультурного. Это связано с тем, что нравственно-патриотическое воспитание предполагает формирование у ребёнка ценностного отношения к жизни, обеспечивающего устойчивое и гармоничное развитие личности человека, оно подразумевает удовлетворение идеальной потребности познания смысла жизни и социальной потребности жить для других.

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Садырова Шынар Файзоллақызы
Атырау қаласы №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының әдіскері



Еліміздің дербес, толық қанды ел, егеменді мемлекет болуы, халқымыздың ертеден бергі еркіндік үшін, туған жері—Отаны үшін күресінің жемісі. Бүгінгі таңдағы еліміздің әлемдік өркениет шеңберінде өз орны мен статусын алуға ұмтылысы заңды құбылыс. Өйткені, әр елдің, халықтың өзіндік болмысына тән мақсат—мұраты бар. Мұрат—алға жетелейтін, болашақтан қол бұлғап шақыратын, халықтың арманы, мақсаты. Ал мақсат немесе мұрат—ол, болашақта қол жеткізуге жетелейтін қоғамдық-рухани сананың көрсеткіші— идеал.

Осы тұрғыдан, Қазақстан халқының мұраты: еркін халық болу; өзгелермен терезесі тең мемлекет болу; өз ішінде береке-бірлік пен ынтымақ орнаған халық болу. Бұл мұратты жүзеге асырудың негізгі шарты—әрбір Қазақстан азаматының қатардағы қоғам мүшесі деңгейінен мемлекеттің саналы әрі белсенді азаматы әрі өз Отанының, халқының нағыз патриоты дәрежесіне көтерілуі.

Отансүйгіштік және рухани—адамгершілік тәрбие мектепке дейінгі білім беру сапасын көтерудің кепілі—жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа Отансүйгіштік және адамгершілік—рухани тәрбие мектепке дейінгі білім беру сапасын көтерудің кепілі болып табылады.

Тәрбиенің негізгі мақсаты—дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар—ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Рухани адамгершілік тәрбие—бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым—қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез— құлқымен іс— әрекетін анықтайды.

Қазіргі қоғам дамуы еліміздің жас өспірімдеріне білім беру мен тәрбиелеу ісін жақсарту мен нығайту мәселесіне баса назар аударуда. Жастар—біздің болашағымыз ретінде олардың білім деңгейі мен салауаттылығы, сондай-ақ олардың жеке тұлға ретінде жетілуі, қоғамымыздың әлеуметтік және экономикалық, техникалық жетістігіміздің негізгі шарты. Адам адам болып жаратылғаннан соң, оның өмір сүруінің негізгі тірегі мен қажеттілігі,



сондай-ақ қалыпты өмір сүру жағдайы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау болып табылады. Сондықтан балалардың қарым-қатынасындағы мәселе—бүкіл қоғам алдындағы негізгі міндеттер болып қала бермек.

Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады. Қарым-қатынас бала өміріндегі іс-әрекетте жеке тұлға болып қалыптасуындағы ең маңызды жағдай. Баланы әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай білуге үйрету-отбасының, педагогтардың ең жауапты міндеті. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары балалар мен үлкендер өмірінің мәдени-әлеуметтік ортасы болып табылады. Бала айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау арқылы өзінің көңіл-күй сезімдерін бастан кешіре отырып дамиды. Қарым-қатынас—бала өміріндегі іс-әрекетте жеке тұлға болып қалыптасуының өзінің және өзгеде адамдардың әрекетін бағалай білудің ең маңызды жағдайы. «Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінде қарым-қатынасты қалыптастыру»бағдарламасының маңыздылығы баланың әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай отырып дамуын көздейді. Яғни, айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынас арқылы өзінің көңіл-күй сезімдерін бастан кешіре отырып дамиды.

Балаға ерте жастан адамның тартымдылығы, табиғи сұлулықтан да жоғары екендігін түсіндіру. Әдемі емес адамдардың өздері де тазалығы, жинақылығы, жақсы сөйлеу мәнері арқылы да тартымды бола алады. Бала айналадағы қоршаған ортамен байланыста, өз ата-аналарының қарым-қатынас жасауын қайталайды. Егер бала тәртіпті, қайырымды болып өсу үшін ата-ана балаға дос болып, бөгде адамдарға қиын жағдайда көмектесе білу қасиеттерімен көрінуі қажет. Балабақшаға баратын балалар топта қарым-қатынас жасаудың алғы шарттарын игереді. Ал, балабақшаға бармайтын балалар, тек жақын адамдарға ғана сенеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім саласының мақсаты өмірге тез бейімделе алатын ұрпақты дайындау. Балалардың 5-6 жастағы кезеңде қарым-қатынастың қалыптасып дамиды кезеңі. Осы жас кезеңінде әлеуметтік ортамен танысудың негізгі кезеңдері қалыптасады. Жас кезден бастап қалыптасқан тәртіп жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болады. Сонымен қатар, жеке тұлға болып қалыптасуына отбасы, көрші-көлем, мектепке дейінгі ұйым, үлкендер, ақпарат құралдарының да ықпалы өте зор болғандықтан қазіргі таңда «Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыруда» педагогикалық үдерістің тәрбиелік маңыздылығы» тақырыбындағы шығармашылық жұмысымды №34 «Нұрбөбек» балабақшасында жалғастырып, жүргізілген жұмыстарды жинақтап келемін. Балаларды айналада қоршаған ортада кездесетін қауіпсіздік жағдайда өзіндік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру. Қоғамдық құрылымда жауапкершілік өзін және басқаларды түсіне білуін қалыптастыру. Түрлі жағдайларда, түрлі қоғамдық орындарында жүріп-тұру ережелерімен таныстыра бастау.

Шығармашылық жұмысымның міндеті: Айналадағы адамдар мен олардың әрекетіне қызығушылығымен жанашырлық сезімге тәрбиелеу. Әртүрлі жағдайларда балалардың қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру /құрдастарымен, педагогтармен, ата-анамен т.б\ Айналадағы адамдар мен өз қылығы мен тәртібін талдап бағалай білу. Қарым-қатынас кезінде эмоционалдық көңіл-күйін өзіндік бағалау қабілетін көтеру. Балаларда қарым-қатынас кезінде жақсы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға баулу. Өмірде кездесетін келеңсіз жағдайларды ортақ шешімге келе отырып шешуге баулу. Коммуникативтік іс-әрекетте белсенді, өзіндік, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

Шығармашылық жұмысымды жетілдіру барысында алдымен мынадай жұмыс түрлерін белгілеп алдым: тақырыпты айқындауым, тақырыпқа байланысты материалдар жинақтау, дидактикалық ойындар мен жағдаяттар таңдалып, талданды, ата-анамен педагогтарға сауалнама жүргізілді, "Балаларды қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға үйретейік" тақырыбында ата-аналарға арналған жылжымалы папка дайындау, тақырып бойынша семинар өткізу, технологиялық карта құру, ақпарат беттеріне жариялау және " Мектеп жасына

дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыру"бағдарламасын құрастыру.

Шығармашылық жұмыстың өзектілігі: қазіргі жаңашыл қоғам дамуындағы білім саласының мақсаты көпұлтты демократиялық мәдени-қоғам дамуында өмірге бейім жас ұрпақты дайындау. Балалардың 5-6 жастағы кезеңі қарым-қатынастың ең қалыптасып дамитын кезеңі. Осы кезеңде әлеуметтік ортамен танысудың негізгі кезеңдері қалыптасады. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында-баланың қоғамдағы жалпы тәртіп дағдыларының қалыптасуына да баса назар аударған. Мектеп жасына дейінгі кезеңнің, әсіресе ересектер жас кезеңінде баланың алғашқы әлеуметтену дағдылары қалыптасады. Бала кезден қалыптасқан қоғамдық өлшем мен тәртіп жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына отбасы, көршілер, айналадағы орта, мектепке дейінгі ұйым, үлкендер, ақпарат құралдарының ықпалы зор.

Осы жұмыс бойынша күтілетін нәтиже: балалар төмендегідей дағды мен іскерлікті меңгереді:

1. Заттық-тәжірибелік дағдыларды меңгеруі:

-Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларына үйрету/салауатты өмір салтының негіздерін сақтау, жеке бас тазалығы мен күн тәртібінің орындалуы, жеке заттарын таза әрі ұқыпты ұстау, отбасына көмек, ас әзірлеуге, отбасы мүшелері және кішкентайлар мен үлкен ісілерді қамқорлауға т.б./

-әлеуметтік кеңістікте бала іс-әрекетін ұйымдастыру, ойын және ойыннан тыс мезгілде құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынаста басқаның пікірімен санаса отырып, өзінің пікірін айта білуге; техникалық құралдарды қолдана білу. /телефон, телевизор, магнитофон, компьютер\.

-қоғамда жеке бас қауіпсіздігін сақтау /үйде жеке бас қауіпсіздігін, жол тәртібін сақтау, көліктегі және табиғаттағы тәртіп, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас т.б.\. Балалардың адамгершілік құндылық бағдарын қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру; Өз және басқада халықтардың мәдениетін танып білу /отанды сүйу түсінігі, тарихын, мәдениетін, елінің табиғаты\). Отбасы мен қоршаған ортада рухани-адамгершілік дағды мен білімдердің қалыптасуы; алған білім дағдыларды мектепте қолдана алуы.

Осы шығармашылық жұмысым нәтижесінде «Балалардың іс-әрекетінде қарым-қатынас негіздерін қалыптастыру» бағдарламасы жинақталды.

Бұл бағдарлама бойынша мынадай тақырыптық жүйеге бөлінді: тұрмыстық қауіпсіздік, инфрақұрылым, қауіпсіздік дағдылары, мектептегі тәртіп дағдысы, үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасы. Атап айтар болсақ, тақырыптық жүйе мынадай тақырыпшаларға бөлінді: Телефон, компьютер, өрт ережесі, химиялық зат, балкон, ашық терезе қауіптері, базарда адасқан кездегі іс-әрекет, кинотеатр тәртібі, көшеде танымайтын адаммен кездескен жағдайда, ересектер мен құрдастарымен қатынасы. Бағдарлама оқу жүктемесінің вариативтік бөліміне, 18 сағатқа бөлінген.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыруда педагогикалық үдерістің тәрбиелік маңыздылығы» тақырыбындағы шығармашылық жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сүйене сай, мектеп жасына дейінгі 5-6 жастағы балаларды қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды үйренудің алғы шарттарымен таныстырады. Бұл адаптивтік бағдарлама ретінде білім саласы бойынша оқу жүктемесінің вариативтік бөліміне енгізіліп оқытылады. Мектепке дейінгі ұйымдар арасында вариативтік бағдарламаны ұйымдастыруда қиындыққа кездесіп жатады. Себебі, тәрбиешілер білім салаларының барлық тақырыптарын қамтуға тырысып, күрделендіріп алады. Ол балаға тиімсіз болып келетіндіктен біз әдіскерлер тарапынан әдістемелік кеңес ретінде және көмекші құрал ретінде жинақтап, тәрбие беру үдерісіне өз үлесімізді қосуымыз керек деп ойлаймын.

Мен баламен жұмыс бастамас бұрын жеке тұлғаға өзіндік «Менін» тереңірек таныту, қоршаған ортаны танып-білуге деген қызығушылығын ояту, өзінің адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру, өзіне деген сенімдік қабілетін дамыту, ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында педагогтармен кеңестер арқылы, әріптестік қарым-қатынас тренингтерін өткізіп келемін. Бұл әрине, ұжымда өзара жайлы қарым-қатынас пен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, тәрбиешілер жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарауға ықпалы зор.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, іні көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйрететіндіктен ата-аналар жиналыстарында ата-аналарға отбасындағы жағдайда- балаларды ашық қарым-қатынаста болуға, нәтижелі оқытуға, абай болуға және өзіне сенімділікке үйрету мақсатында: балалары қараусыз көшеде, дүкенде, жол бойында қалдырмау; көшеде, аулада танымайтын адамдармен қарым-қатынас жасау қауіпті екендігін айтып түсіндіру, бала көмегіне шапшаңдықпен назар аудару, үйдегі тұрмыстық заттармен қатынас жасауды балаға үйретіп отыру, үйде қауіпті заттарды көрінетін жерге (сіріңке, пышақ, дәрі) қоймау, баланы қорқытпай, көшедегі, үйдегі, ауладағы іс-әрекетін жайлы жағдайды бақылап талдауға кеңестер бердім. Сонымен қатар, балаларды бақылау мақсатында білім дағдыларын тексеру үшін, педагогтарға, ата-аналарға сауалнама беріп отырдым.

Қарым-қатынас-жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыру арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы
2. Елбасы Н. Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
3. «Отбасы және балабақша» журналдары
4. «Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің анықтамалығы» басылымы
5. «Өзін-өзі тану» журналдары
6. Интернет ресурсы

ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚАЖЕТТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ Утарбаева К.Д., Құспанғалиева Д.Х.

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері

Балабақша балаға не береді? Бір қарағанда бұл сұрақ орынсыз да көрінетін шығар. Әйтсе де терең үңіліп көрейікші. Балабақшаны ата-ана не себепті және қалай таңдайды? Біріншіден, қызметтегі ата-ана баласына қолайлы, қауіпсіз ортаны таңдайды. Өзінің жұмыс уақытында балаға бас-көз болатын ортаның қажеттігінен туындайды. Ал екіншіден, кішкентай сәби кезінен бастап баланың дұрыс қалыптасуын, ортаға үйренуін, жан-жақты дамуын ойлаған ата-ана міндетті түрде балабақшаға таңдау жасайды. Осы орайда балабақшаға деген қажеттілікпен

қатар ата-ананың ішкі талабы болады. Бүгінгі таңда мейлі ол балабақша болсын, мейлі мектеп болсын сұраныс пен қатар жүретін талап бар. Қайсыбір ата-ана болмасын алдымен, балаға қолайлы, қауіпсіз болуын қарастырады.

Ғимараттың орналасуы, ойын орындарының жайлы, ыңғайлы болуы, ғимарат ішінде бала қозғалысына қолайлы әрі қауіпсіз болуы және үнемі бақылауда болуы, қызмет атқарушылардың кәсіби даярлығы, бала психологиясы мен олардың жас ерекшелігіне қарай дұрыс қарым-қатынастың орналасуы, баланың заман талабына сай білім алуы, бүгінгі жедел өзгермелі заманда қажетті дағдыларды меңгере отырып, тұлға ретінде қалыптасуы, ең ақыры, сол балаға қамқорлық пен қатар құрметтің болуы–осының бәрі ата-ананы алаңдататын және олардың таңдау барысында көңіл аударатын мәселелері.

Үнемі ізденісте болатын балабақша тәрбиешілері осы мәселелердің оңтайлы шешілуімен қатар абыройлы жүзеге асырылуын өз мақсатым деп біледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыру ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Бағдарлама міндеттерін негізге ала отырып, өзімнің педагогикалық тәжірибемде баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға баса назар аударамын. Балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына арналған ойын элементтерін қолдана отырып, нәтижеге жетуді көздеймін.

Ойын ежелден келе жатқан адам өмірінің маңызды бөлігі екені сөзсіз. «Бала ойынмен өседі»-демекші, қимыл-қозғалыс ойындарының бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Ол– сандаған ұрпақтың керегіне жарап, оларды өмірге әзірлеу қажетін өтеген, сыннан өткен сенімді тәрбие құралы. Ойын жігерлікке, шыдамдылыққа және ұйымшыл болуға тәрбиелейді. Сондай-ақ тез арада ойлау қабілеттерін дамытады.

Ойын–адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Ойын адам жолын ынтымақтығымен бірге, оның бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап, білім дәнін бойға білдіртпей дарытады. Ойындардың қай-қайсысы болса да баладан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шеберлікті, т.б. толып жатқан қасиеттерді талап етеді. Қызығу-танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Баланың қызығуы жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшалады, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие болады.

Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалар зор ынтымақтастықпен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы сапалы орындайтын болады.

Педагогика ғылымында ойын әрекетінің оқу үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес. Себебі ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі."Ойын" ұғымына түсініктеме берсек-бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс-әрекеттің бір түрі.

Осы тәжірибенің бірқатарымен бөлісуді көздедік.

«Сәлемдесу»

Халқымыз «сәлем –сөз атасы» деп бекер айтпаған. Бір ғана сәлемдесудің өзінде қаншама тұнып тұрған тәрбие жатыр. Дөңгелене отырған балалардан алдымен, ұзақ демалыс уақытында бір-бірін қалай сағынғандығын көз алдына елестетуді сұраймын. Сонан соң орнымыздан тұрып бір-бірімізбен амандасамыз. Бұл орайда балалардың фантазиясына жол беріледі. Бір-бірімен қалай амандасу керектігін өздері тандайды. Енді қайтадан бәріміз дөңгелене отырып, сезімдерімізбен бөлісеміз. Қаншалықты сәлемдесуге мән бере қарадық? Кім күлімсіреп амандасты? Кім сәлемдесіп тұрған досының көзіне тура қарап тұрып амандасты? Кім арқасын қағып, бір-бірін қаусыра құшақтап амандасты? Оның мәнісі неде болды? Шындығында күлімсірей амандасқан мен жай амандаса салудың айырмашылығы болды ма? Балалардың пікірі тыңдалады.

Келесі айналымда барлығымыз орнымыздан қайта тұрып, бір-бірімізбен күлімсірей амандасуға, бір-бірімізді көргендегі қуанышымызды сездіре амандасуға тырысамыз.

Келесі кезекте үлкен кісілермен, ер адамдармен, ана-әжелермен амандасу үлгілерін үйренеміз.

Ойын барысында бағдарламада көрсетілгендей балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған білім беру саласының бірі–«Қатынас» талаптарына сай балалардың бойында ортамен қарым-қатынас барысында мәдениеті жоғары, талғамы биік, тәрбиелі ұрпақ бойына тән дағдылар қалыптасады.

Келесі ойынымызға түрлі-түсті шарларды аламыз. Әр бала қолындағы шарын үрлеп, байлап, өзінің есімін жазады. Болған соң барлық шарды бөлменің бір бұрышына жинаймыз. Кейін балаларға әрқайсысы өз есімі жазылған шарды тауып әкелу тапсырылады. Әрине өз шарына ұмтылған балалардың қозғалысы хаос тудырады сөзсіз. Бұл жерде тәрбиеші олардың қауіпсіз қозғалысын қатаң қадағалауы керек.

Таймер арқылы уақыт бақыланып, қанша уақытта тапсырманы орындап үлгергеніміз хабарланады. Келесі жолы балалардың бір-біріне көмектесуі ұсынылады. Қалайша?

Балалар енді қолына бірінші түскен шарда кімнің аты жазылса, сол балаға шарын ұстатады. Осылайша әр баланың шары өз қолында болады. Әрине бұл жолы уақыт әлдеқайда аз жұмсалады. Ойын соңында балалардан қай варианттың қолайлы болғанын, не себепті шарлардың тез өз иесінің қолынан табылғанын, өмірде бұл жаттығудың қандай маңызы бар екенін сұрай отырып, кішкентай бүлдіршіндердің пікірін тыңдаймыз.

Әрине балалар сәлемдесу мәдениетін игереді, сонымен қатар тағы бір айта кететін жайт екі жаттығу барысында да балалар қозғалыста болады. Ал шар үрлеу кезінде олардың терең демалып, өкпе жұмысын белсендендіруі қан айналым жүйесі арқылы ағзаның барлық мүшелеріне әсер етеді. Айта кететін жайт-шарды шағын етіп үрлеуінің өзі де жеткілікті.

Келесі жаттығуымыз қыс мезгілінде үлкен де, кіші де асыға күтетін аппақ қармен байланысты. Экран алдында отырған балалар жауып тұрған ұлпа қарды, сол қарды домалатып ойнап жүрген балаларды, орман ішіндегі аппақ қар үстіндегі кіп-кішкентай қоянды, қар үстінде келе жатқан көлікті, сол жолды тазартып жатқан жұмысшыларды көріп тамашалайды.

Осыдан кейін балаларға түрлі суреттерді таңдау ұсынылады. Өз кезегінде таңдаған суреттеріне қарай «Көлік», «Адамдар», «Қоян», «Балалар» болып топтарға бөлінеді. Енді әр топ өздері таңдаған суреттер бойынша өздерін көлік, жұмысшы адам, бала және қоян орнына қойып, бүгінгі жауып тұрған қарға әрқайсысының көзқарасы қандай боларын жеткізуге тырысады.

Қар жауған кездегі ойлары мен әсерлері бірдей еместігін, біреулерінің қатты қуанышы немесе қолайлы жағдайы орын алу үшін екінші біреулердің еңбек етуі қажеттігін түсіне алған балалардың бойында логикалық ойлау, талдау, болжау, шешім қабылдау, ойды түйіндеу, өз әсерімен бөлісу, қорытынды жасау дағдылары қалыптасады.

Сегіз сағат жұмыстан кейін сағына қауышқан бала мен ата-ана арасында «сен бүгін не үйрендің?» деген сұрақтың өрбуі әбден мүмкін. Сол күнгі керемет әсерімен бөліскен балалары ата-аналарын қуантып ғана қоймай келесі күні кездескенде маған және мен сияқты

әріптестеріме балаларының әрбір жақсы қылығы, жаңа дағдысы, әдемі, көркем ойы, жан-жақты қабілеті үшін ризашылығын білдіріп жатса, еңбегіміздің еш кетпегенінің дәлелі емес пе? Ендеше ол ата-ана міндетті түрде мен және өзім сияқты ізденіспен тәжірибесін дамытып жүрген, кәсіби тұрғыдан талабы биік ұжымды таңдауы әбден мүмкін емес пе?!

Біз бұл тәжірибелерді өз ұжымымыздағы және басқа білім ошақтарындағы әріптестермен ынтымақтастықта жүзеге асырамыз. Әдістемелік көмек құралдары мен әлеуметтік желілердегі ақпараттарға сүйенеміз. Осылайша ізденуді әрі қарай да жалғастыра бермекпіз. Себебі өмір бойы оқу біздің басымдықтарымыздың бірі болып табылады.

МУЗЫКАЛЫҚ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЫҚПАЛЫ

Жылкыбаева Аида Кусановна

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының саз жетекшісі



Музыкамен баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастыру. Дұрыс ән айтуға үйрету арқылы балалардың дауыс аппаратын дамыту. Дарынды балалармен жұмыс жүргізуді инновациялық бағытта жүзеге асыру.

Біздің балабақшада балалардың жан-жақты, әрі үйлесімді музыкалық дамуына заманауи жағдайы жасалған: ұнтаспа, микрофон, мультимедия жабдықтары бар. Музыка балалардың эстетикалық және ақыл-ой тұрғысын жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандыру, баланың музыкалық есту, ән айтуы, музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауы, балаларға арналған музыкалық аспаптарда орындауы сияқты бастапқы дағдыларын бірте-бірте қалыптастыру.

Бүгінгі таңда музыкалық қабілеті бар дарынды балалармен жұмыс жүргізудемін. Музыкалық дарынды балалармен жұмыс Б.М.Теплов бастаған зерттеушілердің пайымдауынша, балалардың табиғи дарындылығы мен қатар, музыкалық шығармашылықпен айналыса алатын мүмкіншіліктеріне де байланысты. Музыкалық қабілеттілікті жан-жақты дамыту үшін құр дарындылық қана емес, музыканың түрлі жанрын игеріп түсіне білетін музыкалық шығармашылық әрекет те қажет.[2]

Дұрыс ән айтуға үйрету арқылы балалардың дауыс аппаратын дамытуды, әнді өз нышанына келтіріп айту үшін көптеген жұмыстар атқарылуы яғни әннің мазмұнын тыңдаушыға жеткізу, дауыстардың бір-бірімен үйлесіп, интонациясының таза, дикциясының анық шығуын, әнді жинақы жабық дауыспен академиялық үлгіде айтқызып жаттықтырамын.

Ән салу күрделі психофизиологиялық процесс болғандықтан оның қызмет ортасын нерв жүйесі арқылы және дауыс аппараттарының қызметі арқылы атқарылады. Әншінің дауыс шығарушы дене мүшелерінің құрамына ауыз, мұрын қуыстары тіл, жұтқыншақ, дыбыс желбезектері бар көмегі, кеңірдек, бронхалар, өкпе, диафрагма және дем алуға қатысатын кеуде қуысының бұлшықтары, қарын бұлшықтары кіріп дауыс аппаратын құрайды. Ал әнші дауысының акустикалық қасиеттеріне дауыс биіктігі, дауыс күші, тембрі (әуезі) және дыбыс ұзақтығы жатады. Дауыс биіктігі-әншінің дауыс желбезектерінің бір секунд көлеміндегі тербеліс жиілігімен (амплитудасы) анықталады. Дауыс тембрі (әуезділігі) дыбыс желбезектерінің тербелісі нәтижесінде обутондармен байытылуы барысындағы әрленуі. Дауыс күші-дыбыс желбезектерінің амплитудасы, яғни тербеніс қозғалысының қарқындылық кеңдігі. Тербеліс амплитудасы қаншалықты қарқынды, кең болса, дауыс күші соншалықты пәрменді болады. Дыбыс ұзақтығы әншінің демін ұстай алу ұзақтығына, ән салу дағдыларының дұрыс қалыптасуына байланысты. Яғни, дем алудың үш түріне тоқталу қажет:

Бірінші, таза мұрын арқылы тыныс алу, бұл әншінің шулы тыныс алуына әкеліп соқса, таза ауыз қуысымен дем алу дыбыс мүшелерін құрғатып жібереді. Бұл *екінші* тыныс алудың түрі.

Үшінші түрі аралас деп аталады, яғни ауыз және мұрын қуыстарының бірдей көлемде ашылып ауаның екі қуыстан да кедергісіз, шусыз "гүлді иіскегендей" сезімде жүруі қажет. Міне осындай тыныс алу вокалдық техникада дұрыс тыныс алу болып саналады.[4]

Әнді орындамас бұрын бір қалыпты ұстап, денені тік, басты жоғары, екі қол ыңғайлы екі жағына тұрғаны дұрыс. Бұл тәртіп әншінің эстетикалық көрінуіне ғана емес, ол дауыстың ашық және еркін шығуына көмектеседі. Балалардың дауысымен жұмыс істегенде дыбыс бастамасының алатын орны ерекше. Дыбысты дайындау және оның бастамасы-атака деп аталады. Вокалдық практикада атаканың үш түрі бар: қатаң, жұмсақ және үзік дыбыс бастамасы. Сондықтан да, балалардың дауысымен жұмыс істегенде, қандай атака кезінде баланың дыбыс шымылдығы іске қалай қосылады және қандай дауыс атакасымен жұмыс істеу қолайлы екенін ескерген жөн. Негізінен, бала дауысымен жұмыс істегенде жұмсақ дауыс атакасын қолдану дұрыс деп саналады. Жабық ауыз, иекті төменге қарай түсіру, ерін еркін, жұмсақ болуы тиіс, ауыз суға толы сияқты, дыбысты жоғары жіберіп, до-ре- дыбыстарын кезек, кезек «қайық»-(бір октава ішінде) орындайды. Дауысты дыбыстарды айту- ма, ме, ми, мо, му- ашық дыбыстарды жинақы (үш дыбыстың биіктігінде) Дауыс аппаратын қыздыру үшін, легатоға, стоккатоға, диалпозонды кеңейтуге; Дауысты дыбыстарды айтқанда ауыздың дұрыс ашылуын, дыбыстың анық естілуін қадағалау керек.

«А» - дыбысының айтылуы

«Ә» - дыбысының айтылуы

«И» - дыбысының айтылуы

«О» - дыбысының айтылуы

«Ө» - дыбысының айтылуы

«У» - дыбысының айтылуы

Осылар ән техникасын дұрыс меңгеруге септігін тигізеді.

Инновациялық технологияларды музыкалық оқу қызметінде мынандай әдіс- тәсілдермен қолдануға болады:

Ойын тәсілі: әуенді ойындарды, дидактикалық ойындарды, ритмдерді қайталау, (металлафон, бубен), ритмикалық тіктөртбұрыш, сиқырлы таяқша ойындарын, көңілді ноталарды қолданамын.

Көрнекілік: (суреттер, ойын құралдары, ойыншықтар, музыкалық-дидактикалық ойындарды және музыкалық аспаптарды, мультимедияны пайдаламын).

Дауыс жаттығуы.

Ән айту алдында дауыс желбезегін оятып әзірлеу, дауыс ырғағын келтіру. Баланың дауысын ән айтар алдында дауыс жаттығуымен оятып аламыз, осы кезде дем алу жаттығуында қолданамыз, дұрыс дем алуды, интонацияны, дыбыс құруды ұзақ, созыңқы ауа шығаруды, ерін бұлшық етін шынықтыруды дамытады.

Дауыс жаттығулары:

Дауысты ояту және жібіту үшін м, үнді дауыссыз дыбыстар арқылы жаттықтырамын.

Келесі жаттығу буынға бөліп айту ми, му, мо, мэ, ма көмекейдегі дыбысты тамақтан қыспай шығару.

Дауыс ән айтуға дайын болғанда жаттығуларды қиындату керек.

Staccato жаттығуы, legato-staccato жаттығулары арқылы және staccato қаттырақ акцентімен. Содан кейін дикциясын қалыпқа келтіру үшін мынадай жаттығулар жасатамын: му-ма- ма, та- ка- ту-ка, ту-па-тупа.

Жаттығулардың аяқталуын «**фиорэ**» жаттығуы дем алуға кеуде диафрагмаға көмектеседі.

Артикуляциялық жаттығулар.

Артикуляциялық жаттығулар артикуляциялық мүшелердің сапалы қимылын шынықтырады, тіл аппаратын жаттықтырады, әуенді еске сақтауды, ырғақ сезімін дамытады.

Дем алу жаттығуы. Дем алу жаттығуы балаларды мұрынмен дем алуға дағдыландырады, бұлшық етті жаттықтырады, өкпе желдетуін жақсартады, қанның оттегімен қанығуын, ішкі ағзаларды уқалап емдеуді жүзеге асырады, жүрек, қан тамырлар жүйесін машықтандырады, дұрыс дем алу интонацияны, дыбыс құруды, артикуляцияны, ұзақ, созыңқы ауа шығаруды, ерін бұлшық етін бір уақытта дауысты дыбыстарды айтуды жаттықтырады. Дем алу кезеңін балаларға шар үрлеу тәсілін пайдаланамын.

Әуентерапиясы. Бұл – психотерапия әдісі, әуенді әсершіл қабылдауға негізделген. Балаларға классикалық және бесік жырын тыңдау пайдалы, себебі бұл әуендер балаларды дамытып, оларды сауықтырады. Дұрыс тандап алынған әуенді тыңдау баланың иммунитетін көтереді, козу, тырысуын төмендетеді, демін қалыпқа келтіреді. Әуентерапиясы баланың денсаулығын сақтау үшін және психикасын қорғайды.

Мнемотехника – балалардың қоршаған орта туралы алған білімдерін тиімді есте сақтап, жаңғыртуы және дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Мнемоника – есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы. Ал «Мнемотехника» және «мнемоника» (mnemonikon) деген сөздің өзі грек тілінен аударғанда «есте сақтау өнері» деп аударылады. Бұл технология балаларға ән жаттатуға бірден – бір септігін тигізеді.

АРТ ТЕРАПИЯНЫҢ СӨЙЛЕУДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Зарипова К. С.

Атырау қаласы

*№1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының
II санатты бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі*



Балабақша логопедінің басты мақсаты – баланың тілін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу мәдениетін дамыту. Баланың мектепке, үлкен өмірге қадам басқанға дейінгі тіл кемістіктерін түзету, жою. Әр баланың өз ана тілінде таза, еркін сөйлеуіне көңіл бөліп, көмектесіп, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету. Мен логопедиялық сабақтарда арт-терапия технологиясының элементтерін қолдануды ұйғардым.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазіргі заман талабына сай жаңа әдістермен, технологияларды қолдану кеңірек таралып келеді. Дұрыс бағытта негізделген технологиялар педагогтың алға қойған мақсатының басты құралы болып табылады. Балабақша логопедінің жұмысында арт-терапия технологиясын қолдану арқылы көптеген жетістіктерге қол жеткізуге болады.

Міндеттері:

- Шығармашылықпен айналысу арқылы күйзелістен, жағымсыз эмоциялардан арылу;
- Сурет салу, мүсіндеу, тұзды қамыр, манка ұнтағымен қызықты жұмыстар жасай отырып, баланың сөздік қорларын, тілдерін, ақыл-ой белсенділігін дамыту;
- Ұсақ қол моторикасының ептілігін, шапшаңдығын арттыру;
- Сурет салудың, мүсіндеудің жаңашыл тәсілдеріне қызықтыру, баулу;
- Шығармашылықтарын, бала қиялын дамыту;

Мақсаты:

- Логопед пен бала арасындағы сенімділікті, тығыз байланысты бекіту;
- Арт-терапия технологиясының элементтерін қолдану арқылы байланыстырып сөйлеу мәдениетін дамыту;
- Өз жұмысының нәтижесіне қуана білуге және бағалай білуге үйрету;
- Ұжымдық жұмысқа, жауапкершілікке, белсенділікке, адамгершілікке, қарапайым қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу;
- Баланың көңіл-күйін көтеріп, өзіне деген сенімділігін арттыру.



Арттерапия—бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. “Арттерапия”-термині (art – өнер,arttherapy—өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады.

Лого-ырғақ жаттығулары бұл-әуен ырғағымен және сөзбен үйлескен қимылдар жүйесі.Түзету жұмыстарында лого–ырғақтың атқаратын маңызы зор.Себебі музыка оқу қызметінде үнемі лого–ырғақтың элементтерін енгізу тілді, жалпы моториканы және үйлесімділікті жедел дамытуға ықпал етеді. Лого-ырғақ жаттығуларын “денсаулық” білім беру саласында саусақтары жақсы жұмыс жасауы үшін баланың сурет салып үйренуіне, қайшымен жұмыс жасауына, мозайка, пазлы жинауына, түймелерді тағып, шешуі секілді әрекеттерді атқаруына басымдық беріледі.

Көптеген тәжірибелерге сүйенсек, сөйлеу тілі бұзылған балалардың белсенді қозғалуында жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикасында ауытқушылықтар байқалады. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл қозғалыстарын дамыту жұмыстары мектепке дейінгі кезеңде де мектеп жасында да маңызды болып табылады. Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда қолдың саусақ және буындарына массаж қолданудың маңызы бар.

Балалардың ұсақ моторикасын дамытуда тақпақпен бірге жасалатын саусақ жаттығуларының да орны ерекше. Данышпан қазақ халқымызда бұған да ерекше назар аударған. Мысалы, «Қуырмаш»,«Санамақ» т.б. ойындарды ойнатудың баланың ұсақ моторикасын, көру-қозғалыс тепе-теңдігін сақтауда, зейін қою, есте сақтау, санау қабілеттерін дамытуда маңызы роль атқарады.

Саусақ гимнастикасын күн сайын 3-5 минуттан жеке және топпен өткізуге болады. Егер бала қимылдарды өз бетімен орындауда қиналса онда ол жаттығуды жеке сабаққа қалдырып, пысықтауға болады. Жаттығу нәтижесінде бала саусақ қимылдарын өз бетімен және жеңіл орындайды. Ойын қимылдары әрдайым қызықты да, тартымды болуы шарт, баланы мезі қылмауы керек.

Ата-аналар мен тәрбиешілердің ұсақ моторикаға дұрыс көңіл бөлгені жөн. Ойындар, жаттығулар, түрлі тапсырмалар беріліп отыруы керек.

Ұсақ моториканы дамыту барысында біз осы нәтижеге жетеміз:

1. Сөйлеу тілі жетіледі.
2. Қимыл қозғалыс қабілеті артады.
3. Икемділігі арта түседі.
4. Логикалық ойлау қабілеті дамыйды.
5. Танымдылық деңгейі артады.

Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А. Сухамлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды.

Барлық жаттығуды баламен бірге жақсы көңіл-күйде орындаймыз, ән айтамыз, жақсы жұмыстарын бағалап, мақтаймыз-бұл өз кезегінде балалардың қызығушылығын оятады. Берілген тапсырмаларды тиянақты орындауға тырысады. Әрбір баламен жеке-жеке жұмыс жасаймыз.

Баланың кедергілерден өту секілді ойынды ұйымдастыру барысында оны сөзбен де, қол шапалақтау арқылы да қолдап тұрған жақсы нәтиже береді. Әрбір бала мақтау сүйеді. Жылы сөз, жылы қабақ арқылы баланың сөзін де, тәрбиесін де түзеуге болады.

Қарапайым жаттығулар барысында балаға түрлі жануарларды таныстырып, олардың жүрісін, қандай дыбыс шығаратынын қайталап абзал. Бұл бала үшін әрі қызық әрі керемет

жаттығу. Мәселен, мысық қалай жүреді?, ол қандай дыбыс шығарады?-деген сауалдарға баладан жауап алып, оның қимылын бағалауға болады. Бұдан басқа бірнеше жан-жануарларды атап шығуға болады. Ол үшін әрине, балаларға сол жануарлар туралы алдын ала мәлімет беру арқылы оқу қызметін өткізіп алған дұрыс. Сондай-ақ, аталған аңдарды көз алдына елестетуді үйреткен жөн. Ол өз кезегінде оның логикалық ойлау қабілетін дамытады. Ойын арқылы баламен қарым-қатынас нығаяды, сенім артады, баланың өз-өзіне деген көзқарасы жақсы жағына қарай өзгереді, көрсем, білсем деген ынтасы, қызығушылығы оянады. Ойын ақыл-ойды дамытатын тәсіл. Сондықтан оны тиімді пайдалану арқылы көздеген нәтижеге жетуге әбден болады.

Ұлттық құндылығымыз-қолөнерге баулу да осы моториканы дамытуда өзіндік роль ойнайды. Жуан жіптен тоқыманың қарапайым түрін тоқу, түйін жасау, оны тарқату. Аппликация, жапсырма жасау, бір уыс бидай мен күрішті араластырып, балаға оны бөлек ажыратуды тапсыру да әрі қызық әрі пайдалы істің бірі. Бастысы, кез келген тапсырманы баланың қызығушылығын тудыратын ойын түрінде ұсынған дұрыс және тәрбиеші өзінің көңіл күйінің де көтеріңкі болуын қадағалағаны жөн, жағымды эмоционалдық жағдай жұмыс жасау қабілетінің жақсаруына, психикалық тонусының жоғарылауына әсерін тигізеді.

Картиналар адамдарға үлкен әсер етеді: көңіл-күйін құлазытуы, көтеруі, сезімдерін оятады. Кескіндеме тек қана жардың сәнін келтіріп қана қоймай, оған қарағанда бойын босаңсытуға, күнделікті ағымдық шаруалардан тынығуға мүмкіндік береді. Бейнелеу өнеріндегі күшті әсер ету құралы бұл кескіндемедегі бояу түстері. Ішкі сезімді сөзбен ғана емес, қолыңа, бояу, түрлі түсті қарындаш алып сурет салу арқылы білдіруге болады. Егер адам бір нәрсеге ашуланып, қиналса, көңіл-күйі түсіп кетсе, дереу сурет сала бастаса оның бойындағы жағымсыз эмоция кетіп, көңілі бірленеді. Түсті таңдауға байланысты да көптеген нәрсе айтуға болады: қызыл түс ашу ызаны, қара-қайғыны, сұр-мазасыздықты білдіреді. Мамандар жеке түстер ерекше ішкі сезім күйін, мысалы, сары және қызғылт сары сергектік пен көтеріңкі көңіл күй сыйласа, қоңыр түстер соған сәйкес көңіл-күй береді, жасыл түс адамды тыныштандырып, көңіл көтереді, жүйкесі қозғанда тыныштандырады, ұйқысыздықты болдырмайды.

Сонымен адам сурет сала отырып, өзінің ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіруге мүмкіндік алады, өзіне жағымсыз жайттарды жеңіл қабылдайды. Арттерапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек тұлға шығармашылығын дамытуда арттерапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

Балабақшада тек қана логопедиялық сабақтарда ғана емес, басқа да оқу қызметінде ұсақ моториканы жан-жақты дамыту көзделген. Логопедиялық сабақтардың бір бөлігін ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған ойын түрлерін қолданса, тұзды қамырды да мүмкіндігінше қолдануға болады. Қамырпластикасы бұл балаға өте пайдалы ойын түрі. Эстетикалық талғамдарының да дамуына пайдасы зор. Қоршаған ортаның әсемдігін, әдемілігін сезінеді. Тұзды қамыр-экологиялық таза, зиянсыз, қолға ұстауға ыңғайлы, мүсіндеудің барлық түріне де жарамды, сапалы құрал болып саналады. Балалардың ой-қиялдары шексіз. Олар өз қиялдарынан ертегі кейіпкерлерін, сүйікті ойыншықтарын мүсіндейді. Сен логопедиялық сабақтарда тұзды қамырмен жұмысты қолдана отырып, мынадай маңызды міндеттерді шешуге тырысасың: тілдерін, сөздік қорларын, ұсақ қол моторикасын, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту және өз жұмысына баға беруге.

Тіл кемістіктері бар балалар үшін арт-терапия—өзінің ішкі жан-дүниесіндегі күйзелісті, қорқынышты қағаз бетіне түсірудің бірден-бір құралы деп айтсақ та артық емес. Мүмкін жекелеген балалар үшін бұл бар әлемге өзінің кім екендігін білдірудің жалғыз мүмкіншілігі болуы да мүмкін. Өз жұмысының нәтижесін көру үшін логопед көп ізденіп, өз білімін жетілдіріп отыру керек. Ең бастысы әрбір сабағына тыңғылықты дайындалып, балаларды



өзіне баурап қызықтыра білу басты міндет. Әрине-логопедтің жұмысы шыдамдылықты, іскерлікті талап етеді. Әр баланың жеке қызығушылығына мән береді.

Саусақ гимнастикасын күн сайын 3-5 минуттан жеке және топпен өткізуге болады. Егер бала қимылдарды өз бетімен орындауда қиналса онда ол жаттығуды жеке сабаққа қалдырып, пысықтауға болады. Жаттығу нәтижесінде бала саусақ қимылдарын өз бетімен және жеңіл орындайды. Ойын қимылдары әрдайым қызықты да, тартымды болуы шарт, баланы мезі қылмауы керек.

Шығармашылықпен айналыса отырып, әрине баланың қиялы дами түседі, тілі де сөздік қоры да молаяды. Ертегі терапиясының да балаларға тигізетін пайдасы зор болады деп ойлаймын. Бала ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажыратуға үйренеді, жақсы қасиеттерге тәрбиеленеді.

Қорыта келе айтарым, баланың тіл кемістіктерін ертерек жою логопедтің басты міндеті. Өйткені тіл қарым-қатынас құралы. Сөйлесіп қарым-қатынас жасау арқылы бала дүниені танып біледі, есейген сайын тілдің қажеттілігін түсінеді. Халық даналығында «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздің сырына жүгінсек жұмысымыз нәтижелі болар еді.

«Оқыту технологиялары»

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ

Танашева Маржангуль Әділбекқызы
Атырау қаласы
КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының
II санатты қазақ тілі мұғалімі



Оқыту әдістемесі инновациялық, ал білім беру технологиясы шығармашылық тұрғыда болуы тиіс.

Н.Назарбаев

Қазақ тілі—еліміздің рухани дамуының қайнар көзі. Мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тілінің өміршеңдігін білдіреді. Елімізде балабақшадан бастап қазақ тілін оқыту мәселесінің маңызы күннен күнге арып келеді.

Мемлекеттік тілді нәтижелі үйрету үшін оның оқыту әдістемесін жетілдіру керек, өйткені ол—бүгінгі күннің кезек күттірмейтін маңызды мәселесі. Бүгінгі қоғамның білім беру жүйесіне қойып отырған міндеттерінің бірі—оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Бұл педагогтардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Жаңа технологиялар оқыту үрдісінің оңтайлы жолдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, кепілді нәтижені көздейді. Оның өзі кез келген пәнді әр түрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді. Жұмыстың өзектілігі мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін оқытумен, осыған орай әдістемелерді жетілдіру қажеттілігімен айқындалды.

Осы мәселе туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес тұтас халықтың, өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. «Үш тілде білім беру» сияқты бағдарламалар—ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» деп атап өткен болатын. Осының өзі ана тілімен қоса, екінші тілді меңгерген шығармашыл тұлға қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылып отырғанын айқындайды.

Қазіргі оқу үрдісінде жаңа стандартқа сәйкес білім салалалары жеке жіктеліп, мемлекеттік тілді оқыту мәселесі «Коммуникация» бөлімінде қарастырылған және осы мәселеге қатысты мақсат-міндеттер ұсынылған. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жұмыс бағыттары көрсетілген, ал жұмыс бағытын жетілдіру тәрбиешінің жаңа технологияларды ұтымды таңдап, тиімді қолдана білуіне байланысты. Осы орайда мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тілді үйретуде ТРИЗ технологиясын қолдану маңызды. Өйткені тіл құралы арқылы бала өзінің шығармашылық қабілетін ашып, жетілдіре алады.

Осы мәселелерді назарға ала отырып, шығармашылық жұмысымды «Мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тілді үйретуде ТРИЗ технологиясын қолдану тиімділігі» деп таңдадым.

Жұмыс мақсаты: мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде инновациялық әдістеме ретінде ТРИЗ технологиясын қарастыру және тиімділігін насихаттау.

Міндеттері:

- ТРИЗ технологиясының мәні мен мазмұнын ашу;
- Қазақ тілін оқытуда ТРИЗ технологиясын қолдану мүмкіндігін айқындау;
- Балабақша іс-тәжірибесіне ТРИЗ технологиясын енгізу және насихаттау.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау; педагогикалық басылымдар мен нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу жасау; педагогикалық тәжірибе, математикалық статистикалық әдістер.

Жұмыстың практикалық маңызы: мектеп жасына дейінгі балаларға ТРИЗ технологиясын қолдану арқылы қазақ тілін оқыту жолдары таңдалып, қазақ тілін үйрету мәселесін жүзеге асыруда нақты қадам жасалды.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін мектепке дейінгі мекемелерге арналған қазақ тілін оқытуға арналған әдістемелерге көмекші материал ретінде қолдануға болады.

Жұмыстың жаңалығы: мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін тиімді оқытуға арналған ТРИЗ технологиясы ұсынылады.

Шығармашылық жұмыс нәтижесінің әлеуметтік мәнділігі: Біздің қазіргі қоғамымыз ақпараттық технологиялар ағымымен қарқынды дамып отыр. Толассыз ақпараттар, баланың жас ерекшелігін ескермеу және баланы ақпарат көзіне шектеусіз байланыстыру бүгінде шешімін табуды қажет етеді. Сонымен қоса балаларға екінші тілді үйрету күрделі мәселе. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде инновациялық технологияларды іріктеп, ұтымдысын педагогикалық қызметте қолданысқа енгізу, нәтижесін алу қажеттілігі туындап отыр.

Мектепке дейінгі ұйымда ТРИЗ технологиясын қолданудың маңызы.

Білім беру жүйесін қайта құру балабақшадан басталатыны белгілі. Ал білім беруді жақсарту педагогке байланысты екендігі сөзсіз. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын мақсатқа сай қолдана білу қажет. Жалпы, оқыту технологиясы—бұл оқу ақпаратын өңдеу, көрсету. Технология—бұл өнер, шеберлік, іскерлік, белгілі бір қалыпты өңдеу, өзгерту әдістерінің жиынтығы.

Жаңа стандарттың жалпы ережесінде педагогикалық процестің жаңашылдығын қамтамасыз ету көзделген. Осы стандартқа сай балабақшада тәрбиелеп оқытудың басты құралы—бағдарламалар жаңартылып, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына елеулі өзгерістер әкелді. Осы өзгерістерге орай балабақшада оқытуды жетілдіру әр педагогтан оқыту ісін оңтайландыру жолдарын тәжірибеге енгізуді талап етеді.

Оқыту жолдарының көптүрлілігі, олардың бірте-бірте жетілуі педагогтар алдына тиімді жолдарды анықтап, қолдану керектігі туралы күрделі мәселе қояды. Сондықтан әр педагогқа сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді.

ТРИЗ технологиясы шығармашылықты дамытудың бірден бір жүйесі. Бала ойнай отырып, сөйлейді, шығармашылығын сөзбен жеткізеді, яғни ой-өрісі тіл арқылы көрініс табады. Олай болса сөйлеуді, тілді дамыту жұмыстарында ТРИЗ технологиясын қолдану баланың сөйлеу шығармашылығын дамытуға көмектеседі. Шығармашылық тақырыбымыздың маңызын аша түсу үшін қысқаша ТРИЗ технологиясының шығу тарихына тоқталайық.

ТРИЗ (Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы) технологиясын 1946 жылы ойлап тапқан Баку қаласынан шыққан ғалым-инженер Генрих Саулович Альтшуллер. Осы шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады.

1982 жылы ТРИЗ халықаралық бірлестігі тағайындалады. 1987 жылдан бастап балабақшада семинарлар өткізіле бастайды. Осы семинарлар арқылы ТРИЗ әдісі мектептер мен арнайы оқу орындары арасында кең тарады.

Балалардың шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру, басқаша айтқанда әртүрлі әрекеттер кезінде ерекше, күтілмеген оқиғаларды тиянақты шеше алатын, шығармашыл тұлғаны дайындау бұл педагогтың ең негізгі мақсаты. Бұны педагог ТРИЗ технологиясының әдістері арқылы жүзеге асыра алады. Бұл технологияның мақсаты—баланың бойындағы әлеуетті көркемдік—шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту. Өнертапқыштық кезеңіндегі негізгі міндет: балаларды өз шешімдерін іздеуге және таба білуге үйрету. Балалардың өнертабысы шығармашылық қиялымен, жаңа нәрсе ойлап табуымен көрініс

табады. Ол үшін балаларға бірқатар арнайы тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, жаңа ойыншық, жаңа көлік және т.б. туралы ойластырыңдар.

Балалардың сөйлеуін, сөздік-шығармашылық қабілеттерін дамытуда ТРИЗ технологиясы қолдануға болады. ТРИЗ технологиясын ҰОҚ-де және күннің екінші жартысында, тіптен үйірме не студия ұйымдастыру арқылы да қолдануға мүмкіндік бар.

Бұл жерде педагогтың міндеті: баланың шығармашылығын жүзеге асыру; жеке тұлға дамуында заманауи инновациялық әдістерді қолдану; балаларды адамгершілікке, байқағыштыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

ТРИЗ технологиясы балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, шығармашылық әңгімелеуін дамытады.

Осы кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларқа қазақ тілін ТРИЗ технологиясы арқылы оқыту әдістемесі балабақшаның іс-тәжірибесіне енгізілді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы жүрді.

Адамзат алдында тұрған басты міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Ол тіл арқылы жүзеге асады. Баланың тілі бай болса, оның ойы да кең болады. Сондықтан оның тілін байытып, ойын кеңейте түсу үшін өлең, ертегі, әңгіме, мақал мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, әдеби шығармалардан үзінділер оқытып, таныстырудың маңызы зор. Сол арқылы олардың ойлау қабілеттері артып, көргендерінен ой түйіп, қорытынды жасауға үйренеді.

Орыс тілді топтарда қазақ тілін инновациялық технологиялар негізінде оқыту менің шығармашылық жұмысымның нақты мақсаты. Осы мақсатты жүзеге асыруда мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігі ескеріледі.

Тіл үйрететін ойын материалдары мен көрнекіліктер баға жетпес әдіс құралдары. Заман ағымына қарай ТРИЗ технологиясын тіл үйретуде кеңінен қолдану өз тиімділігін көрсетіп отыр.





МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қадырбаева Лиана Набидоллақызы

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақша меңгерушісі

Республикамызда білім беруді дамыту қазіргі кезде оқытудың дәстүрлі түрінен инновациялық үрдістерге баса назар аударып отыр, оның ішінде білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасауы, жаңа технологияларды меңгеруі, қолдануы және тарату бір бөлек қызметі тұрғысынан қарастырылады.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық сипатты талап етеді. Заман талабына сай әр ұжымның, әр педагогтың білім беру жүйесіндегі жаңалықтар мен қайта құруға, өзгерістерге баса назар аударып, өзіндік ізденісі арқылы инновациялық үрдіске ену қажеттілігі туындайды.

Кез келген педагогикалық ұжым мен педагог инновациялық қызметті ұйымдастыруға құқылы. Алайда жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында, олар өздерінің алдына нақты міндеттер қоюлары тиіс. Сондай міндеттерді алдына қойған мектепке дейінгі ұжымның бірі-Атырау қаласында орналасқан №1«Сәби әлемі»бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымы.

№1«Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасы (бұрынғы №1 «Мектепке дейінгі авторлық гимназия») көп жылғы еңбек өтілі бар, Атырау қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдар арасындағы инновациялық бағытта жұмыс жасайтын алғашқылардың бірі.

Біздің бөбекжай-бақшамызда даму бағытын ұстана отырып, педагогикалық қызметте «Жобалау» технологиясы, «М.Монтессори технологиясы», «АКТ», «Әуенді кесте», «Денсаулық сақтау технологиясы», «ТриЗ» технологияларының элементтерін, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолданып келеді, сондай-ақ мектепке дейінгі жастағы балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыруда және танымдық қабілеттерін дамытуда дайындалған «Ойна да ойлан» бағдарламасымен көпке танымал ұйым.

Аталмыш технологиялардың ұтымды ерекшеліктері-баланың даму қабілетінің толық байқалуы, жеке жұмыстарды қамтуға мүмкіншіліктің болуы, ата-ана өз баласының қабілетін байқай алуы, бала тәрбиесіндегі отбасымен бірлескен жұмыстың жүруіне ықпалы тиеді.

Баланы жан-жақты дамытуда балабақша мен отбасы ынтымақтастығының маңызы зор. Олар өмір есігін жаңа ғана ашқан жас буындар денесінің, ақыл-ойының, сана-сезімінің дамуына, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамның қалыптасуына жағдай жасайды. Осы дағдыларды меңгертуде тәрбиеші мен ата-ана арасында тығыз байланыс болуы керек.

Ата-аналарды балабақша өміріне, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне, ертеңгіліктерге, ашық шараларға белсенді араластыру, отбасының балабақшамен байланыс қызығушылықтарын арттыру.

Балаларға іс-әрекеттерді таңдау мүмкіндігіне, зерттеу ісімен шұғылдануына, іскер және тапқыр болуына жағдай жасау.

Осы орайда бөбекжай-бақшаның алдына қойған өзіндік мақсат-міндеттері бар:

-Жеке тұлғаның ерекшеліктерін ашып көрсетуге және оны дамытуда көмегін тигізетін жаңа жолдарды іздестіру;

-Балабақшадағы дәстүрлі әдістемелік жұмысты инновациялық бағытта жаңарту, педагог мамандардың, тәрбиешілердің педагогикалық кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Жоғарыда айтылып өткендей педагогикалық ұжым өз шеберлігін ортаға сала отырып, инновациялық технологиялардың тәрбие-оқыту үрдісінде қолданудың тиімділігін анықтап келеді. Атап айтсақ:

-қазақ тілі мұғалімі Танашева Маржан Әділбекқызының «Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін оқытуда ТРИЗ технологиясын қолдану мүмкіндігі»,

-бейнелеу өнері мұғалімі Зарипова Қаламқас Сақтауқызының «Мектепке дейінгі ұйымда бейнелеу өнерінде ТРИЗ технологиясын қолдану»

-саз жетекшісі Жылқыбаева Аида Құсанқызының «Музыкалық дарынды балалармен жұмыс жүргізудің инновациялық ықпалы» атты тақырыптары бойынша шығармашылықтарын жетілдіруге жұмыстануда.

Сондай-ақ 2018-2019 оқу жылында педагогикалық ұжым көптеген сайыс-шараларға қатысып, жетістіктерін көруде. Солардың бірі Нұр-Сұлтан қаласының білім беруді жаңғырту «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы «Педагог мәртебесін көтеру-жаңашыл мұғалімді қалыптастырудың бастауы» атты республикалық Эссе байқауына 9 педагог қатысып, I және II дәрежелі Дипломдармен марапатталды. Педагогтардың эсселері «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының «Педагог мәртебесі туралы» Заң жобасына айтылған 100 педагогтың ойы республикалық байқау материалдарында жарияланды.

Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізінде ағылшын тілі мұғалімдерімен «Қызықты ағылшын тілі» (4-5 жас) бағдарламасы дайындалды. Осы бағдарламаны іске асыруда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі анықталды. Бағдарлама «мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына» сай вариативтік компонентке арналып құрастырылған.

Мақсаты: балаларды қоғам талабына сай үш тілді меңгеруге үйрету.

Мазмұны:

- Бала тілін ойындар арқылы дамыту.
- Мемлекеттік тілмен қатар орыс, ағылшын тілдерін меңгеруге жағдай жасау.
- 3 тілде кіріктірілген білім беру.
- Сөздік қорын байыту, тыңдай білуге, түсінуге және жауап беруге үйрету.

Осы аталған жұмыстармен қатар әдістемелік қоржынымнан «Мектепке дейінгі мекеменің заттық-кеңістік ортасын дербестендіру» атты жобасын ұсынып отырмын.

Жобаның мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы орта ұйымдастырудың инновациялық жолдарын қарастыру.

Негізгі міндеттері: заттық кеңістік ортаны құру, ол әр баланың жеке басына құрметпен қарау, оның өзіне сенімділігін, бастамашылығын, өз бетінше әрекет ету дағдысын дамыту, міндеттер қоюға және оларды шеше білуге үйрету, шығармашылық, қиялдау, өнертапқыштық қабілетін дамыту, туған елге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

-«Мен келдім» бұрышы;

-«Менің көңіл-күйім» рубрикасы («көңіл-күй тақтасы», кітабы, эмоциялық дамыту ойындары, тренингтер)

-«Туған күн иесі» бұрышы (баланың туған күні аталып өтіледі, тілек жазулар ілінеді);

-«Бүгін менің мерекем» атты отбасылық мерекелер ұйымдастыру;

-«Мен жараймын, менің қолымнан не келеді» немесе «Жақсы істер панорамасы» (не үйренді, неге қабілетті);

-«Іскерлік әрекеттер» қорабында көп бейджиктер бар, онда бала ойнайтын рөлдер: «Швейцар», «Эколог», «Бас құрылысшы», «Менеджер», «Дизайнер»

-Балалар бойында субмәдениет компоненттерін іске асыру үшін мұражай, шағын мұражай (жас өлкетанушылар клубы) бағыты бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізіледі. Бұл жағдайда педагог жаңа жәдігерлер, кітап энциклопедиялар арқылы ақпараттар іздеуге көмектеседі, мұражайға баруды ұйымдастырады, ал материалдарды дайындауға ата-аналар көмектеседі.

Бұл жоба мектеп жасына дейінгі балалардың

-дербестігін;

-шығармашылық қабілетін ашуға;

-баланың өз құрдастарының қызықты іс-әрекетіне қосылуға ынталылығының артуына;

- жан-жақты дамуына;
- отбасы үшін мақтанш сезімін туғызуға;
- белсенділік, өз бетінше әрекет етушілік мүмкіндігін туғызуға;
- сөздік қорын байытуға көмектеседі.

Инновациялық бағытты жүзеге асыру барысында мультимедиялық құралдар мен интерактивті тақталар өз қолданысын тапты. Жаңалыққа қадам басқан дәуірде педагогтар өз алдына, балалардың да замануи құралдарды қолдануға деген қызығушылығы басым. Мұның дәлелі жоспарға сай өткізіліп жатырған жұмыстардан көруге болады. Жас мамандарға жаңа технологияларды насихаттау, олардың білім, іскерлік деңгейлерін көтеру мақсатында балабақша ішілік, қала, облыс көлемінде жоспарланып, оң нәтижесін көрсетіп келеді. Болашақта осы іс-тәжірибе жұмысымызды жетілдіріп, таратуды жоспарлап отырмыз.

Өз ойымды қорыта айтқанда, тәжірибе өз жолында дамиды, өзгереді, жаңаша бетбұрыстар орын алады. Инновациялық бағыт әр педагогтың шығармашылық әлеуетіне, кәсіби құзыреттілігіне негізделген. Инновациялық әдіс-тәсілдерді іздестіріп, тәжірибеге енгізу арқылы оның тиімділігін айқындауға болады. Инновациялық іс-тәжірибе-заман талабы, ал заман талабына сай болу-біздің міндетіміз.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА ПРИ РАЗВИТИИ УСТНОЙ РЕЧИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Дембергенова Шарипа Баяновна

Учительница русского языка и литературы СШ №37 г. Атырау

В центре внимания современной методики русского языка, несомненно, находятся вопросы развития речи. В связи с этим проблема систематизации, упорядочения и совершенствования методов развития речи приобретает большое значение, как для теории методики, так и для практики преподавания языка.

Умение владеть языком, его богатством, красотой, изобразительной и выразительной силой – основная задача развития речи в школе.

В школе на сегодняшний день актуальной темой является развитие речи.

Выполнение экзаменационной работы по русскому языку и по другим предметам требует от выпускника школы следующих умений: анализировать, классифицировать языковые факты с целью обеспечения различных видов речевой деятельности. Оценивать языковые явления с точки зрения нормативности, анализировать языковые единицы с точки зрения правильности, точности и уместности их употребления, использовать основные приёмы переработки текста, оценивать письменные высказывания с точки зрения языкового оформления, эффективности достижения поставленных коммуникативных задач, проводить лингвистический анализ текстов различных функциональных стилей и разновидностей языка, создавать собственное речевое высказывание в соответствии с поставленными задачами, осуществлять речевой самоконтроль.

В настоящее время ученики и учителя на уроках русского языка сталкиваются с такими проблемами:

1. Речь учащихся не развита, словарный запас крайне беден, учащиеся в своих высказываниях пользуются однообразными, простейшими синтаксическими конструкциями и т.д.
2. Некоторые учащиеся старших классов не умеют самостоятельно анализировать художественное произведение, размышлять над прочитанным, их впечатления поверхностны, они не могут выявить авторскую позицию, выразить свое мнение, свое отношение к героям.
3. Практика показывает, что сочинения учащихся однотипны, не отличаются оригинальностью, не демонстрируют интересы ученика к данной работе.

Учитывая проблемы учащихся, необходимо разработать систему уроков с использованием различных художественных текстов и видов работ по развитию речи. Одна из важнейших

задач уроков русского языка—создать условия для речевой деятельности учащихся, общения, выражения своих мыслей. Не менее важная задача—использовать разнообразные формы и средства обучения, различные художественные тексты и виды работ по развитию речи. Третья важная задача—научить учащихся писать сочинения и изложения различных видов и жанров. Несомненно, что данные проблемы и противоречия требуют решений.

Развитие речи должно претерпеть наибольшие изменения в новых общественных и образовательных условиях. Традиционно развитие речи было ориентировано на уроки русского языка, преподавалось на лингвистической основе. Кроме того, оно не было конкретно связано с другими разделами преподавания словесности и тем более с другими дисциплинами школьной программы.

*развитием речи должен заниматься каждый учитель, вне зависимости от того, какой предмет он преподаёт.

*коренным образом должны измениться цели обучения, а значит, и сам характер обучения: от репродуцирования, от работы по шаблону к развитию творческих способностей ученика.

Развитие речи учащихся будет эффективным при условии, если на уроках русского языка систематически и целенаправленно использовать разнообразные формы и средства обучения. Использование таких уроков приведёт к повышению качества образования.

Несомненно, чтобы сформировать высокий уровень речи, необходима повседневная, систематическая работа как групповая, так и индивидуальная.

В методике русского языка используются различные виды творческих работ:

- творческое списывание;
- творческий диктант;
- творческое сочинение;
- творческое изложение;
- свободный диктант.

Творческий диктант – разновидность диктанта, при написании которого ученик записывает диктуемый текст, подвергая его изменениям. Этот вид работы включает черты поисковой исследовательской деятельности, где наряду с воспроизведением знаний, накопленных ранее, большую роль играют интуиция, сообразительность, самостоятельность, что заставляет ученика взглянуть на орфографический материал с новой точки зрения и использовать его в различных языковых ситуациях. В системе работы, призванной развивать и совершенствовать коммуникативно-речевые умения школьников, большую роль играют изложения – традиционный, проверенный в практике обучения вид работы по развитию связной речи.

При работе над изложением не только активизируется пассивный словарь ученика, но и в его речь входят новые слова, над значением и употреблением которых необходимо в классе провести определенную работу, в результате которой речь обучающихся обогатится и другими языковыми средствами мысли. Школьники учатся выделять главное и второстепенное, доказательство и выводы, делить текст на смысловые отрезки и устанавливать между ними связь, составлять план.

Если задача подробного изложения – максимально полно воспроизвести содержание исходного текста с сохранением авторского стиля, то сжатое изложение требует навыков отбора существенной информации, очень краткую передачу содержания текста при условии, что основные мысли автора, логическая последовательность событий, характеры действующих лиц передаются без искажающих изменений, вычленения в тексте основных микротем: обобщения содержания исходного текста.

Сжатое изложение считается наиболее трудным. Это объясняется тем, что при его написании необходимо осуществить компрессию (сжатие) воспринятой информации, в результате чего добиться построения такого текста, в котором был бы максимально выражен необходимый смысл при минимальной затрате речевых средств. Оно должно быть коротким по форме, но не бедным по содержанию. Таким образом, сжатые изложения требуют специальной логической работы над текстом.

При обучении сжатою изложению формируются следующие коммуникативно-речевые умения:

- умение отобрать в исходном тексте основное (относительно частей исходного текста) и существенное (внутри каждой основной части);
- умение сокращать текст разными способами;
- умение правильно и логично излагать свои мысли;
- умение точно использовать языковые средства обобщенной передачи содержания.

Подготовка к сжатой передаче содержания дисциплинирует мышление учащихся, приучает их к содержательной, лаконичной и точной речи.

Работа над сочинением является элементом развивающего обучения.

Сочинение–творческая работа, оно требует наивысшей самостоятельности ученика, активности, внесения чего-нибудь своего, личного, в текст. В них отражается внутренний мир ученика, по сочинениям можно проследить его развитие, формирование его мировоззрения, отношение к жизни.

Особую роль отвожу сочинению–рассуждению. Прежде всего, нужно добиваться уяснения обучающимися схемы построения текста– рассуждения.

Вступление.

1. Тезис–основная мысль, которая раскрывается в сочинении.
2. Главная часть. Аргументы (доказательства)-несколько аргументов, положений с примерами, фактами, раскрывающими основную мысль.
3. Заключение.
4. Вывод – обобщение содержания главной части.

Прежде чем приступить к написанию сочинения, необходимо продумать последовательность изложения материала, составить план. Первым по времени и по значимости шагом в работе над предстоящим сочинением считаю выбор темы. Вместе с выбором темы решаем вопрос о типе речи, стиле и жанре. Важным моментом считаю анализ сочинений и работу над ошибками.

Анализ сочинений и работу над ошибками можно проводить по-разному: здесь возможны и рецензии учителя, и взаимное рецензирование учащимися письменных работ друг друга, и разбор сочинений на уроке. Проверив все сочинения на одну тему, следует отметить их достоинства и недостатки, обратив особое внимание на те сочинения или их части, где наиболее проявилась самостоятельность мышления, наблюдательность авторов, их умение обобщать, делать выводы. Следует отмечать образность языка, умение цитировать и т.д. об этих удачах и находках учитель прежде всего и должен говорить на уроке, посвященном анализу сочинений.

В качестве примера полезно прочитать одну-две работы – рецензии, затем раздать сочинения и предложить дома отредактировать подчеркнутые предложения – обычно это предложения, в которых допущены стилистические ошибки, – затем сделать работу над ошибками. Сочинения, получившие неудовлетворительные оценки, анализируются на индивидуальной консультации и перерабатываются под руководством учителя.

Следует практиковать взаимное рецензирование работ. Для руководства учитель может предложить:

Примерный план рецензии:

1. Соответствует ли сочинение теме?
2. Достаточно ли глубоко раскрыта основная мысль сочинения?
3. Соблюдено ли соответствие плану?
4. Не нарушена ли соразмерность частей, логическая связь между ними?
5. Язык и стиль сочинения.
6. Уместно ли использованы цитаты?
7. Что, на ваш взгляд, получилось наиболее удачно (неудачно)?

Целенаправленная систематическая работа на уроках развития речи помогает сформировать у учащихся такие качества, как внимание к окружающему миру, наблюдательность, стремление проникнуть в сущность явления оценить увиденное, прочитанное, услышанное. А это в свою очередь делает уроки развития речи более эффективными.

Интерес к творчеству, естественно, не ограничивается только рамками урока. Познавательная потребность побуждает учащихся охотно выполнять творческие домашние задания. Важно дать толчок, побудить к деятельности, заставить быть наблюдательным, уметь видеть сердцем.

Литература:

- 1.М.Т.Баранов «Межпредметные связи русского языка в учебном процессе». 1999.
- 2.М.Т.Баранов «Умения и навыки в школьном курсе русского языка» 2008.



ӘӘ Әдістемелік қоржынға

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Төребекова Эльмира Абсематқызы

«Өрлеу»БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ

«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының меңгерушісі

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында таяу жылдардағы міндеттердің ішіндегі маңыздысы, заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобалардың бірі-қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру қажеттігін атап көрсетіп, «Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, ертеден қолданған әдебиетімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады», - деген болатын.

Осыдан бастау алған бағалы бастама қазақ тілінің тазалығы үшін аса қажетті реформа, әлемдік өркениетке ілесу, сондай-ақ ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін қамтамасыз ететін бірегей қадам ретінде көпшілік тарапынан кең қолдау тауып, жүзеге асыру шаралары атқарылуда. Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бүгінде Қазақстан халқы да замана көшінен қалмай, латын графикасына негізделген әліпбиді таңдауға бел буып отыр. Көрші мемлекеттердің көпшілігі латын графикасын таңдады. Әлемдегі ақпараттардың 90 пайызы латын графикасында жарық көреді. Ал ақпаратқа кім иелік етсе, ғылым мен технологияға да сол ие болады. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі - рухани жаңғырудың ең шешуші кезеңдерінің бірі. Бұл қоғамдық ой мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам», - деді. Мемлекет басшысының айтуынша, латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңімен жалғаса береді. «Нақты белгіленген кесте бар. Сол жүйеден ауытқымаймыз. Бірақ, қоғамдық пікір, әліпбиді қолдану барысындағы артықшылықтар мен олқылықтар ескеріледі», - деп, кез келген ұлттың әліпби таңдауы тек жазу үлгісін таңдау емес екенін атап өтті.

Латын әліпбиіне көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретінде экономикалық, ғылыми, мәдени және адами әлеуеті мол Қазақстанның болашақтағы дамуы жаһандану үрдісіне, өз бет-бейнесін сақтай отырып, тереңдей, кең ауқыммен енуіне және рухани жаңғыруына байланысты. Қазақ жазуының жаңа әліпбиге көшуін Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен жалпыадамзаттық өркениетке үлес қосқан қазақ мәдениетінің озық үлгілерін сақтай отырып, елдің рухани жаңғыруы, қазіргі жаһандану үрдісіне тереңдеп, әрі ауқымды түрде ену тұрғысынан қарастыру қажет. Елбасының жаһандық бәсекеге қабілетті ұлт болудың, үшінші технологиялық жаңғыруына көшудің, яғни ақпараттық және коммуникациялық байланыс технологиялары, оның ішінде, жаппай компьютерлендіру, интернет, ұялы телефон жүйесі, жерсеріктік теледидар т.б. жаһандану үрдісінің технологиялық негізі болып саналады. Аталған технологиялардың ұдайы әрі кеңінен тарауы латын графикасының бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістікте басым орынға ие болуына алып келері анық. Латын графикасы қазіргі әлемде ең кеңінен қолданылатын жүйе болып табылады. Қазақ жазуының латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшуі, біріншіден, ұлттың рухани жаңғыруына жағдай жасайды: қазақ тілінің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтауға, тілдің иммундық тегіктерін жаңғыртуға, қайта іске қосуға, екіншіден, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке тиімді түрде енуінің алғышарттарын қалыптастырса, үшіншіден, Қазақстанда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуына мүмкіндік жасайды.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы маңызы орасан. Қазіргі таңда, қазақ тілі қазақ халқының ұлттық

бірегейлігін қалыптастырудың басты факторы ретінде қарастырылады. Тілдің басқа да қырларының аса қажеттілігін мойындай отырып, жазудың ой мазмұнының графикалық таңба ретінде жеткізу жолдарының бірі екендігін естен шығармау қажет. Жазу ой мен сезімді объективтендіруде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде де өзіндік дербес мәнге ие. Көптеген халықтар үшін олардың жазу ұлттық мәдениет пен бірегейліктің ең басты элементі болып табылады. Бірқатар әлем ұлттарының, соның ішінде түркі елдерінің іс-тәжірибелері, жазудың ауысуы біртұтас ұлттық бірегейліктің алмасуында шешуші кадамдарының бірі екенін көрсетеді. Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мен нығайтуда жалпы мемлекеттік бірегейлік сәйкестігінің маңызы орасан. Қазақтың ұлттық сана-сезімінде жалпы мемлекеттік бірегейлік мәдени, тарихи, тіл және т.б. қатынастарда қайталанбас мән-мазмұнға ие. Бұл фактіні сезіну қазақтардың 1980-1990 жылдардың басындағы ұлттық рухының ояну үрдісінде маңызды рөл атқарып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекетінің құрылуына себеп болды. Қазақтардың ұлттық бірегейлігі үнемі қолдау тауып отыруы қажет, өйтпеген жағдайда, ұлттық санада басқа бірегейліктердің басым орын алып, қазақтардың ұлттық бірегейлігіне теріс ықпал етуі мүмкін. Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтудың маңызды тетігінің бірі қазақ жазуының латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшуі болып табылmaq. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру Қазақстан егемендігінің, жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюының, ұлттық сананың жаңғыруының мықты көрінісі болып саналады. Өткен кезеңдерде қазақ тілінің жазуына сыртқы жағдаяттар мен сыртқы мәдени өркениеттер ықпалы күштеп таңылды. Қазіргі кезде қазақ жазу-сызуын латын графикасына көшіру қазақстандық қоғамның, қазақ ұлтының ерікті де саналы өз таңдауы болып табылады. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түспек. Келешекте, латын графикасының негізінде білім алған қазіргі өскелең ұрпағымыз өмірге араласқан кезде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінің шынайы кемеліне келуі мен қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің арта түсуіне қол жеткізуге болады. Латын графикасына көшу – өркениеттік мәселе. Қазақ тілі жаңа дамуға мүмкіндік, бағыт алып отыр. Осы орайда Қазақстанның латынға көшуі – білім саласындағы орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы реформамен тығыз байланысты. Демек, бұл жаһандану кезеңінде ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұлттық білім жобасы деген ой тұжырымдалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері «Егемен Қазақстан» газеті-18.01.2019.
2. <http://tilalemi.kz/> «Жаңа емле» оқу құралы
3. Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. «Жаңа емле» оқу-әдістемелік құрал

ТАЙМ-МЕНЕДЖМЕНТ: ТҮСІНІГІ, МӘНІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Куракова Роза Нсанғалиевна

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
«Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар» кафедрасының
аға оқытушысы, ҚР білім беру ісінің үздігі*



Біздің өміріміздегі ең қымбат нәрсе-ол уақыт. Уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Адам баласы уақытын ұтымды пайдалана білгенде ғана көздеген мақсатына жете алмақ.

Уақытқа қатысты қызықты деректерге сүйенсек, шамамен 800 миллион жыл бұрын, ерте замандағы тіршілік пайда болғанға дейін Жер бетін қалың мұздақ басып тұрған дәуірде бір жылда 486 күн болыпты. Ал жүз миллиондаған жылдар өткен соң-динозаврлар дәуірінде бір



жыл 370 тәулікке дейін қысқарған. Дәл қазір оның не бәрі 365 күннен ғана тұратыны белгілі. Неліктен бұлай? Өйткені, ғасырлар өткен сайын ай гравитациясының әсерінен Жер ғаламшарының айналу жылдамдығы азайып келе жатыр. Соның салдарынан күндер ұзарып, ал жылдар қысқаруда.

Заманауи тілмен сөйлеу сәнге айналған соң, уақытты пайдалы өткізу деген ұзын-сонар тіркес тайм-менеджмент деген атаумен өзгертілді. Бұл—ағылшын тілінен тікелей аударғанда «уақытты басқару» дегенді білдіреді. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, уақытты басқару мүмкін емес. Яғни, тайм-менеджменттің мәні—уақытыңды тиімді пайдалану.

Тайм менеджмент-бұл уақытты басқару тәсілдері мен әдістерін зерттейтін менеджмент саласы.

Уақыт—біздің өміріміз. Ендеше оны қалай пайдаланып жүрміз. Адамның өмірінде оның уақытын ұрлайтын пайдасыз нәрселер көп. Уақытты дұрыс пайдалана білмегендіктен де ісіміз қордаланып жатыр.

Ендеше тайм-менеджмент жайлы ойлануға уақыт келді: уақытты бағалауды және уақытты босқа жоғалтпауды үйрену қажет.

Тайм-менеджмент бойынша 8 практикалық кеңес:

Кеңес 1. Әдеттеріңіз бен шұғылданатын істеріңізді анықтап алыңыз

Ол үшін 1-2 апта бойы күнделікті атқаратын тірліктерді белгілеп отыратын күнделік арнаңыз немесе ұялы телефоныңызға жазып жүріңіз. Тек жұмыс, мерекелік шаралар, әңгіме-дүкен мен кездесулерді ғана жазып қоймай, ойларыңызды да түртіп отырыңыз. Бұл сіздің уақытыңыздың қайда кетіп жатқанын және күні бойы қанша іс атқаратыныңызды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл әдіс-ешқандай пайда әкелмейтін істерді анықтауға да ықпалын тигізеді. Мысалы, әріптесіңізбен ауа райы жайлы әңгімелесу, қызық емес телебағдарламаларды қарау және т.б.

Кеңес 2. Жоспарлаумен айналысу

Күндік жоспарыңыз толығымен дайын болмағанша, жұмыс күніңізді бастамаңыз. Іс-шараларыңызды кешкісін немесе жұмыс уақыты басталмас бұрын жоспарлаңыз. Жоспарланған істеріңіздің кемінде жартысы нақты нәтиже алуға бағытталған болсын.

Маңызды істеріңізге (ойлануға, іс-шараларға) нақты уақыт қойыңыз. Қашан басталып және қашан аяқталатын уақыттарын анықтаңыз. Жетістікке әкелмейтін жұмыстарыңызға (іс-шараларға, кездесулерге) уақыт шектеуін қойыңыз.

Кеңес 3. Демалуды да ұмытпаңыз

Күндік жоспар құру барысында демалуға уақыт бөлуді де ұмытпаңыз. Ол тек түскі ас үзілісі ғана емес, 15 минуттық кофе-брейк те болуы мүмкін немесе жарты сағаттық тынығу (тыныштықта босансу - тек жеке кабинетіңіз болса ғана мүмкін).

Кеңес 4. Өзіңмен-өзің қалу

Мысалы, маңызды мәселемен айналысу кезінде кабинет есігіне "Мазаламаңдар" тақташасын іліп қойыңыз. Хатшыңызды шұғыл жұмыс кезінде ешкіммен байланыстырмауын және ешкімге кіруге рұқсат бермеуін ескертіп қойыңыз.

Кеңес 5. Біртекті жұмыстарды топтарға біріктіріңіз

Айналысып отырғаныңыздың бәрін тастап, жаңа ғана келген электронды поштаңызды оқуға көшпеніз. Тап осылай, сізге телефон арқылы хабарлаған проблемаларды бірден шешуге кіріспеңіз. Есіңізде болсын, тіпті аса жедел істер де 15 минут күте алады, ал шұғыл еместері онсыз да...

Телефон келіссөздеріне, хабарламаларды оқуға (электронды поштаны), есептеулер жүргізуге және басқа осындай біртекті жұмыстарға арнайы уақыт бөліңіз. Жасалған график уақытын сақтауға тырысыңыз.

Кеңес 6. Жетістік жайлы ойлаңыз

Кез келген жұмысты бастамас бұрын, оның қалай аяқталғанын қалар едіңіз соны ойланыңыз. Тапсырманың орындалуынан нені күтесіз? Тіпті, бұл жұмысқа не үшін кірістіңіз?

Кеңес 7. Жаман әдеттеріңіз бар ма?

Компьютердегі артық ұяшықтарды (ойын, әлеуметтік желілер, ойын-сауық порталдар, ақпарат сайттары және тағы басқа қажеті жоқ беттер) жабыңыз. Жалпы айтқанда, сізді аз уақытқа болса да алаңдататын нәрселерден аулақ болыңыз.

Кенес 8. Бәрін бірден үлгеруге ұмтылмаңыз

Барлық істі тындыру мүмкін емес: бір жұмысты орындаған абзал, содан соң кезекке жаңасы келеді. Естеріңізде болсын, жетістіктің сыры санда емес, сапада. "20% атқарылған іс 80% нәтиже береді" деген Парето заңын да естен шығармаңыздар.

Уақытты шығындамаңыз, оның әрбір секундын бағалай білуді үйреніңіз. Сонда ғана өмір сүрудің оңай да жағымды екенін байқайсыз.

МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ БАЛАЛАРЫН МАТЕМАТИКАҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

Наубетжанова Магура Темировна

Атырау қаласы

№4 Ю.Гагарин атындағы орта мектептің

мектеп алды даярлық тобы мұғалімі

Бала тәрбиесі-өте ерте заманнан бастап адамзатты толғандырып жүрген өмірдің өзекті мәселелерінің бірі. Нәресте шыр етіп дүниеге есігін ашқаннан бастап ата-ананың аялы алақанына, мейірім шапағатына бөленеді, ата-ананың мейірімді жүзі, жылы жүрегі ыстық құшағынан балаға дүние есігі ашылады, оның дүние танымы, өмірді тануы міне осыдан басталады.

Баланы болашақ өмірге, белсенді еңбекке даярлауда, оның ақыл-ойы адамгершілік, эстетикалық сезімдерін, танымдық қабілетін қалыптастыруда-балаға құрметпен қарау қажет.

Қазіргі уақытта мектепалды даярлық сыныбы мұғалімі бола жүріп мынадай басты міндеттерді алға қойдым: бүлдіршіндердің ой-өрісін, іс-қимылын, логикалық ойлауын, жалпы жан-жақты қабілетін дамыту.

Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті-қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарын меңгеруден басталады деп ойлаймын. Өйткені өз тәжірибемнен байқағанымдай бала сөйлей басталысымен өзінің мекен-жайын, телефон номерін жаттай бастайды. Міне сан, санау осыдан басталатыны анық.

Сезім тәрбиесі-түйсік пен қабылдаудың бірдей дамуы. Сәбилік шақтың алғашқы күндерінен бастап-ақ бала өзін қоршаған заттарының қасиетін түсінуге талпыныс жасай бастайды. Затты танып білу үшін бүлдіршіндер түр-түсіне мән бермейді, заттың құрылымына (формасына) көңіл бөледі. Сондықтан бүлдіршіндердің сенсорлық тәрбиесін шыңдау үшін олармен тәрбие жұмысын жүргізген кезде бір-біріне киілетін ойыншықтарды және геометриялық пішіндерді, құрастыру ойыншықтарын қолданамын. Мысалы: пирамидалар, бір-біріне киілетін ойыншықтар, баланың логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған дамытушы ойындар. Бұлар, бүлдіршіндердің сенсорлық тәрбиесін сезім мүшесінің дамуына айналадағы болмысты танып түсінуіне әрекет жасап, ойлау қабілеттерін жетілдіруге үлкен үлес қосады.

Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек, адамгершілік қасиеттері, ақыл-ойы, логикалық және басқа да қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады. Бүлдіршіндердің логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарының ойын арқылы үйретудің, заттарды әртүрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың, жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Өйкені жасырын тұрған ойдың нені меңзеп тұрғанын ойлап тұрғаны баланың ми қыртысы шыңдайды. Яғни, танымдық сезімін қалыптастырады.

5-6 жас аралығындағы балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда сұрақтардың алатын орны ерекше, сондықтан балаға қойылатын сұрақтар жүйелі, әрі түсінікті болуы керек. Ойын балалар үшін өзіне тән жүру барысымен, мақсатымен маңызды. Ойын барысында

берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл-ойы дамиды, осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті дамиды. Баланың ойлау қабілетін дамыту- бүгінгі күннің басты мәселесі болып табылады.

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл-ойын дамыту, танымдық қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастырудың құралы-ойын әрекеті, яғни ойын-баланың жетекші әрекеті. Бірақ ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек, яғни оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет.

Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты, тәуелдікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарының ерекшеліктерін байқай отырып білуге қызығушылығы, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып тапсырмаларды өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау, өз ойындағысын айту жайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы өзіне сенімді ерік-жігерлі, дүниетанымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде қабілеті жоғарылап, жан-жақты дами алады.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлімдік - тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету т.б. қабілеттерінің, танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды.

«Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады. Белгілі психолог Л.С.Выготский «Қандай да бір оқыту үшін тиімді, яғни өте бір қолайлы мерзімдер болады. Олардан жоғары не төмен талапқа ауытқу, яғни тым ерте, тым кеш оқыту мерзімдері баланың ақыл - ойының даму барысына қолайсыз әсерін тигізеді» деген.

Осы орайда, «Балаларды мектепке дайындау–оларды оқытып, санатып, әйтеуір білім беріп шығару»-деп білімдік тәрбиелік үрдістерді дәстүрлі мектеп сабағы түрінде жүргізу ойдағыдай нәтиже бермейтіндігі сөзсіз.

Қоғамның алдына қойған мақсаттарына сәйкес білім беру жүйесінің өзгеруі белгілі процесс. Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу- танымдық әрекетін ұйымдастыру балалық шақтың барлық кезеңіне қарамастан мектепалды балаларын мектепке дайындау жүйесінде ерекше орын алады. Сонымен бірге оларда оқу-танымдық іс-әрекетті аяқтап, мектепте оқудың баспалдағында тұрады. Бұл кезеңде мектепке қажетті қызметтер, тәртіптілік, оқу әрекеті, жеке бастың, еріктік эмоциялық өрісі белсенді қалыптасады. Сонымен қатар, оларда оқу танымдық іс-әрекеттердің өз бетінше жүргізу дағдысын қалыптастыру- оқытудың аса маңызы мақсаттарының бірі. Мұны жүзеге асыру-жинақылыққа, өзін-өзі басқаруға үйретеді, білімді саналы түрде игеріп, оны танымды, шығармашылық және қарапайым тапсырмаларды орындауда дұрыс қолдана білуге жетелейді. Сондықтан мұғалім балалардың қызығуын толық түрде қанағаттандыратындай, өздерін танымдық белсенділігі мен дербестігін жүзеге асыратындай жағдай туғызуы тиіс.

Оқу үрдісі-балалардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады. Ал, танымдық әрекеті негізінде балалардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі-балалардың алған білімін өмірде пайдалана білу болып табылады.

Мектепке дейінгі математиканың негізі-бастауыш мектептің математика курсының ажырамас бөлігі болып табылады. Математика сабағы балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін, интеллектісін қалыптастырып дамытуды, математикалық тілдің элементтерін меңгеруді, «математикалық сауаттандыруды» басты мақсат етіп қояды. Осыдан қарапайым математиканы оқыту мынандай мақсаттарға жетуді көздейтіндігі туындайды:

-Бағдарлама талаптарына сай мөлшер мен деңгейде білім, білік және дағдыларды игеру;
-баланың ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыта түсу;

-меңгерген қарапайым математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Әр елдің болашағы сол халықтың білім, ғылым деңгейімен анықталатындықтан, оқу жүйесін неғұрлым тиімді құра білу қажеттілігі қай кезде де өзекті мәселе болмақ. Танымдық қызығушылық оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбиелеп оқытудың ең көкейкесті проблемалары танымдық қызығушылық мәселелерін қарастырады. Бала өмірінде қызығушылықтың әр түрі (эстетикалық, көркемдік, музыкалық, т.б.) көрініс табады. Өскелең ұрпақ үшін танымдық қызығушылықтың маңызы өте жоғары.

Математика сабақтарында шығармашылық тапсырмаларды шешуге ерекше мән беріледі. Өйткені мұнда шығармашылық тапсырмалар өзінің мазмұнымен балалардың логикалық ойлауын және сөйлеуін дамытуға ықпал етіп, өз ойларын қысқаша әрі түсінікті етіп жеткізуге тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.С.А.Мусаева «Жас ерекшелігі педагогикасы» А. 2008.
- 2.Ә.Менжанова «Мектепке дейінгі педагогика» А. 2011.

ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОЙ АКТИВНОСТИ СТАРШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ В ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Сундетова Салтанат Зулкарнаевна

методист ясли-сада №24 г. Атырау

Проблемой формирования речевой активности занимаюсь несколько лет. В процессе освоения диалогических форм речи включается диалог воспитателя с детьми, дидактические, подвижные, народные игры, инсценировки, игры-драматизации, имитационные упражнения, т.е. разворачиваются такие виды деятельности, в которых речь выступает во всех своих многообразных функциях, несет основную нагрузку при решении практических и познавательных задач.

Именно в играх-импровизациях по мотивам сказок дети проявляют самостоятельность, заимствуя из знакомых текстов отдельные эпизоды, свободно выстраивая роли, диалоги. И вовсе необязательно полностью разыгрывать весь сюжет сказки. Можно ограничиваться эпизодами, разнообразными пластическими этюдами, упражнениями. Один и тот же текст, возможно, инсценировать с помощью игрушек, кукол, картинок, фигурок настольного театра. Игры инсценировки-это основа для драматизации, в которых дети принимают на себя определенную роль и вынуждены координировать игровые действия с партнерами. Приобрести игровой опыт помогают совместные инсценировки, когда взрослый рассказывает сказку, демонстрирует игрушки, а детям предоставляется возможность сначала производить с их помощью действия, а затем разыгрывать отдельные эпизоды, выполнять различные упражнения и лишь за тем разворачивать драматизацию существенного по объему произведения. Основа таких инсценировок-короткие народные сказки, потешки, стихотворения.

В театральной деятельности развивается культура и техника речи. Специальные подготовительные игры и упражнения помогают детям сформировать четкое произношение (дыхание, артикуляцию, дикцию, орфоэпию), учат точно и выразительно передавать мысли автора (интонацию, логическое ударение, диапазон, силу голоса, темп речи), а также развивают воображение, умение представить то, о чем говорится, расширяют словарный запас, делают их речь ярче и образнее.

Прежде всего, необходимо учить детей делать бесшумный вдох через нос, не поднимая плечи, и плавный, ровный, без напряжения и толчков, выдох (упражнение-игра со свечой", "мыльные пузыри") [приложение №2]. В зависимости от поставленной задачи акцент делается то на дыхание, то на артикуляцию, то на дикцию, то на интонацию или высоту звучания.

Чтобы голос звучал свободно, необходимо тренировка мышц всего речевого аппарата. Для этого используют упражнения для развития мышц губ, челюсти и языка (приложение №3). Свобода звучания голоса непосредственно с мягкой атакой, когда смыкание связок совпадает с началом выдоха. Для достижения этого полезны упражнения по типу "стона"- "Больной зуб", "Капризуля". (Приложение №4). Сочетание мягкой атаки с опорой звука тренируется в игре "Дрессированные собачки".

После решения этих задач больше внимания уделяется работе над дикцией, диапазоном звучания, силой голоса, темпом речи. Все эти компоненты речи прекрасно тренируются, но скороговорках и стихотворениях без использования специальных актерских тренингов. Используются такие упражнения как "Летний день", "В зоопарке" (приложение №6). Они тренируют четкое произношение согласных на конце слова и могут сочиняться вместе с детьми.

Для тренировки диапазона звучания предлагаю воспитанникам игры "Самолет", "Чудолесенка". (Приложение №7). Они позволяют сформировать понятие тональности голоса. Голос может звучать то низко, то высоко, то постепенно повышаться, то понижаться.

Для тренировки силы голоса предлагаются детям игры типа «Придумай диалог», где героями могут быть Людоед и Кот в сапогах или Слон и мышка. С разной силой голоса можно читать стихотворения от имени разных сказочных героев.

Велика роль стихов в детских театральных играх и упражнениях. Стихотворный текст, как ритмически организованная речь активизирует весь организм ребенка, способствует развитию его голосового аппарата. Но стихи носят не только тренировочный характер для формирования четкой, грамотной речи. Образные, интересные детям, они находят эмоциональный отклик в душе ребенка, делают увлекательными различные игры и задания. Особенно полезно использовать диалогические стихи, которые очень нравятся детям. Говоря от имени определенного действующего лица, ребенок легко раскрепощается в диалоге с партнером.

Последующим этапом является разыгрывание стихотворения в форме этюдов и создание целого мини-спектакля. Кроме всего, разучивание стихов развивает память, интеллект

Не маловажным является умение пользоваться интонациями, с помощью которых могут быть выражены разнообразные чувства. Одно и то же слово или фразу можно произнести грустно, радостно, сердито, удивленно, таинственно, восхищенно, жалобно, тревожно, презрительно, осуждающе. Работая над интонацией необходимо поощрять у детей стремление к импровизации предлагаемых ситуаций, а не просто просить их абстрактно произнести фразу, например: жалобно или восхищенно. Игры типа фразы по кругу (приложение №8) позволяет каждому ребенку объяснить, где, кому, при каких обстоятельствах он произносит данную фразу с определенной интонацией.

В работе с воспитанниками большое внимание уделяю работе над логическим ударением (выделением отдельных слов во фразе, определяющих ее смысл и выразительность). Предлагаю серию игр, в которых дети учатся произносить знакомую скороговорку, выделяя разные слова (приложение №9). Когда дети поймут, что такое логическое ударение, необходимо, работая над стихотворным текстом или сценарием будущего спектакля, обращать внимание на ключевые слова в отдельных фразах и предложениях, выделять их.

Активизация речевого общения в театральной деятельности в целом невозможно без активизации ее основных компонентов, поэтому большое внимание следует уделять творческим играм со словами, цель которых - обогащение словарного запаса, развитие воображения и фантазии детей. Ребята учатся вести диалог с партнером, составлять предложения и небольшие сюжетные рассказы (приложение №10). Данные игры необходимо связывать со специальными театральными играми (на превращение и действия с воображаемыми предметами).

Чтобы перейти от подготовительных игр к работе над этюдами и спектаклями, необходимы специальные театральные игры, развивающие воображение и фантазию. Они готовят детей к действию в сценических условиях, где все является вымыслом. Воображение и вера в этот вымысел - главная отличительная черта сценического творчества.

Необходимо сохранить детскую наивность, непосредственность, веру, которые проявляются в игре при выступлении на сцене перед зрителями. Для этого необходимо, прежде всего, опираться на личный практический опыт ребенка и предоставлять ему как можно больше самостоятельности, активизируя работу воображения.

Знакомить детей со сценическим действием можно на материале упражнений и этюдов, импровизируя на основе хорошо знакомых небольших сказок. Прежде всего, это игры, упражнения и этюды, направленные на подлинность и целесообразность действия в предлагаемых обстоятельствах, то есть в придуманной ситуации.

Детям можно предложить следующие задания на действия с воображаемыми предметами: мыть руки, рисовать, наматывать клубок, стирать платок, лепить пирожки, забивать гвоздь, нести ведро с водой или песком, подметать пол, есть яблоко, вышивать, поливать цветы, играть на музыкальном инструменте, укачивать куклу и т.п. А также выполнять парные и коллективные упражнения: играть в мяч, тянуть канат, нести ведро, играть в снежки, бадминтон, передавать вазу с фруктами или поднос с посудой, искать иголку, бусинку или деталь от маленькой машинки.

Нафантазив к определенным действиям предлагаемые обстоятельства, дети переходят к разыгрыванию этюдов. В театральном искусстве этюд - это маленький спектакль, в котором должно происходить определенное событие в предлагаемых обстоятельствах, условиях, ситуации.

Они могут быть предложены педагогом или сочинены детьми. Причем предлагаемые обстоятельства могут дополняться педагогом и включаться детьми в этюд. По ходу исполнения.

Темы для этюдов должны быть близки и понятны детям ("Ссора", "Обида", "Встреча"). Умение общаться с людьми в различных ситуациях развивают этюды на вежливое поведение ("Знакомство", "Просьба", "Благодарность", "Угощение", "Разговор по телефону", «Утешение», «Поздравление и пожелания», «Покупка театрального билета» и т.п.).

Сочиняя этюд, дети должны дать ответ на многие вопросы: где я нахожусь, откуда пришел, когда, почему, кто, зачем? Можно предложить придумать этюды на основные эмоции. Такие этюды развивают умение передавать различные эмоции с помощью мимики и жеста. Те же способности, а также логику поведения развивают этюды на пять органов чувств (слух, зрение, вкус, обоняние, осязание). Дети самостоятельно или с помощью педагога придумывают место и обстоятельство действия, ситуацию, а потом разыгрывают свои этюды. Следующий этап - это сочинение этюдов по сказкам. Дети должны выбрать эпизод из сказки и сочинить по нему этюд. Например: «Колобок и лиса», "Красная шапочка у бабушки", "Дюймовочка" - невеста жука", "Возвращение медведей» (сказка "Три медведя").

Накопив определенный опыт в работе над сюжетными этюдами, можно переходить к импровизированным играм- драматизациям по хорошо знакомым сказкам. Дети делятся на 2-3 творческие группы и получают задание сыграть сначала одну и ту же, а в дальнейшем - разные сказки. Участники мини-спектакля должны самостоятельно распределить роли, уточнить развитие сюжета и нафантазировать предлагаемые обстоятельства.

Работа над этюдами и играми- импровизациями развивает многие качества, необходимые для участия в спектаклях, в том числе умение действовать в условиях вымысла и общаться, реагировать на поведение партнеров.

Создание спектакля с детьми - очень увлекательное и полезное занятие. Совместная творческая деятельность вовлекает в процесс постановки даже недостаточно активных детей, помогая им преодолеть застенчивость и зажатость.

В ходе подготовки к спектаклю необходимо соблюдать несколько основных правил:

- 1) не перегружать детей;
- 2) не навязывать своего мнения;
- 3) не позволять одним детям вмешиваться в действия других;
- 4) предоставлять всем детям возможность попробовать себя в разных ролях, не распределяя их среди наиболее способных.

При соблюдении этих основных правил, дети будут ждать каждой репетиции с нетерпением, работать с желанием и радостью.

Первая встреча детей с пьесой или инсценировкой должна быть эмоционально насыщена, чтобы пробудить интерес к предстоящей работе. Как правило, материалом для сценического воплощения служат сказки, которые дают "на редкость яркий, широкий, многообразный образ мира". Мир сказки с его чудесами и тайнами, приключениями и превращениями очень близок ребенку дошкольного возраста. Сказки пробуждают в детях умение сострадать, желание понять другого человека, чувство справедливости, стремление делать добро и бороться со злом.

Выбирая материал для инсценировки, необходимо отталкиваться от возрастных возможностей, знаний и умений детей, одновременно обогащать их жизненный опыт, пробуждать интерес к новым знаниям, расширять творческие возможности.

Занятие с детьми старшего дошкольного возраста включает 5 структурных разделов

1-й раздел—«Театральная игра»—направлен не столько на приобретение ребенком профессиональных умений и навыков, сколько на развитие игрового поведения, эстетического чувства, способности творчески относиться к любому делу, уметь общаться со сверстниками и взрослыми людьми в различных ситуациях.

Все игры этого раздела условно делятся на **два вида**: общеразвивающие игры и специальные театральные игры.

2-й раздел—«Ритмопластика»—включает в себя комплексные ритмические, музыкальные, пластические игры и упражнения, призванные обеспечить развитие естественных психомоторных способностей дошкольников, обретение ими ощущения гармонии своего тела с окружающим миром, развитие свободы и выразительности телодвижений.

3-й раздел—«Культура и техника речи»—объединяет игры и упражнения, направленные на развитие дыхания и свободы речевого аппарата, умение владеть правильной артикуляцией, четкой дикцией, разнообразной интонацией, логикой речи и орфоэпией. В этот же раздел включены игры со словом, развивающие связную образную речь, творческую фантазию, умение сочинять небольшие рассказы и сказки, подбирать простейшие рифмы.

Таким образом, условно все упражнения можно разделить на 3 вида:

1. Дыхательные и артикуляционные упражнения.
2. Дикционные и интонационные упражнения.
3. Творческие игры со словом.

4-й раздел—«Основы театральной культуры»—призван обеспечить условия для овладения дошкольниками элементарными знаниями и понятиями, профессиональной терминологией театрального искусства. В раздел включены следующие основные темы:

- Особенности театрального искусства.
- Виды театрального искусства.
- Рождение спектакля.
- Театр снаружи и изнутри.
- Культура зрителя.

5-й раздел—«Работа над спектаклем»—является вспомогательным, базируется на авторских сценариях и включает в себя следующие темы:

- Знакомство с пьесой.
- От этюдов к спектаклю.

Исходя из опыта работы, можно выделить десять основных этапов работы с дошкольниками над спектаклем:

1. Выбор пьесы или инсценировки и обсуждение ее с детьми.
2. Деление пьесы на эпизоды и пересказ их детьми.
3. Работа над отдельными эпизодами в форме этюдов с импровизированным текстом.
4. Поиски музыкально-пластического решения отдельных эпизодов, постановка танцев. Создание совместно с детьми эскизов декораций и костюмов.

5. Переход к тексту пьесы: работа над эпизодами. Уточнение предлагаемых обстоятельств и мотивов поведения отдельных персонажей.
6. Работа над выразительностью речи и подлинностью поведения в сценических условиях; закрепление отдельных мизансцен.
7. Репетиции отдельных картин в разных составах с деталями декораций и реквизита, с музыкальным оформлением.
8. Репетиция всей пьесы целиком с элементами костюмов, реквизита и * декораций. Уточнение темпоритма спектакля. Назначение ответственных за смену декораций и реквизит.
9. Премьера спектакля. Обсуждение со зрителями и детьми.
10. Повторные показы спектакля. Подготовка выставки рисунков детей по спектаклю, стенда или альбома с фотографиями.

Первый этап работы над пьесой связан с ее выбором. Готовая инсценировка по русским народным сказкам и по авторским сказкам русских писателей, провожу беседу о жизни и быте русских людей много лет назад, о том, во что они одевались, чем питались, какие обычаи соблюдали, как общались между собой.

Очень полезно для развития воображения, умения фантазировать предлагать детям сочинять жизнь героев до начала пьесы, помогая разнообразными вопросами. Ответы детей часто служат толчком для появления новых вопросов.

Второй этап предполагает деление пьесы на эпизоды. Дети пересказывают каждый эпизод, дополняя друг друга и придумывают им название. Например: "Отъезд купца", «Чудище и купец», «Возвращение купца» и т.д.

Третий этап - это работа над отдельными эпизодами в форме этюдов с импровизированным текстом. Сначала участниками этюдов становятся самые активные дети, но постепенно надо стремиться, не принуждая, вовлекать в этот процесс всех членов коллектива. Можно с куклами импровизировать поступки и диалоги героев.

Четвертый этап - знакомство детей с музыкальными произведениями, которые целиком или в отрывках будут звучать в спектакле.

Пятый этап - это постепенный переход собственно к тексту пьесы. На репетициях один и тот же отрывок повторяется разными исполнителями, т.е. один и тот же текст звучит много раз, это позволяет детям довольно быстро выучить практически все роли.

Шестой этап начинает собственно работу над ролью.

Седьмой этап-репетиция отдельных картин в разных составах. Надо следить за тем, чтобы дети не повторяли поз, а искали свои собственные варианты.

Восьмой этап - непродолжительный по времени. В этот период проходят репетиции всей пьесы целиком. Если до этого дети действовали в условных декорациях, с условными предметами (большие кубы, стулья, палки, платочки, флажки), то теперь используются подготовленные для спектакля декорации, бутафория и реквизит, а также элементы костюмов, которые помогают в создании образа.

Девятый этап- премьера спектакля - является одновременно генеральной репетицией, поскольку до этого момента дети ни разу не действовали в костюмах.

Последний, **заключительный, этап** - это повторные показы спектакля. Проблема развития речевой активности дошкольников является актуальной. Из всех видов художественной деятельности именно театрализованная ближе всего ребенку, поскольку в ее основе лежит игра-неиссякаемый источник детского творчества. С помощью театрализованных игр и упражнений можно развить у детей внимание и память, воображение и фантазию.

Занятия театрализованной деятельностью не только вводят детей в мир прекрасного, но и пробуждают способности к состраданию и сопереживанию, активизируют мышление и познавательный интерес, а главное - раскрепощают его творческие возможности и помогают психологической адаптации ребенка в коллективе.

По результатам диагностики у 80% старших дошкольников формируется быстрота речевых реакций в диалоге. 100% дошкольников отдают предпочтение играм и увлечениям связанных



с речью. 90% дошкольников быстро и точно выбирают слова для высказывания. 85% воспитанников используют в речи развернутые синтаксические конструкции. Достигнутые положительные результаты подтверждают гипотезу о том, что театральная деятельность эффективна в формировании и развитии речевой активности дошкольников.

Возможности театрализованной деятельности в развитии ребенка широки. В дальнейшем планирую изучить особенности ее организации и влияния на развитие воспитанников в рамках кружковой работы.

Литература:

1. М.М. Алексеева, В.И. Яшина "Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников. Минск 1997.
2. Ю.Л. Алянский "Азбука театра". 1998.
3. А.Г. Арошанова Дошкольный возраст: формирование грамматического строя речи у детей. Дошкольное воспитание. 1993. №9
4. О.А. Белобрыкина "Речь и общение". Ярославль. 1998.
5. Н.Е. Богуславская "Веселый этикет". Екатеринбург. 1997
6. А.М. Бородич "Методика развития речи детей". 1998.
7. И.П. Козлянинова "Речевой голос и его воспитание". 1985.
8. Г.А. Любина "Развитие речи дошкольников в общении". Минск 1999.
9. Г.А. Любина "Детская речь". Минск 2002.
10. Н.В. Пикулева "Слово на ладошке". Москва 1997.
11. "Развивающие игры для детей младшего дошкольного возраста". Москва 1991.
12. З.В. Савкова "Техника звучащего слова" Методическое пособие. Москва 1998.
13. Н.В. Самоукина "Игры в школе и дома". Москва 1995.
14. Н.М. Чистякова "Психогимнастика". Москва 1990.
15. Э.Г. Чурилова "Методика и организация театрализованной деятельности дошкольников. Москва 2003.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Жалмуханова Б.Х.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
«Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау»
кафедрасының аға оқытушысы, тренер*

Инновация—жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар — озық педагогикалық тәжірбиені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық, практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылған міндеттердің бірі—оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерді сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Білім

беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі–оқыту үрдісін технологияландыра отырып, білімнің кепілдік нәтижелеріне қол жеткізу. Ол үшін оқыту үрдісін өзгерте отырып, мұғалім шығармашылықпен жұмыстануы керек. Өйткені бұрын оқушы білімді қабылдаушы, жинақтаушы, өзіне сіңіруші рөлдерін ғана атқарса, ал қазіргі жаңа талап бойынша өздігімен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаны осы рөлдерді атқаруға лайықтау үшін оның жаңа бейнесін заман талабына сай дайындауымыз қажет. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың 80-ші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте, инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді».

Білім беру жүйесіндегі инновация–білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу мектепті басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу, мектеп тәжірибелік орын ретінде мектептің принципі жаңа білімділік бағдары мақсатын, мазмұнын, әдісін түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттама білім мен тәрбие беруді көздейді. Инновациялық процестің дамуына екі фактор ықпал етеді: объективті фактор – инновациялық қызметтің дамуына ықпал ететін және оның нәтижесінің ұғымын қамтамасыз ететін жағдай жасау. Субъективті фактор – инновациялық процестің субъектісімен байланысты, ол инновациялық процестердің субъектілері педагог-ғалымдар, мұғалімдер мен инновациялық бағыттағы білім саласының қызметкері болып табылады. Педагогикалық инновацияларды классификациялау нәтижесінде біз әдістемелік инновацияларды көбірек қолданамыз. Әдістемелік инновациялар–бұл оқыту мен тәрбие беру, сабақ беру мен оқу, оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастыру әдістемесі саласындағы инновация. Олар табиғи-ғылыми және гуманитарлық пәндерді қамтитын мектепке дейінгі тәрбиеден жоғары білім беруге дейінгі оқыту процесін, кадрларды даярлау және қайта дайындауды қамтитын білім беру саласында кең тараған. Жаңа нәтижеге бағытталған білім– инновациялық білім. Құзыреттілік білім беру жағдайында қоғамның мәдени, әлеуметтік, экономикалық сұранысты қанағаттандыратын, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын, теориялық білімін кез келген жағдайда өз іс-тәжірибесінде пайдалана алатын білім. Инновациялық білім беру– іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану–біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды болары сөзсіз деген пікірмен толықтай келісуге болады. Мұғалімнің айтқанын өзіне қайталаудан гөрі, оқушыларды іздендіре отырып, ой-пікірін тайсалмай айтуға ұмтылдыру баланың ойлау қабілетін дамытады. Яғни жаңа технология қарыштап дамып жатқан қоғамда инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі мол.





ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕПТІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ «БЕС АСЫҚ» ОЙЫНЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоланова Мархабат Ахметқызы

Атырау қаласы №39 орта мектептің

дене тәрбиесі пәнінің педагог - модератор мұғалімі

Қазақ елінің білім қоғамындағы іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру—қазіргі міндеттердің бірі. Қазақтың ұлттық ойындарының оқу және тәрбие үрдісінде оқушыларға сабақ беру кезінде пайдалану бүгінгі күнде өзекті мәселе болып табылады.

Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени мұрасының салт—дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән қонақжайлылық, мейірімділік т.б. сияқты қасиеттер халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой- өрісін жетілдірумен бірге өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Халықтық педагогиканың адам отбасы өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп өзінің өмірден байқағандарын іске асырып қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен қазақтың ұлттық ойындары «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Асық ату», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. алқымыздың асыл мұрасында баланың физиологиялық тұрғыдан жетілуіне ғана емес, қағылез, епті, алғыр болуына себін тигізетін ойындар баршылық. Өз кезегінде ол дана бабамыздың балаға, оның тәрбиесіне бей-жай қарамағанын, баса назар аударғанын білдірсе керек. Ал бұл ұлттық тәрбие, ұлттық білімнің түп-тамыры біз ойлағаннан анағұрлым тереңде жатқан тәрізді. Ойын техникасының ерекшелігі мен рухани маңызы.

Әрбір ойын өзіндік ережесімен ерекше. Бекітілген ережелері—ойынның қаңқасы іспетті. Ойынға әбден машықтанған адам мен қолына алғаш тас ұстаған ойыншыны ажырату оңай. Ал адамзат баласы еңбек құралдары есебінде тас, ағаш, сүйектерді қолданып жүргенде-ақ пайда болып, қалыптасқан бестас ойынын ойнау оңайдың ісі емес.

«Кез-келген ойын белгілі бір ережеге, тәртіпке бағынатыны анық. Бес тас ойынын да ата-бабаларымыз сондай бір керемет ережелермен бекіткен. Яғни бірінші қатысатын адам саны анықталады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу жоқ. Кемінде екі адамнан басталады. Ойнау үшін ең бірінші тас таңдалып алынады. Яғни қойдың құмалағынан үлкенірек домалақ бес тас таңдалады. Ойыншылар жиналғаннан кейін, олардың ретін анықтау мақсатында бес тасты жоғары лақтырып, алақанға жинап, қайтадан жоғары лақтырады. Қаршып алу кезінде кім көп тас қаршып алса, соған байланысты ойыншылардың реттік тәртібі белгіленіп отырған. Ойыншылар тәртібі белгіленгеннен кейін бірлік ережесі бойынша ойын басталады».

Бес тас ойынының әдіс-тәсілін таныс адамдар оның алуан түрі мен кезеңдерін білетін болар. Ойын «балта шабу», «тоқылдақ», «тарактау», «құдыққа салу», «қуалау», «кедергі» сияқты көп кезеңнен тұрады. «Кедергі» аталатын кезеңге ойынды әбден меңгерген, епті, қағылездер ғана өте алған.

«Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігі» еңбегінде «бестас» ойыны туралы мағлұмат кездеседі. Бұл мағлұматтар арқылы «бестас» ойынының сақ-ғұндардан бері келе жатқан ойын екеніне көз жеткізуге болады.

Адамды жылдамдыққа, қағылездікке, тез шешім қабылдауға үйрететін, тарихы сонау ежелден басталатын таспен ойналатын ойынның «бестас» аталу себебі ойында бес тастың пайдаланылуымен байланысты.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе «Көкпар», «Асық», «Теңге алу» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйрете отырып, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Ұлттық ойындар ережесін түсіндіру, қызықтыру арқылы меңгерте отырып, мен неше түрлі қызықты көрнекі құралдар мен атрибуттарды сабағымда қолданамын. Осы атрибуттарды сабақта қолдануыма ата-аналар көптеп көмек көрсетуде. Ұлттық ойындарды мектептегі дене тәрбиесі сабағында қолданудың заманға сай әдістерін ойлап табу әрине қиын. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі. Ұлт ойындары өте күрделі дүние, ол адам баласының табиғи әрекеті. Сабақтың барысында сол табиғилығын сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану сабақтың әр кезеңінде оқушылардың көңіл-күйіне психологиялық жағынан барлау жасай отырып, білгірлікке әрекет жасауды талап етеді. Ойнаушылардың саны екіден бес-алтыға дейін барады. Ойын тақыр жерде өтеді. Бауырсақтай доп-домалақ бес тас керек. Өйткені сүйірленген тастар ойнағанда, иірген кезде өз еріктерімен домалап түспей біріне бірі бөгет жасайды және қолға ұстауға да ыңғайсыз. Ойын ережесі. Балалар ең алдымен кім кімнен кейін ойнайтындығын бес тасты жоғары лақтырып, алақанның сыртына түсіріп, содан қаршып қағу арқылы кезек алысады. Ең көп қаршығаны бірінші, одан азы екінші, тағысын тағы солай кете береді. Бірінші кезек алған ойыншы бес тасты ойынның шартын бұзғанға дейін қаға береді, одан кейін екінші кезектегі ойыншы ойнайды, одан үшінші кезектегі ойнайды, тағысы тағы, кезектесіп ойын жалғаса береді. Ойын бірліктен басталады. Бес тасты иіргеннен соң біреуін қақпа тас етіп алып, қалған төрт тасты жеке-жеке бір-бірлеп қағып алады. Екінші рет иіріп екілікті ойнайды, онда жердегі төрт тасты екі-екіден қағып алады. Үшінші рет иіріп үш тасты бірге, бір тасты бөлек қағып алады. Төрттікте қақпа тасты лақтырып төрт тасты жерге қойып, тағы лақтырып төртеуін жерден қайта алуы керек. Бесінші ойын—«жалақ». Жалақты үш жалау, немесе бес жалау болады. Қақпа тасты лақтырып жіберіп сұқ қолымен жерді үш рет жалауы керек, немесе ойынның шарты бойынша бес рет жалауы керек. Үш жалау немесе бес жалау ойыншылардың өзара келісімдері бойынша тағайындалады. Алтыншы ойын – «алақан». Мұнда қақпатасты лақтыра отырып қалған төрт тасты бір-бірлеп екінші қолдың алақанына жинаулары керек. Жетінші ойын—«төртбұрыш». Төртбұрышты төрт тасты төрт жерге қойып, яғни төртбұрыш шығарып, қақпа тасты биіктете лақтырып төртеуін де жинап алып қағулары керек. Төртбұрыштың үлкендігі ойыншылардың өзара келісімдері бойынша қойылады. Сегізінші ойын—«арттантастау». Бұл ойында жерден бірінші тасты қағып алып, енді екінші тасты алғанда бірінші тасты қолдың артынан жерге тастау керек, одан үшінші тасты алғанда екінші тасты арттан тастау керек. Содан кейін жерден тастардың бәрін жинап қағып алу керек.

Тоғызыншы ойын—«үндемес». Бұл ойында қақпа тасты қағып алғанда қолдағы жерден алған тасқа соғыстырмау керек. Ойынның шарты бойынша үндеместі ойнаған кезде тастардың даусы тұрмақ, ойыншының өзі де үндемей отырғаны абзал. Басқа балалар ойынның осындай сәтін пайдаланып қалғысы кеп үндеместі, яғни ойнап отырған баланы күлдіруге тырысады. Бұған ойыншының берілмеуі керек, себебі дыбысы шығып қалса, онда ойыншарты бұзылды деп есептелінеді де, бес тастық елесі кезектегі ойыншы алады. Оныншы ойын – «сарт-сұрт». Бұл ойын да бірлік сияқты, әр тас жеке-жеке қағылып алынады. Бірақ қақпатаc пен жерден алынған тастың сартылдаған дауысы естілуі керек. Он бірінші ойын – «қаршу». Ойыншы бес тасты иіріп жерге тастайды. Содан кейін қақпатаcын алады. Оны алып болғаннан соң қалған төрт тасты бір-бірілеп қаршып алуға тиіс. Он екінші ойын – «нәби». Бұл ойында сол қолдың бас бармағы мен сұқ қолын жерге тұрып, оң қолымен сол қолдың сыртынан тастарды алдыға иіріп тастайды. Ал қақпатаcты алғаннан кейін «Нәби» сайланады. Нәбиді басқа ойыншылар сайлайды. Нәби ойыншылардың келісімі бойынша не алдыдан, не артынан, не біртаcтың екіншісіне тиіп тұрғаны, әйтеуір қиын жердегісі сайланады. Ойыншы нәбиді басқа тастарды өткізіп болғаннан кейін ең артында өткізеді. Ең ақырында бәрін ойнап біткеннен кейін ойыншылар біріне бірі ұпай салады. Ұпай салудың бірнеше түрлері бар. Біріншіден, бес тасты қолын айналдырып лақтырып қағып алу керек. Екіншіден, бес тасты түгел лақтырып, алақанның сыртына түсіріп, одан қайта лақтырып қаршып алуы керек. Содан қанша тас қағып алса, сонша ұпай салады. Өртас –он ұпай. Егер бес тасты түгел қақса, онда 50 ұпай алады. Осылай ойын жалғаса береді. Ұпай салушылар ұпайды тек өзінен кейінгі кезектегі ойыншыға ғана салады. Ойынның шарты бойынша тастарды қаққан кезде басқа тастарды қозғалтпаулары керек.«Бес тас» ойынында баланың ұсақ моторикасы дамиды, математикалық ой-өрісін арттырады, логикалық ойлауы жетіледі, қимыл-қозғалыста болады. Мен «Бес тас» ойынын топқа бөлу арқылы үйретудемін. Сабақ барысында оқушылар өте қызығушылық танытып, үйренуге деген талпыныстары байқалды. Әсіресе, дене тәрбиесі сабағынан босатылған оқушылар отырып «Бес тас» ойынын ойнауға болады. Бұл ойынның бір қасиеті оқушыларды төзімділікке, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа үйретеді. Қазақтың ұлттық ойындарын көптеген спорттық түріне байланыстырып қолдануға болады.

Ұлттық ойындар дене тәрбиесі сабақтарын дамытудағы негізгі құралы болып табылады. Бұл ойындарда көптеген тәсілдер жүйесі, үйрету мен тәрбиелеу әдістері жинақталған. Олар ұрпақтан-ұрпаққа таралып, әдет-ғұрып, салт-сана білімдерінің жиынтығы ретінде халық өмірін жан-жақты түрлендіруде. Арнайы спорт жабдықтары мен құрал-саймандарды көп қажет етпейтін қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Қазақтың ұлттық ойындарының дамымаған түрлерін тауып, дене тәрбиесі сабағына көптеп қолдануға шақырамын. Бұл ойындар адамның ой-өрісінің, өмірге көзқарасының дамуына, сана-сезімнің өсуіне мол мүмкіндіктер туғызуымен қатар адамның дене дамуына және рухын көтеруіне көмектеседі. Ойынға қатысушылардың ойын ережесін қалай түсінетіне байланысты, олар ойынның адамгершілік нормасының қоғамға, ал керісінше қоғамның ойынға бағытталуында. Бұл ойындардың құндылығы—ойын кезінде адамгершілік мінез-құлық, өзара сыйласу, татулық, ұжымда бір-бірімен тіл табысу сияқты мінездер қалыптасады. Арнайы спорт жабдықтары мен құрал-саймандарды көп қажет етпейтін қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.

Қорыта келе, сабақта және тәрбиеде, бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдалансақ дене шынықтыру пәнінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болашақта білім беру мекемелерінен осындай ұлттық ойындарға арналған үйірмелер ашылса нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Бес тас ойынының тарбиелік мәні өте зор және өміршең. Әрбір бала өзін қазақпын деп есептесе өзінің ұлтының дәстүрін, ойындарын жатқа біліп, соны пайдаланып өсуге тиіс. Сонда ғана біз оларды ұлтжанды ұрпақ, патриот ете аламыз.



ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ Жумаханова Айнұр Кабдулхаметовна

Атырау қаласы № 38 мектеп – лицейдің география пәні мұғалімі

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі–жаңа технологиялар екені баршамызға мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс–тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс–тәсілдерді мұғалім ізденіс арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне, қарап іріктеп қолданылады. Мұғалім өзіне тиімді, пайдалысын жетілдіре түседі. Демек берілетін білім де, тәрбиелік тәлім де шәкірттің шамасына үйлесімді, таным – түсінігіне сәйкес келсе ғана жүзеге асады.

География пәні– өзіндік ерекшелігі бар пән. Ол жалпы құрлық–жер бетін, планетамызды, ондағы тіршілік ететін өсімдік– жануарлар дүниесін, жер бедерін, байлығын және өмір сүріп отырған бірнеше мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың тіршілігін зерттеп үйрететін ғылым.

Географиялық білім беру жолдары:

Әрбір пән мұғалімінің мақсаты–оқушыларға сапалы білім беру. Сабақта қолданылған оқытудың әр түрлі әдістері оқушылардың білім сапасын арттыруда және пәнге қызығушылығын, сонымен қатар әр баланың іскерлігін, ізденімпаздығын, байқау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сабақта қай тақырыпта болса да ғылыми–теориялық әдебиеттер, оқу–әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, электронды материалдар, т.б. пайдалануға болады. Басқа пәндерге қоса географиядан да тиянақты білім берудің негізі– географиялық білім түрлерін жүйелі оқыту. Географиялық білім түрлерін атап айтар болсақ: геологиялық, климаттық, картографиялық, номенклатуралық, топонимикалық, тарихи, экологиялық және экономикалық білім деп бөлуге болады.

Геологиялық білім арқылы оқушылар жер қыртысының тұрақты және тұрақсыз түрлерімен танысып, соған байланысты табиғаттың бірнеше ғасыр бойы табиғи жолмен даму тарихынан білім алады. Бұл теориялық білімдерін танымжорық кезінде өз өлкесінен жинап алған тау жыныстарының түрлерін анықтауға тапсырма беру арқылы практикалық дағдыларымен ұштастыра аламыз.

Климаттық білім–жер бетіндегі климаттың климат туғызушы факторларына тәуелділігін, ауа-райы құбылыстарының шаруашылықты ұйымдастыруға әсерін үйрете отырып, картаны пайдалану және оны оқи білуге баулу, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру арқылы беріледі.

Картографиялық білім– оқушылар картамен жұмыс істеу кезінде беріледі. География сабағында жер бедерінің формасын анықтауда, масштабты қолдана отырып қашықтықты есептеуде, климаттық картаның көмегімен әр материктің климатын оқи біліп, климатты қалыптастырушы факторларды анықтауда, елдердің физикалық–географиялық жағдайын сипаттауда және экономикалық географиясына, т.б. сипаттама беруде географиялық картаның маңызы зор.

Номенклатуралық білім- оқушы картамен жұмыс істеп, географиялық атауларды меңгеріп отырса беріледі. Мысалы, 6 сыныптың литосфера тарауында ең биік 10 тау, ең ірі 10 жазық, гидросфера тарауында ірі 10 теңіз, ең ұзын 10 өзен, ең ірі 10 көлді картаға түсіріп жаттау арқылы білімін арттырса, дүние жүзінің әлеуметтік–экономикалық географиясы сабағында жер көлемі ірі елдер, халқының саны көп 10 ел, экономикасы дамыған елдерді анықтап, есте сақтаулары арқылы номенклатуралық білімдерін арттырамын. Осындай тапсырмалар арқылы оқушылар картамен жұмыс істеуге төселіп, олардың танымдық білімдері мен есте сақтау қабілеттері артады. Егер оқушы өзінің оқыған географиялық атауларының шығу тегімен танысып, тоқталып, мән беретін болса, топонимикалық білімі бекітіледі. География сабағында оқушыларға өздерінің қалауы бойынша үш сөздің тарихын тауып келуге тапсырма беру арқылы оларға шығармашылық жұмыс істеуге жағдай жасаймыз.

Экологиялық білім -табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеуде, туған жерге деген перзенттік адамгершілік борышын сезінуге көмектеседі. Түрлі экологиялық тапсырмалар, яғни өз ауылындағы бұлақтар немесе өзеннің табиғат компоненттерінің ерекшеліктерін сипаттау, жыл мезгілдері бойынша өзгерістерін бақылау, ауыл халқының тұрмысы мен шаруашылығында алатын орнын анықтау, адам әрекеті нәтижесінде болатын табиғаттағы өзгерістердің себебі мен оны жою жолдарын табуда оқушыларға тапсырма беру арқылы экологиялық білімдерін өз беттерінше арттыруларына көмектесе аламыз.

Экономикалық білім - де экономикалық білім жүйесін игеру барысында, экономикалық есептеуде, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, өндірістегі іс-әрекет экономикасын талдау арқылы меңгеріледі. Оқушыларға нарықтың құрылымы мен кәсіпкерлік жүйесін ұғындыруда, нарықтық білім берудің бағыттары мен кәсіпкерлікке баулудың әлеуметтік педагогикалық қажеттілігін түсіндіреді. Сонымен қатар, оқушыларға нарықтық ұғымдарды оқыту барысында экономикалық білімдерін қалыптастырады. Оқушыларға ауыл халқының өсу динамикасын анықтау, әр шаруа қожалықтарының шаруашылықты ұйымдастыру ерекшеліктерімен танысу, қорытынды жасау, өнімнен түсетін қаржыны болжау жұмыстарын үйрету арқылы экономикалық білім беруге болады.

Мұғалім жоғарыдағы білім түрлері арқылы география пәндерін оқытуда оқушылардың танымдық деңгейін арттырады. Яғни, оқушылар өз беттерімен тапсырма орындап, оқу материалдарының мазмұнын жақсы меңгеріп, өз ойларын толық және дәлелді жеткізуге төселеді. Олардың ойлау және сөйлеу қабілеттері артады. Өз беттерімен керекті материалды тауып, тапсырмаларды дұрыс орындауға үйренеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз–оқушының оқуға, білімге деген ынта–ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл–ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б.

Танымдық әрекет–шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл–ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл – амалдарынан тұрады. Танымдық белсенділікті бір ғана белгімен көрсетуге болмайтын ұғым, оның алуан қырлы сипатын айқын көреміз. Сондықтан оқу барысында оқушының таным белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас–ынтасын шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастырады.

Сонымен қатар география сабақтарында экскурсияның маңызы зор.

Экскурсия жұмысының мақсаты–оқушылардың сабақта алған теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастыру, бекіту. Сондықтан оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда маңызы зор. Ол барлық оқу пәндерінде, әсіресе физика, химия,

биология, тарих сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл оқушылардың оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді.

Географияны оқытуда тиімді педагогикалық технология ретінде В.Шаталовтың ұсынған әдісі негізінде тірек–конспект, диаграмма, график, логикалық тірек – сызбасы қолданылады.

Дамыта оқыту. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту үрдісі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді.

Модульдік технология. Бұл оқыту технологиясының негізі – оқушының танымдық белсенділігін, танымдық іс – әрекеттерінің әр түрлі іс – әрекеттерін (есту, көру, т.б) ойлау, зейін (назар) қабылдау әрекеттерін, ойын арқылы және сөздік байлықтарын дамыту.

Бүгінгі таңда білім берудің жаңаша негізін жоғары технологиялар құрауда. Дәстүрлі білім беруден бас тартып, жаңашылдыққа ұмтылу кезеңі басталды. Жаңа технологиялардың бірқатары Қазақстан мектептеріне еніп отыр. Жаңа педагогикалық технологиялар интеграция және дифференциация ұстанымдарына негізделеді. Интеграция ұстанымы денсаулығын сақтай отырып, оқушы жүктемесі мен уақытты тиімді пайдалану проблемасын шешсе, дифференциация ұстанымы оқушымен жеке түрде мақсатты жұмыс жүргізуге негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Әбілқасымова, Р.Омарова «Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері» А., 2016.

2. Н.В.Щуркова «Педагогическая технология – как учебная дисциплина» М; 2013.

ПОДГОТОВКА СТУДЕНТОВ К РУКОВОДСТВУ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОЕКТНЫМ МЕТОДОМ

Кабиева Алия Самигуллаевна

преподаватель

Атырауский колледж энергетики и строительства, г. Атырау

В связи с требованиями общества к современному образованию, служащему базой для дальнейшего самоопределения в условиях постоянно изменяющихся требований к профессиональной деятельности, необходимо готовить кадры с латеральным мышлением, способных в любом виде творческой деятельности увидеть новые идеи или аналогии.

На современном этапе развития образования главной становится задача воспитания думающего человека, способного ориентироваться в меняющихся условиях, потоке информации, готового к творческому поиску. Как же это сделать? Надо студента поставить в ту или иную ситуацию, выход из которой он должен найти сам (может быть с некоторой помощью преподавателя). Это довольно успешно решается при использовании в образовательной практике проектной деятельности студентов. Главным критерием деятельности преподавателя является представление о конечном результате: хотим ли мы дать студенту определенный набор знаний по предмету или сформировать личность, готовую к творческой деятельности. Только тогда, когда учебная деятельность, направленная на овладение основами наук и на развитие личностных качеств, сформирована на более высоком уровне, начинает ясно проявляться ее творческая сторона. Очень важно развивать у студента творческие способности, независимо от того, хорошо он учится или не очень. А такие способности есть у каждого студента. Необходимо, чтобы обучение было направлено на формирование творческой личности. И хотя человек не всегда имеет возможность для создания чего-то нового в той или иной сфере деятельности, но, будучи личностью, он всегда готов к творческому самовыражению.

Модернизация казахстанского образования с неизбежностью влечёт за собой необходимость поиска новых подходов к преподаванию русского языка. Обращение к нетрадиционным формам обучения предполагает влияние педагога на деятельность каждого

студента и вовлечение его в активную учебно-практическую деятельность. Одной из наиболее органичных и эффективных форм преподавания русского языка является метод проектов.

В настоящее время развитие мирового и, в том числе, казахстанского общества непосредственно связано с процессом внедрения современных информационных технологий во многие сферы человеческой деятельности. В Казахстане применение информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в системе образования осуществляется в рамках государственной политики информатизации общества и образования.

Одним из приоритетных направлений процесса информатизации современного общества является информатизация образования – процесс обеспечения сферы образования методом и практикой разработки оптимального использования новых информационных технологий, ориентированных на реализацию психолого-педагогических целей обучения и воспитания. Этот процесс инициирует преподавателя колледжа на выполнение следующих обязательных условий:

- совершенствование методологии и стратегии отбора содержания, методов и организационных форм обучения, воспитания, соответствующих задачам развития личности обучающегося в современных условиях информатизации общества;

- создание методических систем обучения, ориентированных на развитие интеллектуального потенциала обучающегося, на формирование умений самостоятельно приобретать знания, осуществлять информационно-учебную, экспериментально-исследовательскую, самостоятельную деятельность по обработке информации.

Важным отличием творческой деятельности является то, что решения поставленных задач ищутся в условиях неоднозначности исходной информации и критериев оценки конечного результата. В помощь этому разрабатываются специальные методы, которые в состоянии освоить и студенты. Одним из таких методов является метод проекта.

Метод проектов—это способ достижения дидактической цели через детальную разработку проблемы (технологии), которая должна завершиться вполне реальным, осязаемым практическим результатом, оформленным тем или иным образом, это совокупность приемов, действий студентов в их определенной последовательности для достижения поставленной задачи —решения проблемы, лично значимой для студентов и оформленной в виде конечного продукта.

Основное предназначение метода проектов состоит в предоставлении студентам возможности самостоятельного приобретения знаний в процессе решения практических задач или проблем, требующего интеграции знаний из различных предметных областей. Если говорить о методе проектов как о педагогической технологии, то эта технология предполагает совокупность исследовательских, поисковых, проблемных методов, творческих по своей сути. Преподавателю в рамках проекта отводится роль разработчика, координатора, эксперта, консультанта.

То есть, в основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков студентов, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления.

Данный метод можно использовать на любом предмете. Проектная деятельность студентов как раз может быть и использована на уроках русского языка. Это позволит более полно и всеобъемлюще рассматривать материал уроков и поддерживать интерес студентов при изучении тем. Проекты студентов показывают, как можно применить эти знания, они ищут ответ на вопрос «зачем», показывают все свои умения и навыки. В методе проектов происходят соревнования между группами студентов, что значительно повышает самоконтроль студентов, а главное, хорошо активизирует деятельность. Успешная защита проекта побуждает студента к дальнейшим действиям. Они обмениваются информацией, иногда спорят, помогают друг другу найти ответы на вопросы, вместе находят ошибки, тем самым лучше понимают материал уроков, и, конечно, сплачивается коллектив. При этом свои знания могут показать не только хорошо успевающие студенты. Могут раскрыться таланты и

способности у студента, которому было не интересно и не понятно на уроке, в результате плохой успеваемости.

Метод проектов на уроке русского языка способствует развитию наблюдательности, умению видеть необычное в знакомых вещах, задавать себе вопросы о тех явлениях, с которыми встречаются в жизни, ставить перед собой цель и формулировать итоги своей самостоятельной деятельности.

В качестве примера проектной деятельности студентов можно привести проект по теме: «Речевой портрет студента», «SMS как новый речевой жанр», «Сложные случаи орфографии» и т. д.

Метод проектов активизирует обучение, т. к. является личностно ориентированным, построен на принципах проблемного обучения, использует множество разнообразных подходов, способствует возрастанию интереса к предмету, позволяет учиться на собственном опыте и, безусловно, приносит удовлетворение учащимся, видящим результат собственного труда.

Положительными сторонами метода проектов является направленность на активизацию и индивидуализацию обучения, стимулирование студенческой инициативы и роста творческой активности.

Более плодотворно проектная методика ведется в группах, т.к. в этом случае наряду с самостоятельной организацией собственной деятельности, самоконтролем и самоанализом, студент приобретает опыт взаимодействия в творческом коллективе, формирует представление о принципах сотрудничества и организации коллективной работы.

Наличие современной компьютерной техники, подключение к Интернету расширяет возможности и делает применение метода проектов гораздо интереснее и проще. Используя компьютер, студент может работать над проектом в домашних условиях, а Интернет позволяет участвовать и в глобальных проектах.

Метод проектов относится к высоким педагогическим технологиям и требует тщательной подготовки, как со стороны преподавателя, так и со стороны студентов, и не менее тщательной координации всей деятельности ребят в процессе работы над проектом. Вместе с тем, из технологии метода проектов достаточно очевидна его направленность на интеллектуальное развитие личности будущего специалиста, на формирование его критического и творческого мышления. При этом студенты приучаются выполнять разные социальные роли (лидера или исполнителя, организатора совместной деятельности, генератора идей, оформителя результатов совместной деятельности и т. д.). Все это потребует им в жизни, ибо работа в малых группах сотрудничества - одно из основных направлений социализации личности. Таким образом, метод проектов действительно можно рассматривать как один из наиболее эффективных методов, позволяющих достигать поставленные цели современной системы обучения и воспитания.

Работа над проектом способствует развитию творческих способностей обучающихся. В ходе работы, над проектами обучающиеся учатся приобретать знания самостоятельно, пользоваться приобретенными навыками для решения практических задач. Развивают свои коммуникативные навыки (с одной стороны, проект индивидуальный, с другой – автор вынужден постоянно контактировать с другими студентами, преподавателями, обращаться за помощью, советом и конструктивной критикой). Обучающемуся потребуются умение пользоваться исследовательскими методами: собирать необходимую информацию, факты, анализировать их, делать выводы.

Метод проектов позволяет формировать некоторые личностные качества, которые развиваются лишь в деятельности и не могут быть усвоены вербально (скажем, через рассказ или пояснение). В первую очередь, это относится к групповым проектам, когда действует небольшой коллектив. К таким качествам можно отнести умение работать в коллективе, брать на себя ответственность за выбранное решение, анализировать результаты деятельности. И еще очень важна способность ощущать себя членом команды: подчинить свой темперамент,



характер, время интересам общего дела. Участие в проекте позволяет приобрести уникальный опыт, невозможный при других формах обучения.

Таким образом, мы можем сказать, что основная проблема работы заключается в определении условий обучения русскому языку на основе метода проектной деятельности на среднем этапе обучения.

Объектом данной работы является метод проекта, как один из методов обучения русскому языку.

Предметом является выявление роли поэтапной работы над проектом как фактор успешной организации проектной деятельности в целом.

Цель исследования состоит в том, чтобы разработать методические рекомендации по организации проектной деятельности.

Проекты, предназначенные для обучения языку, обладают как общими для всех проектов чертами, так и отличительными особенностями, среди которых главными являются следующие:

- использование языка в ситуациях, максимально приближенных к условиям реального общения;
- акцент на самостоятельной работе студентов (индивидуальной и групповой);
- выбор темы, вызывающей большой интерес для студентов и непосредственно связанной с условиями, в которых выполняется проект;
- отбор языкового материала, видов заданий и последовательности работы в соответствии с темой и целью проекта;
- наглядное представление результата.

Главная задача в развитии креативных способностей студентов – это развитие мыслительной деятельности студентов. При этом ориентироваться нужно не на уже достигнутый студентом уровень развития, а немного забегать вперед, предъявляя к его мышлению требования, несколько превышающие его возможности, то есть не на уровень актуального, а на зону ближайшего развития.

Занятие творческой деятельности проектным методом у студентов создает предпосылки для успешной социализации личности студента и его адаптации к постоянно меняющимся условиям окружающего мира. Только такая личность способна жить и творить в информационном обществе.

Список литературы:

- Бабанский К.С. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. -Москва: Просвещение, 1985. -213с.
- Барменкова О.И. О работе над проектом//Русский язык в школе .-1997.-№3-С.25-27.
- Бондаревская Е.В. Ценностные основания личностно-ориентированного воспитания. - Ростов-на-Дону, 1995.-147с.
- Гульчевская В.Г., Гульчевская Н.Е. Современные педагогические технологии. - Ростов-на-Дону: Издательство-РИПК и ПРО,1999.- 346с.
- Мазур И.И. Управление проектами.- Москва,2005.-655с.
- Побокова О.А., Немченко А.А. Новые технологии в обучении языку: проектная работа. - Иркутск, 2003.-432с.

РАЗВИТИЕ ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ ЗОРКОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Сатыбалдиева Эльза Темирхановна

*Учительница русского языка и литературы
СШ №19 имени К.Сатпаева, город Атырау*

Проблема орфографической грамотности является одной из ведущих в курсе русского языка. Как научить учащихся грамотно писать, умело применять орфографические правила? Эти вопросы постоянно возникают у учителя - языковеда.

Необходимость изучения орфографии продиктована временем. Для каждого подростка вне зависимости от его завтрашней профессиональной службы важно овладеть языком, совершенствовать речевые умения, потому что успех в речевом развитии определяет результативность в усвоении других школьных предметов, а в дальнейшем вузовских дисциплин. Точная, грамотная и выразительная речь, грамотное письмо, владение разными видами чтения воспринимаются как признак воспитанности и образованности личности и в значительной мере определяют общественную и профессиональную активность человека.

В своей работе ставлю следующую цель: развивая орфографическую зоркость на уроках русского языка, сформировать лингвистическую, коммуникативную, информационную компетенции учащихся.

Образовательные задачи: формировать орфографические навыки учащихся: умение видеть и находить изученные орфограммы, определять особенности этой орфограммы, научить учащихся классифицировать орфограммы, применять изученные правила на письме.

Развивающие задачи: способствовать формированию всесторонне развитой личности учащихся, их мышления, языковой интуиции, творческих способностей, развивать умение самостоятельно работать со словарями, совершенствовать речевые умения учащихся, развивать навыки контроля и самоконтроля, развивать исследовательские умения.

Воспитательные задачи: формировать навыки совместной деятельности, развивать сознание собственной деятельности через рефлексию.

Для формирования орфографической грамотности на уроках применяю орфографическое чтение. Орфографическое чтение-это побуквенное проговаривание слова: слово читается так, как пишется. При таком чтении запоминание орфографического облика слова осуществляется тремя видами памяти: зрительной, слуховой и речедвигательной. Ребёнок видит слово, слышит его и произносит его в том облике, как оно пишется.

Заниматься выработкой орфографических навыков необходимо постоянно: при изучении всех разделов языкознания (морфологии, словообразования, синтаксиса и т.д.) и на всех этапах обучения (объяснения нового материала, закрепления, повторения).

Таким образом, для того чтобы научиться грамотно писать, надо «опознавать» и отличать части речи. Непременным условием овладения нормами современной русской орфографии и умение членить слово на морфемы. Не случайно многие учёные-языковеды считают «золотым правилом» русской орфографии морфемный принцип написания слов. Учащиеся должны уметь выполнять морфемный разбор слова и видеть, в какой морфеме находится орфограмма.

На уроках русского языка для развития орфографической зоркости как способа формирования орфографической грамотности применяю современные технологии: здоровьесберегающую, информационно-коммуникативную, игровую, технологию проблемного обучения и другие технологии. Следует отметить, что использование ИКТ необходимо для развития орфографической зоркости как способа формирования грамотности учащихся. Применяю различные электронные мультимедийные пособия.

Во-первых, это электронные уроки и тесты, которые содержат теоретический, практический и тестовый материал по всем темам. Каждый такой урок имеет красочные иллюстрации, таблицы, схемы. Теоретический материал в большинстве случаев подаётся блоками, что даёт возможность овладевать учащимся образовательными компетенциями и экономить время на практическую работу над орфографическими правилами.

Во-вторых, на уроках для формирования орфографической грамотности использую электронные сопровождения в виде презентаций. Презентации отражают основные понятия, схемы, таблицы, алгоритм применения орфографического правила. Презентации на уроке важны, так как наглядность представленного материала красочна, поэтому изучаемые орфограммы легко запоминаются учащимися.

Для формирования орфографической грамотности применяю технологию проблемного обучения.



Целенаправленно создаю проблемные ситуации. Предлагаю учащимся задания, когда они сталкиваются с проблемой. Например, провожу объяснительный диктант, в который включаю слова с проверяемой и непроверяемой гласной в корне, в конце диктанта называю слово с чередующейся гласной. Учащиеся не смогли объяснить правописание последнего в диктанте слова, сформулировать правило, классифицировать орфограмму. Учащиеся столкнулись с фактом недостаточности знаний. Осознание этого стимулирует поиск новых знаний. Проблемное обучение развивает мыслительные действия, вызывает интерес к орфографии, пробуждает творческие силы и, конечно, влияет на результативность. Учащиеся владеют приемами решения проблем в учебных ситуациях, стремятся преодолевать трудности, то есть противостоять неуверенности и неопределённости, умеют выбрать оптимальный вариант решения проблемного вопроса.

В обучении использую личностно-ориентированный подход, учитываю особенности характера, интересы, способности учащихся, создаю условия для познавательной активности учащихся. Личностно – ориентированный подход необходим, так как создаёт эмоциональное благополучие учащихся на уроке, влияет на успешность учебной деятельности.

На уроках русского языка для формирования орфографической зоркости реализую следующие принципы:

-принцип научности (от простого к сложному); системности и поэтапности действий; продуктивного сотрудничества; принцип учёта возрастных особенностей учащихся; психологического комфорта;

-принцип креативности (ориентация на творчество) и другие принципы. Применяю следующие методы: объяснение, беседу, метод опорного конспекта, информационный метод, метод проблемного обучения, «портретной орфографии», метод проектов, исследования и другие методы.

На уроках провожу работу над ошибками не только после проведённого диктанта, но и после каждой домашней работы учащихся, чтобы ещё раз закрепить правописание слов, в которых были допущены ошибки. Работа над ошибками может быть самостоятельной, групповой. Провожу работу над ошибками, предлагая учащимся интересные задания «По следам ошибок», «Найди и исправь».

В дальнейшем предстоит очень большая работа по развитию орфографической зоркости как способа формирования грамотности на уроках русского языка, по формированию лингвистической, коммуникативной, информационной компетенций, но главное, чтобы учитель при этом проявлял своё педагогическое мастерство, а учащиеся не потеряли бы интерес к предмету и любовь к русскому языку.

Список литературы:

- 1.Н.А.Бублеева «Работа над трудными по орфографии словами» Л., 2005.
- 2.И.В.Борисенко «Понятие «орфограмма» в начальном курсе обучения правописанию» М.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ Махметова Қарлыға Адайбекқызы

Атырау қаласы

*Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған
№30 мектеп – гимназиясының жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі*

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады.

Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады, сондықтан оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың маңызы зор.

Танымдық белсенділік дегеніміз-оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Ал, «таным-ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үрдісі». Таным теориясы оқу әрекетіне тікелей қатысты. Білім игеру әрқашан таныммен байланысты келеді. Оқудың міндеті-табиғат, қоғам және оқушының психикалық процестерінің даму заңдылықтарын оқушы санасына ендіру. Таным мен оқу арасында жалпы ортақтастық көп. Оқушы қоршаған дүниені тану арқылы дамиды, кемелденеді. Оқу жұмысын таным істерінің өзінше бір формасы ретінде қарастыруға болады.

Оқу-танымдық іс-әрекет-бұл арнайы оқушының өзі ұйымдастырған және адамзат баласы жинақтаған мәдени байлықты игеру мақсатында сырттай тану. Оның пәндік нәтижесі ғылыми білім, білік, дағды, тәртіп үлгісі және оқитындар меңгеретін іс-әрекеттер түрлері болып табылады. Оқу-танымдық іс-әрекет педагогикалық процестің құрамды бөлігі.

Танымдық іс-әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі-оқушының үнемі «жаңа дүниеге енумен», әрбір жаңа әрекеттерді оқушының оның бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты. Сондықтан, оқу үрдісінде оқушының білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл-ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру өзекті сипат береді. Терең білімге негізделген танымдық біліктердің қалыптасуы оқушылардың білімді теориялық негізде қорыта алуға мүмкіндік беріп, интеллектуалдық белсенді ойлауын жандандырып, шығармашылыққа жетелейді, нәтижесінде, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына негіз болады.

Мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен қарым-қатынастың маңызы ерекше. Оқушының ой-пікірі мен бастамасы, ұсынысы мен тапсырманы орындау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті мен ой тұжырымы, пайымдаулары, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы, іске батыл, сеніммен кірісуі жүзеге асады, мұнда бағыт-бағдар беру, істің дұрыс-бұрыстығын анықтау педагог тарапынан болуы шарт.

Оқушының танымдық ынтасын құптау, оған сенімділік таныту-оның мінез-құлқында тұрақтылықты, өзін-өзі бағалауды, ерік әрекетінде батылдық пен табандылық, ұстамдылық пен сабырлылықты, өзіне-өзі талап қоя білуді, т. б. үйретеді.

Оқушының танымдық іс-әрекет құрылымы: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс-әрекеттен тұрады. Оқушы қоғам өмірінде маңызды іс-әрекетке дайындалып жатқандықтан, оның оқу-танымдық әрекеті болашақ кәсіби әрекетінің дидактикалық бейнесі болуы керек. Сондықтан оқушының іс-әрекеті бағытталған, ал оның әлеуметтік және танымдық белсенділігі оның өмірлік жолын анықтаудағы ұмтылысы болып табылады. Сонымен қатар, оқушылардың іс-әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және дағдыны игеру, жеке қасиеттерінің дамуы); оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат және т. б.); оқушы іс-әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі); оқыту құралдарының болуы-кітаптар, лабораториялық құрал-жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектегі модельдер, техникалық құралдар, т. б. жоғары интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т. б.) жатады.

Мен өзімнің сабақтарымда дамыта оқыту теориясын басшылыққа аламын. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей құрамдас бөліктерден тұратын болады:

- Оқу мақсаттарының нақты қойылуы.
- Оны шешудің жолын бірге қарастыру.
- Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Дәстүрлі оқыту жаттауға, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай қайталап беруге дағдыландырса, дамыта оқыту шығармашылық ізденістерін, өз ойларын айта алу, дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Дамыта оқытуды жүзеге асыру барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Денгейлеп оқыту, ойын-сабақтар т.б.

Оқушылардың танымдық белсенділігі оқу үрдісінде қалыптасады. Белсенді оқу- танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу болып табылады. Демек, оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыру-оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Оқушының белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болатындығын айтты. Олар: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз-оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл-қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, т. б.). Оқушының ішкі белсенділігіне-оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Белсенділік- жеке басқа тән, маңызды бір қасиет болып саналады. Бұл қасиетсіз адамның қандай да болсын жұмысы нәтижелі болуы мүмкін емес.

Жеке оқушының белсенділігіне жасалған талдау негізінде белсенділікті жеке тұлғаның сипаты деп айқындауға негіз беретінін атап өтеміз, ол адамның әрекетке қатынасынан көрініс табады, бұл әрекет етуге дайын болушылық, ұмтылушылық, оны жүзеге асыру сапасы, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдау. Жеке адамды білім алуға қол жеткізген білімін тереңдетуді, қоғамдық рухани мәдениетін ұғынуды, өз қабілетін көрсетуді қажетсінуі танымдық белсенділіктің қайнар көзі болып табылады.

Оқудағы белсенділік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау, т. б.) оқып жатқан материалды түсінумен бейімделінеді.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруде оқу материалының маңыздылығы дәрежесіне қарай, оның құндылығын анықтай білу, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқытудың мазмұнына да фактілерден, әрекет тәсілдерінен басқа оқытудың шын мазмұнымен бірге оқу үрдісінде қатысушылардың арасында ақпарат алмасу қорын құратын және оқушылардың осы мазмұнды игеруіне және оны практикада қолдануына қызмет ететін мәліметтер қамтылады.

Оқушылардың белсенділігін арттырудың жаңа формаларын епті пайдалана отырып, жаңашыл ұстаз белсендіру әсерін жүзеге асырады, онда оқушылар: өз пікірінде тұра алуы; пікірталастар мен талқылауларға қатысуы; өз жолдастарына және мұғалімдеріне сұрақ қоя алуы; жолдастарының жауаптарын түзету; жолдастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын бағалай білу; артта қалған оқушыларды оқытуы; үлгерімі нашар оқушыларға түсініксіз жерлерді түсіндіруі; өз бетінше шамасы келетін тапсырмаларды таңдауы; танымдық міндетті (мәселені) шешудің бірнеше түрін табуы; өзін-өзі тексеру үшін, өзіндік танымдық және тәжірибелік әрекеттерін талдау үшін жағдайлар ойластыруы; танымдық міндеттерді шешімнің өзіне белгілі тәсілдерін жинақтап қолдануы. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, өз бетінше үздіксіз білім алудың қажетті жағдайы ретінде оқу - танымдық белсенділікті қалыптастыру болып табылады.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі - рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы-ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. Танымдық әрекет-шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздық қалыптасады.

Қорыта келгенде Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Асылханова «Танымдық іс – әрекет мектепке бейімделудің факторы» 2009.
2. Т. Сабыров «Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары» 2013.

МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Мыңғышбаева Айжан Абылқасовна

Атырау қаласы

*КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының
жоғары санатты саз жетекшісі*



«Музыкалық тәрбие-бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»

В.А. Сухомлинский

Музыка – эстетикалық тәрбие беру құралдарының бірі. Өнердің басқа түрлері сияқты ол да өмірдегі әсемдікті, табиғат сұлулығын бағалауға және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды түсініп, білуге үйретеді. Баланы жастайынан өнерге баулып, музыка әлемімен таныстыру, оны сезіндіріп ән айтқызып, күй тартқызудың мақсаты-халқымыздың асыл қазынасын, дәстүрлі ән-күйлерін бойларына сіңіре білу, олардың эстетикалық талғамын жан-жақты байытып, дамыту – бүгінгі таңда өте маңызды мәселеге айналып отыр.

Жас сәби шыр етіп дүниеге келген күннен бастап оны ұнамдылыққа, әдемілікті сезінуге тәрбиелеу керек. Егер жас бүлдіршін кішкентайынан музыканы шын ықыласымен тыңдап түсіне білсе, ән салып, би билесе, халқымыздың ұлттық аспаптарының бірінде ойнауды үйренсе, онда олар үшін рухани ләззат алып, өмірге деген көзқарасы қалыптасып, шынайы биік армандар мен мақсаттарға ұмтылып, өнерлі де тәрбиелі азамат болып өсуі хақ. Ал, бұл міндеттерді жүзеге асыруда балабақшаның, оның ішінде музыка жетекшісінің атқаратын міндеті зор.

Адам баласы талантты, не талантсыз болып тумайды. Ол іздену, ұқсау, еңбектену қасиеттерді миға ендіру арқылы, музыка үнінің көмегімен "мен білемін" деген сөзді кіргізу арқылы жетістікке жете алады. Талант иесі ішкі жан тілін сезімге бойлайды. Ал сезім еңбекке дағдылайды. Еңбек талантқа ұштайды. Нәтиже деген не? Ол еңбектің соңғы көрсеткіші. Аспаптарда ойнау, ән айту, жаттау еңбек нәтижесі. Ал оны үйрету-педагогика ғылымы. Баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыру және дамыту бағытындағы іс-әрекетке көшу заман талабы. Шығармашылық, бұл тіршілік көзі. Адам баласы сөйлей бастаған кезінен

бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктерінің өзі шығармашылықтың нәтижесі болып табылады.

Музыка аспаптарына үйретудің негізгі мақсаты: балаға музыканың құдыретті күшін таныту, сүйтіп білімгерлердің санасын еркіне әсіресе олардың сезімі мен ұшқыр қиялына пайдалы әсер ету.

Әр жас топтарында жас ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі формада өткізіледі.

Кіші топта-музыкалық ойыншықтар пайдаланады.

Дайындық топта-музыкалық аспапта ойнау үйретіледі. Ол "оқу қызметі" бөлімінде бағдарламада енгізілген.

Балалар білуге тиіс:

- аспаптың аттарын;
- аспаптың дыбысталу сипатын;
- аспапты пайдалану және сақтау ережесін;
- ойнау тәсілдерін;
- әр түрлі музыкалық аспаптардың жоғары және төменгі дыбыстардың орналасуын;
- нота аттарын және пернедегі, клавиштегі орындарын.

Балалар мыналарды үйрену керек:

- әр түрлі аспаптарда ойнаудың қарапайым тәсілдерін;
- ансамбльде бірге бастап, бірге аяқтау, жылдамдық, ортақ динамиканы сақтау;
- қарапайым әндерді дербес орындау;
- ырғақтық және әуендік әндерді өзі шығарып айтуды үйренуге тиіс.

Оқыту тәсілдері:

1. Жүйелілік-ойнауудың техникалық тәсілдерін игеру.
2. Бірізділік.
3. Педагогтың мәнерлеп орындауы.
4. Жаттап алу.

Техникалық тәсілдер:

- Дұрыс отыру, аспапты дұрыс қолдану.
- Дыбыстаудың дұрыс тәсілін үйрену.

Тапсырманың жүйелілігі:

1. Бір музыкалық аспапта музыкалық ырғақтың суретін бере білу.
2. Қысқа интервалға құрылған әндер.
3. Дыбыс қатары бір неше бөліктерге бөлінген және интервалы кең әуендер.
4. Педагогтың мәнерлеп орындауы.
5. Бірге орындау.

Шығармашылық әрекет кезінде музыканы сергек қабылдау, бірігіп орындау (ансамбль) сезімі және дағдысы дамиды. Балалар үшін сабақта қолданылатын музыкалық аспаптар көлемі, салмағы жағынан ыңғайлы, құрылысы қарапайым, әрі мықты болуы керек. Аспаптарды ойнаудан бұрын жетекші балаларға олардың құрылысы, шығу тарихы, дыбыстық бояуы (тембрі) туралы біраз мағлұматтар бере отырып, оны оқу қызметінде пайдаланудың тиімділігін, мақсатын және қолдану тәсілдерін әңгімелейді.

Аспапта ойнау кезінде балалардың тұрып ойнау немесе отырып ойнау қалпын қадағалау қажет. Аспаптарды меңгерудің ең алғашқы қадамы ретінде балалардың ырғақ сезімін дамытатын қарапайым жаттығулар жасаған тиімді. Әр музыкалық аспаптың сипатына сай оның ырғақтық өрнектерді келтіру ерекшеліктерін ескеру керек.

Жетекші балалармен жұмыс кезінде олардың әрқайсысының музыкалық қабілетін ескергені жөн. Кейде бір бала сабақ сайын бір ғана аспапта ойнайды. Ол дұрыс. Себебі, бала сол аспапта ойнаған сайын оның қыр-сырын терең түсініп, техникалық ойнау шеберлігін тереңдей түседі.

Аспапта ойнау балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке, сезімталдыққа, адамгершілікке баулыса, ол өзінің тәрбиелік міндетін атқарды деген сөз. Балалар, әдетте, өздерінің

колдарына ұстап, ойнап отырған аспаптары туралы, тыңдау үшін орындалған музыкалық шығарма туралы әңгіме басталса-ақ болғаны елең етіп үлкен ынтамен тыңдауға кіріседі. Ендеше, балалар оқу қызметінде тек ән айтып, аспаптарда ойнап қана қоймай, музыка әлемінің сырын ашып сұхбаттасуға дайын. Сондықтан, сыр сандықты ашып, саз маржанын шашу үшін үлкен ізденгіштік қабілет керек.

Балалар музыкалық аспапта ойнап, үйрену нәтижесінде:

- Балалар ынталанады;
- Қызығушылығы артады;
- Аспапта орындау шеберлік деңгейі артады;
- Музыкалық мәдени білімдері тереңдейді;
- Өз халқаның музыкалық мұрасына эстетикалық ләззат ала біледі;
- Аспапта өздері ойнай біледі.



Қорыта келсем, осындай жүйелі жүргізілген жұмыстарым арқылы мектепке дейінгі жас ұрпақты музыкалық аспаптарда ойнай білуге үйрете отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыттым. Жас ұрпақты музыкалық білім нәрімен сусындату арқылы өнер шыңына жол аша білдім. Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын балабақшада ұйымдастырылған мерекелік шаралар, ертеңгілік, ойын-сауықтарда ата-аналарына көрсете білсе, аудандық, қалалық, облыстық «Айгөлек» балалар байқауында көрсеткіштермен көзге түсе білді. Атап айтсам 2012 жылы «Айгөлек» мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының облыстық фестивалінде үздік өнер көрсеткені үшін үшінші дәрежелі дипломмен, 2013 жылы 1-маусым «Сәбилерге-туған ел шуағы» акция шеңберінде «Айгөлек» балалар шығармашылық фестивалінің өнер байқауында «Ансамбль» номинациясының оркестр жанры бойынша «I дәрежелі дипломмен», 2014 жылы 1-Маусым «Сәбилерге-туған ел шуағы» акциясы шеңберінде өткізілген дәстүрлі аудандық «Айгөлек» фестиваль өнер байқауында оркестр жанрында қабілетімен дараланған деген атпен I дәрежелі, облыстық фестивалінде II дәрежелі, 2015 ж «Айгөлек» аудандық фестивалінде I дәрежелі дипломмен, облыстық фестивалінде I дәрежелі дипломмен марапатталды. 2016 -2017 жылдардағы байқауда I дәрежелі, 2018ж II дәрежелі орын, 2019ж «I дәрежелі» орынды иеленді.

Педагогикалық негізде жан-жақты тәрбиеленіп өскен әрбір білімді, аяғын нық басқан азамат қана егеменді еліміздің тұтқасын берік ұстайды деп сенгенбіз, балабақша педагогтары, келешек ұрпақтың мәдени, саяси, рухани дамуына жағдай жасап, үлкен жігерлікпен атсалыссақ қана еңбегіміз нәтижелі болмақ.

Өмір мұра ата – салтың ол дағы,

Үйрете біл, асылыңды қолдағы.

Балалықпен бір жүрмесе тәрбие,

Қиын екен, ұлылықтың болмағы.



**ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ**
Сейткалиева Гульпара Сембаевна

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының

I санатты тәрбиешісі

Қазіргі таңдағы негізгі талаптардың бірі-білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған, жаңаша, тәуелсіз, ойлай алатын шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кетейін. Логика (грек тілінен алынған *Logis*-сөзі, ой, ойлау, ақыл-ой) ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

Объектік пікірлерге негізделген процесс логикалық ойлау деп, ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп аталады. Ойлау аса күрделі психологиялық процесс. Бұлардың ішінде психология мен логиканың орны ерекше.

Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі-логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінше шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылықтарын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда *мақсатым:* балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту, қиялдарын ұштау, тақырлыққа жетелеу және қызықты ойындар мен тасырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Міндеттерім:

-Балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету.

-Логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.

-Балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың мынандай: «Заңдылықтары», «Нені отырғыз керек?», «Нені орналастырсам екен?», «Сыңарын табындар?», «Әзіл жұмбақтар», «Логикалық есептер», «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады.

Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді.

Ересек топ балаларының логикалық ойлауларын дамытудың негізгі кезеңіне жатқызуға болады. Өйткені балалардың ойлары осы кезде нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды. Сондықтан ересек топта балалардың ой-өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызы, өздерінің ойларын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе-логикалық ойлауға сүйенеді – дейді Ф. Жолтаева.

Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз–қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгертуден басталады десек қателеспейміз... Оны жүйелі түрде шыңдау тәрбиешінің басты міндеті.

Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ–баланың жеке тұлға болып, өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер, ақыл-ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады. Баланың ақыл- ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Баланың ойлау әрекетін

ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау үрдісі анализ, синтез, салыстыру, топтастыру жалпылау, тұжырамдау логикалық амалдарынан тұрады. Ойлаудың осы амалдарын қолдана алуына балалардың оқу әрекетінің жемісі көрінеді. Бұл жөнінде М.Жұмабаев: «Ойлау—жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап істеу керек» -деген.

Психология бірнеше жас ерекшеліктердің ойының пайда болу, даму, қалыптасу жолын, яғни жеке адамның ойлау ерекшелігі мен заңдылығын қарастырса логика—бүкіл адамзатқа ортақ ой- әрекет заңдары мен формаларын ақындайды, ол адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пайым, дәлел сияқты ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу ойлаудың білім мен тікелей байланысты екенін айқындайды.

Баланың қажеттілігі мен қызығушылығын түсіне білу, бүлдіршіндердің ой-өрісін, іс-қимылын, жан-жақты дамыту тәрбиешінің басты міндеті.

Бүлдіршіндердің логикалық қабілетін дамытуда қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарын ойын арқылы үйретудің заттарды әртүрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың, көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың жұмбақтар жаттаудың маңызы зор. Өйткені жасырын тұрған ойдың нені меңзеп тұрғанын ойлап табу баланың ми қыртысының жұмысын шыңдайды, логикалық ойлау сезімін қалыптастырады. Логикалық ойдың ерекшелігі қорытындылардың қисындылығы да олардың негізіне сай келуі. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс-әрекетін талдауға үйренеді.

Балалардың логикалық ойлауын дамытудың қажеттілігі туралы әдіскерлер А.Я.Зорина, Ж.Икрамова ерекше атауға болады. Сонымен бірге Қазақстандық ғылымдар Е.Әбілқасымова, А.Баймадиева сынды ғылымдардың еңбектерін естен шығармауымыз керек. Ересек топ балаларының алғашқы сатысы іс-әрекеті логикалық тапсырмаларды ойын әрекеттерін, ұштастыра отырып бастаған дұрыс. Бала ойынға қызығу арқылы оның ой-өрісі, қиялы, логикалық ойлауы қалыптасады.

Қорыта келе, аталған жұмыс түрлері, бала үшін, оның танымын, логикасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсетеді. Яғни олардың шығармашылық деңгейін көтереді, қызығушылықтарын арттырады. Өзімнің тәжірибемде балалардың ойлау, есте сақтау, таным қабілеттерін жетілдіріп, тапқырлыққа баулу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді ұйымдастырылған оқу қызметімде қолданамын. Балалардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіруде қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметінің рөлі өте зор.

Пайдаланған әдебиттер:

- 1.«Логикалық ойлау қабілетін дамыту» № 11.2008.
- 2.Балаңыз мектепке дайын ба? Балалар әдебиті, 2006.
- 3.Д.Рахымбек. Оқушылардың логика методологиялық білімін жетілдіру. Алматы. РКБ 1998.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАР ҮШІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Балапанова Ж.Т.

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚ БАИ
«Инновациялық білім беру және ақпараттық технология» кафедрасының
аға оқытушысы, магистр



Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім берудің мақсаты мен міндеттері – білім арудың өмір бойына үздіксіздігі, білім сапасы мен қолжетімділігін, соның ішінде қашықтан оқыту арқылы қол жеткізуді қамтамасыз ету. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін білім беру қызметтерінің кең спектрін қамтамасыз ету үшін тиімді жағдай жасау тәжірибесін белсенді түрде жүзеге асыру, олардың қанағаттануын жақсартады. Заманауи ақпараттық білім беру технологияларын енгізу және қашықтан білім беру арқылы білім беру бағдарламаларын және осы санаттағы балалардың білімге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту – елімізде жалпы білім беру және арнайы білім жүйесінің құрылымдық жүйесі және ұйымдастыру, әдіс-тәсілдердің елеулі өзгерістерін білдіретін ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды арнайы оқыту формасы.

Қашықтан оқыту – бұл зерттелетін материалды оқушыға жеткізу үшін ақпараттық технологиялардың жиынтығы, оқу үрдісінде оқушылар мен оқытушылардың интерактивті байланысы, сондай-ақ оқу процесінде зерттелетін материалды дамыту бойынша өз беттілік жұмысы бар оқушыларды қамтамасыз ету.

Қашықтан оқытудың негізгі міндеттері:

- ерекше білім бер қажеттілігі бар балалардың білім беру бағдарламалары негізінде жоғары сапалы білім беру;
- қашықтан білім беру тұжырымдамасы мұғалімнің жетекшілігімен оқыту, сондай-ақ қосымша өз бетімен білім алу болып табылады.

Қашықтан оқытуға тән ерекшеліктері:

- модульділік, бұл белгілі білім салалары туралы толық түсінік беретін әр бөлек курстар (минималды уақыт алатын сыйымды және барынша нақты модуль жасақтау, баланың бос уақытта өз бетімен жұмыстану үшін қызығушылық тудырады);
- оқушыларға тұлғалық бағытталған оқыту (сабақ және уақыт шектеуі жоқтығы, әр оқушының сақталған әлеуетін қолдана отырып кестеден тыс жұмыстану мүмкіндігі, бала өзінің кемшіліктерінен ұялған жағдайда немесе отбасынан тыс қарым-қатынас жасауға келіспеген жағдайда қашықтан оқыту);
- технологиялық, өз бетімен, бірақ білімді меңгеру деңгейі бақылатын үдерісте өзара әрекет етудің әртүрлі әдістері, формалары және құралдары;
- интерактивтілік, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуға толық сәйкес келетін және жеткілікті құралдар болып табылады.

IT құралдарын пайдаланудың негізгі ерекшелігі – бұл дамуында ауытқуы бар балаларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, жеткен жеңістіктерінен ризашылық алуға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытуды жүзеге асыруда ЕББҚ бар балаларға *bilimland* сайтындағы инклюзивтік курстың материалдарын қолдану оның тиімділігін арттырады сөзсіз. *Bilimland.kz* – Қазақстанда қашықтан оқытудың әбден ойластырылған ұтымды нұсқасы. Біз әр баланың бойындағы дағдыларды дамытуға күш саламыз. Бұл курс материалды игеруге көп уақыт қажет ететін балаларға өзінің тең құрбылары секілді тиімді оқуға мүмкіндік берді. Инклюзивті онлайн-сабақтар ауа райы, отбасы, көгөністер, жемістер, көліктер, тамақ, тәтті-дәмді, сусындар, мамандықтар, спорт тақырыптарын меңгеруге арналған. Арнайы әзірленген бұл сабақтарда баланың даму ерекшелігі ескерілген. Соның арқасында баланың сабаққа ынтасы артып, қажет білімді біртіндеп игере береді.

Түзету – дамытуда қолданылатын ақпараттық ресурстар: дамытушылық оқыту болып табылады. «Әлем Сіздің терезеден артта» арнайы компьютерлік бағдарламасы сөйлеу, ақыл-ой дамуын кешіктіретін бастауыш сынып оқушылары мен жасөспірімдер үшін арналған. Нәтижесінде балаларға қол жетімді және тартымды түрде қабілеттерін үйренеді, тәжірибе және дамыту қабілеті дамиды. Ойын, кез-келген практикалық іс-шара секілді, білімді нығайтуға көмектеседі, балаларды өздерінің білімін қолдана отырып, оларды әртүрлі жағдайларда пайдалануды үйренеді және осылайша оларды одан әрі нығайтады.

«Жолбарыстарға арналған ойындар» атты логопедиялық компьютерлік бағдарламасы «Фонематика», «Прододика», «Сөздік», «Дыбыстық дәлел» бөлімдері қарастырылған. «Мерсибо» интерактивті ойындар заманауи балалар мамандығына жақсы көмекші.

Мерсибо ойындары екі бөлімнен тұрады: мотивациялық және дамытушы. Бала тек бірінші нәрсені көреді: ол қазына іздейді, теңізді тазартады және үндістерге көмектеседі. Сонымен қатар, балалар дыбыстарды бекітеді, предлогтарды құрастырады, санауды үйренеді -бұл ойындардың дамып келе жатқан бөлігі. Мұнда біздің балалар мамандары жұмыс істейді, бұл ойындарды қарапайым ойын-сауық ойындарынан өзгеше етеді.

Ойындар қарапайым балалармен және психологиялық дамуы, денсаулығы мен ақыл-ойы қиын балалармен өткізілетін сабақтарға жарамды. Олар баланы қызықтырады.

Classflow—интерактивті тақтаның, интерактивті сабақтардың, тесттердің, сауалнамалардың және дидактикалық ойындардың функцияларын біріктіретін бірегей көп функциялы сервис. Алдымен ClassFlow Teacher мұғалімге арнаған қосымшада тегін аккаунт жасау керек. Сосын сынып құрасыз. Өзбетімен құруға немесе Google сыныптан импорттауға болады. Екі нұсқасы бар. Бірінші нұсқасы -оқушыларға сынып коды жіберіледі, оқушылар өздері тіркеледі де тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Екінші нұсқасы тізім бойынша мұғалім құрады.

Кроссворд фабрикасы-бұл қарапайым онлайн қызмет кроссвордтар құру. Аймақты таңдау үшін тінтуірді қолданыңыз жаңа сөз: тінтуірдің сол жақ батырмасымен нұқыңыз сөздің басындағы ұяшық, босатпастан сөздің соңына дейін әкеліңіз.

Қазіргі заманғы техникалық құралдар оқу материалдарын өз қажеттіліктеріне сәйкес оқушылар түзете алатын мүмкіндік береді. Мысалы, оқушының көру қабілетінде кемшілік болса оқушы материалдағы шрифт түрі мен көлемін өзіне ыңғайлы етіп үлкейтіп қарауына, суретті қойып немесе орнын ауыстыруына, түсін өзгертуіне, тақырып жазарда өзіне ыңғайлы графикалық символдарды қолдануына мүмкіндік бар. Осылайша, ең қолайлы сипаттамалары зерттелетін материалды оқушы өзі таңдайды. Тірек-қимыл аппараттары қиындық туындататын оқушыларға ыңғайлы компьютер құралдары қарастырылған, тышқан және клавиатура және т.б. Ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған қашықтан оқыту құралдарының бірі бейнеконференция арқылы оқыту.

Инклюзивті білім беру жағдайында қашықтан оқытуды жүзеге асыру педагогтерге АКТ құзіреттілігін арттыруда септігін тигізеді деп ойлаймын.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАГЛЯДНО-ИЛЛЮСТРАТИВНОГО МАТЕРИАЛА В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ

Нуртлесова Зауреш Максотовна

г. Атырау

Воспитатель высшей категории КГКП ясли-сад №1 «Сәби әлемі»

Дошкольный возраст- период первоначального познания окружающего мира во всех ее проявлениях. Наши дети с невероятной скоростью осваивают все новое и высокотехнологичное, реализуя тягу к знаниям и новым открытиям. С одной стороны, это хорошо, но когда весь круг интересов сводится к планшету и игровой приставке, многие родители начинают бить тревогу. В этом случае нужно найти компромисс.

Применение наглядных методов на занятиях в детском саду очень плодотворно сказывается на результате процесса обучения и усвоении знаний.

Наглядность-свойство психических образов объектов познания, выражающие степень доступности и понятности этих образов для познающего субъекта; один из принципов обучения.

Наглядность- это компонент обучения ребенка дошкольного возраста, который может помочь ему качественно усвоить изучаемый материал. Систематическое применение наглядности во время занятий увеличивает самостоятельность, активность, формируется положительное отношение к предмету. Все это является важным в развитии личности ребенка.



Наглядные средства способствуют формированию материалистического мировоззрения дошкольников. Пересчитывая числа, выполняя арифметические действия-все это расширяет кругозор дошкольников.

Используя наглядный материал, способствует облегчению понимания учебного материала. Вызывает заинтересованность детей. Методы использования наглядности можно разделить условно на две большие группы: метод иллюстрации и метод демонстрации. Благодаря этим методам, возможно, возбудить у детей интерес к окружающей жизни. И научить анализировать природные и социальные явления, а также научить их концентрировать внимание на главном, выделять особые признаки. С помощью демонстрации внимание дошкольников оказывается направленным на существенные, а не на случайно обнаруженные, внешние характеристики рассматриваемых предметов, явлений, процессов. Иллюстрация особенно хорошо используется при объяснении нового материала. Тогда воспитателю следует иллюстрировать свой рассказ на доске. Рисунок поясняет слова воспитателя, а рассказ делает понятным содержания изображаемого на доске.

Различаются следующие виды наглядности:

Естественная наглядность (растения, животные, полезные ископаемые); ее функция – знакомство детей с реальными объектами природы.

Экспериментальная наглядность (явления испарения, таяния льда); функция – знакомство с явлениями и процессами в ходе опытов, наблюдений.

Картинная и картинно- динамическая наглядность (картины, рисунки, фотографии, интерактивная доска, кино). Функция-познакомить с какими-то фактами, предметами, явлениями через их отображение.

Объемная наглядность (макеты, муляжи, геометрические фигуры); функция – знакомство с теми предметами, где объемное изображение играет роль в восприятии.

Звуковая наглядность; функция – воспроизведение звуковых образов.

Символическая и графическая наглядность (чертежи, схемы, карты, таблицы). Функция - развитие абстрактного мышления, знакомство с условно-обобщенным, символическим отображением реального мира.

Смешанная наглядность–учебный звуковой кинофильм; функция– воссоздание наиболее полного живого отображения действительности. Важнейшим в работе с дошкольниками является использование наглядности.

Изучением и применением наглядности занимались К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Песталотии. Известный ученый-психолог Л.С.Выгодский различал два уровня развития возможностей ребенка: уровень актуального развития и зону ближайшего развития. Опираясь на данное положение можно сказать, что уровнем актуального развития ребенка является наглядно-действенная умственная деятельность, основанная на восприятии выполненных практических операций с предметами, а наглядно- образная, затем словесно-логическая умственная деятельность являются зоной ближайшего развития.

Значение иллюстративных пособий. Кроме, натуральных пособий (растения и животные), в детском саду нужно иметь иллюстративно-наглядные пособия с изображением различных растений, животных и явлений природы. Иллюстративные пособия используются для ознакомления детей с природой в тех случаях, когда предметы и явления ее недоступны для непосредственного наблюдения. К таким пособиям приходится прибегать, например, при ознакомлении с домашними животными и дикими зверями, отсутствующими в данной местности, но указанными в программе!!!

При составлении различных по сложности рассказов усиливается роль и значения моделирования и композиционного оформления сюжета, самостоятельного отбора лексики, синтаксических конструкций, выразительных средств языка. Он служит моделью рассказа, и ребенку, при наличии наглядной опоры остается самостоятельно подобрать лексический материал, построить предложения. Прежде, чем дать детям задание составить рассказ по серии картин, необходимо подготовительная работа: рассмотреть внимательно все картинки

серии, отметить, что главное на каждой из них, определить сюжетную линию и т.д. Часто при составлении рассказа дети упускают диалоги героев, слова-признаки, характеризующие и описывающие персонажей. В картинно-графическом плане я акцентирую внимание дошкольников именно на это. Например, диалоги я обозначаю стрелкой с вопросом от того героя, который начинает диалог. Это помогает детям не “потерять” характеристики героев, найти причинно-следственные связи в рассказе и т.д. Слова – признаки, характеризующие персонажей, я обозначаю либо знаком вопроса, или, если необходимо передать настроение героя – использую пиктограммы. Пиктограммы я выставляю при рассмотрении каждой картинки из серии, чтобы акцентировать внимание детей на определенном признаке или действии героя.

Для рассказа по сюжетной картинке картинно-графический план просто необходим. Ребенку трудно “сконструировать ситуацию”, изображенную на картине, придумать развитие событий и грамотно закончить свой рассказ, т.е. оформить речевым материалом схему построения высказывания: зачин–развитие событий – итог.

При составлении описательных рассказов по сюжетной картинке особое внимание уделяется приемам, направленным на развитие внимания, зрительного восприятия, логического мышления. Существует несколько видов занятий с картинным материалом. Остановлюсь на обучении рассказыванию по отдельной сюжетной картинке с придумыванием детьми предшествующих событий. Например, картинка “Зимние забавы” При составлении повествовательного рассказа по этой картинке я раздаю детям карточки с фрагментами картинки и предлагаю им составить предложения. Затем выставляется большая картинка, дети находят на ней свои фрагменты. Предваряя появление картинно-графического плана, проводится беседа по содержанию картины, по ходу беседы выставляются опорные карточки-символы и фрагменты картины. Таким образом, составляя свой рассказ, дети комбинируют в рассказе свои знания и изображенные на картине действия.

Особенно ошутимую помощь картинно-графический план оказывает в составлении описательных рассказов. Сложность обучения описанию обусловлена тем, что для создания и понимания такого функционального типа речи не достаточно накопленного жизненного опыта, а необходима активная интеллектуальная работа самого ребенка по выделению признаков и свойств, предмета или явления.

Прежде чем описывать предмет, ребенок должен научиться выделять наиболее существенные черты предмета, подбирать точные слова, выражать свое отношение к описываемому предмету и грамматически правильно оформлять фразу. Я сначала учу детей выделять существенные признаки предмета. Наглядное моделирование стимулирует развитие исследовательских способностей детей, привлекает их внимание к признакам предмета, помогает определять способы сенсорного обследования предмета и закреплять результаты обследования в наглядном виде.

Используя мнемотехнику, развивает ассоциативное мышление, зрительную и слуховую память и внимание, воображение, облегчает процесс запоминание информации. Мнемотаблицу особенно эффективны при разучивании стихотворений. Суть заключается в следующем: на каждое слово или маленькое словосочетание придумывается картина (изображение); таким образом, все стихотворение зарисовывается схематически. После этого ребенок по памяти, используя графическое изображение, воспроизводит стихотворение целиком.

Лепбук- книжка- раскладушка с кармашками, дверками, окошками, вкладышами и подвижными деталями, в которую помещены материалы на одну тему оно помогает ребенку по своему желанию организовать информацию по изучаемой теме, лучше понять и запоминать материал (особенно если ребенок визуал). Это отличный способ для повторения пройденного.

Используя в своей работе наглядное моделирование, мы учим детей:

1. Добывать информацию, проводить исследование, делать сравнения, составлять четкий внутренний план умственных действий, речевого высказывания;



2. Формулировать и высказывать суждения, делать умозаключения;
3. Применение наглядного моделирования оказало положительное влияние на развитие речевых процессов: внимания, памяти, мышления.

Следовательно, можно сделать вывод, что, анализируя новый материал и графически его обозначая, ребенок (под руководством взрослых) учится самостоятельности, усидчивости, зрительно воспринимает план своих действий. У него повышается чувство заинтересованности и ответственности, появляется удовлетворенность результатами своего труда, совершенствуются такие психические процессы, как память, внимание, мышление, что положительно сказывается на результативности коррекционной работы.

Использование наглядного моделирования в системе коррекционной работы дает положительный результат, что подтверждается данными диагностики уровня речевого развития детей. Из всего выше сказанного можно сделать вывод: метод наглядного моделирования можно и нужно использовать в системе как коррекционной работы с детьми дошкольного и младшего школьного возраста, так и в работе с детьми массовых групп детского сада и начальной школы.

ЖАС МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ

Конкаева Орынгуль Батыргалиевна

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ

«Білім беру процесін психологиялық – педагогикалық қолдау» кафедрасының аға оқытушысы

Сагиндыкова Айнур Зулхарнаевна

Атырау қаласы №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының әдіскері

Білім беру жүйесін жаңғыртуда жаңа форматтағы педагогтар-шығармашыл, белсенді, креативті, жан-жақты, тек білім беруге ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы педагогиканың жетістіктерімен озық әдіс-тәсілдерді пайдалана отыра, тәрбиеленушілердің қабілеттерін дамытуға да қабілетті.

Қазіргі кезде, жас мамандардың қызметі туралы мәселе ерекше орын алады, өйткені білім беру мекемелерінде әлі де жас сауатты педагогтарды тарту мәселесі бар.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйым ұжымдарының алдыңғы кезектегі міндеттерінің бірі тәрбиеші-педагогтың қиын жолды таңдап алған жас мамандарға кәсіби қолдау көрсету болып табылады. Соңғы уақыттарда балабақшаға жұмыс істеуге келетін, еңбек жолын енді бастаған мұндай педагогтар саны аздық етеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйым әкімшілігі тәрбиеші-педагогтардың жаңа ұжымға бейімделуіне, өздерінің таңдаған жолынан тайынбай, белгілі бір жетістіктерге жетуіне қолдау жасап, көмектесуге тырысады. Бірақ, күткендегідей нәтижеге қол жете бермейді. Міне, сондықтан жас педагогтарды кәсіби өсіру, олармен жұмыс жүйесін жолға қою, ұйымдағы мансабын өсіру мәселелері өзекті болып отыр. Жас тәрбиешілердің қызметін талдау тәжірибе жүзінде оларда кәсіби өсуге деген ынталанудың әлсіз екендігін көрсетті.

Мәліметтер бойынша педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектерінің шағын пайызы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарда көп тұрақтамайды. Оның бір себебі-ұжымда, білім беру үдерісінде сәтсіз бейімделу болып табылады.

Әрбір ұжымға жас маманның келіп орналасуы бұл әкімшілік үшін қуантарлық жағдай. Жас маманның еңбек қызметі қалай қалыптасатынына, көбінесе педагогикалық үдерістің барлық субъектілері тарапынан: әкімшілік, тәлімгердің, тәрбиешілер мен ата-аналар тарапынан жауапкершілікке жүктелетін көмекке байланысты.

Кез келген уақытта да жас мамандарды жұмысқа тарту ғана емес, оларды ұжымда, педагогикалық салада ұстау және бейімделуіне жағдай жасау.

Жас маман сұрақ қоюдан ыңғайсыздық танытып немесе қорқудың қажеті жоқ. Өйткені, әр уақытта ұжым жас маманды түсініп, қолдау қажет. Қазіргі тәлімгерлердің өзі осы жолдан

өткен. Сол себепті тәрбиеші педагогтың жас маман үшін кеңес беруі құнды. Бұл тәжірибесі аз тәрбиешіге көптеген кәсіби қателіктерді жібермеуге көмектеседі.

Берілген құнды кеңестерді тыңдаудың негізінде, жас тәрбиеші – өзінің кәсіби қызметін көтере отырып, тәлімгерлердің педагогикалық өтілін құрметтейді, осы арқылы тәлімгерлерде беделге ие болады.

Мектепке дейінгі жастағы балалар қызметінің негізгі түрі ойын болып табылады, табысқа жету үшін оны тиімді пайдаланғаны дұрыс. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы ойынға бағытталуы тиіс.

Нағыз тәрбиеші ойынды балалар қызметіндегі барлық жағдайға қосады: серуен кезінде, ұйымдастырылған оқу қызметінде, жуынған кезде, жатар уақытында және т.б.

Табысты жұмысы үшін балалардың сенімін және беделін жаулау қажет. Тәрбиеші балалардың көңілдерін жаулау бірінші минуттан бастап жүзеге асырылу қажет. Егерде балалармен сенімділік қарым-қатынасы болмаса, онда балалармен өнімді жұмыс жасауға тәртібі жөнінде жағдайлар туындайды. Балалар-өте керемет психологтар, сондықтан тәрбиеші-педагог әрдайым шынайы болу керек.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас маман мектебі» әрбір МДҰ-да құрылады.

«Жас маман мектебі» - жас мамандардың біліктілігін көтеру жүйесінің құрамдас бөлігі, еңбек өтілі 5 жылдан аз жоғары білімді жас мамандарды біріктіреді, жаңа кәсіби ортаға кәсіптік бейімделу кезеңінде жас маманға қолдау көрсетеді.

Бұл жұмысты ұйымдастыру үшін, бірінші кезеңде алдын-ала жоспар құрылады. Жаңа келген маманға ең алдымен ұжыммен, ондағы қызметкерлердің жұмыс тәжірибелерімен танысуды және ең негізгісі – қай бағытта жұмыс жасайтындығын білуді ұсынады, содан кейін ғана оған жүктелген жұмыстың сипатымен таныстырылады.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі тәлімгерден кәсіби шеберлігін ұштауды және шығармашылық ізденістерін жаңартуды талап етеді.

Жас маманға көмек беруді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мазмұны және міндеттерімен, мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің ерекшеліктерімен таныстырудан басталады. Әр жас маман өз қызметін атқару барысында білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайтын ҚР нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алатын басты құжаттар екенін түсінуі.

Лайықты тәрбие мен білім беру үшін, әрдайым заман ағымымен қатар жүру керек – жаңа технологияларды игеру, тың идеялар мен шығармашыл ойларды іске асыру қажет. Жас маманға, оған шығармашылық қабілетін дамыту үшін, тақырыптық жұмысты белгілі бір бағытта жүргізу керектігін түсіндіргені дұрыс. Жас маманды өз шығармашылық әлеуетін ашу дағдыларына, тұжырым жасау, қорытынды шығару, проблеманы шеше білу, яғни сыни тұрғыдан ойлау және т.б. қабілеттерін дамытуға үйрету.

Балалармен жұмыс жасауда тәрбиеші-педагог төмендегідей принциптерді басшылыққа алыну қажет:

Өзіне құрмет көрсете отырып, оны басқаларға көрсету;

Әр бала – жеке тұлға, ол өзіне құрмет талап етеді;

Баламен әр уақытта адал болу;

Мінез-құлқын басқарумен қатар балалардың мінез-құлық дағдыларын ескеру.

Кәсіби іс – әрекет адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызды жағы болып табылады, себебі ол арқылы тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы іске асып, өз мүмкіншіліктерінің толығымен жұмсалуды қамтамасыз етіледі. Тұлғаның ішкі позициясының дамуы көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен анықталады деуге болады. Адамның ішкі позициясы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрінеді. Әлеуметтік аспектілердегі



жас маманның бейімделуі қоғам дамуын қамтамасыз ететін тәсілдермен, құралдармен тікелей байланысты болады.

Бейімделу ішкі белсенділікпен, қиындықтарды жеңуге ұмтылушылықпен және сыртқы әрекеттердің (мінез-құлықтық) мазмұндылығымен сипатталады. Сонымен біз бейімделуді индивидтің ұстанымдары, сенімдері және т.б. және қоршаған ортаның жағдайлары арасындағы қарама – қайшылықтарды жоюға бағытталған оны өзгерту үдерісі ретінде, өзін тұлға ретінде сақтауды қарастырамыз.

Психология ғылымында бейімделу теориялық сипаттамасында адам кез келген жағдайда өзін жақсы сезіну үшін, әр түрлі жағдайларға икемделе, бейімделе алуы өте маңызды болып табылады деп қарастырылған.

Тұлғаның бейімделуі немесе бейімделе алмауының сипаты мен деңгейі, көбінесе, адамның биологиялық, физиологиялық, психикалық қасиеттеріне және оның әлеуметтік дамуына байланысты болады. Бейімделудің ең негізгі ерекшелігі оның әр адамда әртүрлі өтетінінде. В.Р. Веснин бейімделудің ең негізгі үш түрін бөліп көрсетті:

1. Кәсіби бейімделу – жас маманның өзінің мамандығының қыр-сырын, әдіс-тәсілін, спецификасын толық меңгеруіне бағытталған бейімделу. Ол маманның өзіндік мінезіне, біліміне, үйренген дағдысына, дайындық формасына байланысты болады. Кәсіби бейімделу әрекеттің әр түрлілігіне, оған деген қызығушылығына, еңбек мазмұнына, ортаның әсеріне, тұлғаның индивидуалдық және психикалық қасиетіне тәуелді болады. Кәсіби бейімделудің критеріі толық түрде жас маманның атқарған еңбек әрекетіне, жұмысының нәтижелілігіне және сапалы болып шығуына тікелей әсер етеді. Кәсіби бейімделу еңбек әрекетінің қалыптасу стереотипіне жұмысшылардың бейімделмеген қасиетіне байланысты болады.

2. Психофизиологиялық бейімделу – бейімделудің бұл түрі жас маманның жеке өзіндік ерекшелігіне тікелей байланысты процесс болып табылады. Ол жас маманның денсаулығына, санитарлы гигиеналық ерекшелігіне, табиғи реакциясына, мінез-құлқының барлық шарттарына, жұмыс режиміне, жұмыстың әр түрлілігін атқара алу мүмкіндігіне (қолмен немесе автоматты түрде жеке немесе топпен) байланысты болады.

3. Физиологиялық бейімделу – жалпы организмнің күшті тітіргендіргіш әсерлеріне беретін арнайы емес реакцияларының кешені.

Жас маман үшін алғашқы күндері оңай емес екені белгілі. Бұл уақытта жаңа жағдайға бейімделудің қиын үдерісі жүріп жатады. Бейімделу кезеңінде жас маманның жұмыс талаптарына үйренісе алмағаны айқын байқалады. Жас мамандардың бейімделе алмауы:

- алған білімін жоғарғы деңгейде көрсете алмауы;
- жұмыс талабын дұрыс орындай алмауы;
- жұмыстың талаптарына, нормаларына, ережелеріне дұрыс үйренісе алмауы басты себептердің бірі болып табылады.

Жұмысқа деген қызығушылық олардың алға ұмтылуымен тікелей байланысты. Жас маманның жаңа жұмыс орнына бейімделуінің түрлеріне тоқталсақ:

Бірінші кезең – жұмыс басталуына байланысты жаңадан әсер етуші ықпалдардың әсерінен ағзасының барлық жүйесі қарқынды түрде жауап қайтарады. Бұл физиологиялық толқу айтарлықтай ұзақ уақытқа 2 – 3 аптаға созылады. Осы кезеңде ресурстарды үнемдеу туралы айтуға да болмайды, себебі мұнда барлық күш жігер жұмсалады. Сондықтан осы кезеңде әрбір адам жоғары физиологиялық күш жұмсайтындығын ескеруі тиіс.

Екінші кезең – бұл тұрақсыз бейімделу кезеңі, ағза осы ықпалдарға әсер ететін тиімді варианттарды іздеп табады.

Үшінші кезең – бұл біршама тұрақты бейімделу кезеңі, ағза аз күш жұмсауды талап етуші жағдайларды іздеп табады.

Жас маманның бейімделуі – үлкен жауапкершілікпен төзімділікті талап етеді. Еңбек әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету әрбір маман үшін аса маңызды кезең.

САНАЛЫ ТӘРБИЕ КЕМЕЛ БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Қаптиева Н.Ж., Алдонгарова К.И.

Ақтөбе қаласы

«Облыстық туберкулез- санаториясы интернаты» ККМ, тәрбиешілері

Бүгінгі таңда бала тәбиелеуде мұғалімдер мен тәрбиешілерді толғандыратын басты мәселе-балаларды жаман қылықтан сақтандырып, қоршаған ортада өзінің орынын табудағы мақсаты үшін күресе білетін талантты да табанды ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Соның ішінде интернаттық жағдайда бала тәрбиесін қалай жүргізуге болады? Өйткені, олар ата-анасының қарауынсыз, олардың қателіксіз тіршілік етуі үшін саналы тәрбие беру жолдары қандай? Ғалымдардың зерттеуінше (В.С.Сластенин) саналы тәрбие мінез-құлық пен қоғамды норманы сыйлау мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Осыған орай ғалым саналы тәрбиені 4 топқа ажырады:

1. Адамгершілік сананы қалыптастыратын әдістер.
2. Іс - әрекет және қоғамдық тәртіп тәжірибесін қалыптастыратын әдістер. Тәртіпке, іс - әрекетке ынталандыратын әдістер.
3. Мінез – құлық пен іс - әрекетке бақылау жасау, өзін-өзі бақылау,
4. Ұйымдастыру және өзіне-өзі баға беруді, ұйымдастыруды жүзеге асыру әдістемесі

Олай болса, саналы тәрбие-саналы тәртіппен балаларды жұртшылықпен, яғни қоғаммен қарым-қатынасқағы тәрбиелік ықпалдылықтың нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге интернат тәрбиеленушілерінің саналы тәртібі үшін сабақтың табыстылығы, интернаттың ішкілік режимі мен тәртіптің болуын қамтамасыз ету-өте қажетті міндетті шарт. Өйткені, интернат тәрбиеленушілеріне бекітілген ережені сыйлау оның мәнін түсінуде де саналылықты қалыптастырады. Интернат тәрбиеленушілерінің саналы тәртіпке тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды жақсартуға олардың мінез-құлқына бағалау және оқудағы, қоғамдық жұмыстарды атқарудағы табыстарын мадақтап отырудың мәні зор. Бұл бағытта балалар саналы тәртіп пен мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеуді жақсарту интернат тәрбиешілерінің бірінші кезектегі міндеті. Бұл міндетті жүзеге асыруда интернат тәрбиешілерінің жүйелі жоспарлы іс-әрекеті балалардың өзін-өзі басқаруын жүзеге асырудағы. Қоғамдық белсенділікке және саналы тәртіпке тәрбиелеудің аса маңызды ұйымдастырушы құралы болып табылады. Бұл кезде балалар тек орындаушы ғана емес, ұйымдастырушы да бола алады.

Интернат тәрбиешілерінің ұйымдастыру жұмысы балалар үшін өте күрделі, сондықтан тәрбиеленушілердің қандай интернат ішкілік жұмыстағы белсенділіктері үнемі көмек көрсетуде, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруда маңызы зор. Сондай-ақ тәртіпті мінез - құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруда тәрбиешілердің әр түрлі, нақты және мақсаттылықпен ұйымдастыратын қоғамдық пайдалы қызметінің үлкен мәні бар. Өмірде еңбек пен тәртіп қатар жүреді. Оқушылар болашақта қандай мамандық иесі болмасын еңбек тәртібін талап етушілікпен кездеспей қоймайды. Интернатта жататын балалардың бойында еңбек ету ынтасын, еңбек ету қажеттілігін ояту, кез келген жұмыстан қоғамдық ойды көре білуге үйрету, оны жігермен, ынтамен орындату өте маңызды. Бұл орайда өздері жататын бөлмелердің тазалығынан бастап жеке бастарының гигиеналық қызметіне өздері жауапкершілікпен қатысудың өзі өз өзереіне деген қызмет ету санасын қалыптастырады. Соның ішінде бастауыш сыныптан бастап өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Саналы тәртіпке тәрбиелеудің маңызды шартының бірі де бірігейі –тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара қарым -қатынасының дұрыс орнауы. Интернат тәрбиешілері балалармен біріге жұмыс істей отырып балаларды біріге, топпен, ұжыммен біріге жұмыс жасауды қалыптастыратын мінез-құлықты қалыптастыра алады. Мұндай кезде әрбір бала мінез-құлқының жаман, жақсысын ой таразысына салып, алдына таудай талаптар қойып, оны орындау жолын қарастырады. Тәрбиешілерге ескеретін жәйт талап қоюшылықтан, орындауға әмір беруден, құрмет көрсетуге, сыйластыққа тәрбиелеу, сенімділікке әкелетінін ұмытпау қажет. Сөйтіп интернат тәрбиешілері балаларды интернаттағы өз ережесіне сай іс-әрекетте балалардың саналы тәртіпке, мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу өз қызметінің



сапалы, табысты болуын қамтамасыз еткені болып табылады. Абай атамыз айтқандай, «интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» дегендей, өскелең ұрпақ үйде өссін, интернатта өссін мәселе онда емес, мәселе саналы азамат болуда.

Қорыта айтқанда, интернат мен мектеп бірлестікте жұмыс жасай отырып, адамгершілігі мол, өз ісіне есеп бере алатын саналы ұрпақ тәрбиелеуге жұмылуы керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Слостенин В.С. Профессионализм учителя // Педагогика. 2002. № 5. С. 45-51.
2. Педагогика және Психология // Журнал. Алматы №1-3.2019.



АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ БАЛАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ Сахбалиева Айнұр

Атырау қаласы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының бейнелеу өнері пәні мұғалімі

Қазақтың ғұламасы Ахмет Байтұрынов: «Отан—өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі өзімізді бағалай білу» дегендей Қазақстанда тұратын әрбір қазақстанның туған жерінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, ең бастысы адамын қадірлеп, өткенін сыйлай, бүгінгісін сезіне, келешегін қорғай білгені абзал. Өзінің туған жерінің аты несімен әйгілі, туған топырағынан атақты кімдер шыққанын білуі қажет деп ойлаймын.

Сол бағытта мен «Арт-терапияның баланы жан-жақты тұлға ретінде дамытудағы рөлі» тақырыбында шығармашылық жұмыспен бірнеше жылдан бері айналысып келемін.

Мен өзім еңбек етіп жатырған балабақшада білім беру мазмұнындағы инновациялар бағытында тоқталғым келеді. Баланың шығармашылығын дамытуда дәстүрден тыс терапияларды пайдаланамын.

В.А.Сухомлинскийдің «Балалардың дарындылығының бастамасы аусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, аусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар секілді жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады. Педагогтар үшін барлық бала дарынды. Дарынын уақытында байқап, сезіп өмірде қолдануға мүмкіндік туғызуымыз керек» деген керемет сөзі бар.

Сурет бала үшін өнер емес, ол тіл. Сөзбен жеткізе алмағанын сурет арқылы жеткізуге мүмкіндігі бар. Мектепке дейінгі ұйымдарда арт-терапия қарқынды дамыған. Арт терапияның тура мағынасы өнер арқылы емдеу. Балабақшаларда бейнелеу ҰОҚ өткізіледі. Арт терапияны бала жастан қолға аламыз. Балалардың жастайынан саусақ моторикасын дамытамыз. Саусақ ұштарына массаж жасаймыз балалар саусақтарының ұшын бояуға малып нүктелер мен дақтар салады. Ол өз өзіне массаж жасайды. Саусақ ұштары адамның іш құрылысымен тығыз байланысты. Мысалы: бүйрек, бауыр, жүрек, ми талшықтары. Жалпы арт-терапияны баланың 7-8 айынан бастап үй жағдайында қолдануға болады. Баланың алдына табақшаға ұн немесе жарма ұнтағын, күріш дәндерін салып берсе бала оны саусақтармен жылжытады, нүктелер салады, сызады. Мен өз тәжірибемде балаларға қылқаламды ұстап акварель бояуымен сурет салғызамын. Бала қылқаламды жүргізіп бояғанда ол қуанышты күйде болады. Ол өзіне жағымды түсті таңдай алады. Оның таңдаған түсіне қарап оның жай күйін білуге болады. Аппликация ұйымдастырылған ҰОҚ балалар қағазды қайшымен қиып үйренеді. Қайшыны ұстаған кездегі қауіпсіздік ережелерін меңгереді. Саусақтарын қимылдата отырып саусақ моторикасын дамытамыз. Қию тәсілдерін үйреніп өзінің шығармашылық қабілетін де арттырады.

Мүсіндеу ҰОҚ ермексазбен жұмыс жасаудың барлық тәсілдерін үйренеді. Ол саусақтың моторикасын дамытамыз. Алақан арасына салып домалатамыз есеміз, созамыз, шымшимыз, ермексазды жұмсартамыз. Өзіне ұнаған бір мүсінді жасап шығарады. Шығармашылық қабілеті артып, қиялы пайда болады. Міне, осының өзі де арт-терапияның бастауы болып табылады.

Күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыстармен айналысамын. Онда дәстүрден тыс бейнелеу түрлерін басты назарға алдым. Оның түрлері өте көп, бала үшін ыңғайлы, қол жетімді. Майшаммен сурет салу, монотопия, мақта таяқшаларымен саусақ, алақанмен сурет саламыз сонымен қатар пластинография бар. Ол пластилинмен сурет салу.

«Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларға акварель бояуы мен және түрлі түсті карандаштармен сурет салу техникасын үйретемін, жылдық перспективалық жоспарына сәйкес өтіледі. Балалармен жеке жұмыс жоспарым да қарастырылған. Оған арналған перспективалық жоспарым дайындалған. Дәстүрден тыс техниканы кірістірдім. Дәстүрден тыс техниканың түрлері өте көп, бейнелеу арт-терапиясымен тығыз байланысты. Дәстүрден тыс бейнелеудің жолдары өзгеше құралдар мен материалдардың байланысын көрсетеді. Балаларға ерекше және қолайлы, тартымды.

Дәстүрден тыс бейнелеудің түрлеріне:

Майшаммен сурет салу.

Тіс пастасымен сурет салу.

Жіппен сурет салу.

Түтікшемен сурет салу.

Мақта таяқшаларымен сурет салу.

Умаждалған қағаздармен сурет салу.

Губкамен сурет салу.

Көкөніс немесе жемістердің бөлшегімен бастырып сурет салу.

Жапырақтармен бастырып сурет салу.

Монотопия.

Пластинография.

Кляксография жатады.

Менің шығармашылық жұмысымды жандандыруда балабақшадағы жасақталған «Бейнелеу студиясы» үлкен роль атқарады. Балалар бейнелеу студиясына келуге қызығатындай, сурет салуға асығатындай қызықты, әдемі бөлме дайындадық. Балаларға қол жетімді, ыңғайлы материалдармен қамтамасыз етілген. Баланың өзін-өзі еркін ұстауына мейлінше жағдай жасалынған.

Шығармашылық жұмыстың өзектілігі:

Арт-терапия балалардың өз-өзіне сенімділігін, қорқынышын, судан қорқу, жәндіктерден қорқуынан арылтуға көмектеседі. Бала өз-өзіне сенімді ішкі әлемінен кемшіліктерді табады. Соның ішінде бейнелеу терапиясының алатын орны ерекше. Арт-терапияның негізін қалаған Адриан Хилл. Арт-терапия-өнер арқылы емдеу деген тура мағынаны береді. Арт-терапияның негізгі мақсаты—ол адамның өзі білмеген өзінен құпияда сақталған дарындылықтарын жарыққа шығарып, оны дамытуға қанағаттанушылық сезімін ояту. Мысалы: бейнелеу терапиясына тақталсақ, бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты- балаға мотивация беру арқылы баланың қызығушылығы ояту. Баланың ұсақ моторикасын дамыту.

Баланың ойлау қабілетін дамыту. Баланың фантазиясы қалыптаса бастайды.

Түстануды үйрету. Түстердің бір-біріне үйлесімділігін жәнәтүстерді араластыру тәртібін үйренеді. Бала түсті таңдау арқылы ішкі сезімін көрсетеді. Балада өзіндік жұмыс қалыптасады. Балада қуаныш пайда болады. Балада еңбекқорлық пайда болады. Баланың эстетикалық талғамы пайда болады.

Ал саусақ терапиясын мақсаты:

Баланың саусақтарын жаттықтыру.Өз-өзіне сенімді болуын, баланың қиялын дамыту, эстетикалық талғамын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту, еңбекқорлыққа баулу, айналадағы қоршаған ортаның әдемілігін көрсету, жеткізу, баланың ойлау қабілетін дамыту.



Отбасылық жағдайдағы саусақ терапиясының мақсаты: Саусақпен сурет салу баланың айналадағы қоршаған әлемді тануының ең қарапайым тәсілі. Ата-аналар балаларына сурет салуды 7-8 айдан бастап үйретулері қажет. Адамның саусақ ұштарында оның іш құрылысына жауап беретін негізгі нүктелер бар. Саусақтарға массаж жасау арқылы баланың сөйлеу қабілеті дамиды, жүйке жүйесінің жақсаруына септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы мақсатымыз:

Баланың сөйлеу қабілеті дамиды. Баланың ойлау қабілеті және жанжақтылығы дамиды. Баланың қызығушылығы оянады. Түстерді танып үйренеді. Бала эксперимент жасап үйренеді. Баланың фантазиялық қабілеті дамиды. Балаларға саусақпен сурет салуды ойын арқылы жеткізуге болады. Мысалы, үйде ұннан, ұнтақ жармасымен, күріш пен тұз, секерге саусақ іздерін қалдыру арқылы. Бұл балалар арт-терапиясының алғашқы қадамы болып табылады. Яғни, біз баланы ерте жастан еңбекқорлыққа баулуымыз қажет. Саусақпен немесе алақанмен сурет салу. Балалар сәби кезінен бастап, қасықты қолдарына алғаннан бастап, жеген тамағын төккен кезде оны үстел үстіне жағып немесе жан - жағына алақанмен сүртеді. Бала өз-өзіне массаж жасайды. Саусақтың ұштары әр ағзамен тығыз байланысты. Саусақтарда орталық жүйке жүйесіне импульс жеткізіп отыратын көптеген рефлекторлы нүктелер бар мысалы; бас бармаққа массаж жасағанда бас миының белсенділігі артады. Сұқ саусақ асқазанмен, ортаңғы саусақ ішекпен, төртінші саусақ бауыр мен бүйрек, ал кішкене саусақ жүрек жұмысын реттейді. Қолдың қарапайым қимылдары ми шаршағанын басады, дыбыстың айтылуын жақсартады, бала тілін дамытады.

Түс терапиясы- түспен емдеу жарық фотондарының бала миына әсері,енжарлық, ширығу, шектен тыс белсенділі (гиперактивность), агрессияда тиімді.

Бейнелеу терапиясы-бейнелеу іс-әрекеті арқылы емдеу және түзету.

Ертегі терапиясы– психикалық жағдайларын тұрақты ережеге бағындыру.

Бейнелеу терапиясының негізгі мақсаты- баланың өзін-өзі тануына, өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру.

Сурет салу ересек адамның көмегінсіз ең күшті өзін таныту түрімен байланысты болады. Өзінің ішкі сезімін, өзін- өзі тенеітіруді көрсетуге жол ашады. Балалардың сезімін сурет салу арқылы білеміз.

Шығармашылық қабілетін дамытады және де өзін-өзі бағалауын жоғарылатады. Арт-терапияның ең негізгі маңызды мәні, ол жасырын таланттарын ашып және оны дамытуда қанағаттанушылық сезімін сезіндіру болып табылады. Сонымен қатар, өзінің мүмкіндіктерін танып-білу арқылы өзін-өзі бағалауы жоғарылайды.Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия болып табылады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапиялық әдістердің жаңа түрі болып табылады. Аталған терапияның түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие. Алғашқы Арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру, немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңеюде. Яғни бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы қасиеттердің мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды.

Арт-терапия-бұл емдеу ғана емес, сонымен креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек. Арт-терапия бейнелік өнер арқылы жанның дамуы мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі.

Арт-терапия шектеусіз және психотерапияның барлық бағыттарында, педагогикада, әлеуметтік жұмыста т.б. қолданылады. Әр адам өзін, өз сезімін және өзінің жағдайын әуен, дыбыс, қимыл және сурет арқылы көрсете алады. Кейбір адамдар үшін бұл- әлемге өзі туралы өзінің шығармашыл адам екенін танытудың жалғыз ғана әдісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Зерек бала» бағдарламасы.
- 2.Апликация авторы: Нүсіпәлиева М.Қ. ҚұлпейісоваҚ.Қ.
- 3.Мүсіндеу авторы: Шумаева Т.В. Омарбекова Ф.К.



АҚЫЛ-ОЙЫ КЕМ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ТІЛІ

Хибашева Асел Кайратовна

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының логопеді

Соңғы кезде мүмкіндігі шектеуі балалар қатарының көбеюіне еліміздегі экология, табиғаттағы өзгерістер, тұқым қуалаған, жүре пайда болған, т.б. мәселелер әсер етуде. Соның ішінде мектепке дейінгі арнайы мекемелерде тәрбиеленетін балалар арасында сөйлеу тілінің дағдылары жеткілікті деңгей қалыптаспағандығы анық байқалады. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға жан-жақты көмек көрсету шаралары республикамызда қамтылған. Тілінде кемістігі бар балалардың емдеу және түзету жұмыстары неғұрлым ертерек басталса жетістіктері де соғұрлым жақсы болады. Дыбыстарды естіп ажырату дағдысы адамның маңызды ерекшеліктерінің бірі. Дыбыстарды ажыратып білмейінше сөйлеу тілін тыңдап, түсіну мүмкін емес. Адамзаттың ойлау, қарым-қатынас, сезім, эмоция әрекетін реттеуші негізгі құрал сөйлеу тілі болып табылады. Қалыпты бала белсенді, сондай-ақ сөйлеу тілін меңгермей тұрып, оны қоршаған адамдармен, көбінесе анасымен эмоцияналды қатынасқа түседі, оған қатысты жылы айтатын сөздерге күлімдеп сипатталатын әрекеттермен жауап береді. Кейіннен бұл жауап реакциясына эмоциялық көркемделген дыбыс жүйесі қосылады.

Сөйлеу тілі зақымдалған ақыл-ойы кем баланың қозғалуында жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады. Адамның бас миындағы тілдің моторлы орталықтары саусақтың моторлы орталықтарына жақын орналасқан. Сондықтан ұсақ қол моторикасын дамыта отырып, адамның ішкі ағзасына ықпал етеміз. Су-Джок терапиясының авторы Паджев адам ағзасының белсенді нүктелері қол саусағында орналасатынын дәлелдеген болатын. Ақыл-ойы кем баланың сөйлеу тілі ерекше және үлкен қиындықпен қалыптасады. Ол анасымен қарым-қатынасқа кеш және енжар түрде түседі. 1-жасқа таман баланың дыбысты байланыстырып айтуының жүйесі жетіліксіз болатынын зерттеулер көрсеткен. Олар ересектердің сөйлеу тіліне електеу ұмтылысы төмен, жай нұсқауларға жауап бермейді, тек интонацияға ғана көңіл бөледі, бірақ өзіне қатысты айтатын сөзді түсінбейді. Сөйлеу тілін жеткілікті түрде тыңдамайды, әдеттегіден өте кеш сөйлеуге тырысады. Алайда біртіндеп ақыл-ойы кем бала түрлі мезгілде болса да тіпті жанұясы айтарлықтай көмек көрсетпесе де арнайы мектепке дейінгі мекемеге бармаса да қарым-қатынасқа түсетін қарапайым сөйлеу тілін меңгереді.

Бұл адамдар арасында өмір сүргендіктен, қоршаған адамдармен өзара әрекеттесуге түсу қажеттілігімен байланысты. Ақыл-ойы кем балалардың көпшілігі алғашқы сөздерін 2-3, тіпті 5 жасында айта бастайды. Олар әңгімелескенде қиындық шегеді. Суретке қарап әңгімелесу, жай мәтіннің немесе көрген, болған жағдайды сөзбен жеткізу кезінде өте қиналады.

Бұл балалар аз сөйлей отырып, оқылған ертегілерді жақсы тыңдайды, әсіресе өздері ұнататын телебағдарламаларын қуанышпен көреді. Алайда олар барлығын түсінбесе де экрандағы қимылдаған бейнелерді, музыкалық сүйемелдеуді ұнатады. Олар ересектермен және де өзге балалармен өзара әрекетке түсуде қиналады. Сөздің орнына ым-ишаралаын қолданып, қандай да бір затты алуға ынтасын көрсетеді. Сонымен қатар бұл балалар өз ұсыныстарын немесе ынтасын айта алмайды. Диалог сөйлеу тілін қолданбайды. Ақыл-ойы кем баланың сөйлеу тілінің кешеуілдеуіне олардың сөйлеу аппаратының қозғалысы да кері әсерін тигізеді. Ақыл-ойы кем бала естиді және көреді. Алайда олардың сөйлеу тілі түсініксіз болғанмен, олармен қарым-қатынасқа түсу қиын, кейде адамдармен немқұрайлылық және күлкі тудыруы мүмкін.

Логопедиялық түзету жұмыстарын мынандай кезектілігімен жүргізу қажет:



1. Алдын ала дайындау немесе дайындық кезеңі. Дайындық кезеңнің мақсаты сөйлеу мүшелерін дыбыстарды қоюға дайындау. Ақыл-ой кем балалармен дайындық кезең ұзағырақ болады.

2. Дыбысты қою кезеңі. Артикуляцияны қалыптастыру: дыбысты қою процесі, дыбысты жекелеп айту мен баланы дыбыс шығаруға үйрету. Ақыл-ойы кем балаларда көбінесе аралас әдістер пайдаланылады.

3. Дыбысты машықтандыру кезеңі. Дыбысты машықтандыру бұрыннан сөзге, сөзден сөйлемге дейін айтуға үйрену. Ақыл-ойы кем балалармен тіл дамыту жұмысы ұзаққа созылады, ондай балаларда тілдің қалыптасуы көп уақыт аралығында жаттығулар мен үйрену арқылы қалыптасады.

4. Дыбыстарды ажырату кезеңі. Ақыл-ойы кем балалармен тілін дамытуда бұл кезең міндетті түрде қажет, соған байланысты оларда тілдің дамуы және сөздің естілудегі ажыратылуы нашар болғандықтан, оларда жазба жұмыстары көптеген қиындықтар туғызады.

Сондықтан ақыл-ойы кем балалардың дыбысты шығаруының бұзылуын түзету жұмысы ұзақ уақытты қажет етеді. Көп уақыт жеткілікті түрде көңіл бөліп, балаға жекеше түрде жұмыс жасаса жақсы нәтижеге жетуге болады. Алайда, егер бала ұжымда болмаса және жеткілікті түрде өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түспесе онда ол оның жалпы дамуында, бейімделуін қиындатып, кері әсерін береді.



БАЛА ТӘРБИЕСІ - БАРШАҒА ОРТАҚ

Хосжанова М.Х.

Атырау қаласы

*КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының
жоғары санатты тәрбиешісі*

Бала тәрбиесі тал бесіктен басталады. Әуелден-ақ қазақ халқы бала тәрбиесіне айрықша мән беріп, оны ата-ананың борышы санаған. Өйткені бала – болашақ иесі. Сол себепті келер ұрпақ алдындағы жауапкершілікке үлкен мән берген.

Баланы өсіріп, оны азамат етіп тәрбиелеу-елдік мәселе. Қазіргі кезде "ел болашағы жастардың қолында", "2019 жыл – Жастар жылы" деп ел басшылары атап, халқымыз қолдап, түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Бүгінгі заманда бала тәрбиесінің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-туған ұясы, өз жанұясының басындағы тәрбиесі, тілі. Бақытты отбасында ғана ата-ана мен баланың өзара қатынасы мазмұнды, берген тәрбиесі сенімді болады. Ал бақытты отбасы ол-сыйластық пен түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әкенің қанымен әке өсиетін тындап өссе, ананың сүтімен мейіріне қанып өссе ғана бала тәрбиелі болып өседі.

Тектілігі тереңге тамырланған қазақ халқы бала тәрбиесіне аса назар аударған. Ең алдымен баланың денсаулығына көңіл бөлу. Дені сау бала ғана оқу мен тәрбиеге ықыласты болмақ. Балаға кішкентай кезінен денсаулығын күте білуге, денесін шынықтыруға дағдыландыру, денесін шынықтырып қана қоймай, ұқыптылық пен тазалыққа да үйрету керек. Үйрету дегеніміз-тек қана ақыл айту емес, өзіңіздің үлгі болуыңызда. Екінші, баланы еңбекке баулу.

Еңбек ете білмеген және оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды. Ежелгі Рим философы *Гораций* айтқандай: "Өмір еңбексіз ештеңе бермейді". Сондықтан, жастайынан баланы еңбекке баулу қажет.

Баламен жақын сырлас, дос болуға тырысу. Бала үшін ең жақын адам ата-ана болғанымен де, бала ата-анасынан жасқаншақта, ұялшақтайтын кездері жиі кездеседі. Сондай сәттерде дұрыс қадам жасап балаңызды бауырыңызға тарта білу өте маңызды. Балаңызға тұлға ретінде қарап, онымен ақылдаса отырып, бірлесе жұмыс істеу балаңызды жігерлендіреді, оның әр қадамын сенімді ете түседі.

Бала қандай да болсын қате іс жасаса, жекіп ұрсудан гөрі түсіністікпен қарау әлдеқайда пайдалы. Ең бастысы-қателікті бетке басып, мойындату емес жақсысын алдымен айтып, баланы жігерлендіре отырып, кемшілікті жою жолдарын көрсету. Ондай кездерде бала өзі де қуыстанып, ата-анасынан қорқып тұрады. Балаға жақсы мен жаманды ажырата білуді үйрету басты назарда болу керек.

Бала болған соң өз қатарластарымен бірде дос болып, бірде ренжісіп жатады. Тіпті кейде таяқ жеп келуі де мүмкін. Ондай сәттерде балалардың арасына түспеген абзал. Бала қылығын жақтап, арасына түссеңіз, бала соған әдеттенеді, кез келген нәрсенің бәрін өзіңізге жеткізіп отырытын болады. Мұндай жағдайда балаңызды сырттай бақылаған дұрыс. Балаңыздың немен айналысатынын, қандай іске икемді екенін бақылау. Шамаңыз келсе, балаға бейімі бар істерді істетуге тырысыңыз. Мұндай істер баланы дамытып қана қоймай, басқа зиянды әдеттерден сақтайды. Бос, жұмысы жоқ бала зиянды істерге бір табан жақын болады. Жасап әкеліп өзіңізге көрсеткен жұмыстарына назар аудармау баланың көңілін қайтарады, қызығушылығын сөндіреді. Сондықтан баланы үнемі ынталандырып отыру керек. Баланы әртүрлі істерге бір уақытта тартып, өз жасынан ерте шаршатып алудан сақ болған жөн.

Баланы еркін тәрбиелеу. Бірақ еркіндіктің жөні осы екен деп мүлдем қараусыз жіберуге болмайды. Әр нәрсенің шегі болады. Сол шекті бала біліп өсуі керек. Балаға қарым-қатынасыңыз, көзқарасыңыз жылы болғаны абзал. Балаға қатты сөйлеу оны сізден алыстатады. Сосын үнемі қатты, бұйрық мәнде сөйлеу баланың бойын әдеттендіріп, кейін балаға қатты сөйлемесеңіз ол кейін сөз ұқпайтын болады. Бала кішкентай кезінде барлық ақпаратты еш кедергісіз қабылдай береді. Сондықтан балаңызды ақпаратты талдап қабылдауға, өзінің көзқарасын ашық білдіруге, ойланып сөйлеуге үйреткен абзал.

Кейбір балалар табиғатынан тынымсыз болады. Бір затты көрсе, соны міндетті түрде бұрап, сындырып, ішін ашып көріп жатады. Өздері бір орында отыра алмайды, сұрақ қойғыш болып келеді. Табиғатынан тынымсыз балаларға біз үнемі ұрсып, тәртіпке келтіруге тырысамыз. Бірақ сол балалар айтқанға көнбейді, бір қалыпқа түспейді. Бір қарасаң, ол бала ақылды сияқты көрінеді. Балаңыздың бойынан осындай сипаттарды көрсеңіз қорқыныш ұяламасын. Мұндай балалар табиғатынан дарынды болып келеді. Тек баланың бейімін дөп басып, бағыттап білсеңіз болғаны.

Бала тәрбиесіндегі ең негізгісі-баланы өз күшіне сендіру. Балаңыздың болашағына қалай сенсеңіз, оның әр ісіне де сондай сенім көрсету- баланы сенімді, әр қадамын нық басып, батылдырақ болуға тәрбиелейді.

Отбасында тәрбие ісмен айналысу үшін ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс-әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек.

Ал, жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады.

- *Күн ырғағы, бұл өмір тәртібі.* Сонда бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады.

Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды байқайды.

Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап, баланың жан дүниесіне оң әсер ететін іс-әрекеттерді дағдыға айналдыруы керек.

Ата Заңымызға сүйенсек, "балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы" делінген. Ендеше ата-аналарды мектепке дейінгі ұйыммен тығыз байланыс жасауға, балаңыздың ортасын зерттеуге өз үлесін қосуға шақырамыз. Балаға



керегі тек тамақ пен киім емес, балаға ең қажеттісі сүйіспеншілік, мейірімділік, жүрек жылуы.

Өскелең жас ұрпақты рухани-өнегелі қасиеттерге баулу, сапалы білім беру, тәрбиешілерден, ата-аналардан шығармашылықты талап етеді. Баланың жан-жақты, дені сау, үйлесімді болып өсуіне ата-ана қашанда асқан жауапкершілікпен ден қояды. Кішкентай жасынан заман талаптарына сай музыка, би, шет тілдер, спорттық үйірмелерге қатыстырады. Бұл әрине құптарлық жәйт. Дегенмен ең бастысы рухани-өнегелі тәрбие екенін естен шығармағанымыз жөн.



Ата-ана – тәрбие өнегесі. Сондықтан "Ата көрген-оқ жонар, ана көрген-тон пішер" деген даналық сөз тегін айтылмаған. "Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі" деген аталы сөз тағы бар. Осы нақыл сөздерден-ақ, отбасының, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі өте үлкен және маңызды екенін көреміз. Бала тәрбиесі-қиын да, күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш-жігер қажет екенін бәріміз білеміз. Біле тұра үнемі бала тәрбиесімен қажетті түрде айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте: "Сен маған тартпа-ғансың, мынаны олай істемедің, ананы былай істемедің, ештеңеге қырсызсың"-леп кінәлап жатамыз. Алайда, бала неге осындай болды деп ойланып, оған басты себеп өзіміз екенін мойындамаймыз.

Өнегелік тәрбие мақсаты – жалпы адамзат құндылықтарына, мейірбандылық, қайырымдылық, адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік, инабаттылық, кішіпейілділік және гуманистік қасиеттерге баулу. Мінез-құлық нормаларын қалыптастыру. Сондықтан өнегелі ұрпақ өсуін тілеп, ұрпақ тәрбиесін отбасынан бастап, бала алдындағы парызымызды дұрыс атқаруымыз қажет. Әр ата-анаға ақыл айтып, баласын қалай тәрбиелеу керектігін түсіндіру шарт және мақсат емес, алайда бала тәрбиелеп отырған отбасылар, әсіресе жаңа отбасын құрған жанұялар бала, болашақ ұрпақ тәрбиесіне көп мән берер деп ойлаймын.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кенпейілділік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б.

Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әртүрлі ұлт өкілдеріне құрметпен қарау, сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады. Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама көрсету сияқты маңызды сипаттарын қалыптастырады. Әр бала-дара тұлға. Бала тәрбиесінде жаман қылықтар көрсетуден аулақ болып, балаға өнеге бола алсақ, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСА АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Сұлтанова Н.Д.

Атырау қаласы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы психологы

Әркім өз жолын тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Бала тәрбиесі- жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.

М. Жұмабаев

«Мейірімділік»-адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру тек жақсылық ойлау, игілік жасау арқылы мейірімділік адам арасындағы сыйластық, жанашырлық таныту.

Мейірімі мол адамның-жүрегі жылы, қолы кең. Кең пейілді адамның-жүзі жылы, жолы кең. Олай болса адамдардың бір-біріне деген мерей шапағаты-ол әдептіліктің белгісі және ізгіліктің жолыерте жастан басталуы қажет.

Бүгінгі таңда отбасы мен балалар арасында қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесі кездесіп қалуда. Бұл төзімділік, басқаларға деген жанашырлық, шамадан тыс еркелік болған кезде көрінеді. Балалар отбасы мен балабақшада жақын адамдарына, құрбы-құрдастарына деген қарым-қатынастың бастапқы тәжірибесін алады, мектепке дейінгі жылдардағы қоғамның моральдық нормаларын игеруді үйренеді. Ересектердің міндеті-балаларды жауапкершілікке, адамгершілік мінез-құлық негіздерін құруға үйретеді. Десек, бұл бақша мен отбасының ынтымақтастығымен ғана жүзеге асады. Сондықтан, мен №34 «Нұрбөбек» бөбекжай –бақшасында **«Жақсылық жасауға асығыңыз»** жобасын жасақтадым.

Бұл жобаның өзектілігі балалардың психологиялық тұрғыда агрессиялық мінез-құлқын бәсеңдетуге, ата-аналармен бірлесіп мейірімділікке, сүйіспеншілікке ерте жастан тәрбиелеуге мүмкіндік беру.

Жобаның мақсаты оқу үрдісіне қатысушылардың барлығының бірлескен қызметін жандандыру, құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, балаларды басқа адамдарға мейірімділік жасауына тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың «жақсы», «жаман», «ізгі ниет» ұғымдары, олардың адамдардың өміріндегі маңызы туралы түсініктерін айқындау; басқалардың іс-әрекетін бағалау қабілетін қалыптастыру; сыпайы қарым-қатынас ережелері туралы білімдерін бекіту;
- Қарым-қатынас дағдылары (достарын тыңдай және сыйлай білуге, өз басқа балалардың іс-әрекетіне мейірімділік танытуға тәрбиелеу);
- Баланың игі істер жасауға деген ынтымақын оятуға;
- Ата-аналардың сенімдері мен балалармен қарым-қатынасты адамгершілік қағидаттарына негізделген қарым-қатынас құру қажеттілігінің қалыптасуына ықпал ету;
- Ата-аналарды бірлескен шығармашылық жұмыстарға тарту;
- педагогтар арасындағы толеранттылық мәселесі бойынша теориялық ақпаратты толықтырады;
- педагогтарға мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндерді адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал ететін практикалық материалдар ұсыну;
- Белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып, тәрбиешілердің кәсіби іс-әрекеттерін модельдеу.

Күтілетін нәтижелер:

- балаларда-жақсылық пен жамандық туралы идеялар қалыптасады, бір-біріне, туыстарына және айналасындағы адамдарға мейірімділік көрсету жолдары туралы білім қалыптасады; балалар үйренеді және мейірімділік жасауға дайын болады, психологиялық жайлы атмосферада өседі және айналасына жағымды ахуал орнатуға дайын болады
- педагогтарда-мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениеттің негізін қалыптастырудағы кәсіби біліктілік пен шеберлік деңгейі артады;
- ата-аналар үшін-отбасы мен балабақша арасындағы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселелерінде психологиялық қарым-қатынас байланысы артады;
- ата-аналар баламен тұлғааралық қарым-қатынас саласында, баланың жас ерекшелігіне қарай психологиялық-педагогикалық даму деңгейі туралы ақпаратандырылады.



Нәтижеге жету жолында мен ата-аналармен сауалнама, әр жиналық сайын ынтымақ, тәрбиелік мәні зор тренигтер және ақпараттық тақталар арқылы нақыл сөздермен сусындататын ақпараттармен бөлістім. Жүйелі құрылған жұмыстың нәтиже беретіні—біздің ата-ана үшін берген әрбір құнды дүниеміз рухани азық болары анық. Маусымдық мерекелерде ата-аналармен қолөнер бұйымдары байқауы бала мен ата-ана арасындағы бірлескен жұмысты көрсетсе, отбасылық наурызда «Менің анам ең үздік», сәуір айында «Әке, шешем және мен—біз спорттық жанұя!» спорттық сайысы, мамыр айында «Әке көрген оқ жонар» байқаулары мектеп жасына дейінгі балаларды отбасылармен ынтымақтаса адамгершілікке тәрбиелеу жолдарының бірден-бір жолы.

Еліміздің егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде балаларды қоғамның лайықты ізбасары етіп дайындау, тәрбиелеп шығу үшін осы бастан оқу тәрбие жұмыстарын жаңашыл технологиялармен толықтырып, ұлттық ұлағаттылыққа баулып отырумыз қажет. Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысының түрлері, өткізу іс-шаралары үнемі өзгертіп, дамытып отыруға маңыздылығы осы жоба негізінде көрсетілген.

Өскелен ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі «Тәрбиенің—тал бесігі» бақша болғандықтан, бұрынғыдан да зор жауапкершілік бізге жүктелуде. Мәдинетті қоғам мен тәрбиелі ұрпақты ізгілендіруге ата-ана және біз жұмыстанғанда ғана нәтиже бермек.

Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу тәрбиешілердің бірден бір міндеті болып табылады. Баланың тәрбие алуына қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата-ана педагогика-психологиялық әдіс-тәсілдерге сүйенгені дұрыс.

☞ Сабақ жоспарлары, сценарийлер ☜

ҚОНАҚ КҮТУ

Таштекова Гулнар Ниеткалиевна

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Балқұдық жалпы орта мектебінің мұғалімі

Пәні: Қазақ тілі	Мектеп: Құрманғазы ауданы Балқұдық жалпы орта мектебі
------------------	---

Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 5	Қатысқан оқушылар саны:24 Қатыспаған оқушылар саны:0
Бөлім:	Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер.
Сабақтың тақырыбы:	Қонақ күту.
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру (5.Ж3.); Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу (5.Ж5).
Сабақтың мақсаттары:	Оқушылардың барлығы: Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады. Ұсынылған материалдың мазмұнын түсінеді. Оқушылардың көпшілігі: Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырып, ұсынылған материалдағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады.Мәтіннің баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Сюжетті сурет желісі бойынша әңгіме құрастырады, өзіндік пікірін жазады. Алынған ақпаратты барынша қысқа беру үшін лексикалық, грамматикалық бірліктерді дұрыс тандайды, негізгі ақпаратты сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.
Бағалау критерийлері:	Сюжетті сурет желісі бойынша әңгіме құрай алады. Мәтіннің баяндау желісі бойынша негізгі ақпаратты сақтай отырып, жинақы мәтін жаза алады.
Тілдік мақсат:	Оқушылар орындай алады: Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырып жазады, өмір-мен байланыстырады. Оқылым материалы бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: құтты қонақ, арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылғыма қонақ, ерулікті қонақ. Диалог құруға пайдалы тіркестер: «Қонақпен еріп құт, ырыс келеді», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады». Талқылауға арналған сұрақтар: Қонақтың түрлерін ата. Қазақтар қонақты қалай қарсы алады? Қонақжайлылық деген не? Қонаққа қандай ас әзірлеген?
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану, әдебиет.
Құндылықтарға баулу:	Халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі қасиеттерін, инабатты, іскерлік дағдыларын,салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойларына сіңіру.
Осыған дейін меңгерілетін білім:	Оқушылар қонақ күту дәстүрі туралы біледі.
Жоспар	




СМЕХ – ЕДИНСТВЕННОЕ «ЧЕСТНОЕ, БЛАГОРОДНОЕ ЛИЦО» В КОМЕДИИ

(по комедии Н. В. Гоголя «Ревизор»)
Таментаева Нургуль Каиргалиевна
СШ№ 9им.Ш.Уалиханова
Учитель русского языка и литературы

№	Деятельность	Деятельность ученика
Тема урока: <i>Смех – единственно честное, благородное лицо» в комедии (по комедии Н. В. Гоголя «Ревизор»)</i>	Цели: знать содержание комедии; уметь анализировать текст; отвечать четко на вопросы. 1) углубить понимание идейно-художественного богатства комедии, учить разгадывать замысел автора, хорошо ориентироваться в тексте; 2) развивать связную устную речь учащихся. 3) воспитывать у учащихся негативное отношение к таким человеческим порокам, как ханжество, лесть, чинопочитание, честолюбие и др.	Учащиеся готовятся к уроку.
2. Актуализация знаний	Оборудование: Портрет Н.В. Гоголя, презентация. I. Организационный момент. Эмоциональный настрой. (К) Приветствие. Давайте улыбнемся друг другу. Пусть сегодняшний урок принесет нам всем радость общения - Я желаю всем нам хорошего урока Проверка домашнего задания Составить кластер <u>Комедия</u> Деление на группы по смайлику Тема урока: <i>Смех – единственное «честное, благородное лицо» в комедии</i> Подберите однокоренные слова (смех , смешить, смешно, насмешка, смеяться, смешной, смешинка, смешок, усмешка, насмешить, посмеяться, насмешливый, смехота, засмеяться) Эпиграф: <i>На зеркало неча пенять, коли рожа крива.</i> Народная пословица 1. Вступительное слово учителя. Ну что ж... Комедия прочитана. Много о ней сказано. Время подводить итоги. Сегодня на уроке вы должны показать знания по содержанию комедии, анализировать текст, отвечать четко на вопросы.	Дескрипторы: - составляют кластер; - составляют вопросы и отвечают по заданным вопросам другой группы; Учащиеся работают со смайликами Маркер А3
3. Изучение нового материала	2. Беседа по комедии. Опрос. Обратимся к бессмертной комедии Гоголя. «Я пригласил вас, господа, чтобы сообщить вам пренеприятное известие: к нам едет ревизор». 1) <i>Что произошло в пьесе?</i> (Чиновники уездного города и городничий напуганы известием приезда ревизора. В страхе они стараются принять необходимые меры и подготовиться к встрече с ревизором) 2) <i>Какое слово является центральным, главным?</i> (Слово «ревизор» является центральным. Оно вынесено в заголовок. Оно поминается в речах почти всех действующих лиц. С многократного повторения этого слова начинается 1 действие. «К нам едет ревизор.- Как ревизор?- Как ревизор?») Ревизор для городничего – судья, который должен наказать его за грехи. А поскольку грехи, как и саму жизнь, посылает человеку Бог, то и ревизор чуть ли не посланник божий.) 3) <i>Что является завязкой комедии?</i> (В комедии 2 завязки: 1- письмо Чмыхова, 2- сообщение Добчинского и Бобчинского о приезде ревизора.)	Работа в паре. Слушают, записывают, выполняют задания, ведут вопросно-ответную беседу, работают в группах, по парам, индивидуально.

	<p>4) <i>Почему чиновники приняли Хлестакова за ревизора?</i> (Ввели в заблуждение рассказы Хлестакова о Петербурге, необычный вид, странное поведение «ревизора», глупость городничего, провинциальная узость чиновников)</p> <p>5) <i>Что является кульминацией комедии?</i> (Болтовня Хлестакова укрепляет веру чиновников, что присланный ревизор- значимое лицо. Хлестаков из елистратишки превращается в министра, управляющего департаментом)</p> <p>6) <i>Как ведет себя Хлестаков с купечеством, мещанами?</i> (Разыгрывает роль государственного лица, важно принимает жалобы купцов на городничего, но не возмущается самодурством городничего, Хлестаков любит себя, примеряясь в роли генрал-губернатора.)</p> <p>7) <i>Как характеризуют Хлестакова сцены объяснения в любви?</i> (В роли безумного влюбленного с головой уходит в игру пылкого , страстного, отчаянного героя романа.)</p> <p>8) <i>В чем заключается жизненный принцип Хлестакова?</i> («Ведь на то и живешь, чтобы срывать цветы удовольствия». Это значит, что не прилагая никаких усилий, иметь власть, знакомства, известность, деньги. Стремление сыграть роль хоть на ступеньку выше той, которую отвела жизнь- сущность хлестаковщины)</p> <p>9) <i>Есть ли еще такие моменты в развитии действия, которые можно назвать кульминационными?</i> (Мечты городничего о Петербурге. Городничий торжествует от открывшейся ему возможности неограниченной власти над людьми.</p> <p>10) <i>Почему городничий при встрече с купцами сменил гнев на милость?</i> (Городничий прощает купцов, так как не одному из них помог сплутовать. Если поднимать против купцов дело, надо заодно спровадить в Сибирь и себя).</p> <p>15) Какое это произведение сатирическое или юмористическое? Что такое сатира? Юмор? (Сатира- это резкое осмеяние отрицательных сторон жизни и характеров, обнаружение их уродства, нелепости. Сатирический образ вызывает отвращение и презрение. Юмор - раскрывает смешное в жизни, позволяет отнестись к нему весело, легко. В юморе есть доля сочувствия к тому, над чем мы смеемся. Сатирическое изображение позволило Гоголю ясно выразить свое возмущение административным произволом. Это был смех сквозь слезы.</p> <p>ЧИТАЕМ ЭПИГРАФ. Зеркало нельзя обвинять в том, что лицо безобразно. Нельзя сердиться на зеркало, если в нем видишь собственное отражение, - плоха и несправедлива сама жизнь, а не ее изображение.</p> <p>Групповая работа. Вопросы-ответы 1. Жалко ли вам городничего? Если да - когда. Почему? (Не жалко: жадный, подхалим, мошенник, старается скрыть свои грехи. Жалко: усилия городничего, который что только не делает, чтоб угодить Хлестакову, обернулись унижением.)</p>	
--	---	--



	<p>2. Кто из героев пьесы вызывает ваше сочувствие? (Сочувствую всем чиновникам, потому что все они живут скучной жизнью. Самое страшное, что ни один герой не стремится к новой жизни. Жаль тех людей, которые находятся в больнице, пожожи на кузнецов)</p> <p>3. Кто из героев представлен более умным? (Осип, так как понимает все, что происходит)</p> <p>4. Над кем и чем смеется Гоголь? (Зло смеется над невежеством, хвастливым Хлестаковым, высмеивает услужливых чиновников, взяточников, думающих только о собственной выгоде, смеется над городничим.) Гоголь смеется над героями неодинаково, то есть герои делятся на инициаторов зла и подчинившихся злу. Над Осипом и над простыми людьми Гоголь смеется не зло. Он даже хочет показать, что чиновника хуже простого народа. Гоголь добродушно высмеивает глупое поведение Добчинского и Бобчинского, над Марьей Антоновной и Анной Андреевной смеется не так жестоко, как над городничим.)</p> <p>(К) Давайте вспомним основные черты этих персонажей. (Работа на узнавание персонажей по их характеристике.) (На доске прикреплены карточки с фамилиями чиновников из комедии: Аммос Фёдорович Ляпкин-Тяпкин Антон Антонович Сквозник-Дмухановский Артемиий Филиппович Земляника Лука Лукич Хлопов Иван Кузьмич Шпекин. Иван Александрович Хлестаков Ребята выбирают карточки, на которых написаны детали портрета, реплики, качества, характеристики того или иного чиновника. Задача каждого: найти «хозяина» художественной детали и прикрепить свой листок на доску под фамилией того чиновника, образ которого она создаёт.</p>	
<p>4. Закрепление материала</p>	<p>Загадка отгадка</p> <p>1. О ком из героев эти слова: «У вас что ни слово, то Цицерон с языка слетает»? (О Ляпкине-Тяпкине)</p> <p>2. «Рожу такую скорчит, что хоть святых выноси» (городничий об учителях)</p> <p>3. Кому принадлежат эти слова? «Нет человека, который бы за собой не имел каких-либо грехов» (городничему)</p> <p>4. Как звали Хлестакова? (Иван Андреевич)</p> <p>5. Что говорил Добчинский о глазах Хлестакова? («Такие быстрые, как зверьки, так в смущенье даже приводят»)</p> <p>6. Какова мораль чиновников? (Обмануть ловко - доблесть, быть обманутым - нестерпимое оскорбление.)</p>	<p>Ведут вопросно- ответную беседу,</p>
<p>5. ОО и ОдО</p>	<p>Предлагается заполнить листы самооценивания, взаимооценивания.</p>	<p>Заполняют листы</p>
<p>6. Рефлексия</p>	<p>Составить синквейн к слову Комедия Смех</p> <p>узнал, открыл для себя...</p> <p>Сегодня на уроке я </p> <p>научился, смог...</p> <p>могу похвалить себя и своих</p>	<p>Составляют предложение</p>

	одноклассников за ...	
7.Последуше е задание	Написать небольшое сочинение на тему: «Кого мы называем Хлестаковыми?».	Запись в дневниках

ИЗОПРОЦЕСТЕР. ИЗОПРОЦЕСТЕРДІҢ ГРАФИКТЕРІ. ДАЛЬТОН ЗАҢЫ Қажетеров А.Т.

Атырау облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты

Сабақтың тақырыбы: Изопроцестер. Изопроцестердің графиктері. Дальтон заңы Сабак: № 41	Мектеп: Атырау облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Қажетеров А.Т
Сынып: 10	Қатысқан оқушылар саны: Қатыспаған оқушылар саны:
Пән бағдарламасы аясында оқыту мақсаттары	10.3.2.2- тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін зерттеу (Бойль-Мариотт заңы); 10.3.2.3-тұрақты қысым кезінде газ көлемінің тәуелділігін зерттеу (Гей-Люссак заңы); 10.3.2.4-тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттеу (Шарль заңы)
Сабак мақсаттары	Оқушылар барлығы орындай алады: Газ заңдары тарауында оқылған идеал газ күйінің теңдеуін біледі. Оқушылардың көбісі орындай алады: Идеал газ күйінің теңдеуін жақсы біледі, теориялық алған білімдерін есеп шығару кезінде қолдана алады. Оқушылардың кейбіреуі орындай алады: Оқу материалынан тыс берілген қосымша тапсырманы орындайды. Берілген сұрақтарға нақты жауап қайтара алады.
Бағалау критерийлері	Оқушылар: <ul style="list-style-type: none"> • есептер шығаруда идеал газ күйінің теңдеуін қолданады; • тұрақты температура кезінде қысымға тәуелділігін зерттейді (Бойль-Мариотт заңы); • тұрақты қысым кезінде газ көлемінің тәуелділігін зерттейді (Гей-Люссак заңы); • тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттейді (Шарль заңы); • сандық жән графиктік есептерді шығаруда газ заңдарын пайдалануды үйренеді
Тілдік мақсаттар	коммуникативтік дағдылар, терминология
Ресурстар	Оқулық, дидактикалық материалдар, АКТ
Пәнаралық байланыс	Математика, информатика, технология, экология
Құндылықтарды дарыту	Берілген терминдердің физикалық мағынасын түсіндіре отырып, жаһандық бәсекеге қабылетті болу үшін білім мен ғылымды ұштастыра білуге жетелеу, осы арқылы оқушылардың бойына «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының «Индустрияландыру мен инновация негізінде экономикалық өсім», «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» құндылықтарын дарыту, оқушылардың бойына инновацияға негізделген білім мен тәрбие қалыптастыру.
Тақырып бойынша	7-тарау. Газ заңдары. §20. Идеал газ күйінің теңдеуі



алдыңғы білім	
Саралау	Сабақтың ортасында сәйкестендіру тапсырмаларында оқушылардың нәтижесі мен қарқыны сараланады. Топтық, жұптық жұмыстар оқушыларға беріледі және оларды саралау әдісімен жұмыс жүргізіледі.

Жоспарланған уақыт	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар										
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру:</p> <p>-сынып оқушыларының сабаққа әзірліктерін тексеру -сынып оқушыларына жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>«Ширату» ойынын ұйымдастыру.</p>	Слайд										
Алдыңғы білімді қайталау 10 минут	<p>§20. Идеал газ күйінің теңдеуі</p> <p>«Кім білгір» әдісі арқылы қабілеті жоғары оқушыларды тексеру мақсатында саралау әдісі арқылы жұмыс жүргіземін.</p> <p>Бақылау сұрақтары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қандай теңдеуді газ күйінің теңдеуі деп атайды? 2. Клайперон алған термодинамикалық параметрлердің қатынасы қандай жағдайда орынадалады? 3. Клайперон біріккен газ заңы мен Менделеев-Клайперон заңының айырмашылығы неде? 4. Газ күйі теңдеуінің газ заңынан негізгі айырмашылығы неде? 5. Менделеев-Клайперон теңдеуін есеп шығару кезінде қолдана білу. <p>Үй тапсырмасын талдау кезінде «тапсырма әдісі» арқылы оқушылардың теориялық білімдерін қалай меңгергендігін тексерем. Бұл әдісте оқу сапасын арттыра отырып, оқушылардың танымдық қабілетін дамытуға жұмыстанамын.</p> <table border="1" data-bbox="502 1321 1204 1724"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерий</th> <th>Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Идеал газ күйінің теңдеуі</td> <td>1. Идеал газ күйінің теңдеуін біледі.</td> </tr> <tr> <td>1. Тақырып мазмұнын жете түсініп талапқа сай жүйелі қолдана алады.</td> <td>2. Менделеев-Клайперон теңдеуін қорытып шығара алады.</td> </tr> <tr> <td>2. Теориялық білімдерін белгілі нәтижеге жету үшін пайдалана біледі.</td> <td>3. Универсал газ тұрақтысының сан мәнін біледі.</td> </tr> <tr> <td></td> <td>4. Менделеев-Клайперон теңдеуін есеп шығару кезінде қолдана алады.</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерий	Дескриптор	Идеал газ күйінің теңдеуі	1. Идеал газ күйінің теңдеуін біледі.	1. Тақырып мазмұнын жете түсініп талапқа сай жүйелі қолдана алады.	2. Менделеев-Клайперон теңдеуін қорытып шығара алады.	2. Теориялық білімдерін белгілі нәтижеге жету үшін пайдалана біледі.	3. Универсал газ тұрақтысының сан мәнін біледі.		4. Менделеев-Клайперон теңдеуін есеп шығару кезінде қолдана алады.	<p>Түрліше дидактикалық материалдар қолданамыз</p> <p>Оқушылардың үй тапсырмасы бойынша білімдерін тексере отырып, жетістіктерін бағалау</p>
Бағалау критерий	Дескриптор											
Идеал газ күйінің теңдеуі	1. Идеал газ күйінің теңдеуін біледі.											
1. Тақырып мазмұнын жете түсініп талапқа сай жүйелі қолдана алады.	2. Менделеев-Клайперон теңдеуін қорытып шығара алады.											
2. Теориялық білімдерін белгілі нәтижеге жету үшін пайдалана біледі.	3. Универсал газ тұрақтысының сан мәнін біледі.											
	4. Менделеев-Клайперон теңдеуін есеп шығару кезінде қолдана алады.											
Сабақтың ортасы 15 минут	<p>Жаңа сабақты түсіндіру</p> <p>Оқушыларға бейнеролик арқылы жаңа тақырыпты түсінуге бағыт беремін.</p> <p>Белсенді және саралау әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың жаңа жетістікке жетулеріне көмектесемін. Жаңа білімді меңгеруге бағыт бере отырып, жеке жұмыс, топтық жұмыс және ұжымдық жұмыс арқылы оқушылардың ойлау және іскерлік дағдыларын қалыптастырамын.</p> <p>I Изопроцестер</p>	Видеолекцияны тындап, постер құрып, бір-біріне тақырыпты түсіндіреді. Әр топқа бөлек тапсырма беріледі.										

	<p>Изопроцестер физика мен техникада кеңінен қолданылады. Изопроцесс- массасы өзгермейтін жүйе параметрлерінің бірінің мәні тұрақты болған кезде өтетін процесс. Изопроцестердегі өзгеретін екі термодинамикалық параметр арасындағы тәуелділік теңдеуін газ заңдары деп аталады. Газ заңдарын Клайперонның біріккен газ заңының дербес жағдайлары ретінде қарастыруға болады:</p> $\frac{p_1 V_1}{T_1} = \frac{p_2 V_2}{T_2} \quad (1)$ <p>II Бойль-Мариотт заңы Тұрақты температура кезінде газ қысымының оның көлеміне тәуелділігін анықтайтын газ заңы Бойль-Мариотт заңы деп аталады. Газ заңының теңдеуін тәжірибе жүзінде 1662 жылы ағылшын физигі Роберт Бойль және оған тәуелсіз 1676 жылы француз физигі Эдмон Мариотт ашты. Бойль-Мариотт заңы изотрмалық процесті сипаттайды. Изотрмалық процесс-тұрақты температурада термодинамикалық жүйе күйінің өзгеруі. Клайперон теңдеуінен (1) $T = \text{const}$ газ үшін:</p> $p_1 V_1 = p_2 V_2 \quad (2)$ <p>немесе $pV = \text{const}$ (3) Температураның тұрақты мәнінде берілген газ қысымы мен көлемінің көбейтіндісі тұрақты шама болып қалады.</p> <p>(2) теңдеуден идеал газ қысымы оның көлеміне кері пропорционал екенін көреміз:</p> $\frac{p_1}{p_2} = \frac{V_2}{V_1} \quad (4)$ <p>III Гей-Люссак заңы Изобаралық процесті сипаттайтын газ заңын Гей-Люссак заңы деп атайды. Француз физигі Жозеф Гей-Люссак 1802 жылы газ көлемінің температураға тәуелділігін эксперименттік түрде зерттеген. Изобаралық процесс-тұрақты қысым кезінде термодинамикалық жүйе күйінің өзгеру процесі. $P = \text{const}$ болғанда Клайперон теңдеуінен шығаратыны:</p> $\frac{V_1}{T_1} = \frac{V_2}{T_2} \quad (5) \quad \text{немесе} \quad \frac{V}{T} = \text{const}. \quad (6)$ <p>Газ массасы тұрақты және қысым өзгермейтін болса, оның көлемінің температураға қатынасы тұрақты шама болып қалады.</p> <p>IV Шарль заңы Тұрақты көлемде газ қысымының температураға тәуелділігін 1787 жылы француз ғалымы Жан Шарль эксперименттік түрде анықтады, бұл заң Шарль заңы деп аталады. Изохоралық процесс дегеніміз-тұрақты көлем кезінде термодинамикалық жүйе күйінің өзгеру процесі. $V = \text{const}$ болғанда Клайперон теңдеуінен шығатыны:</p> $\frac{p_1}{T_1} = \frac{p_2}{T_2} \quad (7)$ <p>Немесе $\frac{p}{T} = \text{const}$ (8)</p>	<p>Оқушылар теориялық алған білімдерін практикада тексереді.</p>
--	--	--



<p>Газдың массасы тұрақты және көлемі өзгермейтін болса, оның қысымының температураға қатынасы тұрақты шама болып қалады.</p> <p>«Мифа шабуыл» әдісі бойынша оқушылардың ойлау дағдыларын шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлауын дамыта отырып, нақты нәтижеге қол жеткізу үшін жұмыстанамын.</p> <p>Топтық жұмыс Изопроецестер Бір-біріне үйрету әдісі. I топ. Бойль-Мариотт тобы II топ. Гей-Люссак тобы III топ. Шарль тобы</p> <p>Оқушылардың іскерлік қабілетін дамыту Есептер шығару (әр топтан бір оқушы) Оқушылардың теориялық алған білімдерін практикада қолдана білуге үйрету</p>		<p>Постер қорғайды, басқа топтарға кері байланыс береді.</p> <p>«Бас бармақ әдісі» бойынша топтар бірін – бірі бағалайды. Жетістік кедергілер мен оларды түзету жолдарын айқындайды.</p> <p>Кейбір оқушыларға жеке тапсырма беріледі.</p> <p>Оқушылар орындалған тапсырма бойынша әр топ келесі топты тексеру арқылы жауаптарын салыстырады Қателіктерін түзетіп, өзара</p>							
<table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийлері</th> <th>дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Оқушылардың іскерлік қабілетін дамыту</td> <td>1. Изопроецестер туралы түсінік беру</td> </tr> <tr> <td>2. Есеп шығару дағдыларын қалыптастыру</td> <td>2. Бойль-Мариотт заңы Гей-Люссак заңы Шарль заңы</td> </tr> <tr> <td>3. Топпен жұмыс жасауға үйрету</td> <td>3. Изопроецестерде қарастырылатын заңдар қолдана білуге үйрету</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийлері		дескриптор	1. Оқушылардың іскерлік қабілетін дамыту	1. Изопроецестер туралы түсінік беру	2. Есеп шығару дағдыларын қалыптастыру	2. Бойль-Мариотт заңы Гей-Люссак заңы Шарль заңы	3. Топпен жұмыс жасауға үйрету	3. Изопроецестерде қарастырылатын заңдар қолдана білуге үйрету
Бағалау критерийлері	дескриптор								
1. Оқушылардың іскерлік қабілетін дамыту	1. Изопроецестер туралы түсінік беру								
2. Есеп шығару дағдыларын қалыптастыру	2. Бойль-Мариотт заңы Гей-Люссак заңы Шарль заңы								
3. Топпен жұмыс жасауға үйрету	3. Изопроецестерде қарастырылатын заңдар қолдана білуге үйрету								
<p>Жаттығу жұмыстары</p> <p>№1 есеп. 27° С температурадағы көлемі 6 л газдың, 77 ° С температурада қалай болады?</p> <p>Берілгені: $T_1= 27^\circ \text{C}= 300 \text{ K}$ $T_2= 77^\circ \text{C}= 350 \text{ K}$ $V_1=6 \text{ л}$</p> <p>Формуласы: $\frac{V_1}{T_1} = \frac{V_2}{T_2};$ $V_2=6\text{л} \cdot \frac{350 \text{ K}}{300 \text{ K}}=7\text{л}$</p> <p>Шешуі: $V_2=V_1 \cdot \frac{T_2}{T_1}$</p> <p>Тк: V_2-? Жауабы: $V_2=7 \text{ л}$</p> <p>№2 есеп. 27° С-дегі жабық ыдыс ішіндегі газдың қысымы 75 кПа.- 13° С- де қысым қандай болады?</p> <p>Берілгені: $T_1=27^\circ \text{C}= 280 \text{ K}$ $T_2=-13^\circ \text{C}=260 \text{ K}$ $P_2=75 \text{ кПа,}$</p> <p>Формуласы: $\frac{p_1}{T_1} = \frac{p_2}{T_2};$</p> <p>Тк: P_2-?</p> <p>Шешуі: $P_2=P_1 \cdot \frac{T_2}{T_1}=75 \text{ кПа} \cdot \frac{260 \text{ K}}{300 \text{ K}}=65\text{кПа}$ Жауабы: $P_2=65 \text{ кПа}$</p> <p>№3 есеп. Жұмыс істемей тұрған күйде, 7 ° С температурада газ толтырылған электр шамының қолбасындағы газ</p>									

<p>Жаңа сабақты бекіту, қорытынды лау 5 минут</p> <p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>қысымы 80 кПа-ға тең. Егер жұмыстық режимде шамдағы қысым 100 кПа-ға дейін артатын болса, жанып тұрған шамдағы газ температурасы қандай болар еді?</p> <p>Берілгені: $T_1 = 7^\circ \text{C} = 280 \text{ K}$ $P_1 = 80 \text{ кПа}$ $P_2 = 100 \text{ кПа}$ Тк: $T_2 = ?$</p> <p>Формуласы: $\frac{P_1}{T_1} = \frac{P_2}{T_2}$</p> <p>Шешуі: $T_2 = T_1 \cdot \frac{P_2}{P_1} = 280 \text{ K} \cdot \frac{100 \text{ кПа}}{80 \text{ кПа}} = 350 \text{ K}$ Жауабы: $T_2 = 350 \text{ K}$</p> <p>Қалыптастырушы бағалау. Бақылау, сұрақтар қою, кері байланыс беру. Оқушылар бірін-бірі бағалайды.</p> <p>Теориялық алған білімді практикамен ұштастыру Бақылау сұрақтары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Изопроцестер дегеніміз не? 2.Қандай процестер изотермиялық процестер деп аталады? 3.Изобаралық процес дегеніміз не? 4.Изохоралық процес дегеніміз не? 5.Қандай заңдарды газ заңдары деп атайды? 6.Газ заңдарын тұжырымдаңдар <p>Оқушылар ақпаратты талдау және өндеу, зерттеу, практикалық жұмыс, проблемалық жағдайды шешу арқылы білім қалыптасады және дағды дамиды.</p> <p>Сабақтың соңындағы оқушылардың рефлексиясы: -нені білді, нені үйренді; -не әлі де түсініксіз; -қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет. Оқушылар өз-өздерін бағалай алады.</p> 	<p>тығыз байланыста жұмыс жасайды.</p> <p>Есептің шартын құрады. ХБЖ-ға келтіреді. Есепті формуламен жазады. Формулань түрлендіріп, есептің теңдігін шығарады.</p> <p>Эмоционалдық жағдай және көңіл-күй рефлексиясы</p> 
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>§21. 120-121 беттер, 21 жаттығу №3 есеп</p>	

Қорытынды бағамдау	<p>-Оқушылардың барлығы оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? -Тапсырмаларды орындауда қандай қиыншылықтар болды? Неліктен? Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?</p>		
---------------------------	---	--	--

«ИНДЕР АУДАНЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ Джалмукашева Самал Женисовна

Атырау облысы Индер ауданы

Қ.Есқалиев атындағы орта мектептің жоғары санатты химия пәні мұғалімі

«Индер ауданының экологиясы» элективті курсының бағдарламасы оқушылардың биология және экология пәндерінен алған білімдерін тереңдетуге, өлкеміздің экологиясымен жақын танысуға арналған. Бағдарлама мақсаты–өлкенің экологиялық жағдайына сипаттама беру, жан–жақты танысу. Бағдарлама–34 сағатқа құрылған. Бағдарламада «Кіріспе сабақ», «Қоршаған ортаның экологиялық факторлары», «Экожүйелер», «Индер ауданының топырақ экожүйесі және топырақ жамылғысы», «Индер ауданының экологиялық жағдайы», «Табиғи ресурстар және оларды тиімді пайдалану жолдары» тараулары қамтылады.

Бағдарламаның мақсаты: Оқушылардың бойына экологиялық сауаттылық пен мәдениетті қалыптастыру, туған өлкенің табиғатын тереңірек білуге, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері: Экологиялық ұғымдар жүйесі туралы білімдерін дамыту. Оқушыларды шығармашылық, ғылыми жұмыстарға баулу, жүйелі талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылар меңгеруі қажет:

- Экология ғылымы дамуының тарихи кезеңдері.
- Негізгі экологиялық ұғымдарды анықтау (орта факторлары, экологиялық оптимум, қоршаған ортаның қолайлы және қолайсыз жағдайлары, ағзалардың қоршаған ортаға бейімделуі т.б.)
- Экожүйенің құрылымы және қалыптасуы (экожүйе ұғымы, биоценоз, экожүйедегі зат және энергия айналымы.)
- Адамның экожүйедегі орны.
- Атмосфераның қазіргі жағдайы және қорғау жолдарын білу (атмосфера құрамындағы газдарды, ластану көздерін, ластанудың алдын–алу жолдары мен шараларын, ауа тазарту қондырғыларын, қалдықсыз технология)
- Топырақ жамылғысының жағдайын, қорғау және үнемді пайдалану жолдарын білу.
- Өлкенің өсімдіктерін қорғау.
- Жануар дүниесін қорғау.
- Индер ауданындағы табиғаттың тамаша жерлерін білу, тарихи орындармен таныс болу.

Оқу – тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар	Сағат саны	Сабақ өткізу формасы
1.	Кіріспе сабақ.	1	Дәріс,

2	Тарау 1. Экология – жеке организмнің қоршаған ортамен қарым – қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ ағза деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің – популяциялардың, биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым.	1	таныстырылым, Пікіралмасу, Практикалық сабақ, Семинар, Жоба жұмысы, Табиғатқа саяхат.
3	Экология пәні. Экологиялық зерттеулердің мақсат, міндеттері.	1	
4	№1 практикалық жұмыс «Өлкенің табиғатын және тарихын зерттеуге үлес қосқан зерттеушілер».	1	
5	Семинар «Экологияның жалпы және жеке заңдылықтары».	1	
6	Тарау 2. Қоршаған ортаның экологиялық факторлары. Қоршаған ортаның экологиялық факторлары туралы ұғым.	1	Дәріс, таныстырылым,
7	Абиотикалық, биотикалық және антропогенді факторлар.	1	Пікіралмасу, Практикалық сабақ,
8	Өлкеміздің экологиялық факторларының ерекшеліктері.	1	Семинар, Жоба жұмысы, Табиғатқа саяхат.
9	Жергілікті жерге тән экологиялық факторлар және ағзалардың бейімделуі.	1	
10	№2 практикалық жұмыс «Қоршаған ортаның адам денсаулығына әсері».	1	
11	Семинар «Экологиялық құқық бұзушылықтар мен жауапкершіліктер».	1	
12	Тарау 3. Экожүйелер. Экожүйе туралы түсінік. Экожүйенің негізгі элементтері. Экожүйе құрылымы.	1	Дәріс, таныстырылым, Пікіралмасу, Практикалық сабақ,
13	Индер ауданының негізгі экожүйесі, ерекшеліктері.	1	Семинар, Жоба жұмысы, Табиғатқа саяхат.
14	№3 практикалық жұмыс «Қоршаған орта факторларының жергілікті экожүйеге әсері».	1	
15	Семинар «Экологиялық таза өнім өндіру – ауыл шаруашылығын биологияландыру».	1	
16	Тарау 4. Индер ауданының топырақ экожүйесі және топырақ жамылғысы.	1	Дәріс, таныстырылым, Пікіралмасу, Практикалық сабақ,
17	Топырақ ресурстарының маңызы.	1	Семинар, Жоба жұмысы, Табиғатқа саяхат.
18	Топырақ жамылғысы – адам тіршілігінің негізгі шарты.	1	
19	Топырақ жамылғысының ластану факторлары, күресу жолдары.	1	
20	№4 практикалық жұмыс «Мұнай өнімдерімен ластанған топырақтағы күкіртсутек мөлшерін анықтау».	1	
21	Семинар «Ауыл тіршілігіндегі ағаштардың ролі».	1	
22	Тарау 5. Индер ауданының экологиялық жағдайы. Ауданда атмосфераның ластануы және қоршаған ортаға әсерін бағалау.	1	Дәріс, таныстырылым, Пікіралмасу, Практикалық сабақ,
23	Атмосфераны ластаушы көздер. Ауаның шекті мөлшерлік концентрациясы.	1	Семинар, Жоба жұмысы, Табиғатқа саяхат.
24	№5 практикалық жұмыс «Атмосферадағы шаң мөлшерін анықтау».	1	
25	Су – биосфераның аса маңызды элементі.	1	
26	Су көздерін тазалау және қорғау жолдары.	1	
27	№5 практикалық жұмыс «Судағы еріген оттегі мөлшерін анықтау».	1	
28	Семинар «Транспорт түрлері – атмосфераны ластаушы негізгі көздер».	1	
29	Тарау 6. Табиғи ресурстар және оларды тиімді пайдалану жолдары. Табиғи ресурстардың классификациясы.	1	Дәріс, таныстырылым, Пікіралмасу, Практикалық
30	Табиғатты тиімді пайдалану негіздері.	1	



31	Қалдыксыз өндірістер технологиясы.	1	сабак, Семинар, Жоба жұмысы, Табиғатқа саяхат.
32	Қорытынды қайталау.	2	
33	Тест.	1	

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Д. Жаманбаева «Қолданбалы және элективті бағдарламалар жинағы» 2013.
2. Н. Чернова «Лабораторный практикум по экологии» 1986.
3. А. Саданов «Практикум по экологии» 2009.

ИНТЕРЕСНОЕ ОБ ОДЕЖДЕ





Караева Алия Абдикаримовна

Учитель русского языка и литературы сш №173 им. А. Молдагуловой

Раздел: Культура одежды	Школа: №173 им. А. Молдагуловой	
Дата:	Имя и фамилия учителя: Караева А.А.	
Класс :5	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:
Тема урока: Интересное об одежде		
Цели обучения, которое необходимо достичь на данном уроке	5.1.4.1- определять основную мысль текста на основе вопросов 5.2.2.1- пересказывать основное содержание близко к тексту 5.2.3.1- соблюдать орфоэпические нормы. 5.3.1.1- понимать общее содержание текста, определяя ключевые слова и словосочетания. 5.3.6.1- анализировать содержание небольших произведений фольклора и литературы, определяя тему и основную мысль 5.3.7.1. - извлекать необходимую информацию по предложенной теме из различных источников	
Цели урока	Закрепить знания учащихся о глаголе , дать понятие о глаголе прошедшего времени. Обогатить словарный запас учащихся по теме «Культура одежды».	
Языковая цель	5.5.1.2 - использовать глаголы с зависимыми словами в нужных формах	
Критерий оценивания	Определяют основную мысль текста на основе вопроса; прогнозируют содержание урока на основе прослушанного и увиденного ; используют глаголы прошедшего времени, правильно согласовывая в роде и числе; соблюдают орфоэпические и орфографические нормы языка; сравнивает ответы, убеждает, оценивает, высказывает свое мнение о проделанной работе в группе.	
Привитие ценностей	Привитие ценностей как красота и аккуратность.	
Межпредметные связи	Казахский язык	
Применение АКТ	-	
Предыдущее обучение	Данный урок является изучением 6 раздела «Культура и одежда» опирается на предыдущие знания учеников о типах текста и местоимения. Учащиеся умеют слушать и понимать общее содержание различных текстов, умеют определять части речи.	
План		
Планируемое время	Запланированная деятельность	Ресурсы

Начало урока 2 мин	<p>I. Психологическая подготовка к уроку. Прием: «Подари улыбку» <i>Цель:</i> Создать позитивный настрой учащихся к уроку. На цветной бумаге нарисованы красивые улыбающиеся смайлики. <i>Учитель.</i> Улыбка ничего не стоит, но много дает. Она обогащает тех, кто ее получает, не обедняя при этом тех, кто ею одаривает. Она длится мгновение, а в памяти остается порой навсегда. Она создает счастье в доме, порождает атмосферу доброжелательности в деловых взаимоотношениях и служит паролем для друзей. Подарите друг другу улыбку. Улыбайтесь, и вы будете нравиться людям. (Вместе с улыбкой ученики обмениваются смайликами.)</p>	Листочки со звездочками 
1 мин	<p>II. Деление на группы Учащимся предлагаются листочки со словами:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аккуратные 2. Красивые 3. Нарядные 	
5 мин	<p>III. Проверка домашнего задания. - На прошлом уроке мы изучали темы «Глагол». «Неопределенная форма глагола». «Правописание НЕ с глаголами». Стратегия «Шаг за шагом» <i>Цель:</i> повторить ранее изученные материалы. Проверить домашнее задание. <i>Задание:</i> Ученик, шагая к доске на каждый шаг, отвечает на вопросы, написанные на доске.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Что такое глагол? 2. На какие вопросы отвечает глагол неопределенной формы? 3. Сколько времени имеет глагол? 4. Как пишется НЕ с глаголами? 5. Определи лицо и число глаголов: <i>глядит, стираем, одеваю, надевают, изготовишь</i> 	
2 мин	<p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Знает пройденный материал по глаголу 2. Определяет лицо и число глаголов <p>Обратная связь – ФО: «Звездочки» Синие звездочки – успешно справились с заданием, желтые – надо постараться</p> <p>IV. Прогнозирование. - Можете ли вы представить нашу речь без глаголов? Почему? Глагол – самая живая часть речи, так как выражает самодействие. А действие сопровождает нас всю жизнь.</p> <p>Игра «Четвертый лишний». Что объединяют эти слова: НАДЕТЬ, СШИТЬ, ЧИСТИЛ, ОДЕВАТЬ. Найдите среди них четвертый лишний и объясните почему. - НАДЕТЬ, СШИТЬ, ОДЕВАТЬ – н.ф.гл. Отвечают на вопросы Что делать? Что сделать? Глагол чистил отвечает на вопрос Что сделал? Глагол употреблен в прошедшем времени. - Как вы думаете, какая у нас тема? Прошедшее время глагола. По значению к какой лексической теме относятся эти слова. - «Одежда». - Как вы думаете, что мы сегодня на уроке будем делать? (сначала учащиеся сами формулируют цель урока, затем учитель)</p> <p>Цель урока:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Познакомиться с изменением гл. пр. вр., ед. и мн.ч. по родам; 	



7 мин	<p>Цель: совершенствовать знание учащихся по морфологии, формировать, определить род глаголов прошедшего времени и подобрать к сущ-м однокоренные глаголы.</p> <p>Задание:</p> <ol style="list-style-type: none"> Послушать текст « Кто и для чего придумал джинсы?» 1 группа. Выпишите из 1-го абзаца гл.пр.вр., определите число, род (в ед.ч.). Подберите к сущ-му <i>краситель</i> однокоренные глаголы. 2 группа. Выпишите из 2-го абзаца гл.пр.вр., определите число, род (в ед.ч.). Подберите к сущ-му <i>жители</i> однокоренные глаголы. 3 группа. Выпишите из 3-го абзаца гл.пр.вр., определите число, род (в ед.ч.). Подберите к сущ-му <i>носка</i> однокоренные глаголы. <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;"> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> Определяет число, род глаголов прошедшего времени. Подбирает к существительным однокоренные глаголы. </div> <p>Обратная связь ФО : взаимооценивания групп. - Ребята, оцените работу групп с помощью светофора. <i>Зеленый – отлично составлена таблица в соответствии с правилами, желтый – хорошо определены глаголы, красный – работу</i></p>	
Конец урока 5 мин	<p>Обратная связь.</p> <ol style="list-style-type: none"> Что вы узнали на сегодняшнем уроке? Какое задание вам больше понравилось? Что для вас было трудным? <p>Рефлексия.</p> <p> Я все понял.  Что-то непонятно  Ничего не понял</p> <p>VII. Домашнее задание. Упр.426, Упр.430</p>	
Дополнительная информация		
<p>Дифференциация. Как вы планируете поддерживать учащихся? Как вы планируете стимулировать способных учащихся</p>	<p>Оценивание . Как вы планируете увидеть приобретенные знания учащихся.</p>	<p>Соблюдение СанПин и техники безопасности</p>
<p>При помощи дифференцированного задания учащиеся имели возможность выполнить задания по выбору (по уровню знания):</p>	<p>Уровень усвоения материала учащимися оцениваю с помощью техники «Большой палец» индивидуальные задания и ответы на вопросы поощряю смайликами, способных учеников ставлю в пример, показываю их работу.</p>	<p>Урок связан с самопознанием, с изобразительным искусством.. Использую интерактивную доску 7-15 минут. Соблюдаем технику безопасности в класс, чистоту и порядок в классе.</p>
<p>Рефлексия Были ли цели обучения реалистичными? Что учащиеся сегодня изучали? На что было направлено обучение? Хорошо ли сработала запланированная дифференциация? Выдерживалось ли время обучения? Какие изменения из данного плана я реализовал и почему?</p>	<p>Используйте пространство ниже, чтобы подвести итоги урока. Ответьте на самые актуальные вопросы об уроке из блока слева.</p>	
<p>Итоговая оценка: 1:Какие два аспекта в обучении прошли очень хорошо (с учетом преподавания и учения)? Какие два обстоятельства могли бы улучшить урок? Что важного узнал на этом уроке, чтобы использовать на следующем уроке?</p>		



АБАЙ ЖАҚҚАН БІР СӘУЛЕ

Кисапова Ж.

Атырау қаласы

№2 «Ақ сұңқар» бөбекжай-бақшасының директоры м.у.а.

Ұлы ақын, философ, ағартушы, саяси қайраткер А.Құнанбаевтың туылғанына 175 жыл толу мерей тойы қарсаңында №2 «Ақ сұңқар» бөбекжай-бақшасының әдіскері Кайрошова Гулжан мен жас мамандар жетекшісі Утебаева Айзада Маратқызының жетекшілігімен ұлы ақынның мысалдарын, шығармалары мен өлеңдерін және қара сөздерін жас ұрпақ бойыңа сіңіртеп, дәріптеу мақсатында «Абай жаққан бір сәуле» атты жас мамандар сайысы болып өтті. Сайыс 5 бөлімнен құралды. Бірінші бөлімде жас мамандар өздерін таныстырса, сайыстың екінші «Мамандығым мақтанышым» деп аталатын кезеңде осы мамандықты таңдаудағы мақсаттарын эссе ретінде баяндап өтті.

Тәрбиешілер ұлы ақын А.Құнанбаев еңбегін жаңашыл бағытта қолдана отырып, топтар арасында «Абай бізбен бірге» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізді. Тәрбиеленушілер Абайдың әндерін айтып, кіріктірілген оқу қызметтері ұйымдастырылып, тәрбиешілер өздерінің түрлі шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Жас мамандардың білімін шыңдау мақсатында «Білім» сайысы сұрақ-жауап түрінде А.Құнанбаевтың қара сөздерін, ақынның балалық шағы туралы сұрақтар қойылған болатын. «Өнерлінің өрісі кең» бөлімінде жас мамандар ақынның шығармаларын көркем сөзбен жеткізе, әнмен, бимен жеткізіп жас мамандар арасындағы сайыс жоғары дәрежеде өтті. Сонымен қатар бөбекжай-бақшамызда ұлы ақынға арналған көрме жасалды.

Осы сайыста ерекше алғырлығымен, білімділігімен дараланып оза шапқан Нұрмұханова Зарина бас жүлдемен, Айтжанова Құралай I дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар Джуматаева Айнаш II дәрежелі дипломмен және Саясатова Саягүл III дәрежелі дипломдармен және А.Құнанбаевтың қара сөздерінен құралған кітаптармен марапатталды.



ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН САБАҚТЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Курмашева Шынар

Атырау облысы Махамбет ауданы

Қ.Қалыбеков атындағы Сарытоғай орта мектебінің география пәні мұғалімі

Бөлім 3 Физикалық
география
Бөлімше: 3.1 Атмосфера
Күні:
Сынып: 7

Мектеп: Қ.Қалыбеков атындағы Сарытоғай о/м
Мұғалімнің аты-жөні: Курмашева Ш
Қатысқандар саны: 25
Қатыспағандар саны: 0

Сабақ тақырыбы	Метеорологиялық құрал –жабдықтарды қолдану, метеорологиялық көрсеткіштермен есептер шығару
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.3.2.5 - температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркейді
Сабақ мақсаттары	Метеорологиялық құралдардың өлшемдерімен жұмыс Тіркелген метеорологиялық көрсеткіштермен есептер шығарады.
Бағалау критерийлері	<input type="checkbox"/> Температура, қысым, жауын-шашын және желге байланысты құрал – жабдықтарды біледі <input type="checkbox"/> температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық сияқты метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша есептер шығара алады.
Тілдік мақсаттар	<p><i>Пәнге тән лексика мен терминология:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Термометр • Гигрометр • Барометр • Анероид • Анемометр • Флюгер <p><i>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:</i> <i>Менің ойымшы өзгереді</i> <i>Менің ойынша әсер етеді</i></p>
Құндылықтарды дарыту	<i>Жаһандық азаматтық:</i> Желдер тақырыбында қозғалады. Құндылықтарды дарыту топтық, жұптық жұмыстарды жүргізу барысында оқушылар бір- біріне құрмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.
Пәнаралық байланыстар	Биология, физика, математика пәндерімен байланыс жасайды.
АКТ қолдану дағдылары	АКТ дағдыларын дамыту өздеріне қажетті ақпараттарды іздеп табуда ғаламторды қолдануда және карталар мен презентация қолдану барысында жүзеге асады.
Бастапқы білім	Атмосфераның құрамы мен құрылысы, ауа –райы, ауа райы элементтері

Сабақ барысы

кезеңдер	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар			
Сабақтың басы 0-5 мин	<ul style="list-style-type: none"> ✚ сәлемдесу ✚ түгелдеу ✚ ынтымақтастық атмосферасын құру үшін әр қайсысының бүгінгі көңіл күйін білу үшін сұрақ қоямыз "Сен таңертеңгі ауа райын көргенде қандай көңіл күйде болдың?" 				
5-10 минут	<p>III. «Ауа райы элементтері аялдамасы» Оқушыларға сұрақ. Ауа-райын қалай зерттейміз? Оқушылардың жауаптарын тыңдау. Жаңа сабақты игеру. Топпен жұмыс. Ауа-райы элементтеріне талдау жасау. Жеке жұмыс: ✚ Оқушыларға метеорологиялық құралдардың суреті беріледі суретке қарай отырып қай құрал екенін анықтау керек. сол құралдар туралы мәліметті оқулықтан дәптерге жазады.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 33%; text-align: center;">Метеорологиялық құрал</td> <td style="width: 33%; text-align: center;">Метеорологиялық элементтер өлшейді?</td> <td style="width: 33%; text-align: center;">Өлшем бірлігі .</td> </tr> </table>	Метеорологиялық құрал	Метеорологиялық элементтер өлшейді?	Өлшем бірлігі .	фя
Метеорологиялық құрал	Метеорологиялық элементтер өлшейді?	Өлшем бірлігі .			



Анемометр		
Барограф		
Гигрометр		
Термометр		
Барометр		
Флюгер		
Осадкомер		

Оқу мақсаттары (ОМ)	Бағалау критерийлері
Жекелеген метеорологиялық құралдардың қызметін анықтай алады	Құралдардың қандай элемент өлшейтінін жазады және метеорологиялық көрсеткіштердің өлшем бірліктерін жазады.

Оқушыларға температураның және қысымның заңдылықтарын түсіндіру

- $h = 1 \text{ км}$ көтерілгенде $-t = -6(\text{градус})\text{C}$ төмендейді
- $h = 100 \text{ м}$ көтерілгенде $-t = 0,6(\text{градус})\text{C}$ төмендейді.
- $h = 1 \text{ км}$ көтерілгенде $-P = 100 \text{ мм-ге}$ төмендейді.
- $h = 10 \text{ м}$ көтерілгенде $-P = 1 \text{ мм-ге}$ төмендейді.

2-тапсырма. Жеке жұмыс

Ауа температурасы мен қысымның өзгеруін ескеріп, есептер шығарыңыздар. 5 минут.

№ 1. Таудың етегінде ауа температурасы 11°C , төбесінде -7°C . Таудың биіктігін табыңыз

№ 2. Таудың биіктігі 4 км. Төбесінде атмосфералық қысым сын. бағ. бойынша 365 мм-ді құрады. Тау етегіндегі атмосфералық қысымды есептеңіз

10-25 минут

Бағалау критерийі	р/с	Дескрипторлар	+/-
Атмосфералық қысым мен температураның өзгерістеріне байланысты есептер шығарады	1	Таудың биіктігін есептейді	
	2	Қысымның өзгеруіне байланысты таудың биіктігін табады	

Таратпалар

Қосымша тапсырма

- ✓ **Ерте бітіріп қойған оқушыларға төмендегі есептер беріледі**

Қосымша тапсырма

1. Егер биіктікте $t = 30^\circ\text{C}$, ал жер бетінде $+12^\circ\text{C}$ болса, самолет неше метр биіктікте ұшып барады?
2. 8 км биіктікте $t = 18^\circ\text{C}$. Жер бетіндегі t табындар.
3. Таудың етегінде $t = 26^\circ\text{C}$, ал ең биігінде -10°C болса, таудың биіктігі қанша болады?
4. Елді мекеннің биіктігі теңіз деңгейімен салыстырғанда 2000 м биіктікте. Биіктіктегі атмосфералық қысымды табындар. Теңіз деңгейінде қысым 760 мм с.
5. Лётчик 2 км биіктікке көтерілді. Егер жер бетіндегі атмосфералық қысым 750 мм с. б. болса, осы биіктіктегі қысымды табындар?
6. Тау биіктігін анықтандар, егер тау етегінде қысым 740 мм, ал шыңында 440 мм. болса.

Қосымша Тапсырма

Температура, қысымға байланысты есептер шығару.

1. Теңіз деңгейіндегі атмосферадағы температура $+19^\circ\text{C}$ болса, 4700 метр биіктіктегі нүкте температура қанша?
2. 7.6 км биіктікте температура -34°C болса, теңіз деңгейіндегі

- температура қанша?
- 6.4 км биіктіктегі температура -37°C болса, 800 метр биіктіктегі температура қанша?
 - Тянь-Шань тауының жаз мезгілінде 1565 метр биіктігіндегі температура $+14^{\circ}\text{C}$ болса, сол уақытта Хан-Тәңірі шыңындағы температура нешеге тең?

Қосымша дифференциациялық тапсырмалар:

- Үлкен –Боктыбай шыңындағы атмосфералық қысым нешеге тең?
- Монбландағы атмосфералық қысымды гПа көрсеткішімен анықта ?
- 3280 метр биіктіктегі атмосфералық қысымды анықта(мм сын.бағ)?

4.Туристер абсолюттік биіктігі 800 метр объекіден тауға қарай саяхат жасау барысында 1650,2400 және 3260 метр биіктіктерге тоқтап атмосфералық қысымды өлшегенде барометр қандай көрсеткіштерді көрсетті?

- Бір тәулік ішінде әр 3 сағат сайын ауа температурасы 8 рет өлшенді. Онда мынадай көрсеткіштер көрсетілді:
-3,-5,-8,-10,-4,+4,+7,+2. Осы көрсеткіштерді ескере отырып тәуліктің орташа температурасын анықта?
- Күндізгі температура $+17^{\circ}\text{C}$, ал түнгі температура -14°C . Тәуліктік температуралық амплитуданы анықта?
- Күндізгі температура $+34^{\circ}\text{C}$, ал түнгі температура $+12^{\circ}\text{C}$.Тәуліктік температуралық амплитуданы анықта?

Оқушыларға синоптикалық карта туралы түсінік беру


Бейнеролик көрсету <https://www.twig-bilim.kz/film/weather-systems-5458/>

✓ 2-тапсырма. 8 минут. Жеке жұмыс.

Мәтінді пайдаланып тапсырмаларды орындаңыз

Мәтін. Синоптикалық ауа райы картасында не көрсетіледі?

Синоптикалық ауа райы картасы барлық ауа райы жағдайларын символдармен көрсетеді. Изобаралар – Жер бетіндегі атмосфералық қысымдары бірдей нүктелерді қосатын қара сызықтар. Егер изобаралар бір-біріне жақын орналасса, күшті желдер болады, ал егер алыс орналасса, самал жел немесе желсіз ауа райын күтуге болады. Әрбір изобара миллибармен (мб) өрнектеледі, мысалы 988 мб. Фронттар, немесе ауа массалары, түрлі-түсті сызықтармен көрсетіледі. Қызыл түспен жылы ауа массалары, көк түспен суық ауа массалары белгіленеді.



- Атмосфералық қысымның төмен және жоғары аймақтарын белгілеңіз
- Изобаралардың бірін үстінен басып сызып, көрсетіңіз
- Суық ауа мен жылы ауа аймақтарын көрсетіңіз (СА-суық ауа, ЖА-жылы ауа)
- климаттық картадан изобараны көрсетіңіз

Бағалау критерийі	р/с	Дескрипторлар	+/- –
Жекелеген метеорологиялық элементтердің	1	Атмосфералық қысымның төмен аймағын белгілейды	
	2	Атмосфералық қысымның	

Таратпалар

Презентация

Презентация

Таратпалар

Флипчарт

Таратпа

25-35 минут	көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдар жасау		жоғары аймағын белгілейді			
		3	Изобаралардың бірін белгілеп көрсетеді			
		4	Суық ауа аймақтарының бірін көрсетеді. Антициклон			
		5	Жылы ауа аймақтарының бірін көрсетеді циклон			
Тапсырмаларды орындап болғаннан кейін топтар бір-бірін бағалайды. «Бармақтар» әдісі бойынша.						
Сабақтың соңы 35-40 минут	<p>Үй жұмысы:</p> <p>1. Оқушыларға ауа-райы күнделігін жасау тапсырмасы беріледі.</p>					